



ӘДЕБИЕТ

**Жалпы орта білім беретін мектептің
7-сыныбына арналған оқулық-хрестоматия**

Өңделіп, толықтырылған үшінші басылымы

*Өзбекстан Республикасының Халыққа
білім беру министрлігі бекіткен*

«SHARQ» БАСПА-ПОЛИГРАФИЯ
АКЦИОНЕРЛІК КОМПАНИЯСЫНЫҢ
БАС РЕДАКЦИЯСЫ
ТАШКЕНТ-2013

УЎК: 821.512.122
КБК 83.3(5Ў-6Қ)
Ә – 38

Авторлар:

**Қ. СЕЙДАНОВ, Т. ҚАЛДЫБАЕВ,
Г. БАБАШЕВА Қ. АРАЛБАЕВ**

Пікір жазғандар:

Мукаррам Темірбаева

Орта Шыршық ауданы, № 28 мектеп мұғалімі

Өсербай Байқабылов

*Низами атындағы Мемлекеттік Университеттің қазақ
филология факультетінің аға оқытушысы*

Шартты белгі:



– сұрақтар мен тапсырмалар

Ә – 38 **Сейданов Қ., т.б.**

Әдебиет: Жалпы орта білім беретін мектептің
7-сыныбына арналған оқулық / Қ. Сейданов, Т. Қалдыбаев,
Г. Бабашева, Қ. Аралбаев.–Т.: «Sharq», 2013. – 256 б.

ISBN 978-9943-00-964-6

**УЎК: 821.512.122
КБК 83.3(5Ў-6Қ)**

ISBN 978-9943-00-964-6

© «Sharq» баспа-полиграфиялық акционерлік
компаниясының Бас редакциясы, 2005, 2009, 2013 ж.

АЛҒЫ СӨЗ

Әдебиет – өмір айнасы, халық өмірінің көркем шежіресі. Өйткені көркем әдебиетте халықтың өткен өмірі мен бүгінгі таңдағы тірлік-тынысы, қол жеткен табыстары, күйініш-сүйініштері, еселі еңбектері, әрбір дәуір келбеті, замана сыры жан-жақты көркем сипатталады. Адамдар арасындағы қарым-қатынастар мен олардың алға қойған мақсат-мұраттары, асқақ армандары, өмірге деген көзқарастары шеберлікпен суреттеледі.

Көркем әдебиет – тәрбие құралы. Өйткені әрбір талантты жазылған көркем шығармамен танысқан оқырман, өмірдің аса тамаша құбылыстарына сүйсіне отырып, ондағы қаһармандардың жақсысына сүйсініп, жаманынан жиренеді. Сондықтан, оқушы жастар тәрбиені де, білімді де көркем шығармалардан алатындығына дау жоқ. Осы орайда, Президентіміз И.А.Каримов: «Білімді тәрбиеден, тәрбиені білімнен ажыратуға болмайды», – деп көрсеткен болатын.

Білімдік-тәрбиелік мәні терең көркем шығарманы оқыған оқырман кейде ерекше қуанып масаттана түссе, енді бірде қатты ренжіп, налиды да. Сөйтіп, жастар көркем шығармаларды оқу арқылы өмірдің тамаша сырларын тани бастайды. Ол – балалардың ойына қозғау салып, пікірінің дами түсуіне жағдайлар жасайды. Бұл – көркем әдебиеттің тамаша құдіреті, өзіне тән ерекше сипаты. Белгілі сөз зергері Ахмет Байтұрсынов та: «Көркем әдебиет – оқушыға беймәлім өмірді танытатын қуатты құрал», – деген болатын.

Көркем әдебиет – өмірдің бейнелі көрінісі, оқырмандарға өмірді танытудың сенімді құралы. Сол үшін 7-сыныпта «Әдебиет» пәнін өтуде, ауыз әдебиеті

үлгілеріне айрықша мән бере отырып, білімдік-тәрбиелік мәні аса зор ақын-жыраулардың, жазушылардың көркем шығармаларына ерекше орын беріледі.

Халық ауыз әдебиетінен 7-сыныпта өтілетін ғашықтық жырлар – жастарды адалдыққа, шынайы махаббатты ардақтауға ұмтылдырса, батырлар жыры өз Отанын сүюге, ардақ тұтуға, ел-жұртын, халқын, салт-дәстүрлерін қастерлей білетін отаншыл болуға жетелейді. Әрі ол, жастарды төзімділік пен халықшылдыққа, өз Отанын қорғай білетін батылдық пен батырлыққа, қырағылыққа баулиды.

Елбасымыз И.А.Каримов: «Отанымыздың келешегі, халқымыздың ертеңгі күні, мемлекетіміздің абыройы, көңіл аударатын басты мәселе – перзенттеріміздің өсіп-өніп, ержетіп, қандай адам болып өмірде қалыптасуына байланысты» – дей отырып, «Біз мұндай өткір шындықты ешқашан ұмытпауымыз керек», – дейді.

Демек, көркем әдебиеттің жастарды нағыз адам етіп тәрбиелеуде, олардың өмірге, жарқын болашаққа деген көзқарастарын қалыптастыруда алатын орны ерекше.

Ал, білімдік-тәрбиелік мәні аса терең жыраулар поэзиясы оқушылар бойына адалдық пен парасаттың, ынтымақ пен бірліктің дәнін егіп, өмірді тани білуге үндейді. Олардың бойларына қуат беріп, ойларына қозғау салады да, ақыл-ойының дамуына толық мүмкіндіктер туғызады.

Сонымен әдебиет – оқушылардың бүкіл болмыс-бітіміне, ой-қиялына, сезім түйсіктеріне игі ықпал етіп, өзіне баурай түседі. Жастардың нағыз адам болып қалыптасуында әдебиеттің атқарар қызметі мол.



ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

Ауыз әдебиеті – сан ғасырлар бойы халқымыздың ауызша шығарған көркем шығармалары. Белгілі шығарушысы сақталмағандықтан халық арасына ауызша тарап отырғандықтан, оны «Ауыз әдебиеті» деп атаймыз. Жазба әдебиет пайда болғанға дейін сан ғасырлар шенінде ауызша айтылып, сақталып келген ауыз әдебиеті, халқымыздың асыл мұрасы саналады. Оны фольклор деп те атайды. Онда халқымыздың сан ғасырлар бойы бастарынан өткізген сан алуан өмір құбылыстары, тарихи бел-белестері, тәуелсіздік жолындағы ерлік күрес-тартыстары, батырлығы мен батылдығы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары, асқақ армандары, алға қойған мақсат-мұраттары, кіршіксіз таза махабаты, көсемдігі мен шешендігі жан-жақты сипатталады.

Халық ауыз әдебиеті үлгілерінде синтаксистік қайталаулар, тұрақты ұйқастар жиі кездесумен бірге, кейбір сөздер мен сөйлем қайталаулары да жиі ұшырайды. Оны біз «Қыз Жібек», «Қамбар батыр», «Қобыланды батыр» секілді эпикалық дастандарда, немесе ертегілерде «Ерте, ерте, ерте екен, ешкі жүні бөрте екен» деп басталатын сөздерден анық аңғарамыз.

Ауыз әдебиеті негізінен алуан түрлі болумен бірге, бірнеше жанрға бөлінеді. Оның мынандай түрлері бар: ертегілер мен аңыз әңгімелер, тұрмыс-салт жырлары, мақалдар мен мәтелдер, жұмбақтар, эпостық жырлар, лиро-эпостық жырлар, тарихи жырлар, шешендік сөздер, айтыс өлеңдер т.б.

ЛИРО-ЭПОСТЫҚ ЖЫРЛАР

Лирико-эпостық жырлар, негізінен, ғашықтық дастандар. Бірін-бірі шын сүйген екі жастың арасындағы мөлдір махаббаты, шынайы сезім негізінде кең өріс алған сүйіспеншілігі лирико-эпостық дастандарда шынайылықпен шебер суреттеледі. Ғашықтық дастандарда халықтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрыптары – құда түсу, атастыру, бесік құда, бел құда, өзара алыс-беріс, қалың мал сияқты т.б. қоғамдық өмірде кең қанат жайған өмірдің өзекті мәселелері бір-бірімен астасып беріледі. Негізгісі – өзара сүйіскен жастардың ғашықтық сырлары, шынайы сезімдері, іңкәрлік көңілдері жан-жақты сипатталады.

Ғашықтық дастандардағы жастар көп ретте бір-біріне тым адал берілсе де, олар бір-бірімен қосыла алмай, ең соңында қайғы-қасіретпен өмірден өтіп жатады. Сондықтан да белгілі ғұлама ғалым Мұхтар Әуезов ғашықтық жырлардың өзіне тән негізгі айырмашылықтары жайлы тоқтала келіп: «Қазақтың эпостық дастандарының ерекше бір бөлімі – ғашықтық жырлар. Ғашықтық жырлардың батырлық эпостан басты-басты үш ерекшелігі бар», – дей отырып, одан әрі үш ерекшелігін: «...ғашықтық дастандардың өзекті тақырыбы – екі жастың бақытқа жету жолындағы тартысы, қасіретзары, махаббаты», – дейді де, онан соң: «Екіншіден, батырлық дастандарда шешуші рөл атқара бермейтін рулық қарым-қатынастар, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып ғашықтық жырлардың фабуласына заңды түрде қабысады», – деп, терең түйіндеулер жасайды. Сондай-ақ, Мұхтар Әуезов: «Бұл дастандардың батырлық жырдан үшінші айырмасы, соларда образдар реалистік түрде сипатталады», – деген ойды білдіреді.

Кез келген ғашықтық жырлардың идеялық мәніне тереңірек үнілсек, онда халықтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, тірлік-тыныстары көрінісінде қаһармандарда шынайылық басым екені аңғарылады. Оған қазақ халқы арасына кең тараған «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш–Баян

сұлу», «Айман–Шолпан» секілді ғашықтық жырлар мен Шығыс поэзиясынан қазақ халқы арасына кең таралған «Ләйлі–Мәжнүн», «Фархад–Шырын», «Сейпұл–Мәлік», «Таһыр–Зұхыра» сияқты т.б. дастандарды жатқызуға болады.

«Қыз Жібек» жыры

«Қыз Жібек» – қазақ халқының ең көне мұраларының бірі, лиро-эпостық дастандардың ішіндегі ең көркемі. Жырдың негізгі кейіпкерлері – Төлеген мен Жібек бірін-бірі сүйген ғашықтар. Бірақ әке батасынан аттап кеткен Төлегеннің өлімі мен Жібектің қайғылы тағдыры, талай жанарларға жас үйірілтпей қоймайды. Жібек бейнесі – сұлулық пен әсемдіктің символы.

«Қыз Жібек» жырында қазақ халқының өмірі, тұрмысы, кәсіп-тіршіліктері, салт-санасы, елдік, ерлік істері, ар-ожданы мен арман-мақсаты қызғылықты жырланады. Жыр мазмұнында Базарбай байдың Төлеген атты ұлы, 14 жасында өзіне жар іздеп, 210 сұлудың арасынан Сырлыбай ханның Жібек атты қызын ұнатқандығы айтылады. Үш ай Сырлыбай ханның елінде болған Төлеген, өз еліне бармақ болып сапарға шығады. Бірақ Жібекті қызғанып, жол тосқан Бекежан қапыда Төлегенді өлтіріп, қазасын Жібекке өзі естіртеді. Сол үшін Бекежан өлім жазасына кесіледі. Жырдың екінші бөлімінде хабарсыз кеткен Төлегенді іздеп шыққан інісі Сансызбай, қалмақ ханы Қоренді өлтіріп, Жағалбайлы елін жаудан азат еткендігі айтылады.

«Қыз Жібек» жыры екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде Төлеген мен Жібектің махаббаты әңгімеленсе, екінші бөлімде Жібектің Сансызбаймен қосылғаны баяндалады. Екі бөлім – екі оқиғаны жырлайды, бірақ сюжет біреу: жігіттің үйленуі.

«Қыз Жібек» эпосын махаббат гимні деуге болады. Оның нағыз көркем туындыға айналу процесі жүріп

жатқан XVI–XVIII ғасырлардағы қазақ қоғамында жеке бастың, сезімнің бостандығы. Махаббат еркіндігі туралы мәселе мұндай деңгейде ашық айтыла бермеген. Ескі рулық заманның неке мен отбасына қатысты ежеқабыл, қалыңмал, көп әйел алу, әменгерлік сияқты салттары үстем болған. Солай бола тұрса да, «Қыз Жібек» жыры сол дәуірде халықтың эстетикалық пайым-түсінігінде белгілі бір дәрежеде өзгеріс болғанын айғақтайды. Төлегеннің де, Жібектің де өзіне лайық жар іздеуі, сүйіспеншілікпен үйленуді көздеуі – сол кезеңдегі жастардың ойында, көкірегінде жүрген арманын, мұңын, тілегін аңғартады.

Төлеген – қазақ эпосы үшін жаңа кейіпкер

Төлеген – қазақ эпосы, тіпті бүкіл қазақ фольклорында жаңа кейіпкер. Ол Қозы Көрпештен де өзгеше. Қозының бейнесінде батырлық қасиет көп. Ал Төлеген – нағыз лирикалық кейіпкер. Ол бай болуды, батыр болуды көксемейді. Оның арманы – өзіне лайықты сұлуды сүйу, соны өзіне өмірлік жар ету.

Жыршы да осыны айтады: «Батырлық, байлық кімде жоқ, ғашықтың жөні бір басқа». Демек, сол кездің қоғамында осындай ой-пікір болған, яғни ел ішінде махаббатты – өте таза, бәрінен ерекше, биік сезім. Оны кез келген адам біле бермейді деген ұғым қалыптасқан. Нақ осындай ерекше сезім Төлегенді әкесінің бата бермегеніне қарамастан, алыс жолға жалғыз аттандырады. Төлеген үшін өмірдің мәні де, сәні де – махаббат. Махаббат үшін күресіп, сүйгеніне үйлену. Ол өзі аң да ауламайды, мал да бақпайды, жастайынан ерлік мінез де танытпайды, батырлық өнерді де үйренбейді. «Періште сипатты ұл» боп тууының өзі – оның ерекше сұлу болатынын білдіреді. Демек, ол батыр болмайды: Төлеген кәдімгі батырларша «сағат сайын өспейді», бозбала кезінде ешбір ерлік іс-әрекет жасамайды. Есесіне он екі жасында өзіне пара-пар сұлу қыз іздей бастайды. Он

алты жасқа толғанда ат тұяғы жететін жерді түгел шарлап шығады. Қыз Жібек туралы ести сала ойланбастан жолға шығады.

Байқайтынымыз – Төлеген алыс елге шаршамай-талмай, еш қиналмай, аз-ақ күнде жетеді. Оның қызды тандауы да өзгеше. Қызын көрсеткен әрбір адамға бір жорғадан береді. Тіпті, Төлегеннің өзі Жібекке құда түседі. Бұл да – оның өзіндік ерекшелігі. Оның құда түсу әдісі де айрықша. Алдымен жұртқа жорға таратып, Шекті еліне «мырзалықпен» танылады. Қаршыға арқылы Жібекті көруге мүмкіндік алады. Бұл жерде Төлеген тағы бір мінез көрсетеді. Ол Қаршығаның сөзіне сеніп қана Жібекке іңкәр болмайды, мақтаулы қызды өз көзімен көргісі келеді. Яғни Төлеген қызды өзі сынап, өзі тілдесіп қана бағаламақ. Жасынан өзіне қыз іздеген Төлеген сол әдетінен таймайды.

Көркем шығарма болғандықтан жырда Төлеген мен Жібектің бір-біріне деген сүйіспеншілігі бірден ашылмайды. Жібекке деген Төлегеннің ынтықтығы сатыланып көрсетіледі.

Қаршығадан озып, Жібектің күймесіне бұрын жетеді. Бірақ Жібек онымен «сөйлесуге намыстанады». Тек Қаршығаның үгітінен кейін ғана Жібек «бетін бір ашып, жарқ етіп көрініп, амандасады да, қайтадан бетін жауып, пәуескенің қақпағын түймелеп, жатып қалды» – дейді. Жібектің ғажайып көркін көрген Төлеген: «Жиһанда бұл сипатты әйел көргенім жоқ еді, енді мұны алайын!» – деп шешеді. Осы сәттен бастап Төлеген енді белсенділік көрсетеді.

Тумысынан ерекше жаралған Төлегеннің мінезі Жібекке деген ғашықтық сезімі пайда болғаннан кейін бұрынғыдан гөрі жұмсарып, оның болмысын байыта түседі. Ол өте сезімтал, нәзік жанды болып көрінеді. Бұл қасиеті Төлегеннің Сансызбаймен қоштасқан сәтінде және әуелеп жүрген алты қазға зарын айтқанда кең ашылады.

Жібек – өз теңін іздеген ару

Жібек – өз теңін іздеген ару. Оның арманы – өзін құлай сүйген, махаббатқа адал адамға қосылу. Жібектің идеалы – бай да, батыр да емес. Оған керегі – өзінің жүрегін жалындата алатын, өзі сияқты жаны таза, ақылды әрі көрікті жігіт. Яғни, Жібектің өзі қалай сүйсе, жігіт те оны солай сүйюі керек. Міне, Төлеген осындай адам. Оны Жібек алғашқы кездесуде-ақ сынап, байқаған. «Жалғыз атты» адамсың дей отырып, Төлегеннің сөзінен, өзін қалай ұстайтын мінезінен оның бекзат жан екенін аңғарған.

Жалпы, Жібектің образы эпоста идеалды болып суреттеледі. Оның бойында қазақ әйелінің ең асыл қасиеттері жинақталған. Жырда ол екі бейнеде көрінеді: сұлу қыз және адал әйел. Жырдың алғашқы бөлімінің біраз жері – сол сұлу қызға арналған. Оның сұлулығы алыс жерлерге жетеді. Төлеген де, қалмақ ханы Қорен де ару қыздың даңқын есітіп келеді. Жібектің өз елінде де талай жігіт оған ғашық. Бірақ Жібекке жолай алмайды. Өйткені Жібек тірі жанды менсінбейтін өр мінезді. Жібектің сұлулығына ақылы мен ақындығы сай. Алғаш кездескен сәттегі Төлегеннің сөзіне берген жауабы өте ұтымды, әрі әсерлі. Ол өзін жігітке үлкен шеберлікпен таныстырады, өзінің кім екенін кәнігі ақындарша баяндайды. Өзін халқы жоғары бағалап, сыйлайтынын айта келіп, Жібек Төлегенді әдейі кемсіте сөйлейді. Сөйтіп оның жігіттік намысын сынайды. Жігіттің айтқан жауабына, көркі мен ұстамдылығына риза болған Жібек, енді өзі іздеген адам – осы Төлеген екеніне көзі жетеді де, соған тұрмысқа шығуға бел байлайды. Бірақ ол жігіттің өзіне ұнағанын сездірмейді, іштей жақсы көріп қалса да, әліптің аяғын бағады. Себебі әкесі қалай қарайды, әлі белгісіз еді. Әкесінің батасын алған соң ғана Жібек, өзінің сезіміне ерік береді, Төлегеннің шақыруын жылы қарсы алып, оның отауына өзі барады.

Жібек Төлегенге ғана адал емес, оның еліне, руына адал. Сүйген жарына деген махаббатын Жібек Төлегенді сегіз жыл бойы күтумен, ол келмеген соң оның елінен біреу келуін тосу арқылы білдіреді. Күйеуінің елін Жібек – өзінің қорғаны деп біледі. Қалмақтың Қорен ханы күш көрсетіп, Жібекті зорлықпен алмақшы болғанда, ол Төлегеннің руын есіне алып, Сансызбайды күтеді. Зарыға күткен Сансызбай келгенде, Жібек қайнысымен бірге қашуға бел байлайды. Өйткені ол біріншіден, Төлегеннің «өліп кетсем, артымда еш жаманға қор қылмас Сансызбай атты інім бар» деген өсиетін орындауы керек. Екіншіден, Жібек, өз заманының салты бойынша, өзін Жағалбайлының жесірімін деп есептейді, әмеңгерінің келуін күтеді. Үшіншіден, Сансызбай Төлегеннен аумайды. Сондықтан Жібек оны «Төлегеннің өзі» деп қабылдайды. «Сансызбайды көрген соң, Жібектің көңілі толады» – дейді жырда. Демек Жібек оны өзі сүйіп қалады. Яғни Жібек, марқұм болған жарының өсиеті мен ата салтын орындау үшін ғана тимейді. Ол өзі ғашық болады, сөйтіп оның Төлегенге деген іңкәрлігі Сансызбайға ауысады.

Сансызбай –нағыз азамат бейнесі

Жырда *Сансызбай* өзін нағыз батыр, елінің сүйеніші, Жібекті сүйе білген ер азамат ретінде суреттеледі. Ол Төлеген секілді емес. Ерте жасынан ерлікке даярланып, ағасы дайындап кеткен тоғыз қабат сауытты, дулығаны киініп, найзасы мен садағын асынып, тұлпар атқа мініп, кәдімгі батырларша жолға шығады. Оның бұл сапары, бір жағынан, бұрынғы батырлардың қалыңдық іздеп, сапар шегуін еске түсірсе, екінші жағынан, батырдың жау қолына түскен әйелін (яки қалыңдығын) тұтқыннан азат ету үшін күреске аттанатынын қайталаса, үшінші жағынан, болашақ батырдың алғашқы ерлігін ойға оралтады. Ал, мұның бәрі классикалық батырлық эпосқа тең. Демек «Қыз Жібек» жырының екінші бөлімі – көне

заманнан келе жатқан «жігіттің ерлікпен үйленуі» туралы сюжет болып табылады. Бұл сюжет, батырлық ертегімен көне эпоста жиі кездеседі. Осы ежелгі сюжетті жыршылар әдемі пайдаланып, жырға шеберлікпен енгізген. Сөйтіп, екі сюжеттен тұратын өте көркем ғашықтық жыр тудырған.

Эпоста Сансызбай екі сипатта көрінеді: ағасын жанындай жақсы көретін бауыры және оның ісін жалғастырушы інісі. Бірінші сипаттағы Сансызбай – әлі жасөспірім, сондықтан оны бейнелеуде жыр лирикалық психологизмге орын берген. Қайын жұртына кетіп бара жатқан ағасымен қоштасқан сәттегі Сансызбайдың мінезі, ағасына айтқан сөзі – оның терең ойлы, ата-анасы туралы қам жейтін, келешегін ойлайтын бала жігіт екенін дәлелдейді. Мұңлы болған Сансызбайдың қайғыратыны: ағасы әкесінен бата ала алмай және жалғыз аттанып бара жатқаны, ол кеткен соң ата-анасының, ел-жұрттың халі не болатыны, өзінің тым жас екендігі, сол себепті әке-шешесін бағып-қағуға әлі жарамайтыны... Осының өзі-ақ Сансызбайдың ерекше жан екенін көрсетіп, оның келешекте нағыз азамат болатынын аңғартады. Ағайынды екеуінің қоштасу сөздерінен Сансызбайды алда үлкен де қатерлі сынақ күтіп тұрғаны сезіледі. Оны Төлеген де болжап, інісіне қажетті батырдың сауыт-сайманын дайындап қойғанын айтады және өзі мерт болса, Жібекті іздеп табуды, ешкімге қор қылмай, жар етіп алуды тапсырады. Міне, осылай жырдың эпилогі іспетті көрінетін Сансызбай мен Жібек жайындағы қосымшаның пайда болуы аяқталады. Бүкіл жыр біртұтас көркем дүниеге айналады. Жырдағы осы екінші сюжет эпосқа мейлінше қазақы сипат дарытқан. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы жарқын көрінеді.

Егер бірінші бөлімде Төлеген Қыз Жібекті алу үшін екі жүз елу жылқы сатып алып, қалыңмал берген дәстүр көрінсе, екінші бөлімде бір істі бастарда үлкендердің батасын алу ғұрпына үлкен мән берілген. «Ата қарғысы –

оқ» деп түсінген халық, Төлегеннің мерт болғанына аянышпен қараса да танданбаған, қайта оны заңдылық деп қабылдаған. Ал «баталы ұл арымас» деген ұғымды ұстанған жыршы да, тындарман да Сансызбайдың ақжолтай болғаны – әкесінің батасын алғандықтан деген ой ұсынады. Жібектің әменгерлік салтымен Сансызбайға қосылуы да – ел үшін оғаш емес, керісінше оны орынды деп білген.

Сонымен Сансызбай Жібекті алады, бірақ тек әменгерлік жолымен ғана алмайды. Сансызбай, кәдімгі қаһармандық эпостағы батырларша, ерлік жасап алады. Ол бұл жерде – Жібекті құтқарушы, әділеттік орнатушы. Сондықтан да оның іс-әрекеті толығымен құпталады.

Дей тұрғанмен, «Қыз Жібек» жырында басты қаһармандармен қатар, басқа да кейіпкерлер оқиғаларға араласып, шығарманы мазмұн жағынан байыта түскен. Олар екі топқа бөлінеді. Бірі – басты қаһармандардың жанашыр достары болса, екіншісі – олардың қарсыластары. Достары Жібек пен Төлегеннің, содан соң Жібек пен Сансызбайдың махаббатын қоштап, оларға әрдайым жәрдем етіп жүреді. Бұлардың арасынан Қаршыға мен Шегені ерекше бөліп алуға болады.

Бекежан мен Қорен бейнесі

Жырға үлкен серпін беріп, оған көркем шығармаға қажетті қасиеттерді дарытып тұрған нәрсе – кейіпкерлердің бітіспес тартысы. Оны күшейтіп, ширықтыруда бас қаһармандарға қарсы қимыл жасап жүрген Бекежан мен оның жолдастары және қалмақтардың ханы Қорен. Алайда, Бекежан мен Қорен бір-біріне ұқсамайтын дұшпандар. Бекежан – романдық эпостағы дәстүрлі кейіпкер, яғни екі ғашықтың ортасында жүрген қастангер (жігіт – қыз – қастаншы).

Ал Қорен – хан. Ол Бекежаннан өзгеше дұшпан. Қорен – елдің ішіндегі қаскүнем емес, сырттан келген жау. Жау болса да, ол – нағыз батыр. Өз ойын ашық

айтады, күшіне сенеді. Жібекті күшпен алатынын да жасырмайды. Сырлыбайға қызыңды бермесең, еліңді шабам деп, бүкіл ауылды қамап, тұтқында ұстайды (әлбетте, адамгершілік тұрғысынан келгенде, бұл да – зорлық). Сансызбаймен жекпе-жекте өзін нағыз батырша көрсеткен Қорен жай күнде мақтаншақ, әрі өз айтқанынан қайтпайтын, ешнәрсенің байыбына бармайтын, тек өзінің қара күшіне сенетін дүлей бейнесінде көрінеді. Эпос оны, бір жағынан, асқан ержүрек батыр етіп бейнелесе, екінші жағынан, анайы ақымақ етіп суреттейді.

Егер Қорен мен Бекежанды салыстыра қарасақ, екеуі де – жағымсыз кейіпкер, бірақ олар бір-біріне ұқсамайды. Эпос оларды бір-біріне қарсы қоятын секілді. Қорен – ашық жау, ол – қазақ елінің ата жауының өкілі. Оның бүкіл ойы мен іс-әрекеті – күллі ел жауының әдеткі ісі. Яғни, оның мақсаты – шапқыншылық жасап, Шекті руын жаулап алу, күш көрсетіп, мал-мүлкін талау, еркектерді қырып, әйелдерді күң ету. Қорен Жібекті сүйгендіктен алайын демейді, оны салық деп қарайды. Өмірде де, фольклорда да сыртқы жау қашанда жеңген елінен алым-салық талап етеді, Қорен де осылай істейді.

Ал Бекежан – сырттан келген жау емес, іштен шалған қаскүнем. Былай қарағанда, Бекежанның Жібекке ғашық болуында еш сөкеттік жоқ. Ол да жігіт, ол да сұлу қызды алуға құқылы. Бірақ эпос пен жыршы оны қызды ұнатқаны үшін жек көрмейді, керісінше, оны өз сезімін қызға жеткізе алмағаны үшін, қыздың жүрегіне жол таба алмай, зұлымдыққа барғаны үшін жексұрын етіп көрсетеді. Бекежан өз махаббаты үшін адал күреспей, жауыздық жолын таңдайды, ал бұл жолда ол өзін арам пиғылды адам ретінде танытады. Сол себепті ол өзінің жымсықы тірлігін жасырын істейді, ойын құпия ұстайды. Жырда Бекежанның қалай өмір сүріп жүргені, бұрын кім болғаны айтылмайды. Эпос оны тек «қарақшы» деп атайды. Ал қарақшының болмыс-бітімі белгілі. Қоренге қарағанда Бекежан – айлакер, қу, бәрін алдын ала ойлас-

тырып қояды, әрбір арам ісін залымдықпен жүзеге асырады. Сондықтан ол Қореннен де қауіпті. Сол себепті жыр да, жыршы да, тыңдаушы да Қоренді емес, Бекежанды қарғайды, оны ит өлімге қияды. Бекежан – адам табиғатындағы ең жағымсыз қасиеттердің, зұлымдықтың, жауыздықтың белгілерін бойына жинақтаған, солардың символына айналған образ.

«Қыз Жібек» – ауыз әдебиетіміздің айшықты үлгісі

Бізге жеткен «Қыз Жібек» жыры – таза сөз өнерінің дүниесі, сондықтан ол көркем шығарма деп түсініледі. Олай болса, мұнда жүйелі композиция, қызғылықты сюжет, бітіспейтін тартыс, кестелі тіл, яғни көркем шығармаға не керек, соның бәрі болуға тиіс және олар жырда айтарлықтай көрініс тапқан. Әрине, бұл әлі жазба әдебиеттің үлгісі емес, мұнда көпқатпарлы іс-әрекет жоқ, шытырман оқиға баяндалмайды, кейіпкерлердің мінез-құлқы, психологиясы, характері динамикалық түрде дамымайды.

«Қыз Жібек» жырынан таза көркем фольклордың айшықты үлгісі байқалады.

Қазақтың классикалық түрдегі «Қыз Жібек» жыры – ежелгі рулық заманда пайда болған «жігіттің үйленуі» туралы сюжеттің негізінде орта ғасырларда үлкен эпос болып қалыптасқан түрі.

Бұл сюжет қазақ хандығы тұсында көркем фольклордың тамаша үлгісіне айналған. Талантты ақындар мен жыршылар «Қыз Жібек» жырын тамаша романдық эпос етіп жырлаған. Соның арқасында ол біздің заманымызға жетіп отыр. Жетіп қана қойған жоқ, қазіргі мәдениетіміздің ажырамас бөлігіне айналды.

ҚЫЗ ЖІБЕК

(Жырдан үзінді)

Кешегі өткен заманда,
Дін, мұсылман аманда,
Кіші жүздің ішінде,
Жағалбайлы елі бар,
Жағалбайлының мекені –
Ақ теңіз деген көлі бар.
Жаз жайлауын сұрасаң –
Қара теңіз жағасы,
Ұлан, Шәмбіл белі бар.
Жағалбайлы елінде
Базарбай атты байы бар.
Байлығын оның сұрасаң –
Өлшеу қылып айтуға
Есеп жетпес жайы бар...

* * *

Базарбай сексен жасқа келген шақта
Тауыпты кіші қатын бір ұғылды.
Оны тапқан қатыны қырық төрт жаста,
Бала жоқ өзгесінде мұнан басқа.
Періште сипатты бір ұл берді құдай,
Жүргенде көзі толып қанды жасқа.
Төлеген деп қойыпты ұлдың атын,
Құдай артық жаратқан онын затын.
Базарбай баласына көңілі толды,
Қайғыны ішіндегі бәрін жойды.
Тоғыз жылда артынан бір ұл туып,
Жұрт жиып, Сансызбай деп атын қойды.
Жүріпті екеуіне қалың бермей,
Дұспанның әр не деген тіліне ермей.
«Тірі жүрсе, өздері алар бір қыз,
Өліп қалса, күйігін тағы көрмей.
Алса да патша қызын, малым жетер,
Жазым болса, күйермін онан бетер».

Төлеген сонда он екі жасқа келді,
Қыз іздеп аралады тәмам елді,
Он алты жасқа шейін қыз жаратпай,
Ат жетер жерді арылтып тәмам қылды.
Еліне бір саудагер келді – дейді,
Қыз жақпай өз еліңнен жүрсе саған,
Төлеген, сүйінші бер, енді маған!
Елі бар Ақжайықта Алты Шекті,
Аласың жақсы сұлу артық ел бар,
Ерінбей қыз іздесең сен соған бар.
Шетінен-ақ аласыз бір сұлуды.

* * *

Әлқисса, Төлеген мұны іздеуге көңілі кетті,
– Жолы бар неше күндік онын? – депті.
Саудагер айтты жолын жүз күндік деп,
Төлеген іздемекке талап етті.
Аз емес бір тәңірінің берген бағы.
Қорасанға қой айтып,
Шыбын жанға жан айтып,
Артынан қуып келіпті
Өлгенде көрген шешесі.
Шешесі сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бұй дейді:
– Келгін, балам, қайт-сана,
Әкеңе сырың айт-сана,
Патша қызын алсаң да,
Өз елінде жат-сана!
Біреудің тілі тимей ме?
Қартайған әкең Базарбай
Сенің үшін күймей ме?
Ел ішінде тентек көп,
Жиһан кезіп жүргенде,
Тентіреген демей ме?
Ата-анасын зарлатып,
Бір қыз үшін кетті деп,
Дос-дұшпаның күлмей ме?

Төлеген сонда сөйлейді:
– Айналайын, шешеке-ау,
Қай құнан қой қаңғырып,
Бұралқы болар қораға.
Бір сұлу алмай, шешеке-ау,
Сірәда, көңілім тына ма?
Талап қылған ісінен
Ат басын ерлер бұра ма?
Жаман, жақсы болса да,
Алланың болар өмірі,
Өз айтқаның бола ма?
Тілімді алмай кеттің деп.
Ғамкүн болып жылама!
Мен Жайықтан келгенше,
Жүзінді аман көргенше,
Тапсырдым ата-анамды,
Жаратқан қадір құдайға!
Анасы сонда сөйлейді:
– Өлкенің көркі тал болар,
Өзеннің көркі жар болар,
Жігіттің көркі мал болар.
Малың болса, қарағым,
Қара басың хан болар.
Алуа ашап, іштің бал,
Жая шайнап, жедің жал,
Кетер болсан, қарағым,
Жылқыдан тандап қырық жорға ал!
Сансызбай болса жас еді,
Сен кеткен соң, қарағым,
Сүйеніп кімге күнелтер
Артыңда қалған кемпір, шал?
Төлеген сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бұй дейді:
– Мінгенде атым аламын,
Сенен туған баламын,
Көңіліме түсіп бір қиял,
Сапар шегіп барамын.

Алла нәсіп айласа,
Бір сұлуды аламын.
Алла нәсіп қылмаса,
Ендігі сөздің қысқасы
Меккеге таман барамын.

Әлқисса, сонда анасы ойлады, «Менін балам бұл сапардан қайтпайын деп талап қылған екен. Бұған ризалық батамды беріп жіберейін» – деп, аллаға, екінші әнбия, әулиелерге тапсырып мінәжат қылғаны:

Анасы ғаріп жылайды,
Жылайды да толғайды.
Қой, десе де баласы
Оған сірә болмайды.
Бір сұлу қыз алмай Төлеген
Дүниеге көңлі толмайды.
Шешесі сонда сөйлейді:
– Аһ дедім, құдая,
Дарғаһына бас ұрдым,
Сөзді-сөзге әпкеліп,
Күйгенімнен жапсырдым.
Кетер болсаң, қарағым,
Әуелі құдай мен сені,
Кәміл пірге тапсырдым.
Баба түкті шашты әзиз,
Баламды Сізге тапсырдым!

Әлқисса, бұл сөзді айтып анасы қайтып кетті. Онда Төлеген қасындағы жігіттерге айтты:

– Анамның маған не айтқанын білдіңіздер ме? – деді. Жігіттер айтты:

– Ешнәрсе білмедік, – деп. Төлеген айтты:

– Мен кірекеш емеспін, болмаса көп жігіттер ертіп баратын, жортуылшы болмасам, мұным жарамайды екен, «жылқыдан жорға ал» – деп, ол жерге тоқтап, қайтып келіп жылқыдан екі жүз елу жорға алып, бірнеше күн

жол жүріп, Шекті деген елге келіп, шатырды тігіп, жорғаларын жайып салып, жұртқа жар салды.

– Әркім жақсы қызы болса әкеліп көрсетсін. Өзі әкеліп көрсеткен адамға қызын алсам да, алмасам да беремін бір жорға, – дейді. Жұрт есітіп қыздарын жиып, келіп көрсетті. Бір жорғадан алып қайта берді. Ешбірін жаратпады. Бірнеше күнде екі жүз он қыз көрді, екі жүз он жорға берді. Сонда қасындағы сексен жігіт ойлап кеңесті:

– Бұл Төлеген малды бекер ысырап қылды, ендігі қыздарды өзіміз көрелік. Асқан сұлу қыз болса, Төлегенге көрсетелік, болмаса, «Төлегенді білмейміз» – деп, жасырып, көрсетпелік. Әйтпесе Төлегенге қырық жорға біткен соң, біздердің астымыздағы атымызды да берер. Онан соң жаяу қалып, елден жүген алып, ат іздегеніміз жарамас, – деп, келген қыздарды даладан қайтарды.

Сонда Төлеген: бұл елдің қыздары сұлу деп, саудагер шал бекер айтқан екен, – деді.

Сол уақытта Алты Шекті елінің ханы Сырлыбай деген бар еді. Ол ханның алты ұлы бар еді, және ханның ең кенжесі Жібек сұлу деген жалғыз қызы бар еді, және ханның Қаршыға жыршы деген ақын-уәзірі бар еді, ол Қаршыға сенімді болған соң, ханның тоғыз мың жылқысы бар еді, жылқыны отарға шығарып, Қаршығаны жылқышылардың басы қылып қойған еді. Сол Қаршыға Төлегенді естіп, бармақ болды. Қаршыға ойлады: «Мен Төлегенді көрейін, Төлеген маған жақса, Қыз Жібек те жақтырар», – дейді. Мұны ойлап, бір бедеу атты алдырып мініп, Төлегенді іздеп келеді.

Отарда жатқан Қаршыға
Бір бедеуге мінеді,
Алладан пәрмен тіледі,
Ойпаң жерден ырғытып,
Тегіс жерден сырғытып,
Аяндамай желеді.

Сексен жігіт елшіге
Келіп сөйлей береді:
– Асу да асу бел, – дейді,
Аса бір соққан жел, – дейді,
Сексен жігіт ішінде,
Базарбайдың баласы
Төлеген мырза кім? – дейді.
Басыр, басыр, басырды,
Аққа құлпы жасырды.
– Мінген де атын дөнен-ді,
Көкек тойған көбенді,
Біз білмейміз Қаршеке-ау,
Төлеген мырза дегенді.

Сонда Қаршыға бұлардан жол болсын сұрап айт-
қаны:

– Ассалаумағалейкум, көп жігіттер,
Сайланған бәрің бірдей ер жігіттер,
Сайланып шыға қапсыз табыңыздан,
Сөйлей тұр сөзің болса, ей жігіттер!
– Келеміз елімізден біз жолаушы,
Бет алып шыққан жерім Көкбаяушы.
Үйірін қысырақтың жауға алдырып,
Келеміз сұрау салып біз сұраушы.
– Күн көріп жүруші едім өнерменен,
Төтелеп келдім сізге кемерменен.
Көрдім де қараларың, жанай шаптым.
Баласы Базарбайдың дегенменен.
– Келіпсіз бізді көріп қарамызға,
Жауапқа жауап таппай қаламыз ба,
Сыртынан Базарбайды естуші едік,
Төлеген біздің жоқ-ты арамызда.
– Әр жерде асып туған тегім деп ем,
Төлеген – жұрттан асқан бегім деп ем.
Сұрасам жолаушыдан сіздер не дейді,
Жасырдың Төлегеннің несін менен?

Осынша осы Төлеген жасырынып,
Ол өзі кімнің ұрлап ақын жеген?

Әлқисса, сонда Төлеген шатырда жатыр екен,
Қаршығаның сөзін естіп, – бұлар мені неге жасырып
тұр– деп сығалап қараса, Қаршығаның түрі жақсы адам
екен. Шатырдың іргесін көтеріп шығып, Қаршығаға өзін
танытып, бір сөз деді.

– Ассалаумағалейкум, Қаршеке!
Мен едім Базарбайдың Төлегені,
Қозының ерте туған көбегені.
Қаршекем араз ба еді бұрын маған,
Қасыма танып тұрып келмегені?
Мен едім Базарбайдың үлкен ұлы,
Алланың шыныменен сүйген құлы.
Қаршекем сәлем берсем қарамайды,
Бар еді Төлегеннің неден міні?

* * *

Осы келген Қаршыға
Табынан асқар ер еді.
Шетте тұрған Қаршыға
Төлегенге келеді,
Келіп сөйлей береді.
– Ауыл алды бел, – дейді,
Белден көшкен ел, – дейді,
Сексен жігіт ішінде
Базарбайдын баласы –
Төлеген мырза – сен, – дейді.
Нәсіліңе қарасам,
Хас патшамен тең, – дейді.
Мен жайымды айтайын:
Алты Шекті елінде
Сырлыбай ханның уәзірі,
Қаршыға жыршы мен, – дейді.
Төлеген болсаң сен, – дейді,
Жұртқа берген олжаннан

Білдірмей маған бер, – дейді.
Мен бір сұлу табайын,
Патшамыздың жалғызы.
Аты Жібек сұрасаң,
Кереметім көр, – дейді.
Базарбайдың Төлеген,
Қаршығадай ақынның,
Бұл сөзін мақұл көреді.
Айдап жүрген жорғадан
Екі жорға береді.
Сексен жігіт елшіден,
Бес жігітті бөледі.
Өзгесін елге қайтарып,
Қаршығамен ілесіп,
Ақжайыққа жөнеді.
Дәл сегіз күн жол жүріп,
Аз ғана емес, мол жүріп,
Қыз іздеген Төлеген,
Көшкен бір елге жолықты.

Әлқисса, онда Қаршыға айтты: – «Біздің ел жайлауға қарай бұзыла көшкен екен, мен енді Төлегенге көш-жөнекей көрсетейін», – дейді. Қасындағы бес жігітті сол жерге тастап кетеді.

– Сіздер асықпай, түстеніп, артымыздан жай келіңіздер, – деп, екеуі қалың көшті аралап, аттарына қамшы басып, «шүү!» деді.

Базарбайдың Төлеген
Талай көштен өтеді,
Сонда бір көшке жетеді.
Көш алдына қараса,
Бір қыз кетіп барады.
Шытырма көйлек етінде,
Нұр сәулетті бетіне,
Бұралып кетіп барады
Перінің қызы секілді.
Өзі он төрт жасында,

Жарқыратып маңдайын,
Айырып қойған кекілді.
«Осы екен – деп, – Қыз Жібек»,
Жетіп келді қасына
Базарбайдың Төлеген.
Артынан келіп Қаршыға:
«Жібек емес» – деген соң,
Онан бір өтіп жөнеген.

Әлқисса, енді Төлеген менен Қаршыға Жібектің көшінің алдына шықты. Жібектің арбасының ізі мен көш басшыларының ізінен басқа ешкімнің ізі жоқ екен. Оны көріп, аттарына қамшы басып, «шүү» деді.

Найзасы аумай қолынан,
Желі тұрып оңынан,
Төлеген сонда жөнелді
Кеткен Жібек соңынан.
Базарбайдың Төлеген
Енді біліп түйінді,
Асыл киім киінді.
– Бағымды Алла ашқын! – деп,
Пірлеріне сыйынды.
Тұлпардан туған Көкжорға ат
Ор қояндай секірді.
Төлеген сынды еріңіз
Қаршығамен ілесіп
Атқа қылды өкімді.
Ертеңгі күн бесінде,
Қыз Жібектің ізімен
Келе жатқан секілді.
Солқылдайды қара жер
Көкжорға ат басса былқылдап,
Құйындай шаңы бұрқылдап,
Алмас қылыш белінде,
Қолында найза қылтылдап,
Жеті қырдан асқанда,

Гүлдірлеген қоңырауды
Есітті сонда құлағы.
Нелер келіп, не кетпес
Ер жігіттің басына!
Қоңырау даусы келгенсін,
Ер Төлеген мырзаңыз
Көкжорға атты ағызып,
Жетіп бір келді қасына.

Әлқисса, Төлеген (арбаның) қасына келіп, алдына бір шықты, артына бір шықты. Жібекті бір көре алмады, пәуескенің қақпағы жабулы. Үш қара жорға атты тройкеге жетіп бара жатыр екен, қайтерін білмей, артына қараса, Қаршыға көзінің ұшында қалған екен. Тақат қылып тұра алмады. Сонда Төлеген қызды шақырып айтқаны:

– Кім бар? – деп бұл күймеде дауыстады,
Ақылын ашуланып тауыспады.
Төлеген үш қайтара шақырса да,
Қыз Жібек сөйлесуге намыстанды.
Төлеген сонда тұрып қапа болды,
Өзінің елін ойлап іші толды.
– Қыз түгіл, өз елімде еркек қорыққан,
Қайран басым, бұл жерде бекер болды.
Өз елімде тең едім хан затымен,
Алдыма келмеуші еді жан атымен.
Мынау қыз жауап бермей қапа қылды,
Жүргенсіп өз елінде сәулетімен.
Төлеген қапа болып, қалды тұрып,
Атының кейін қарай басын бұрып.
Сол уақта Қаршыға да жетіп келді,
Сөйлеспей Жібек кетті, құдай ұрып.
Қаршыға Төлегенге келді жетіп,
Атына қамшы басып екпіндетіп.
Төлеген Қаршығаға сөз сөйлейді:
– Кетті – деп, – жауап бермей, қапа етіп.

Әлқисса, онда Төлеген айтты:

– Бұл Жібек маған шақырсам жауап бермейді, ақымақ адамдарға ұқсап, бұл қалай? – дейді. Сонда Қаршыға айтты:

– Мұның бектігі бар, ешкім бұған ондай дауыстап сөйлескен емес. Енді мен сөйлесейін, – деп, Қаршығаның Жібекке келіп айтқаны:

– Ұядан ұшқан балапан,
Қанаттарын тарайды.
Асыл туған анадан
Әрбір іске жарайды.
Сенің үшін.. Қарағым,
Тігемін алтын сарайды.
Данышпан адам дүниенің
Парасатын қарайды.
Ақы алып қызмет қылғанды, –
Оны да іске санайды.
Көтергін Жібек басыңды,
Ертіп келем бір жігіт
Тап өзіңе лайық,
Жақтырмап едім талайды.
Басыңды көтер, Жібекжан!
Құлағың сал сөзіме,
Қасымда тұр бір жігіт
Тап лайық өзіңе.
Нұр жігіттей жүзі бар,
Бал шекердей сөзі бар,
Талай бекзат көріп ем,
Мыңын жисам осының
Жетпейді басқан ізіне.
Қаршыға сынды Көкенді
Қапа қылмай, қарағым,
Бір қарашы жүзіне!
Сонда Жібек сөйлейді,
Сөйлегенде бұй дейді:

– Көке болмай жерге кір,
Салмаймын құлақ сөзіңе,
Бай тауып маған әпкел – деп,
Қашан айттым өзіңе?
Жөндеп баққын малыңды,
Бет алдына сандалмай.
Жолама менің ізіме!
Екі тайға ұялмай
Мені сатып сыртымнан,
Не бетіңмен сөйлейсің,
Көрінбей жөнел, көзіме!
Қаршыға сонда сөйлейді:
– Расым, менің, Жібекжан,
Екі жорға алғаным.
Неге айтайын сөзімнің
Расын айтпай жалғанын.
Мақұл ма екен, Жібекжан,
Сөздің жөнін байқамай,
Өтірік жанжал салғаның?
Екі жорға мен алдым,
Төлегенге дос болып.
Нан қарағым, сөзіме,
Көңілім маған қош болып.
Жолыңа сенің басымды
Бәйгіге тігіп мен келдім,
Сегіз күн ұдай жол жүріп,
Ерте көшіп, кеш қонып,
Басыңды көтер, Жібекжан,
Қайтпасын еңбегім еш болып.

Әлқисса, сонда Жібек ойлады: – бұл Қаршыға адамсынып келген екен. Бұған көрінбесем, ұят болар және әбден бетімді ашып отырсам, тағы жарамас деп, бетін бір ашып, жарық етіп көрініп, амандасады да, қайтадан бетін жауып, пәуескенің қақпағын түймелеп, жатып қалады. Қасында үш қызы бар екен. Сол уақытта Жібектің сипаты Төлегенге көрінді.

Әлқисса, сондағы Жібектің порымын баян қылалық:

Қыз Жібектің құрметті,
Жиһаннан асқан сәулетті,
Ләйлі-Мәжнүн болмаса,
Өзгеден артық келбеті.
Үш қызы бар қасында-ай,
Өзі он төрт жасында-ай,
Кебісінің өкшесі –
Бұхардың гауһар тасындай.
Ақ маңдайы жалтылдап,
Алтын шашбау шашында-ай!
Қыз Жібектің дидары –
Қоғалы көлдің құрағы,
Көз сипатын қарасаң –
Нұр қызының шырағы.
Дүр жауһар сырғасын,
Көтере алмай тұр құлағы.
Бой нұсқасын қарасаң,
Бектер мінген пырағы.
Қыз Жібектің ақтығы –
Наурыздың ақша қарындай.
Ақ бетінің қызылы –
Ақ тауықтың қанындай.
Екі ауыз сөз сөйлескен,
Мұратына жеткендей.
Қыз Жібекті Төлеген
Ақылменен танып тұр,
Көз мейірі қанып тұр,
Тартқан сымнан жіңішке
Үзіліп кетпей нағып тұр?

Әлқисса, енді Төлеген ойлады: «Жиһанда бұл сипатты әйел көргенім жоқ еді, енді мұны алайын», – дейді. Оған бір-екі ауыз сөз сөйлесіп кетейін, бекер кеткенім жарамас деп, жамандауға тал бойынан тарыдай мін таба алмай, байлығынан және кемдік таба алмай, «кесірлі екенсің», – деп, Төлегеннің айтқан жауабы:

– Басыр, басыр, басыр-ау,
Аққа құлпы жасыл-ау,
Басыңды көтер, ай, Жібек,
Төлеген келді қасыңа-ау!
Қыз Жібек мінген күймесін,
Күймеге тағып түймесін,
Қыз басыңмен алшақтап,
Бүйте берме, ай Жібек,
Кесірің жұртқа тимесін.
Жібек сонда сөйлейді
Сөйлегенде бүй дейді:
– Олай болса, Төлеген,
Мен жайында айтайын:
Ағыным судай ағады,
Халқым малдай бағады,
Жұртым қойдай қағады.
Менің қылған кесірім,
Саған кесір болса да,
Өзіме майдай жағады.
Жалғыз атты жолаушы,
Жақындамай, арман тұр,
Ат байлаған шағыр тас,
Арқама біткен қолаң шаш,
Қайдан келіп кез болдың,
Қаңғырып өскен бір қу бас?
Жалғыз атты жолаушы,
Кесірім ұрып кетпесін,
Қасыма келмей аулақ қаш!
Төлеген сонда сөйлейді
Сөйлегенде бүй дейді:
– Қыз Жібек мінген күймесін,
Күймеге тағып түймесін,
Қайдан білдің, Жібек-ау,
Іздеп келген Төлеген
Мал беріп, сені алмасын?
Сонда Жібек сөйлейді:

– Жақсы айтасын, Төлеген,
Сіздей-сіздей әр жерден.
Неше жігіт келмеген?
Бәрі де айтқан: «Жібек-ау,
Сені алмасам» дей берген.
Көбісі келмей шеніме,
Бидарха болып жөнеген.
Келсең кел, шындап қасыма,
Алуа шекер беремін
Ішетұғын асыңа.
Келсең келгін, Төлеген,
Құрметім мұндай, мінеки,
Келмесең, арман кете бер.

Әлқисса, енді Төлеген айтты:

– «Олай десең, мен саған жеңген жерде сөйлесейін» – деп, атының басын бұрып алып, қайтып келіп, Қаршығаны басшы қылып жүріп, екі жүз елу ат сатып алды. «Осының бәрін бата аяққа берсем де, құда болармын» – деп, екі жүз елу жылқыны алдына салып айдап, Сырлыбай ханның артынан қуалап келе жатыр еді, алдынан он шақты жасауыл шыға келді. Сәлем берісіп, жол сұрасты. Сонда жасауылдар айтты:

– «Біздің ханымыз ашу қылып жатыр, Қаршығаның қылып жүргені немене?» – деп.

– «Менің сыртымнан билеп, Жібегімді бір қаңғырған жалғыз атты жолаушыға көрсетіп жүр» – дейді.

«Басын базарға салып, бұл қалай, ұялмай масқара қылып, ол Қаршығаны жігітіменен алып кел, екеуінің де жазасын берейін» – деп біздерді жіберді – дейді. Сонда Қаршыға айтты: – Олай болса жүріңдер, өзіміз де келе жатырмыз – деп. Заулап ауылға жақын келген соң, қараса хан бектеріменен төбенің басына шығып отыр екен. Оны көріп Қаршыға айтты:

– «Біздер жасырынып тасада тұралық, жолдастарыңмен өзің бар. Төлеген екенінді біліп, өзі де жөнделіп қалар.

Бізді көрген соң ашуланып отырғаны жарамас» – деді. Сонда Төлеген жылқыны ауылының үстіне жая салып, төбенің басында отырған хан мен бектерге келіп, сәлем берген соң, Төлегеннің айтқан жауабы:

Төлеген:

Болғанда айдай әлем күндей күлем,
Ауымды ашсам, денемнен қайнайды өлең.
Отырған мәслихат қып ақсақалдар,
Сіздерге Төлеген кеп берді сәлем.

Сонда олардың Төлегенге берген жауабы:

Хан:

– Уағалейкүм ассалам, жаным балам,
Жүріпсіз ат жаратып бәрің тәмам.
Келіпсіз ат сабылтып алыс жерден,
Сөйлей тұр сөзің болса, шыраққанам!

Төлеген:

– Ойлаймын келе жатып ақыл, айла,
Ойлаған ақыл, айла жанға пайда.
Ат сабылтып келеміз алыс жерден
Жібек сұлу дегеннің аулы қайда?

Хан:

– Бәріңіз бір-бір бедеу мініпсіңіз,
Ойын, күлкі сәулетпен жүріпсіңіз.
Жібек сұлу дегеннің аулы жақын,
Бар еді, балам, қандай жұмысыңыз?

Төлеген:

– Көріп ем Қыз Жібектің бұрын түсін,
Бітпеген еш бендеге ондай пішін.
Қыз Жібек Төлегенге тимек болған,
Қаршекем арасында жүрмек болған,
Келемін ат шаршатып соның үшін.

Хан:

– Тіккені саудагердің қосы ма еді?
Айып Иран қырық шілтен досы ма еді?
Кешегі Төлегенді жамандаған
Көп дұшпан көре алмаған қасым ба еді?
Жібегім тисе тисін, өз теңі екен?
Кешегі айтқан Төлеген осы ма екен?
Жібегім Төлегенді көрген екен,
Жібекжан енді өлмесін білген екен.
Ризамын Қаршығаға, не қылса да
Кемітпей тең – құрбыдан жүрген екен.

Әлқисса, енді Төлеген айтты:

– Хан, мен көп сөзді білмеймін, батааяққа не ала-сыз? – дейді. Онда хан айтты:

– Батааяққа осы айдап жүрген жылқыңның бәрін аламын, – деді. Төлеген айтты:

– Енді осындай жылқы қос деп айтады екен деп едім, бұған разы болсаңыз, үйіне бар тойынды қыл, – деді. Хан той қылмақ болып, үйіне барды. Төлеген жігіттерімен бір төбенің арғы жағына барып, шатырын тігіп, қанша өнерлі жігіттерді жиып алып, ойын, күлкі қызықпен жата берді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Халық ауыз әдебиеті дегеніміз не?
2. Халық ауыз әдебиетінің түрлерін атап бер.
3. «Қыз Жібек» жырының тақырыбы не?
4. Жырдағы ұнамды кейіпкерлер кімдер?
5. Жырдағы ұнамсыз кейіпкерлерді тап.
6. Қыз Жібекке мінездеме жасаңдар.

ЭПОС

Эпос – грекше *epos* – сөз, әңгіме мағынасын білдіреді.

Эпос – көркем әдебиеттің негізгі жанрының бірі. Әдебиеттің басқа жанрларына (тектеріне) қарағанда эпос жанрына жататын көркем шығармаларда оқиға, адамдардың араларындағы қарым-қатынастар біртіндеп дамиды.

Қандай өмір құбылысын суреттесе де, әр жағдайдағы адамдардың арасындағы тартысты баяндаса да, не олардың мінез-құлық, іс-әрекеттерін сипаттаса да, жазушы өзінің оларға қалай қарайтынын аңғартпайды. Тек көруші, бақылаушы, біреулерден естіп, сол естігенін, объективтік қалыпта суреттеп айтып беруші дәрежесінен аспайды.

Міне, осы әдіс негізінде берік сақталып жазылған көркем шығармалар, мейлі өлеңмен, мейлі қара сөзбен жазылсын, **эпостық жанрға** жатады.

ТИПТІК БЕЙНЕ

Тип дегеніміз – бүкіл бір топ адамдарға тән қасиеттерді бір адамның басына жинақтап, нанымды етіп көрсету деген сөз.

Жазушы бар нәрсені көркем образ арқылы суреттеп, басқаларға жеткізу үшін творчестволық қиялға сүйенеді.

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР

Ауыз әдебиеті үлгілерінің ең көне түрлерінің бірі – шешендік сөздер. Шешендік сөздер сан ғасырлар бойында ауыздан ауызға өтіп, бізге дейін жетіп келген. Қазақ халқы арасында табан астында тауып айта білетін тапқырлығымен көзге түскен, аса үлкен ақыл-ойдың иелері аз болмаған.

Бұл ретте – Жиренше шешен, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке, Сырым Датұлы, Досбол датқа, Әнет баба секілді сөзге шешен, ақыл-ой иелерін атай аламыз.

Шешендік сөздер – көркем әдебиетіміздің бастау бұлағы, қайнар көзі деуге болады. Онда ұтымды ой, қысқа да нұсқалы сөздер өз шешімін табумен бірге, оның негізінде үлкен бір қоғамдық мәнге ие күрестартыстар, жанжалдар, жер дауы, жесір дауы мәселелері көтеріліп, өзара бітімге келіп жатады.

Шешендік сөздерде қиял болмайды. Оның негізінде үнемі шындық жатады. Адамдар арасындағы қарым-қатынастар барысында өзара келіспеушіліктер, кереғар қақтығыстар туындаған сәттерде, ақыл-парасаты аса мол, сөз тапқыр шешендер өздерінің ойлы, тапқыр сөздерімен оларды бітістіріп отырған. Өйткені, қазақ халқы – аталы сөз, жүйелі ойға, орынды сөзге тоқтай білген, ақыл-парасаты аса мол халық.

ЖИРЕНШЕ ШЕШЕН



Жиреншенің әкесі ерте дүниеден өтіп, жетім қалған кезі екен. Бір күні әз-Жәнібек хан нөкерлерін ертіп, мал өрісінде жүрген Жиреншеге кез келіпті.

Жанына сәлем бергелі келген балаға хан:

– Әй, балам! Елсіз жерде неғып жүрсің? – депті.

Оған бала:

– Жалғыз түйем бар еді. Содан айрылып қалып, соны іздеп жүрмін, – депті.

Сонда әз-Жәнібек оған:

– Түйенді тұсап қойсаң болмай ма? – дегенде, бала:

– Ей тақсыр, түйемнің тұсауы үзіліп қалған еді, – дейді. – Әкем дүниеден өткен еді, – деудің орнына астарлай сөйлеп.

Баланың тапқырлық сөзіне таңдана түскен әз-Жәнібек, одан соң:

– Әй, балам, алдымыз кеш болып барады. Аулында қайсы үйге түссек жөн болады? – деп сұрайды. Бала қолма-қол:

– Бір қой жеймін десеңіз, қай үй болса, сол үйге түсе беріңіз. Ал, екі қой жегіңіз келсе, біздің үйге түсіңіз, – дейді.

Баланың тапқырлығына тәнті болған әз-Жәнібек хан:

– Әй, мынау бір мырза бала екен. Осының үйіне түсейік – деп, баланың үйіне барыпты.

Бала дереу қорасына кіріп, бір буаз саулығын ұстап алыпты да, қонақтар алдына әкеліп:

– Кәне, союға рұқсат етіп, бата беріңіздер, – дейді. Сонда хан:

– Әй, балам-ау, немене, бойдақ қойың жоқ па еді, – дегенде, бала:

Мен сіздерге айттым ғой. Бір қой жегіңіз келсе, кез келген үйге түсе беріңіздер. Ал екі қой жеймін десеніздер, біздің үйге түсіңіздер, – деп.

– Енді екі қой жейсіздер, – деп, буаз саулығын ұсына түскен екен.

* * *

Тарихи деректерге қарағанда өз-Жәнібек ханның алпыс екі биі болған көрінеді. Ол өз билерін сынағысы келіп: «Дүниеде не өлмейді?» – деп сұрағанда, билерінің бірі:

Ағын су өлмейді.

Асқар тау өлмейді.

Аспандағы ай мен күн өлмейді.

Әлемде қара жер өлмейді, – депті.

Хан биінің бұл ойына қосылмаған Жиренше:

Ағын судың өлгені –

Алты ай қыста қатқаны.

Асқар таудың өлгені –

Басын бұлттың жапқаны.

Ай мен күннің өлгені –

Еңкейіп барып батқаны.

Қара жердің өлгені –

Қар астында жатқаны.

Ажал деген атқан оқ,

Бір Алланың қақпаны.

Дүниеде не өлмейді?


Жақсының аты өлмейді,

Ғалымның хаты өлмейді, –

деп, табан астында тауып айтқан екен.

ТӨЛЕ БИ

(1663–1756)



Төле би Әлібекұлы 1663 жылы бұрынғы Жамбыл облысы Шу өңірінде Керегетас елінде дүниеге келіп, 93 жасында 1796 жылы дүние салады.

1723–1725 жылдары «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» кезінде елге тоқтау айтып күллі жұртшылықты тәнті етеді.

Халық қатты қиналып, боса көшкенде, Төле би сабыр сақтап, ешкімнен қаймықпай, көшпей, өз орнында отыра беріпті. Оны көрген Жоңғар басқыншылары Төле биге келіп: «Әй, бұл қай отырыс? Жұрттың бәрі боса көшіп жатқанда, сен жұртта қалып, тапжылмай отырсың», – дегенде, Төле би алты қанат ақ үйінің мандайшасындағы балапан ашқан қарлығаштың ұясын көрсетіп: «Мен көшсем, мыналардың ұясы бұзылады ғой. Мына балапандардың ұясын қалай бұзбақпын?» – деп, жауап бергенде, жоңғарлықтар Төле бидің тапқырлығына, ақыл-есінің бүтіндігіне таң қалып: «Бұл бір киелі, данышпан адам екен ғой», – деп, кері қайтып кеткен екен.

* * *


Ел арасына тараған тағы бір аңыз әңгімеде Төле биге Түлкі деген жігіт мынадай сұрақтар қойған көрінеді:

– Ата, алты Алаш деген кім? – дегенде, оған Төле би:

– Алты Алаш, Алаша ханның балалары. Олар – қазақ, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, жайылған, – деп, жауап берген екен.

– Үш жүз деген кім? – дегенде, оған Төле би:

– Үш жүз, қазақтың – Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс деген үш ағайынды баласынан тараған ұрпақтар, – деп, жауап беріпті.



ҚАЗЫБЕК БИ

(1665–1765)

Халқымыз арасында Қаз дауысты Қазыбек бидің айтқан шешендік сөздері де көп тараған. Оның ақыл-ойға толы қанатты сөздері ұрпақтан ұрпаққа өтіп, бізге дейін жетіп келген. Міне, солардың кейбіреулерін сөз етеміз. Мәселен, белгілі шешен Төле би тоқсанға келгенде Қаз дауысты Қазыбек арнайы сәлем бергелі келіпті. Елдің игі жақсылары жиналып, әңгіме-дүкен құрыпты. Сонда Төле би:

– Қаз дауысты Қазыбегім келді. Бәрің де түгел жиналдыңдар. Сендерге айтар он түрлі жұмбағым бар. Соны шешіндер – депті, Төле би жиылған жұртшылыққа қарап. Сонда жиылған игі жақсылар:

– Ия, айтыңыз, айтыңыз! – депті.

Төле би айтсам айтайын депті де:

– Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, – депті.

Жиылған күллі жұртшылық аң-таң болып, не дерін білмей қалыпты. «Бұл не деген жұмбақ? Осындай жұмбақ та болады екен-ау», – деп, тандана түсіпті.

Сонда Қаз дауысты Қазыбек:

– Би аға! Егер рұқсат етсеңіз, жұмбағыңызды мен шешейін – депті. Оған Төле би:

– Ия, рұқсат, – дейді. Сол сәтте Қаз дауысты Қазыбек, оның шешімін былай деп шешкен екен.

– Бір дегеніңіз – бірлігі кеткен ел жаман.

Екі дегеніңіз – егесіп өткен ер жаман.

Үш дегеніңіз – үш бұтақты шідерден шошыған ат жаман.

Төрт дегеніңіз – төсектен безген жас жаман.

Бес дегеніңіз – белсеніп шыққан жау жаман.

Алты дегеніңіз – асқынып кеткен дерт жаман.

Жеті дегеніңіз – жас келіншек жесір қалса, сол жаман.

Сегіз дегеніңіз – серпілмеген қайғы жаман.

Тоғыз дегеніңіз – торқалы той, топырақты өлімге қайрылмаған сол жаман.

Он дегеніңіз – оңалмас кәрілікке дауа болмас – деген екен деп, жұмбақ шешімін айтқан көрінеді.

Жауаптарына дән риза болған Төле би:

– Рахмет, дәл тауып шештің. Ойы да, тілі де жүйрік, тұлпарым, – деп, Төле би Қазыбекке разы болыпты.

* * *

Халық арасына әбден танымал болып, ел қадір-қасиет тұта бастаған шағында, Қаз дауысты Қазыбекке екі әйел бір бала үшін дауласып, шағым айта келіпті. Әйелдің бірі:

– Мына баламды есін білмейтін сәби шағында жоғалтқан ем. Соны мына әйел ұрлап алды ма, жоқ әлде тауып алды ма, әйтеуір асырап алыпты. Бұл бала – менікі. Сұрасам, бермейді, – десе, екіншісі:

– Жоқ, бала өзімдікі. Өзім тапқам. Мынау бостан-босқа жармасып тұр, – дейді, ашына сөйлеп.

Сонда ой үстінде отырған Қаз дауысты Қазыбек:

– Бірің жоғалтқаныңды, екіншің тапқаныңды айтып отырсындар. Басқа куә жоқ. Сол үшін мен мынадай билік қылғым келеді, – дейді де, баланың екі қолын екі әйелге кере ұстатады да, қолына балта алып:

– Енді баланы қақ бөліп берейін, соған ризасындар ғой, – дегенде, балаға иелік етіп жүрген әйел:

– Жарайды. Біреуге тірі кеткенше, жарты болса да өзімде қалсын, бөлсеңіз бөліңіз, – деп, безірейіп тұрып алады.

Ал, баланы таныған әйел:

– Ойбай, би аға! Қайда жүрсе де тірі болса болғаны. Шаба көрмеңіз, – деп, еңіреп жылап жібереді.

Сонда, Қаз дауысты Қазыбек:

– Бала, мына жоғалтқан әйелдікі. Өйткені ол, ішін жарып шыққан баласына жаны ашып, оның тірі қалуын ғана қалап отыр, – деп, әділ билік шығарған екен.

Шынында да, қазақ халқы арасынан шыққан би, шешендер қай мәселеде де, шындығын айтып, шынайы шешім қабылдаған, әділ үкім шығарып отырған. Сондықтан да халқымыз арасында «Тура биде – туған жоқ, бұрған биде – иман жоқ» деген қанатты сөздер, күні бүгінге дейін өзінің мәнін жоғалтқан емес.

ҚАЗЫБЕК БИДІҢ ТОЛҒАУЫ

Өркенім өссін десең,
Кекшіл болма –
Кесапаты тиер еліңе.
Елім өссін десең,
Өршіл болма –
Өскенінді өшірерсің.
Басына іс түскен пақырға
Қастық қылма –
Қайғысы көшер басыңа.
Жанашыры жоқ жарлыға
Жәрдемші бол асыға.
Қиын-қыстау күндерде
Өзі келер қасыңа.
Бүгін сағы сынды деп,
Жақыныңды басынба!

ӘЙТЕКЕ БИ

(1688–1748)



Ел арасында сақталған кейбір аңыз-әңгімелер мен тарихи деректерге сүйенсек, Әйтеке бидің XVIII ғасырдың 40–50 жылдарына дейін өмір сүргендігін байқаймыз.

Әйтеке би – «Ел басына күн туып, ер етігімен су кешкен» заманның дана перзенті. Кіші жүздің Алшын Төртқарасының Әлім руынан.

Тәуке хан және билердің қатысуымен 1684 жылы «Жеті жарғы» қабылдайды. Күні бүгінге дейін негізі сақталып отырған ежелгі Солон заңымен (б.з.б. 7– 6 ғ.) терезесі тең, бұл заңның бытыранқы елдің басын біріктіруге, жұртымыздың әл-ауқатының артуына, ата дәстүрлеріміздің сақталуына, ұрпақ тәрбиесіне қосқан үлесі зор болды.

«Жеті жарғыда» Әйтекенің ұсынған баптарынан екеуі ғана белгілі. Ол – «Сүйек құны», «Өнер құны». 1685 жылы Әлі сұлтан мен қарапайым халық арасындағы бір жанжал, үлкен дауға айналып кете жаздайды. Әлі сұлтанның есерсоқ баласы бір кедейдің сұлу, ақын, әнші-домбырашы қызына, дегеніме көнбедің деп өшігеді.

Бүркіт ұстап, құс салатын аңшылығы бар екен. Дегеніне көнбейтініне көзі жеткен жігіт, бір күні қыз қызыл орамал тартып, үйден ұзай бергенде, қастандық жасайды.

Бүркіт қыздың басын мылжалап өлтіреді. Ашынған ағайындары төреден құн сұрайды. Әлі сұлтан оларды маңына жолатпай, барған билерді қуып жібереді. Ақыры,

ел арасы «төрежақ», «қаражақ» болып екіге жарыла бастайды. Ең соңында құн сұраушылар жағы Әйтеке биге келіп өтініш жасайды, Әйтеке би қасына сіргелі батыры Қазыбекұлы Жабайды, Байбақты батыры Шоланды ілестіріп Әлі сұлтанға барады.

Әйтекенің айбарынан ығысатын Әлі сұлтан амалсыз құн төлеуге келіседі. Алайда Әйтеке қыз құнына қосымша оның өнерлі екенін айтып, «өнер құнын» және қыздың жоқтаушыларын келеке қылып, сүйек сындырғаны үшін «сүйек құнын» төлеуді талап етеді. Бұл екі құнның әрқайсысы негізгі құнның жартысына тең екен. Сөйтіп Әйтекенің қаһарынан қаймыққан Әлі сұлтан толық екі құн төлеуге мәжбүр болады.

Бұл Әйтекенің ата дәстүр-салтына жетіктігімен бірге өнерге, өнерлі адамға айрықша құрметін көрсетеді.

Әйтеке шешендігімен, «қарақылды қақ жарған» әділдігімен бірге, жоңғарлармен болған ұрыстарда қол бастаған батыр да.

Халық арасына тараған шешендік сөздердің қай-қайсысын алсақ та, онда бір үлкен әлеуметтік мән, қоғамдық өмірдің өзекті мәселелерін көтергендігін аңғарамыз. Ол жастардың ойларына қозғау салып, әрбір сөздің терең мәнін аша түсуге жұмылдырып отырады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. *Жиренше шешеннің айтқандарын қалай түсінесіңдер?*
2. *Төле бидің шешендік сөзінде нендей мәселе көтерілген?*
3. *Қаз дауысты Қазыбек шешендігінің мәні неде?*
4. *Әйтеке бидің толғауында не мәселе сөз болады?*
5. *Үйлеріңде ата-аналарыңнан шешендік сөздер жайлы әңгімелеп беруді өтініңдер.*
6. *Әке-шешелерің кімдердің шешендік сөздерін біледі екен? Сұрап, анықтаңдар.*



ШӨЖЕ ҚАРЖАУБАЙҰЛЫ

(1808–1895)



Қазақтың атақты ақыны Шөже Қаржаубайұлы, қазіргі Көкшетау облысы, Қызылту ауданында кедей отбасында туып-өскен. Жастай екі көзінен айырылған Шөже қобыз тартып, өлең айтуға машықтанады, ақындық өнерімен күн көреді. Сондықтан оның бір топ өлеңдері жекелеген адамдарды мадақтауға құрылған. Сөйте тұра, Шөже ел билеуші би, сұлтандардың екі жүзді зұлымдығы мен озбырлығын, парақорлығын жұрт алдында батыл әшкерелейді.

Шөже данқы жұртқа тараған айтыс ақыны. Ол айтыста өзінің өткірлігімен де, шынайылығымен де, сыншылдығымен де көзге түседі. Бізге жеткен айтыстарында (Кемпірбай, Тезекбай, Жәмшібай, Қалдыбай, Балта, Орынбаймен айтыстары) ақынның қарсыластары жеңе алмасын біліп, оның басындағы жалғыз міні соқырлығын көлденең тарта береді. Бұған ол: «Соқыр қылды көзімді көрмесін деп, Жамандықтың соңына ермесін деп» деген уәжді сөзбен орынды тойтарыс беріп отырады.

Шөже айтысқа түсіп қана қоймай, кезінде арнау өлеңдер де шығарған. Ақынның бізге жеткен «Арқадан шығып едім Ноғайға еріп», «Домбыра шыққан тыңқылдап», «Жиылған көп жамағат отыр қоршап», «Асса-лаумағалайкум, қара Бәйтiк», «Бәйтiкке», «Қос құлақ-

қа», «Ерден батырға» т.б., толғауларында көбіне адамгершілікті сөз ете отырып, мейірімді, әділ болуды ұсынады.

Ақын пейілді, мейірімді, адамгершілігі мол, кемтарға қарасқыш, қысылған жерде қол берер, ағайыншылығы зор ерді арман етеді. Жағымсыз қара ниетті адамдарға

*Пейілі кеткен адамда,
Еш береке болмайды.
Дәулеті қашқан байларға,
Ырыс келіп қонбайды.
Ата-енесін зарлатса,
Зарлатқан жігіт оңбайды, –*

деп, қарсы шығады.

Дүние түбіне жетем деп, пендешілікке салынып, оны қуып жүргендерге ақын наразы. Ол – дүние қызыл түлкі, оны қанша қусаң да өмірің өтпей қоймайды деп ескертеді.

Шөже – ірі эпик ақын. Әйгілі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының ең көркем нұсқасы Шөженің айтуымен таралды. Оның халық ауыз әдебиетінің асыл үлгілері мен ел шежіресінің асқан білгірі екенін кезінде Шоқан Уәлиханов атап көрсеткен.

ДӘУКЕЙГЕ

Дәуке, осынша не қылды бейілің қашып?
Арқада жатыр едім мойным қашық.
Атағың Алатаудай болғаннан соң,
Құмар боп келіп едім болып ашық.
Бір тоғыз сіз бен бізге лайық емес,
Құрғақ кетіп қаламын амандасып.
Арғы атаң қыдыр қонған Дулат қожа,
Данқына Дәулет деген келдім тасып.
Бергенің бір сөзіме татымайды,
Қалды ғой көңіл шіркін жаман сасып.

Арқаның өлең айттым беглеріне,
Жанғұтты жеті атаның дегдеріне.
Бәрін бірдей сипаттап айта берсем,
Таң-тамаша боларсың бергеніне.

Ел босқа айтады екен дәріп қылып,
Келіп ем қайтарар деп қарық қылып.
Сондағы бір алғаным тоғыз қара,
Орнымнан тұрғызбадың арық қылып.

Дулаттың құдай қылған құтпаны едің,
Өңкей бек, серкердеңнің сұлтаны едің!
Жарқырап қарағанды жарық қылған,
Ішінде ұлы жүздің шолпаны едің.

Ай, Дәке, осы ма енді бергеніңіз,
Ақынды осы ма еді көргеніңіз?
Дәукемнің бергеніне ұялғаннан,
Бәрінен артық боп тұр өлгеніміз.

ШӨЖЕНІҢ БӘЙТІКТІ МАҚТАҒАНЫ

Ассалаумағалейкум, қара Бәйтік,
Арқадан Шөже келді өлең айтып.
Атаңыз Ай таңбалы Салты дейді,
Атаңнан қалған екен үлкен тәртіп.

Жауынгер бабаң Салты батыр еді,
Ел шетінде жау бағып жатыр еді.
Ақ сұңқар сол сықылды перзент едің,
Орының құтты болсын батыр енді...

Бергі атаң онан бергі Тілеуберді,
Артынан Тілеуберді төрт ұл ерді,
Жеті атаңнан билігің арымаған,
Саулаған тұла бойың ақыл еді.

Патша жақсы көріпті барған сені.
Бәйтiкті мақтайды ғой мұндағы елі.
Бетiне ақ патшаның тура қарап,
Бәйтiктің батырлығын қарашы енді?

Бір бөрік тағы берді алтын тысты,
Құдайдың күдіреті қандай күшті!
Ақылға кенен болған бір кісісің –
Бітірдің ақылменен әрбір істі...

Ақылы жоқ кісіге ақыл болды,
Дүниенің бәріне мақұл болды.
Құдай берген иманды бір кісісің,
Медіресі мен мешітке жақын болды.

Дабысың Алатаудай Бәйтiк батыр,
Ай таңбалы көп салты былай жатыр.
Қанайдың көп ұлының ортасында
Бірің бек, бірің сұлтан – келе жатыр.

Қара Бәйтiк жеткен соң он жетiге,
Қаріп пенен қасерге болдың қорған.
Дабысыңды сыртыңнан естуші едік,
Оқымай көкірегің нұрға толған...

Кім көнбеген Қанайдың жарлығына,
Жарлығының ішінде тарлығына,
Бәйбішенің баласы Бәйсейіт, Бошай,
Он бірінде-ақ көнбедің зорлығына.

Он бірінде қозыға салып еді,
Аулым менің алыста болса-дағы.
Сыртыңнан ақын Шөже қорып еді.
Қырық бір қозы сойыпсың өзенге айдап,

Қаріп бенен қасердің аузын майлап.
Құртар деп қара Бәйтiк бұ қозыны,
Біреуге бақтырыпты енді жайлап...
Он жетiге келгенде,

Салған екен хан Бәйтік
Бақ деп сені жылқыға,
Бір көнбедің ырқына.
Жиырма бірге келгенде,
Таласыпсың жұртына...
Көп нөкердің қасында,
Дұшпанға қату ер едің,
Тауға біткен ырғайдай
Досыңа жақсы бек едің,
Алтын, күміс мырғайдай,
Сендей кісі туа алмас,
Бұ қырғыздың ұлынан.
Он жетіге келгенде,
Ақырып топқа жұлқынған.
Атты міндің жүйріктен,
Тегіс шықты сүйріктен.
Көрмеген бағың қалмады,
Жайдың атқан таңындай.
Ерегіскен дұшпанның
Еңсесін үздің жасылдай.
Келбеті келген сұңқарсың
Болатты кескен асылдай.
Арқадан келген Шөженің
Айтар сөзі осындай...

БӘЙТІКТІ ЖАМАНДАҒАНЫ

Кім өлсе соған түсер заман ақыр,
Өлмесе жол шетінде неғып жатыр?
Айраншы шешең күң деп естуші едім,
Түпсіз құл емес пе едің бауыры тақыр.

Сенің шешең – айраншы,
Бүтін көйлек кимеген,
Аузына өкпе тимеген,
Бетін жумай кір-кір боп,
Жылап өткен дүниеден...

Шапаны болған жамаулы,
Өткен өмір санаулы,
Күні-түні таяқ жеп,
Өмірі болған аяулы.

Көзінен жасы кеппеген,
Кет десе де кетпеген,
Жаман шолақ шапаны
Дізесіне жетпеген...

Бетін жумай ас берген,
Ер Қанайға қас келген,
Құр мойнына мас көрген.
Ел жайлауға көшкенде,
Далаға сенің шешенді
Ыстық құмға тастаған.
Саптыаяқтай қара күн,
Ауылға ұрыс бастаған...
Қойшы менен қоланда,
Жатады екен бас салып.
Атаң Тілеуберді, Қанай болған соң,
Арамнан батыр тусаң да,
Ақыры келдің орныңа...

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. *Шөже Қаржаубайұлының ақындығы жайлы не айтар едің?*
2. *«Дәукейге» өлеңінің мәні неде?*
3. *«Бәйтікті мақтағаны» өлеңіндегі мысқылдарды санамалап өтіңдер.*
4. *«Бәйтікті жамандағаны» өлеңіндегі басты мәселе кім жайлы?*

ШАЛ АҚЫН ҚҰЛЕКЕҰЛЫ

(1748–1819)



Ақындар поэзиясының алғашқы өкілдерінің бірі – Шал (Тілеуке) Құлекеұлы.

Ақын 1748 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь ауданы, Қаратал ауылында туып өскен. Әкесі Құлеке, ағасы Байжігіт (әрі батыр, әрі би) – сол кездегі жорықтарға қатынасқыш белгілі адамдар. Ақынның шын аты – Тілеуке.

Шал аталуының себебіне әртүрлі пікірлер бар. Өзінің жастайынан үлкендерше сөйлеп, төрде отырып төрелік айтқан мінезіне қарай жұрт оны Шал деп атап кеткен. Оның сүйегі Есіл өзені бойындағы Қаратал деген жердегі зиратқа қойылған.

Жастайынан кедейлік көріп өскенін еске ала отырып:

*Кедейлік жабыстың гой бала жаста,
Мені ұятты қылдың гой қарындасқа.
Аш белімнен құшақтап айрылмадың,
Көз танысың жоқ па еді менен басқа, –*

деп ашық айтады.

Шал ақынның бізге мәлім өлеңдерін оқыған әрбір адам, оның адамгершілік идеясын көтеріп, әділ істі, ізгі ниетті жақтаған шыншыл ақын болғанына күмәнданбайды. Ол кейбір зорлықшыларды ғана сынап қойған ақын емес, оған қоса, кәрі-жас, жарлы, бай демей, олардан жамандық көрсе шаруасын, кәсібін түгел қамтуға тырысқан. Сондықтан ақын өлеңдерінің тақырыбы кең де, халықтық беті айқын.

Шал – өмір туралы кең толғаған ақын. Оның өлеңдерінде қазақтың шаруа жайы да, мал баққан елдің тұрмыс-тіршіліктері де молынан жырланады.

«Адамгершілікке тән қарапайымдылық, мейірімділік, басқа іс түскенде қол ұшын беріп, көмектесуге даяр тұру, өмірдің қызығын көріп, жақсы өткізу – жақсы адамның белгісі. Сондықтан оны қызғанышпен, жұмыссыздықпен өткізбей, бар қызығын көріп, бірлесе, көмектесе, бөлісе өмір кешу – адамгершілік парызы», – дейді ақын.

Ақын шығармаларында қоғам өкілдері өзінің шындық бейнелерін табады. Ол үмітті талапты жастардан күтеді. Шал еш уақытта өмірден түңілмейді, қайта күшің барда аянбай еңбек етіп, келешек қамын ойла деп ақыл айтады.

Шал ақынның өмірі мазмұнының байлығымен ғана мәнді емес, соған қоса көркемділігімен де мәнді болып келеді.

Қысқасы, Шал – өз заманының беделді ақыны. Оның өлеңдері әр кезеңнің басты мәселелерін көтеріп, халыққа адамгершілік ақыл-ғибрат береді. Ол – өзінен кейінгі әдебиеттің көркемдік және идеялық өсу жолында, белгілі дәрежеде ықпал етіп отырған көркемсөз шебері. Ақындарға тән өлең түрлерін меңгеріп қара өлең, нақыл арнауларды кең қолданған, өзіндік өрнегімен танымал талант.

ОН БЕС ДЕГЕН ЖАСЫМ-АЙ

Он бес деген жасым-ай,
Жорға ойнаған лақтай,
Жиырма деген жасым-ай,
Көлге біткен құрақтай,
Отыздағы жасым-ай,
Таудан аққан бұлақтай,
Қырықтағы жасым-ай,
Қырымға да көз салған,

Байлаулы тұрған құр аттай.
Елу деген жасым-ай,
Қайтып бір көшкен ел екен.
Алпыс деген жасыңыз,
Күзгі соққан жел екен.
Жетпіс деген жасыңыз,
Қап-қараңғы түн екен.
Сексен деген жасыңыз
Қазулы тұрған көр екен.
Тоқсан деген жасыңыз
Өлімнен басқа жоқ екен!

КӘРІЛІК

Ұлғайып қартаяды жастан адам,
Жас қартайса қалады астан адам,
Жеткенін кәріліктің ескермейді
Көңлі өсіп, мейманасы тасқан адам.

Кәрілік қартайғанда бастан келер,
Ағарып, басындағы шаштан келер,
Жасында қандай көркем болсаң-дағы,
Қыржиған қабак, мандай, қастан келер.

Кәрілік қартайғанда көзден келер,
Белгісі алжығанның сөзден келер,
Сыртылдап буындарың ебің кетіп,
Белгілі аяқ жақта тезден келер.

Қартайғанда мүкістеу болар құлақ,
Жас ағып екі көзден тұрар жылап,
Нәрсені басқа көрген көре алмассың,
О не деп көргендерден білер сұрап.

Бір жаман кәрілікте түссе тісің,
Ауыздан опырайып кетер пішін.
Жасында оймақ ауыз сұлулардың
Өзгертіп бұл кәрілік алар түсін.

Шалыңның екі көзі жайнап жатыр,
Кеудемде нәпсі шіркін қайнап жатыр,
Байлаулы арқаным жоқ, қазығым жоқ,
Қайтейін, кәрілік шіркін байлап жатыр.

БҰЛ ДҮНИЕНІҢ МЫСАЛЫ

Бұл дүниенің мысалы
Ұшып өткен құспен тең.
Өмірде көрген жақсылық,
Ұйықтап өткен түспен тең.
Атадан мирас ақылың,
Түзік айтқан мақалың,
Ләзім болған іспен тең.
Үлкеннен көрген зорлығың,
Жаманнан көрген қорлығың
Ойлап тұрсаң, бозбала,
Дұшпаннан көрген күшпен тең.
Ағайының көп болса,
Бірлігі оның бек болса,
Жамандық жер кез келсе,
Бір-біріне сеп болса,
Бүтін тұрған бұзылмай
Отыз екі тіспен тең.
Айдынды жақсы аймен тең,
Жомарт жігіт баймен тең,
Шешен жігіт дүрмен тең,
Ақылы жоқ надандар,
Іс бітірмес жамандар,
Жүз болса да бірмен тең.
Мектептен сабақ алсаңыз,
Алуа, шекер, балмен тең.
Саясы жоқ бәйтерек
Сазға біткен талмен тең.
Жаман туса балаңыз,
Бұғып өскен тазбен тең.

Қайғы ойлаған жігіттің,
Кең дүниесі тармен тең,
Уайымшыл адамның
Алды тұйық жармен тең,
Жетесі жаман бозбала
Тоқсандағы шалмен тең.
Жақсының айтқан ақылы
Қазулы сара жолмен тең,
Жаманға айтқан ақылың,
Ағып кеткен селмен тең.
Қас жаманның орны бар,
Кесек те болса көрмен тең.
Жомарттық қылған жігіттің
Ықыласын байқасаң,
Толқып соққан көлмен тең.
Жақындап келген кәрілік
Жайып қойған тормен тең.

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Шал ақын қай жерде өмір сүрген?
2. Шал ақын өлеңдерінде қандай мәселелер қамтылған?
3. Ол неліктен «Шал ақын» деп аталып кеткен?
4. «Он бес деген жасым-ай» өлеңіндегі теңеулер жайлы әңгімелеңдер.
5. «Кәрілік» өлеңін жаттап алыңдар
6. «Бұл дүниенің мысалы» өлеңінің бастан-аяқ нақылға құрылғанына назар аударыңдар.



БАЗАР ЖЫРАУ ОҢДАСҰЛЫ

(1841–1911)

XIX ғасырдың аса көрнекті ақындарының бірі – Базар жырау Оңдасұлы. Ол қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында 1841 жылы дүниеге келіп, 1911 жылы Өзбекстан Республикасы, Науаи облысының Үшқұдық ауданына қарасты Қызылқұмның «Жалпақтау» елді мекенінде дүние салады.

Ел арасындағы деректерге қарағанда, Керей еліндегі Өтеміс деген нағашысы Базарды ата-анасынан сұрап алып, өз бауырына басқан екен. Ол он алты жасқа дейін байдың малын бағып жүріп, өлең шығарып, ақын бала атанған.

Базар жырау, негізінен әйгілі ақын Шернияз, Ешнияз, Нысанбай, Мұсабай сияқты аса талантты ақын-жыраулардың шығармаларынан рухани нәр алып, олардың дәстүрін одан әрі жалғастыра түседі. Қазақ әдебиеті тарихында Бұқар жыраудан кейінгі, жыр-толғау, өлеңдер шығарған жыр алыбының бірегейі.

Сонымен қоса, Базар жырау «кітаби» ақындар мен сарай ақындарына ұқсамайтын, өзіндік өрнегі бар ақын, әрі жырау. Тілі шешен, шығармаларында көтерілген негізгі мәселе – өз тұсындағы қазақ халқының өмір шындығы, үстем тап иелерінің озбырлығын мінеп-шенеу. Оның ақындығы өз жанынан өлең шығарумен бірге, жыршы ретінде, сол өлеңдерін домбырамен жырлай да білген.

Ақын ақ жарқын жігіттік шақты бос өткізуге, мәнсіз өмір сүруге қарсы. Дүниенің өткінші екенін ол әрдайым ескертіп, қуатты жастық шақты қапы өткізбеуге, халыққа

пайдалы іс көрсетіп, жан аямай, азаматтарша парасатты өмір сүруге шақырады.

Ақын өзін халыққа аңыз болған Жиренше шешенге салыстырады. Бұл жайдан-жай салыстыру деп айтуға болмайды. Шынында да Базар – өз тұсында аты аңызға айналған шешен. Оны халық Жиреншеден кем көрмеген.

Базар ақындық өнердің негізгі мақсаты халық үшін қызмет ету екенін түсінген. Ол өзін халқынан бөліп қарамайды. Өнері де сол халқының көңілінен орын алса деп армандайды.

Базар – сөз жоқ, өз кезінің белді ақыны, дәуірінің әлеуметтік мәселелеріне үн қоса білген, кең тынысты жырау. Аса талантты жыраудың әдеби мұраларын жинап, жариялауда – Әбубәкір Дибасев, Сәкен Сейфуллин, Мағжан Жұмабаев, Әлкей Марғұлан сияқты т.б. ғалымдардың, қаламгерлердің еңбектерінің ерекше маңызы бар.

«СӨЙЛЕ» ДЕСЕҢ, СӨЙЛЕЙІН

«Сөйле» десең, сөйлейін
Көңліңді сөзбен делбейін.
Жез бұйдалы мен наршаң,
Қосынды артсаң жетелеп –
Елпендеп неге ермейін.
Көптен бері сағынып
Бас қосқан соң сіздермен,
Барымды бүгін сермейін.
Ықласыңмен тындасаң,
Сөзімді пұлдап несіне –
Бойымды балап кернейін.
Атасы тегін жел сөзден,
Бас-басыңа жетерлік,
Еншіңді неге бермейін.

ХАЛЫҚ ҮШІН ТУҒАН ҚАЙРАТТЫ ЕР

Жігіт жауға шаппай ма,
Толғауы найза, бір атпен.
Күдері баулы көк шыбық,
Сыпырма қылыш қынаппен.
Халқы үшін туған қайратты ер
Айырмайды жақынын,
Бірдей көріп жарықпен.
Андасаң, ақыл тең болмас,
Алысқан жерден жығатын
Денеге біткен қуатпен.
Жаратқан өзі жар болса,
Тәңірі берген жігіттің –
Өтеді күні мұратпен.
Ләззатын сөздің парк еткен,
Түсініп тыңдар құлақпен.
Топтан озған тұлпардай,
Егесті жерде бойымды –
Емеспін, сірә сынатқан.
Келіспесе, «қой» дендер,
Келімін таппай сөз айтып,
Ретке келмес лаққан.
Барымды базар етейін,
Өлшеулі өмір біткен күн,
Нешеулердің жалғызын
Жалынан тартып құлатқан.

НЕ АРТЫҚ?

Қу қанжыға жүйріктен
Қаба жалды берік артық.
Жылуы жоқ тымақтан
Баса киген бөрік артық.
Жаман болса алғаның,
Мақтасы қалың көрпе артық.

Сөйлер сөзі болмаса,
Бір көруге көркі артық.
Қараға жауап бергеннен,
Аққа берген серт артық.
Жаманнан азар көргеннен,
Құдайдың берген дерті артық.
Түзелер еді бұл заман,
Пейілі бұзық пендені –
Кетсе астына жер тартып.

АТАСЫ ЖАҚСЫ ҚАНДАЙ-ДЫ

Атасы жақсы қандай-ды,
Асқар бір зәулім таудай-ды.
Анасы жақсы қандай-ды,
Арайлап атқан таңдай-ды.
Ағасы жақсы қандай-ды,
Асылсаң биік жалдай-ды.
Інісі жақсы қандай-ды,
Дұшпаның көзін салмайды.
Әйелі жақсы қандай-ды,
Жарқырап жанған шамдай-ды.
Баласы жақсы қандай-ды,
Көңілінде арман қалмайды.
Келіні жақсы қандай-ды,
Тындырып жаның жайлай-ды.
Құдасы жақсы қандай-ды,
Шырын мен шекер балдай-ды.
Тағасы жақсы қандай-ды,
Арқанды сүйер тамдай-ды.
Жиені жақсы қандай-ды,
Үзілгенінді жалғайды.
Жан досы жақсы қандай-ды,
Жоғынды сырттан қамдайды.
Осылар түгел сай болса,
Көңілің сүйтіп жай болса,

Береке, ырыс, бедел, бақ,
Ізіннен қалмай қуалап,
Сен қашсаң да ол қоймайды!
Осылар түгел болмаса,
Өрісі ердің оңбаса,
Іші лайсаң, сырты сау,
Күнде жанжал, күнде дау,
Жігіттің соры қайнайды!

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. *Базар жырау қай ғасырда өмір сүрген?*
2. *Жырау өлеңдерінде қандай мәселелер көтерілген?*
3. *Ел үшін туған қайратты ер бейнесі толғауда қалай суреттеледі?*
4. *«Не артық?» өлеңіндегі күйініш жайлы әңгімелеңдер?*
5. *«Атасы жақсы қандай-ды» өлеңіндегі жігіттің соры неліктен қайнайтыны туралы ой өрбітіңдер!*
6. *«Сөйле десең, сөйлейін» өлеңін жаттап алыңдар.*

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ

(1803–1846)



XIX ғасырдың бас кезінде жасаған жауынгер ақын Махамбет Өтемісұлы 1803 жылы бұрынғы Орал облысындағы Орда ауданында дүниеге келген.

1836–1838 жылдары Батыс Қазақстанда орыс шапқыншылығының және жергілікті ел билеушілердің екі жақты езгісіне қарсы Исатай Тайманов бастаған шаруалар көтерілісіне Махамбет те бас болып қатысып, аса үлкен ерлік көрсетеді. Оның жауынгерлік сипаты да, ақындық арыны да жан-жақты ашыла түсіп, ел арасында аса өткір тілді ақын ретінде ерекше көзге түседі.

Дегенмен көтеріліс жеңіліске ұшырап, Исатай Тайманов қаза тапқаннан соң, Махамбет өз қаруын тастамай, жігіттер жиып, көтерілісті одан әрі жалғастыра түспек болады.

Нағыз реалист, қайсар ақын, патша үкіметінің қолшоқпары болған Баймағамбет сұлтанның жеңдеттерінің қолынан, үйде жалғыз отырғанда қолға түсіп, 1846 жылдың 20 қазанында қапыда дүние салады.

Махамбет – қазақ әдебиетінде ең бірінші болып хан-сұлтандарға қарсы халық қарғысын, үстем тап иелерінің жауыздық істерін батыл да ашық жырға қосады. Сөйтіп ол, нағыз реалист ақын дәрежесіне көтеріледі. Мәселен, оның «Ереуіл атқа ер салмай», «Ұлы арман», «Толарсақтан

саз кешіп», «Еңселігім екі елі», «Жәңгір ханға айтқаны», «Ерлердің ісі бітер ме?», «Исатай деген ағам бар», «Мұнар күн», «Тарланым», «Тайманның ұлы Исатай» өлеңдері – жауынгерлік сипаттағы көркем шығармалар.

Халық тілегі, елдің жері, жайлы қонысы, сарбаланың болашақ қамы – Исатай бастаған көтерілісшілердің алдарына қойған ең негізгі мақсаты болады. Ақын соны шабыттана жырлайды.

Халыққа қарсы күш көрсеткен ханға күшпен жауап беріп, теңдікті талап етеді. Орынсыз өктемдіктерге тыйым салуға тырысады.

Махамбет шығармаларын Исатай бастаған шаруалар қозғалысының деректі күнделігі, ұлы оқиғаның ерлік шежіресі десе де болады. Көтеріліс батырларын ақын тарлан, арыстан т.б., күшті аңдармен салыстырып, олардың бойындағы ерлік қасиеттерін айқындайды.

Халық басындағы дертіне ем іздеген ел қамқоры ретінде де ақын өзі сияқты аруақты ерлерді шынайы бейнелейді. Бұлай бейнелеудің де шындыққа сай екені талассыз. Махамбет пен Исатайлар – жеке басының қамын ойлағандар емес, ел қамын жеген ерлер.

Оның өлеңдері ақын ойына сай келіп, жымдасып жатады. Ақын шабыты, ой толқыны өлеңдерінің әрбір тармақтарында-ақ айқын байқалады. Бой кернеген арман мен ерлік екпінді асқақтата жырлап, ел намысын оятуды көздеген Махамбет, әрбір өлеңін ой толқынына сай құрады.

Қорыта айтқанда, үстем тап иелері мен хан-сұлтандардан қаймықпай, олардың ұсқынсыз іс-әрекеттерін, зорлық-зомбылықтарын беттеріне басып, ашық айта білген қайсар, нағыз күрескер ақын Махамбет поэзиясын, ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің жауынгерлік поэзиясының биік шыңы деуге болады.

МАХАМБЕТТІҢ ЖӘҢГІРГЕ АЙТҚАНЫ

Хан емессің, қасқырсың,
Қас албасты басқырсың,
Достарың келіп табалап,
Дұшпаның сені басқа ұрсын.
Хан емессің, ылаңсың,
Қара шұбар жылансың.
Хан емессің, аярсың,
Айыр құйрық шаянсың.

ЕРЛЕРДІҢ ІСІ БІТЕР МЕ?

Беркініп садақ асынбай,
Біртіндеп жауды қашырмай,
Білтеліге доп салмай,
Қорамсаққа қол садмай,
Қозы жауырын оқ алмай,
Атқан оғы жоғалмай,
Балдағы алтын құрыш болат,
Қасарысқан жауына
Қанды көбік жұтқызбай,
Халыққа тентек атанбай,
Ерлердің ісі бітер ме?!

ИСАТАЙ ДЕГЕН АҒАМ БАР

Исатай деген ағам бар,
Ақ кіреуке жағам бар.
Хан ұлымен қас болып,
Қара ұлына дос болып,
Хан үстіне барғанда,
Шабайық ханды дегенде.
Шапқандай ханды амал бар,
Амал барда хан шаппай,
Тәңірім қылды, не амал бар.
Ат туады байталдан,
Айт десең лебіз қайтарман.

Халық қайғысын айтуға
Хан ұлынан тайсалман.
Төрт-бес жылдай алысып,
Мына отырған Иса-екем,
Ханның бір тауын қайтарған.
Ат туар ма шұбардай,
Ер туар ма бұлардай
Мына отырған Иса-екем,
Дулығалы бас кесіп,
Дұшпанының қанына
Ақ алмасын суарды-ай.

ӘЙ, МАХАМБЕТ, ЖОЛДАСЫМ

Әй, Махамбет, жолдасым,
Аш арыстан жолбарысым,
Ісімнің білдің оңбасын.
Оңбаған емей немене,
Өтірік сөзге алданып,
Бақытым ауып басымнан,
Әскерім кетіп қасымнан,
Жапанда жалғыз қалған соң.
Өкінгенмен пайда жоқ,
Құдайым басқа салған соң.
Мезгілді уақыт болғанда,
Опасыз мынау жалғанда,
Ажал қарсы келгенде,
Қараңғы көрге кіргенде,
Қасында тұрар жан бар ма?
Осының бәрін ойласаң,
Өткенге бекер өкініп,
Құр жылаудан сән бар ма?
Жолдасын жауға алдырып,
Жанымды қимай қаңғырып,
Қашатын менде жөн бар ма?
Қатын, бала, мал бағып,
Үйде отырсам да өлем деп,

Қорлықта жүрген халқыма,
Бостандық алып берем деп,
Қырық бір жасқа келгенде
Ауыр әскер қол ертіп,
Жасқұсқа барып кіргенде,
Арыстандай ақырған,
Айбатыма шыдамай,
Хан баласы жылады-ай,
«Жанымды қой» деп сұрады-ай.
Ақ көңіл аңқау жүрекпен,
Беремін деп мен тұрдым,
Көк бедеуді бауырлап,
Шабамын деп сен тұрдың.
Исатай басшы білсін деп,
Ауыр әскер қол тұрды.
Қырық бір жасқа келгенде
Өз дегенім болмаса,
Өзгенің тілін алмаған.
Кісі ақылы қонбаған,
Қанша айтса да, болмадым.
Сөзіңе құлақ салмадым.
Бұрала біткен емендей,
Қисық туған сорлы ағаң
Хан сөзіне сенгенім.
Он күн мұрсат бергенім.
Әскерімді таратып,
Он бір күнге қаратып,
Бекетай құмға келгенім.
Сүйткен бір, қайран халқым-ай,
Қасыма бір келмедің.
Сол халқымды көрмей өлгенім.
Не салса да алланың
Тағдырына көнгенім.
Қош, аман бол, жолдасым,
Бұ дүниенің жүзінде,
Осы болар сені көргенім.
Қапыда өткен дүние-ай,

Ақырында еш болды-ау.
Ел үшін еткен еңбегім.
Атаңа нәлет хан ұлы-ай!
Тілегін сұрап алғансың,
Ойлағаны болғансын,
Патшаға хабар салдырып,
Патшадан солдат алдырып.
Айтып-айтпай не пайда.
Егеулі найза өңгерген,
Азды көпке теңгерген,
Қабыланбай мен Қалдыбай.
Рысалы, Көбек жолдасым,
Жауда өлді жолбарысым...
Сол ерлерден айрылып,
Исатай мен Махамбет –
Екі арыстан ер қалды-ау!
Адыра қалғыр қу Нарын
Талауға түсіп, бүлініп,
Адамы қойдай қырылып,
Құлазыған жер қалды-ау!
Ата мен ана бұл қалды-ау!
Қатын жесір тұл қалды-ау!
Еңбекпен жиған мал қалды-ау!
Бұлардан жүдә қимайтын
Тек шықпаған жан қалды-ау!
Ойлап бір, ойлап қарасам,
Еңбек етіп ел үшін,
Арманда өтіп кетті деп,
Соңымда бір қалған халқыма,
Артымда бір атақ, данқ қалды-ау!
Сәлем айтып кетейін,
Артымда қалған елдерге.
Арманымды айтып кетейін,
Найза ұстаған ерлерге.
Арыстан туған Исатай
Дегеніне жете алмай,
Арманда өтіп кетті деп,

Олардың кегін алуға
Кезек бізге жетті деп,
Қиналар ма екен біздерге?
Қиналсаңыз біздерге,
Мың рақмет сіздерге!
Қапыда өткен, дүние-ай,
Халқымның көрген қорлығы,
Хандардың еткен зорлығы,
Ақ жүрегін тебіrentіп,
Ер көңілін желдетіп,
Ақсүйектің баласын
Қара ұлына теңгеріп,
Қоңыраулы найза өңгердім,
Жетімдерге жем бердім,
Жесірлерге жер бердім
Ақырында, дүние-ай,
Сол ерліктен не көрдім?!
Жолдасқа билік бермедім,
Кешегі хан үстіне барғанда,
Ақсүйектің баласы,
Бақадай шулап тұрғанда
Ерлікпенен алданып,
Өзіме-өзім қас қылдым.
Осы жақта мен өліп,
Артымда тірі сен қалсаң,
Жаңа өспірім Жақияны,
Жолдасым, саған тапсырдым!

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Ақын қай жерде дүниеге келген?
2. Ақынның арманын, өкінішін қайсы өлеңінен байқауға болады?
3. Махамбет Исатайды сипаттау үшін қандай көркем сөз айшықтарын қолданған?
4. Ақын жсауларын суреттеу үшін қандай сөздер мен ұғымдарды пайдаланған?
5. Махамбет Жәңгір ханға қалай сес көрсетеді?

6. «Ерлердің ісі бітер ме?» өлеңін жаттап алыңдар.

7. Ақын өлеңдерінің өзіндік ерекшелігі неде?

АССОНАНС

Ассонанс – французша *assonance*, латынша – *assono* – үйлесімдер – өлең сөзде дауысты дыбыстардың үндесе қайталануы. Ассонанс сөздің интонация – музыка мәнін экспрессивтік-эмоционалдық бояуын күшейтіп, ерекше елеулі тұстарды дыбыстандырып, ой-сезімнің әсерлілігін арттырады.

Мысалы, өлеңде немесе прозада бір тектес дауысты қайталау, бұл әдеби тілдің өрнек-кестесіне әдемі ажар, айшық қосады. Сөздің айтылу әуезін, мәнін арттырып, бояу мен әсерлілігін күшейтеді.

АЛЛИТЕРАЦИЯ

Аллитерация (латынша *allitera* – дыбыстас) дауыссыз дыбыстардың қайталануы арқылы әдеби тілді ажарлап, сөздің реңін келтіре түсетін көркемдік тәсіл. Мысалы, Қасым Аманжоловтың «Иран шахқа мұңын шақпа, Низами, Біздің жақта гүл құшақта, Низами...» деген өлең жолдарында аллитерация («Ш» әрпі қайталанып) өлең өмірін күбылтып, әсерін күшейтіп тұр.

Аллитерация – қазақ мақал-мәтелдерінде де ұтымды қолданылатын тәсіл. Мақалдар құрылысында дыбыс үндестігі, бір дыбыс немесе бір сөзді («Бейнет, бейнет түбі – зейнет») бірнеше қайталау, сөз ұйқасымы айрықша рөл атқарады. Қазақ жұмбақтарында аллитерация тәсілі жиі кездеседі («Әуеден күбі түсті, күбінің түбі түсті»).

*Кеттің бе аялдамай асқақ жолға,
Кеттің бе мені санап әлсіз қорға.
Кеттің бе Абайды ертіп, ата жау боп,
Кеттім де ал енде ше қалың сорта!*

*Кеткен сен, жеткенің жән ажалыңа
Кеткен сен, қос енгізбен адалыма,
Кеткенге көсер қылыш тақауыл сен,
Кескен сен, сендім бүгін амалыңа!*

ТЕҢЕУ

Жазушы бір нәрсені көркемдеп суреттеу үшін, ол нәрсенің өзгешелік белгілерін көрсетпей-ақ, оны екінші нәрсемен салыстырып та суреттей алады. Бұл салыстыру **теңеу** деп аталады.

Теңеудің өзіне тән ерекшелігі – белгісіз нәрсені белгілі нәрсеге салыстыру арқылы көзге елестету.

Мысалы:

*Тотыдайын таранған,
Сұңқардайын сыланған,
Сұлу Жібек арма екен?*

(«Қыз Жібек» жырынан)

МЕТАФОРА

Әдеби тілді ажарлап, құбылту керек. Әдеби тілдің әсемдігі ғана емес, әсерлігі үшін де аса қажет тәсіл – құбылту, яки троп. Құбылтудың түрлері көп. Әдеби тілдегі ең басты құбылтудың бірі – ауыстыру яки метафора. Сөз мәнін өңдендіре өзгертіп айтып, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай түсу үшін, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа, не құбылысқа балау. Сөйтіп суреттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту.

*Аш арыстан жолбарысым,
Ісімнің білдің оңбасын, –*

деп, Махамбет жолдасын арыстанға, жолбарысқа балайды.

Зейнолла Қабдолов



ШЕРНИЯЗ ЖАРЫЛҒАСҰЛЫ

(1807–1867)

Шернияз Жарылғасұлы – ХІХ ғасырдағы қазақ халқының белгілі ақындарының бірі. Ол 1807 жылы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданында дүниеге келіп, сол жерде 1867 жылы 60 жасында қайтыс болады.

Шернияз Исатай Тайманов бастаған Кіші жүз қазақтарының көтерілісіне қатысып, өзінің бойындағы азаматтық тұлғасымен көзге түскен ақын. Исатай Тайманов қайтыс болған соң, Шернияз ақын Баймағамбет сұлтанның қудалауына түсіп, біраз қиындықтарға тап болса да, Махамбетпен қарым-қатынасын үзбей, елдің бас бостандығын, тәуелсіздігін аңсайды. Өз тұсындағы зорлық-зомбылық көрсеткен хан, сұлтандарды, жемқор билермен үстем тап өкілдерін өлеңдерінде ащы тілмен сынап отырған.

Шернияз ақынның қазақ әдебиетінің даму тарихына қосқан жаңалығының бірі – ол бұрыннан келе жатқан ақындардың суырып салмалық дәстүрін жалғастырып, кең өріс алдыра түсті. Ол – өзіне қарсы келген ақындардың кемістіктерін мінеп, шеней түскен талантты мысқылшыл ақын дәрежесіне көтеріле білген ақындардың бірі.

Шернияз өз өлеңдерін қазақтың байырғы өлең құрылысы, он бір буынды қара өлең үлгісімен жазған. Мәселен, ақын Баймағамбет сұлтанның алдына келгенде, төремен кездесіп қалады да, былай дейді:

– *Ассалаумағалейкум, алдияр хан,
Молдалар хат жазатын сауыт қалам.*

*Кешегі ел ұстаған ханзаданың
Сізді де ұрнағы деп бердім сәлем.
Ежелден шынжыр балақ, шұбар төс ең,
Кең көшіп, ең жайлаған қалың қазақ,
Қазірден тұршіккен соң толықсыған
Толқынға алтын қазық тұтқа болып,
Тұрсың-ау жұрт шайқалтпай, Бәйкем сұлтан.*

Қорыта айтқанда, Шернияз ақын – халықты жақсылыққа, адамгершілікке үндеп отырады. Ол әр уақытта әділетті өмірді аңсаумен болады.

ИСАТАЙ МЕН НАУША БАТЫР ТУРАЛЫ

Бірікпеді екеуі,
Осы айтылған кеңесте.
Сұлтан сиық берішпен
Ат құлағын теңесті.
Ерегіс қазақ еншісі,
Алалыққа кірісті.
Сұлтан сиық ұранды,
Наушаға кетті ел еріп.
Алты жүз адам бөлініп,
Қылмайсың деп айтқанды,
Кейін қалды шегініп.
Үш жүз кісі беріштер,
Исатайға бұл еріп,
Батыр туған Исатай,
Өз-өзінен желігіп...
Ақсұр атқа оқ тиіп,
Ақтобық атқа мінген соң,
Итерді қолды ұршықтай.
Түтіндеген шаң шықты-ай.
Талтүсте түсіп ұрысқа,
Исатай батыр қырсықты-ай...
Ұзамай-ақ ұрыстан
Ырысалды мен Қалдыбай,

Екі батыр тең өлді-ай.
Бұлар өліп қалған соң,
Бақсыз туған Байұлы,
Зулап қашып жөнелді-ай,
Қолы қашып кеткен соң,
Бұрынғыдай болмады.
Белдігіне оқ тиіп,
Ат үстінен қозғалды.
Қайратты туған арыстан
Тарқамай кетті арманы.

* * *

Сол уақытта арыстаным,
Отыздан асқан жасында,
Қайдағы бөркі басында,
Ақ балдақ белдік белінде.
Арғы атасы Ағатай,
Бергі атасын сұрасаң,
Есдәулет пенен Жағатай.
Өзінің атын сұрасаң,
Батыр туған Исатай.
Інісінің атын сұрасаң,
Ырысалды, Қалдыбай.

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Шернияз ақын қай өңірде өмір сүрген?
2. Өлеңде тарихи шындықтың баяндалғанын ескеріңдер.
3. Ақын Исатайдың ерлік тұлғасын, ата-тегін, өмір жолын қалай баяндайды?
4. Исатай мен Науша батырдың қолы не үшін екі жарылады?
5. Өлеңде батырлар жырының көріктеу құралдары бар екенін аңғарыңдар. Сол жолдарды тауып оқыңдар.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ

(1845–1904)



XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ әдебиеті даму басқышына көтерілді. Қазақ әдебиетінің көркемдік кемелденуі, жанрлық дамуы ұлы Абай есімімен тығыз байланысты.

Қазақ халқының ұлы ойшылы, данышпан ақылгөйі, ұлтының данасы мен дарасы Абай Құнанбаев, ақындық пен қоғам қайраткері ретінде өз соңына өшпес мұра қалдырды. Халықтың ұлы бола білген ақын Абай, елін жақсылыққа, әділетке, ғылымға, білімге, мәдениетке үндеді. Ол Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Шыңғыс тауында 1845 жылы дүниеге келді.

Болашақ ақын, сабырлы мінезімен, кең пейілімен ел анасы атанған «кәрі әжесі» Зеренің таусылмайтын мол қазынадай аңыз ертегілерін естіді. Абысын-ажынға жайлы, мінезі көнтерлі, әзіл-қалжыңға шебер, жөн-жобаға жетік, өз анасы Ұлжанның тәрбиесінде өсті.

Оның есімі – Ибраһим. Жасында Абай деп атап кеткен. Абай әуелі ауылдағы Ғабитхан молладан сауатын ашады да, 10 жасқа толған соң 3 жыл Семейдегі Ахмет Риза медресесінде оқиды. Бұл медреседе араб, парсы тілдерінде, негізінен, дін сабағы жүргізілетін. Құрбыларынан анағұрлым зейінді бала оқуға бар ықыласымен беріліп, үздік шәкірт атанады. Медреседе оқып жүріп көптеген Шығыс ақындарының шығармаларымен, араб, иран, шағатай (ескі өзбек) тілінде жазылған ертегі, дастан, қиссалармен танысады. Шығыстың Низами, Науаи, Сағди, Хафиз, Физули сияқты ұлы ғұлама, классик ақындарына етене жақын болып, оларды өзіне ұстаз санайды.

Қазақтың кемеңгер ақыны Абай туған әдебиетіне жаңа, өрлеу дәуірін әкелді. Ол – ақын, дастаншы, көркемсөз шебері, аудармашы, сазгер, ғұлама-ойшыл, гуманист, ағартушы болды.

Абай қазақтың көркем жазба әдебиетінің негізін салды, әдеби тілін құлпыртып, оны небір айшықты, бейнелі сөздермен байытты. Ақын тек қазақ емес, әлем әдебиетінің биігіндегі жеке дара тұлға. Абай поэзиясы – имандылық, терең адамгершілік, ойшылдыққа баулитын поэзия.

Абай – халықшыл, сыншыл, шыншыл ақын. Қазақ әдебиетіне сыншыл реализм бағытын алып келді. Ол жас буынның қолын білімге, ғылымға, мәдениетке жеткізуді ойлады. Осының бәрін қауымына, замандастарына жеткізіп, мәлім естерлік құрал – ақындық, өлең деп есептеді.

Қазақ өлеңіне жаңаша реңк берді. Ақынның жас шағындағы өлеңдерінен бөлек табиғатты суреттеген лирикасы таңғажайып. Жылдың төрт мезгіліне арналған өлеңдері еуропалық классикалық лирика үлгісінде жазылды. Абайдың лирикасы: табиғатқа, достыққа, адамгершілікке, махаббатқа, ақынға, поэзияға арналды. Оның философиялық лирикасы қоғам өмірін терең суреттеді. Ақынның басты ой-нысанасы «Адам бол» деген ұстаным болды. Өз дәуіріндегі өзімшіл, тәкаппар, зорлықшыл ел билеушілерін улы сатирамен түйреді.

Абай «Ғылым таппай мақтанба...», «Интернатта оқып жүр», «Жігіттер, ойын арзан күлкі қымбат», «Бір дәурен кемді күнге бозбалалық» деген өлеңдерімен 15, 18, 19, 36, 37, 39 сияқты т.б. қара сөздерінде, әлеуметтік өмірде қандай нәрседен қашық болып, қандай мінез-құлық, адамдық қасиеттерге асық болу қажеттігін ескертеді.

Абай Құнанбаев үш поэма («Масфұт», «Әзімнің әңгімесі», «Ескендір»), қырық бес қара сөз жазды. Жиырмаға жуық ән, екі күй шығарды. Орыс әдебиетінің ақындары М.Ю. Лермонтовтан, А.С. Пушкиннен, И.А. Крыловтан көркем аудармалар жасады. Неміс ақындары

Гете, Шиллердің, ағылшын ақыны Байронның өлеңдерін қазақшаға тәржімалады.

ҚАН СОНАРДА БҮРКІТШІ ШЫҒАДЫ АҢҒА

(Қысқартылып алынған)

Қан сонарда¹ бүркітші шығады аңға,
Тастан түлкі табылар аңдығанға.
Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет²,
Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға.
Салаң етіп жолықса қайтқан ізі,
Сағадан сымпың қағып із шалғанда,
Бүркітші тау басында, қағушы ойда.
Іздің бетін түзетіп аңдағанда³,
Томағасын⁴ тартқаны бір қырымнан⁵.
Қыран құс көзі көріп самғағанда,
Төмен ұшсам, түлкі өрлеп құтылар деп,
Қанды көз қайқаң қағып шықса аспанға.
Көре-тұра қалады қашқан түлкі,
Құтылмасын білген соң құр қашқанға.
Аузын ашып, қоқақтап, тісін қайрап,
Ол да талас қылады шыбын жанға.
Қызық көрер көңілді болса аңшылар,
Шабар жерін қарамас жығылғанға.
Қырық пышақпен қыржыңдап⁶ тұрған түлкі,
О дағы осал жау емес қыран паңға.
Сегіз найза⁷ қолында көз аудармай,

¹ *Қан сонар* – аңды жаңа жауған қардағы ізіне түсіп аулау.

² *Ғанибет* – бұл жерде: қызық, тамаша, көңіл көтеру мағынасында.

³ *Аңдағанда* – түлкінің ізіне түсушілердің жүрісі, жүріс бағыты, аңдағайлап – ұмтылу мағынасында.

⁴ *Томаға* – бүркіттің бас қабы.

⁵ *Қырымнан* – бұл жерде: алыстан деген мағынада.

⁶ *Қырық пышақпен қыржыңдап* – түлкінің тісін қайрап, айбат шегуі мағынасында.

⁷ *Сегіз найза* – бүркіттің тырнақтары.

Батыр да аял қылмайды ертең таңға.
Қанат, күйрық суылдап, ысқырады,
Көктен қыран сорғалап құйылғанда.
Жарқ-жұрқ етіп екеуі айқасады,
Жеке батыр шыққандай қан майданға,
Біреуі – көк, біреуі – жер тағысы,
Адам үшін батысып қызыл қанға.
Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл
Ұқсайды қаса¹ сұлу шомылғанға...
Құсы да, иесі де қоразданар,
Алпыс екі айлалы түлкі алғанда.
«Үйірімен үш тоғыз»² деп жымындап,
Жасы үлкені жанына байлағанда.
Таудан жиде тергендей ала берсең,
Бір жасайсың құмарың әр қанғанда.
Көкіректе жамандық еш ниеті жоқ,
Аң болады кеңесің құс салғанда...
Ұқпасың үстірт қарап бұлғақтасаң,
Суретін көре алмасың көп бақпасаң³
Көлеңкесі⁴ түседі көкейіңе⁵
Әр сөзін бір ойланып салмақтасаң...

КҮЗ

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

¹ *Қаса* – тілімізге арабтың «хас» – айрықша, ерекше, шын мәнінде деген сөзінен сіңіскен. Бұл арада айрықша сұлу деген мағынада.

² *Үйірімен үш тоғыз* – мәтел ретінде айтылатын сөз. Бұл жерде: бүркіт өстіп ала бергей еді, олжалы бола берейік деген мағынада.

³ *Бақпасаң* – қарамасаң, көрмесең мағынасында.

⁴ *Көлеңкесі* – бұл жерде: суреті, елесі, бейнесі мағынасында.

⁵ *Көкейіңе* – көңіліңе, ойына мағынасында.

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп
Жапырағынан айрылған ағаш, қурай.

Біреу малма сапсиды, салып иін,
Салбыраңқы тартыпты жыртық киім.
Енесіне иіртіп шуда жібін,
Жас қатындар жыртылған жамайды үйін.

Қаз, тырна қатарланып қайтса бермен,
Астында ақ шомшы жүр, ол – бір керуен.
Қай ауылды көрсең де жабырқаңқы,
Күлкі-ойын көрінбейді, сейіл-серуен.

Кемпір-шал құржың қағып, бала бүрсең,
Көңілсіз қара суық қырда жүрсең.
Кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң,
Үйде ит жоқ, тышқан аулап қайда көрсең.

Күзей тозған, оты жоқ елдің маңы,
Тұман болар жел соқса, шаң-тозаңы.
От жақпаған үйінің сұры қашып,
Ыстан қорыққан қазақтың құрсын заңы.

ӨЛСЕМ ОРНЫМ ҚАРА ЖЕР

Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?
Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?
Махаббат, гадауат пен майдандасқан,
Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?

Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма?
Біреуге жай, біреуге жез болмай ма?
Асау жүрек аяғын шалыс басқан
Жерін тауып артқыға сөз болмай ма?

Сонда жауап бере алман мен бейшара,
Сіздерге еркін тиер, байқап қара.
Екі күймек бір жанға әділет пе?
Қаны қара бір жанмын, жаны жара.

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ аламмын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз күрестім, кінә қойма!

Жасымда албырт өстім, ойдан жырақ,
Айлаға, ашуға да жақтым шырақ.
Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,
Етекбасты көп көрдім елден бірақ.

Ой келгелі тимеді ерік өзіме,
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме.
Өзі ермей, ерік бермей, жұрт қор етті,
Сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме!

Ішім – толған у мен өрт, сыртым дүрдей,
Мен келмеске кетермін түк өндірмей.
Өлең шіркін – өсекші, жұртқа жаяр,
Сырымды тоқтатайын айта бермей.

* * *

Сәулең болса кеуденде,
Мына сөзге көңіл бөл.
Егер сәулең болмаса,
Мейлің тіріл, мейлің өл.
Танымассың, көрмессің,
Қаптаған соң көзді шел.
Имамсыздық намазда –
Қызылбастың салған жол.
Көп шуылдақ не табар,
Билемесе бір кемел?

ЖИЫРМА ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗ

Қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтұғыны да бар.

Әуелі «Жарлы болсаң, арлы бол» дейді. Ардан кеткен соң, тірі болып жүргені құрысын. Егер онысы жалға жүргенінде жаныңды қинап еңбекпенен мал тап деген сөз болса, ол – ар кететұғын іс емес. Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі.

«Қалауын тапса қар жанады», «Сұрауын тапса адам баласының бермейтіні жоқ» деген – ең барып тұрған құдай ұрған сөз осы. Сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп қорлықпенен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек қой.

«Атың шықпаса, жер өрте» дейді. Жер өртеп шығарған атыңның несі мұрат? «Жүз күн атан болғанша, бір күн бура бол» дейді. Тәңірге жазып мінбей-түспей арып, шөмендеп, диуаналықпен бір күн болған буралық неге жарайды?

«Алтын көрсе, періште жолдан таяды» дейді. Періштеден садаға кеткір-ай! Періште алтынды не қылсын, өзінің көрсеқызар сұмдығын қостағалы айтқаны.

«Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті» дейді. Ата-анасынан мал тәтті көрінетұғын антұрғанның жанынан да малы қымбат екен. Ата-анасын малға сатпақ ең арсыздың ісі емес пе? Ата-ана шамасы келсе, михнаттанып мал жиса да, артымда балаларыма қалсын дейді. Ол ата-ананы малға сатқан соң, құдайға дұшпандық іс емес пе? Осындай білместікпенен айтылған сөздеріне бек сақ болу керек.

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Абай Құнанбаевтың қазақ өдебиеті мен мәдениеті тарихынан алатын орны қандай?
2. Ақынның саятшылық өмірді шеберлікпен суреттегенін айтып беріңдер. Жатқа үзінді айтыңдар.
3. Ақынның көңіл-күйді жырлаудағы жаңашылығы неде?
4. «Өлсем орным қара жер» өлеңіне талдау жасаңдар.
5. Ақынның қара сөз жазудағы негізгі мақсаты не?
6. Ақынның қай мақалға айтқан сынына қосыласыңдар, қосылмайтындарың қайсысы? Себебін дәлелді түрде түсіндіріңдер.
7. Қара сөздерден қандай тағылым, үлгі, ақылнақыл алдыңдар?
8. Абай сынаған мақал-мәтелдерді теріп алып, салыстыру жұмыстарын жүргізіңдер.

АНТИТЕЗА

Антитеза – шендестіру (грекше antithesis – қарама-қарсылық, мүлде қарама-қарсы) ұғымдарды, образдарды салыстыра не қарама-қарсы қоя отырып, ой мен сезімді әсерлі жеткізуге ұмтылатын стильдік, эстетикалық бейнелеу құралы көркемдік әдісінің бірі.

Қазақ әдебиетінде шендестірудің күрделі, көркемдік қуаты мол, эстетикалық әсері күшті үлгісін Абай жасаған:

*«Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл,
Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға...»*

*«Аппақ ет, қып-қызыл бет жап-жалаңаш,
Қара шаш қызыл жүзді жасырғанда...»*

Абай рені жағынан бір-біріне қарама-қарсы үш түсті алып шендестіру арқылы, негізгі образ – төртінші суретті қиыннан қиыстырып бере алған.

ПОРТРЕТ

Портрет – қатысушылардың кескінін, келбетін, пішінін, тұлғасын суреттеу.

Портрет (французша – *portrait*) деген термин әдебиеттегі портрет пен живописьтегі портретті салыстыруды керек етеді. Шынында, әдебиетте адамның не басқа нәрсенің келбетіне кең тоқталып, суретін бұлжытпай қойған портреттер көп. Мысалы, Абайдың «Аттың сыны», «Қыз сыны» өлеңдері. Бірақ әдебиеттегі портрет пен живописьтегі портреттің үлкен айырмасы бар.

Живописьтегі портрет қимылсыз, қозғалыссыз, ал жазушы адамды қимыл, қозғалыста етіп суреттейді, яғни ол қаһарманның жүріс-тұрысын, даусын және қалай сөйлейтінін де суреттейді.

Жазушы – адам портретін жасау үшін, оны оқушыларына жеткізіп беру үшін теңеу, эпитет, метафора тағы басқа бейнелеу құралдарын қолданады. Живописьтің портрет жасаудағы қолданатын құралдары басқаша.



СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ

(1893–1920)

XX ғасырдың алғашқы жылдарындағы қазақ әдебиетінің дамуына аса мол үлес қосқан ерен талантты ақындардың бірі – Сұлтанмахмұт Торайғыров. Ол 1893 жылы 28 қазанда Көкшетау облысының Қызылту ауданында өмірге келіп, 1920 жылы 21-мамыр күні 27 жасында дүниеден өтті.

Сұлтанмахмұт алты жасқа дейін бай нағашысының аулында өседі. Ол үш жасында анадан жетім қалады да, әжесі Мұнтай бәйбішенің қолында тәрбиеленеді.

Сұлтанмахмұт 13 жасқа келгенде Мұқан деген молдадан хат таниды. Мұқан молда кейде араб-парсы әңгімелерін, қисса-дастандарын қазақ тіліне аударса, енді бірде өз айналасындағы таныстарын мақтап-марапаттап, мінеп-шенеп, мысқылдап өлеңдер шығарады екен.

Сұлтанмахмұт Баянауылға келіп, сонда ең алғаш медресе ашқан Әбдірахман деген молданың үйінде жатып оқиды. Жасы 19-ға келгенде Троицкіде жаңаша оқып келген Нұрғали Таушыбаев деген адамнан сабақ алып, өмірге деген көзқарасы өзгере түсіп, 1912–1913 жылдардың қысын Троицкіде өткізеді. Ал 1913–1914 жылдары «Айқап» журналында хатшы болып қызмет атқарады. Журналда бірнеше өлеңдері мен мақалаларын жариялайды. «Қамар сұлу» романын өлеңмен жазады. «Қымыз»,

«Тұрмысқа», «Айт», «Көшу», «Бір адамға», «Туған еліме», «Шәкірт ойы», «Неге жасаймын», «Алты аяқ» т.б. Өлеңдерін жазған ақын кеңінен таныла бастайды.

XX ғасырдың алғашқы жылдарындағы қазақ әдебиетінің дамуына мол үлесін қосқан ақын, өз соңына өшпестей мұра қалдырды.

«Қараңғы қазақ көгінде» жарық жұлдыздай жарқ еткен Сұлтанмахмұт, Абайдың демократиялық дәстүрін жаңа жағдайда ілгері дамытқан қайраткер. Ол сонымен бірге қазақтың алғашқы журнал шығарушыларының бірі, баспасөзді дамытушы ретінде де танылды.

БІР АДАМҒА

Бір үйде жиюлы екен қазына мал,
Көрсетті бәрін бізге ақсақал шал.
«Бұрынғы атамызға сыйға берген,
Біздерде мынадай бар, мынадай бар...»

Ол, рас, аталарың шенге алыпты,
Арзан қып, қымбат емес, кемге алыпты.
Апырай, қалай бұлдаған сатқандарын,
Оқа, түйме, сылдырмақ теңге алыпты.

Суреттер және көрдім жүзі жарқын,
Ойладым «Ондырған-ау баққан халқын!»
Соншама құны толық болды түйме,
Артында қалдырмас па жақсы даңқын?!

Дедім мен «Құтты болсын шекпеніңіз,
Артқыға қандай егін еккеніңіз?
Жусақ та денемізден кетер емес,
Сондағы тұқым шашып сепкеніңіз».

Көргенде күміс кесе, алтын аяқ,
Бір сөзді тамағыма қойдым таяп.
«Қай момынның малы бар бұл аяқта?»
Демейінше болмады, қарап жай-ақ!

Отырдым, көрсем жекіп тастар ма деп,
Шал айтты: «Көріңіздер, жасқанба!» деп.
Кесені қолыма алып қарай бердім
«Ішінде нақақ көзден жас бар ма?» деп.

ОҚЫП ЖҮРГЕН ЖАСТАРҒА

Үмітпенен жол құған
Талабы алда баламыз.
Басқалар жолын тапқанда,
Біздер қайтіп қаламыз.
Тәуекелге бел бусақ,
Көрдегіні аламыз.
Жеткізбей кетер жүйрік жоқ,
Қусақ бәрін шаламыз.
Іс істейік бір болып,
Ашылмасын саламыз.
Сұмдар салған жүректе
Аз ба біздің жарамыз.
Тепкісіне басқаның,
Қор боп жүдеп барамыз.
Көріне көзге азапта
Мәңгі қайтіп қаламыз?
Ойынды енді азат қыл
Қалсын былай балалық.

АРЫСТАН МЕН ТЫШҚАН

Ұйықтапты бір арыстан айдалада
Тыныштық алу үшін сай-панада.
Үстінде арыстанның ойнақтапты,
Бір тышқан іннен шығып сол арада.

Тышқан жүр сейіл құрып, ойнақ салып,
Бір уақыт жүгіріпті басқа барып.
Арыстан өлтіруге айналыпты
Басын басқан тышқанды ұстап алып.

Жалынды сонда тышқан «өлтiрме» деп,
«Ағатай, маған зиян келтiрме», – деп.
«Бiр қайтар менен-дағы бiр жақсылық,
Азат қыл, байқамадым, өлтiрме», – деп.

Арыстан күлiп айтты «Сорлы тышқан,
Не жақсылық қайтады сен байғұстан.
Дүниеде саған қалған күнiм құрсын,
Күшiң кем жұдырықтай шымшық құстан.

Жатасың қорыққаныңнан қазып жердi,
Күлдiрдiң болмасты айтып мендей ердi.
Күлдiрiп көңiл ашқан ақың үшiн,
Азат қылдым, – дедi де қоя бердi.

Бiр күнi арыстаным торға түстi,
Үзем деп, ақырып, тулап, салды күштi.
Оралып шырматылды, шықпастай боп,
Басына құдай бердi мұндай iстi.

Күн қайда құтылатын торды бұзып,
Бақырып ызаланды жердi сүзiп.
Дауысын танып баяғы тышқан келiп,
Құтқарды торды қиып, тiстеп үзiп.

БАЛАЛЫҚ ЖАСЫМ ӨТЕСІҢ

Балалық жасым өтесiң,
Жiгiттiкке жетесiң.
Орта таудан аса алмай
Бiр шұқырға тығылып
Шыбын ұшып кетесiң.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ақын қай өңiрде өсiп, қай жерде бiлiм алды?
2. «Бiр адамға» өлеңiнiң мысқылдап шенеу түрiнде жазылғандығын аңғарыңдар. Мәтiндегi әжуа



мағынасында қолданылған сөздердің ішкі мәнін ашыңдар.

3. *«Оқып жүрген жастарға» өлеңін жаттап алыңдар.*
4. *Жастарды оқуға, білімге, өнерге үндеген өлеңдерінің маңызы неде?*
5. *«Арыстан мен тышқан» мысал өлеңіне талдау жасаңдар.*
6. *«Балалық жасым өтесің» өлеңін оқып, өзіңнің балалық кезің туралы әңгіме жазыңдар.*

ИРОНИЯ

Сұлтанмахмұт Торайғыров 1914 жылы ел аралап жүріп, Павлодар маңының атақты шонжары Шорман аулына түседі. Байлығына масаттанған Шорман ұрпақтары ата-тегінің патша өкіметінен алған шен-шекпендерін, езілген халықтың көз жасымен жиналған қазына-мүлкін көрсетіп мақтаныш білдіреді. Мұны жақтырмаған ақын, осыған байланысты «Бір адамға» деген өлең шығарады. Бай үйінің асыл жиһаздарын көрген ақын:

*Суреттер және көрдім жүзі жарқын,
Ойладым «Оңдырған-ау баққан халқын!»
Соншама құны толық болды түйме,
Артында қалдырмас па жақсы даңқын?! –*

дейді. Бұл сөздер бір карағанда мақтау сияқты көрінгенмен, олардың астарында зілді кекесін жатқанын байқау қиын емес. Келесі шумақтың мазмұны да осылайша астарлы келекеге негізделген.

Міне, осы сияқты сөздерді карама-қарсы мағынада, кекесін мағынасында қолдануды **ирония** дейміз.

САТИРА

Сұлтанмахмұт «Бір адамға» өлеңінде еңбекші халықты аяусыз езіп келген үстем тап өкілдерінің жиіркенішті қылықтарын батыл әшкере етеді. Ақынның бұл сыны ащы мысқыл, зілді кекесін түрінде беріледі.

Көркем шығармада өмірдің бір жағымсыз жақтары мен құбылысын осылайша күлкі ете мысқылдай суреттеуді **сатира** деп атайды.

САРКАЗМ

Сарказм грекше – sarkasmus – қинау, sar – дене деген мағынаны білдіреді.

Сарказм – иронияның ұлғайған түрі. Екеуінің де негізі – күлкі. Адамның не өмір құбылысының белгілі бір жағын күлкі ету, шенеу, мысқыл ету. Бірақ екеуінің өзара жақындығымен қатар, айырмасы да бар.

Жазушы ирония арқылы не адамды, не бір нәрсені шенемек, әжуалап, күлкі етпек болса, сөз, сөйлемнің ішкі мазмұны кекесін шенеу, әжуалау болғанмен, олардың айтылу түрі мақтаған тәрізді бүркемеленеді. Ал сарказмде ондай бүркемелік жоқ. Кімді, немесе нені күлкі етіп, шенемек, мысқылдамақ болса, ашықтан-ашық шенейді. Сарказм иронияға қарағанда, анағұрлым өткір, анағұрлым улы. Кейбір авторлар: «**Сарказм** – иронияның ең жоғарғы сатыға көтерілген түрі», – деп қарайды.



МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

(1893–1938)

XX ғасыр қазақ поэзиясының дамуына ерекше үлес қосқан шынайы таланттардың бірі – Мағжан Жұмабаев. Ол 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданында дүниеге келіп, 1938 жылы 19-наурызда қайтыс болады.

Мағжан Жұмабаев 1903 жылға дейін ауыл молдасынан хат танып, ауыл мұғалімінен дәріс алады. Онан соң Уфа қаласындағы Ғалия медресесінде, 1913–1917 жылдары Омбы қаласындағы мұғалімдер дайындайтын семинарияда, 1923–1926 жылдары Мәскеудегі Әдебиет институтында оқиды.

Оның алғашқы өлеңдер жинағы 1913 жылы «Шолпан» деген атпен жарық көреді. 1922 жылы Нәзір Төрекұловтың шақыруымен Ташкентке келіп, қазақ тілінде шығатын «Ақ жол» газетінде жұмыс істейді, әрі осында ашылған қазақ педагогикалық институтында сабақ өтеді.

Аса талантты ақын 1920–1927 жылдар аралығында өнімді еңбек етіп, таныла бастайды. Осы жылдары Ташкентте өлеңдер жинағын шығарады. Әрі Ташкентте шығып тұрған «Ақ жол» газеті мен «Шолпан» журналында өз өлеңдерін жиі-жиі жариялап отырады.

1923–1926 жылдар аралығында «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жолы», «Педагогика», «Бала тәрбиелеу жолдары», «Сауатты бол» деген оқулықтарын жазып, Ташкентте бастырып шығарады. Оның «Батыр Баян» сияқты т.б. дастандары мен «Түркістан», «Жазғытұры», «Қысқы жолда» сияқты өлеңдерін табиғат, махаббат тақырыбына арналған лирикаға жатқызуға болады.

Қорыта айтқанда, XX ғасыр қазақ поэзиясының жарық жұлдызына айналған Мағжан Жұмабаевтың поэмалары мен лирикалық туындылары, қазақ әдебиетінің даму тарихына қосылған сүбелі үлес болып саналады.

ЖАЗҒЫТҰРЫМ

«Болды, міне, дәл алты ай,
Жаттың ұйықтап, еркетай.
Ұйқың қанды, тұр, қозым,
Аш көзіңді, жұлдызым»
Деп мандайдан ақырын
Жұмсақ жылы сәулемен
Сипап жерді Күн күлер.
Аяқтарын көсіліп,
Еркеленіп, есінеп,
Жер – нәресте жас бала
Жаңа оянып жатқанда,
Жұмсақ ыстық бетінен
Тәтті ғана сүйсем деп,
Күбірлеп жылы жел жүрер.
Дамыл таппай жылар қар,
Ақ шымылдық ашылар.
Сылқ-сылқ күліп сылдырлап,
Бірдене деп былдырлап,
Көрінгеннен сүйінші
Сұрайтын жас баладай,
Асығып сулар жүгірер.
Керіліп ерке жер тұрар,
Мөлдір сумен жуынар.
Үлде менен бүлдеге,
Түрлі түсті гүлдерге,
Ши жібекке оранып,
Қарағанда көз тоймас,
Бүлдіршіндей киінер.
Көріп сұлу баласын,
Көз ішінде қарасын,

Қуанып, тасып жүрегі
Қысып ыстық сүйеді.
Ұзын күнде ару жоқ,
Періштем деп айналып,
Алтын ана Күн жүрер.

Мұны көріп бұлттар,
Күңіреніп етер зар.
«Біздерде алтын ана жоқ,
Қысып сүйер бала жоқ,
Тұрақ та жоқ белгілі»
Деп тұнжырап күрсініп,
Әлсін-әлсін жас төгер.

ҚЫСҚЫ ЖОЛДА

Қараңғы түн. Сар дала,
Көрінбейді айнала.
Боран соғып тұр борап,
Жолды басқан құр сорап.
Астымдағы жануар
Құлағын қайшыландырып,
Зорға борт-борт желеді.
Ызғарлы жел долданып,
Екі иіннен дем алып,
Ішін тартып оқырып,
Кейде қатты ықырып,
Андай ұлып бір мезгіл,
Екі санын шапақтап,
Біресе сақ-сақ күледі.
Кейде кенет баяулап,
Жер бауырлап жаяулап,
Аузы-басы жыбырлап,
Асып-сасып сыбырлап,

Жерді жапқан кебінді,
Сүйіп ақырын құшақтап,
«Әпсүн» оқып үйіреді.
Барады үдеп бұл боран,
Жанымда жоқ тірі жан.
Тоңазыды денем де,
Адаспай дұрыс келем бе?
Қорқып жүрек ойнайды,
Көз алдыма елестеп,
Әлденелер келеді.
Боранын Тәңір ашпады,
Жол білінбей бастады.
Көрінген бір жарық жоқ,
Босаңсиды қаракөк...
Сардалада адасып,
Суық кебін жамылып
Қаларын, кім біледі?

Сұрақтар мен тапсырмалар




1. Мағжан Жұмабаев қайда оқыған?
2. «Жазғытұрым» өлеңін оқыған соң қандай әсер алдыңдар. Пікірлеріңді айтыңдар.
3. «Қысқы жолда» өлеңінде қыс көрінісін қандай жаңа бейнемен көрсетіп тұр?
4. Өлең құрылысына назар аударыңдар.
5. Ақын өлеңдерінің негізгі ерекшеліктері неде?

ӨЛЕҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Ырғаққа негізделген, синтаксистік біткен бір ойды білдіретін шумақ жолдарында буын, бунақтары дәл қайталанып, жол аяқтары ұйқасқа құрылатын көркем шығармалардың бір түрін **өлең** дейміз.

Өлең құрылысының буын, ұйқас, дыбыстардың қолданылуына қарай **метрикалық өлең құрылысы, тоникалық өлең құрылысы, силлабикалық өлең құрылысы** деген түрлері бар.

Қазақ тілінде екпін сөздің аяғында, не аяғына жалғас буында келеді. Қазақ өлең құрылысы силлабикалық өлең құрылысына жатады. Демек, қазақ тіліндегі өлең шығарудың негізгі шарты буын санын бірдей келтірумен орындалады. Қазақ өлең құрылысының негізі **буында**. Өлшеуіші – буын. Бірақ ол өзгермей қалған нәрсе емес.



ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ

(1846–1945)

Қазақ поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаев, қазіргі Жамбыл облысы, Жамбыл тауының етегінде, 1846 жылы дүниеге келіп, 1945 жылы дүниеден өтеді.

Ол жыр алыбы, ірі айтыскер ақын, әрі сазгер де болған. Бір ғасырға жуық ғұмыр кешкен ақын – екі дәуірдің әр түрлі әлеуметтік өзгерістерін өз көзімен көріп, оны өзінің жыр жолдарына қосқан ірі тұлға.

Оның ақындық атағы 16 жасынан-ақ халық арасында белгілі бола бастайды. Жетісу өңірінің әйгілі ақыны Сүйінбайды таң қалдырады да ол ақынға: «Балам, өлеңің жүректің терең түкпірінен жарып шығатын болсын. Жырларың жекелеген адамдарға емес, бүкіл халыққа жағатын болсын. Сенің өлеңдерің адамдарға ақиқат пен әділдікті айтатын болсын», – деп батасын береді.

Сөйтіп, Жамбыл Жабаев өз өлеңдерінде халықтың мұңын мұндап, жырын жырлайды да, ірі ақын ретінде халық арасына кеңінен танылады. Ақын жыр-толғауларында әділетті, адалдықты, халықшылдықты дәріптеп, елін, жерін, халықтың ынтымақ-бірлігін мадақтайды.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне орай «Зілді бұйрық», «Патша әмірі тарылды» сияқты т.б. өлеңдерін шығарса, ел үшін еңбек еткен, ел қорғаны бола білген батырлар туралы «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» сияқты дастандарымен бірге «Шаһнама», «Көрұғлы», «Ләйлі–Мәжнүн» сияқты дастандарды да жырлайды.

Жамбыл Жабаев кең тынысты, кемел айтыс ақыны ретінде – Айкүміс, Сарбас, Бақтыбай, Құлмамбет, Дос-

мағамбет, Сары, Шашубай сияқты т.б. ақындармен айтысып, өзінің талант иесі екендігін таныта түседі.

Қорыта айтқанда, ірі тұлға, кемеңгер ақын Жамбыл Жабаевтың поэзиясы, айтыстары – қазақ әдебиеті тарихында ерекше орын алатын көркем дүниелер.

АТТАНДЫРУ

Атаңнан бата ал, балам,
Арғымақ атқа мін, балам!
Ақсақалым желбіреп,
Артыңнан карап мен қалам.
Құлағыңда, құлыным,
Даусым жүрсін жырлаған.
Алғадайым арлы едің,
Ата сөзін сыйлаған.
Перзентімнің алды едің
Көңілімді қимаған.
Аттандырдым майданға,
Аман-есен жүр, балам!
Абыройға ие бол,
Ағат баспа бір қадам!
Атаң берген батаңа.
Ел қадірін, біл балам!
Ел ерлігі, бірлігі,
Сынға түскен бұл заман.
Саған айтқан сөзімнен,
Сабақ алсын тыңдаған.
Айтылған сөз деп ұқсын
Аңғарлы жан «бұл маған».
Хош, хош, балам, хош айттым,
Қолымды, міне, шошайттым, –

деп, өз баласы – Алғадайды соғысқа аттандырғанда батасын беріп, оны жігерлендіре түседі.

АТАНЫҢ ӘЛДИ

Ал, Қуаныш, Қуаныш,
Сені естейін жұбаныш,
Алғадайым өлгелі,
Боп кетіп ем жылағыш.

«Ата, ата», – деп, келген соң,
Айналайын алайын.
Ақ бетіңнен өпкен соң,
Жүрегімді жамайын.

Ермек болып отырсың,
Мен бір әнге салайын,
Көңілімді шат қылсаң,
Көтеріліп қалайын.

АЛҒАДАЙ ТУРАЛЫ ӘРБІР ОЙ

Түнеу күні кеткеннен,
Ғали, жаңа келдің бе?
Алғадайдың мүрдесін
Жол-жөнекей көрдің бе?

Топырағың торқа боп,
Тыныш ұйықта дедің бе?
Қалай қиып қалдырдың
Қарт әкенді дедің бе?

Елжірейді өзегім,
Ауырады белім де...
Қаза болып қарағым,
Халім қиын менің де.

Алатауды айналсам,
Алғадайды табам ба?

Сарыарқаны сандалсам,
Саңлағымды табам ба?

Өлім деген у екен
Мендей кәріп адамға.
Күнде үйімде күңіренем,
Көзіме жас алам да.

Темір өзек пенде жоқ,
Өлсем адам елде жоқ.
«Орынсыз деп өлімі»,
Ондай ойлау менде жоқ.
Көп жайланған жабының
Жал-құйрығы сұйылар...
Сол сияқты Жамбылдың
Жұқарыңқы түрі бар.

Көңілі бос кәрінің,
Көкейлерін ұғынар.
Көтермей жан жалының,
Көзден жасы құйылар.

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. «Аттандыру» өлеңі кімге арналады? Оны қай жолдардан байқадыңдар?
2. «Саған айтқан сөзімнен, Сабақ алсын тыңдаған» деген жолдардың мағынасынан нені ұқтыңдар?
3. Бата және оның қазіргі жағдайда қалай орындалып жүргені туралы әңгіме өткізіңдер.
4. «Атаның әлдіі» өлеңі кімге арналған деп ойлайсыңдар?
5. «Алгадай туралы әрбір ой» өлеңінің тақырыбы мен идеясын түсіндіріңдер.
6. Екі өлеңнің мазмұнынан ақынның қандай көңіл-күйін байқауға болады?

АҚЫН

Ақын – поэзиялық туындыларды өлең, жыр, дастан, поэмаларды ауызша айтып, не жазып шығаратын өнер иесі. Халықтың көркемдік дәстүрін қалыптастырып, жалғастыратын сөз шебері.

ЖЫРАУ

Жырау – өз жанынан жыр шығарып айтатын және эпикалық дастандар, не толғауларды орындайтын халық поэзиясының өкілі. Жырау аталуы «жыр» сөзінен туындайды.

Жыраулар жаугершілік заманда жорықтарға қатысып, ел қорғау, азаматтық тақырыптарға арналған өлең-жырлар туғызған. Жыраулық қызмет көшпенділер арасында ежелгі арий (абыздар) *сақ*, *гүл* дәуірлерінен бастап жоғары бағаланған. Түркі қағанатының тарихын тасқа қашап жазған Иолық тегін, оғыздардың ұлы озаны Қорқыт Ата көшпелілер қоғамында үлкен рөл атқарған.

Ал кейінгі қазақ әдебиеті тарихында жыраулар шығармашылығы үлкен бір кезеңді қамтиды.

ЖЫРШЫ

Жыршы – жыр айтушы, таратушы. Қазақ ауыз әдебиетінде өлең, жыр шығаратын, қисса, толғау, дастан айтатын адамдарды «жырау», «жыршы», «өлеңші», «ақын», «термеші» деп атаған. Жыршылар жырды домбыраның, не қобыздың сүйемелдеуімен, мақаммен, әнмен айтады. Сондай-ақ эпикалық шығармаларды да орындайды. Олар бұрыннан белгілі халық қисса – дастандарын, поэмаларды айтып таратады. Кейбір жыршылар өз жанынан өлең-жыр да шығарады.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ

(1889–1931)



XX ғасыр қазақ әдебиетін дамытуға аса мол үлес қосқан қаламгердің бірі – Жүсіпбек Аймауытов. Ол 1889 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген.

Әкесі Аймауыт кедей болғанымен, оның арғы аталары – Дәндебай, Қуандар ел арасында қадірлі, білікті, ауқатты адамдар болған.

Жүсіпбек Аймауытов жастайынан арабша хат танумен бірге, ағаштан түйін түйген шебер де болған деседі.

Жүсіпбек 15–16 жасында Павлодар қаласында орысша-қазақша екі сыныптық оқуда, соңынан, Семей қаласындағы семинарияда оқиды.

Ол аса тамаша аудармашы ретінде А.С.Пушкин, Л.Н.Толстой, Н.В.Гоголь, В.Гюго, Г.Мопассан, В.Шекспир шығармаларын аударып, оларды қазақ халқының рухани игілігі, мәдени байлығына айналдырады.

Оның «Ақ білек», «Күнікейдің жазығы», «Қартқожа» секілді романдары қазақ әдебиеті тарихында елеулі орын алатын көркем дүниелер.

Жүсіпбек Аймауытов аса талантты драматург ретінде «Қанапия – Шәрбану», «Рабиға», «Ел қорғаны», «Шернияз» секілді көркем шығармаларымен де таныла түседі.

Қорыта айтқанда, XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің дамуына өз үлесін қосқан белгілі прозашы, тамаша драматург Жүсіпбек Аймауытовтың көркем шығармалары – бүгінгі ұрпақтар үшін де тәлімдік-тәрбиелік мәні аса зор туындылар.

ӘНШІ

(Әңгіме)

I

Жетішатыр – жақсы қала.

Қаптап жатқан қазақ. Жазы-қысы – қымыз, ойын-сауық – «кататься». Айт, той, құдалық, ат жарыс, күрес. Үй қыдырған көлең-көлең ақ жаулық. Жаз шықса, паром, паром, паром, желқайық, жасыл арал, қалың орман. Көкке шыққан, гулейт соққан, масайраған шат көңіл... Сырнай-керней... Қызық-қызық думан... Қайткенмен сергек қала.

Стипендиядан жырмалаған азды-көпті тиынның қызығын көргелі адам сияқтанып, отыз тиынға бержабай¹ жалдап, жексенбі күні ар жаққа тарттық.

Келген жылымыз. Қаланың жай-жапсарына қанық емеспіз.

– Ағай, жақсы қымыз кімде бар? Бержабай әйелдердің атын шұбырта бастады...

Бақсақ, «Әбуқанипа», «Имам ағзамшылап», қымызшылар қатындарының атымен айтады екен. Он минутта арғы қабаққа шықтық.

Ар жақ – қазақ даласы. Өзен өрлей салынған екі мешітті, бір шіркеулі, ағы-жығы тайпақ қала. Ағашы, кірпіші, төбесі, тоқалы жапырайған тәукеншік үйшіктер: «Бізді қазақтан басқа кім мекендесін?» дегендей, бет-аузы қисайып, көздері сығырайып, кемсендеп тұрған іспетті. Байлардың көк шатырлы салауатты сарайлары жаман-жұман баспаналарды басып кететіндей қоразданып, басын көкке созады. Көк шұға тысты, жанат құндызды көк құмыра бөрік киген маубас, бордақы байлар ат-тұрманы жарқырап, көкмойын жегіп, былқылдақ қашабада² шалқайып жатып, кататься соғады. Ескі-құсқы

¹ *Бержабай* – өзеннің бір жағынан екінші жағына баржамен (кемеге тірелетін кең тақтай) жүк, адам тасушылар.

² *Қашаба* – тарантас, жеңіл арба.

киім, етік-метігін қолтықтап, дорбасын, бокшасын арқалаған қаланың кедейлері жаяу-жалпы сүмендеп, сақалына сүңгі тұрып, базарға кетіп барады. Көпшілік тамақ тауып қайта ма? Әйтпесе сандалып, құрамай қауып қайта ма? Кім білсін?.. Жоқшылық қысып, еңсесі түсіп, мең-зең болған сорлылар неден мұндай болғанын қайдан білсін?..

– Балалар, қайда апарайын?

– Қай жақынына апар!

– Жақыны Аққатын... Шәкет те алыс емес.

– Қай қызы барына апар, – дейміз.

Бержабайшы қос терезелі тоқал үйдің алдына ойысып тұра қалды.

Тымақтарын шекесіне салған төрт-бес желбегей сал даурығып, итермелесіп, тәлтiректеп үйден шығып келе жатады.

Бiзге оқшия қарайды да, «зиянсыз балалар» екенiмiздi бiлген соң, тұмсығын көтерiп жүрiп кетедi.

Көптен күткен жеңешедей, ауыз үйдегi алтын сырғалы, аққұба, бидай өндi кербез жеңгей: «Балалар, жоғары шығындар!» деп майысып, төргi үйге қарай сiлтейдi.

* * *

Төсек-орын, дөңгелек үстелi, тегенесi, кесесi бiрiне-бiрi сай шап-шақ қана бөлмеде екi-үш жiгiт қымыз iшiп, томашадай аппақ қана Шәкет сырлы қасықтай сары ожаумен қымыз сапырып, орын берiп отырысымен кесесiн ұсынады. Бұл қаланың бiр жақсы жерi – қазақтың оқыған балаларын сыйлайды. Балалары үлкендерiн сыйлайтын болғаны ғой.

«Қымыз әкелейiн бе?» дегендей, Шәкет көзi күлiмдеп бiзге қарайды.

«Бiр шерiк қымыз...» – деп аузыңнан шығуы-ақ мұң, Шәкет жылп етiп, бiр үлкен бөтелкенi алып келедi. Даярлап қояды-ау деймiн. Кемештi сары тегештi алдына тақап қойып, төңкерекерi лықытып, бұрап-бұрап шорылда-

тып, қымызын лезде құя қояды. Қою сары қымыз көбігі бұрқырап, быжылдап, иісі кеуденді жарады.

Әуілдекше кекіріп, қымыз кеңірдекке келіп, көзі қызарған қонақтар шүлеңгір¹ жігітсіп:

– Мә, қарындасым, өзің іш! – деп кезек-кезек Шәкетті сыйлайды. Шәкет ернінің ұшын тигізіп бір жұтады да, аяқ иесіне қылмындап бір қарап, қайта құйып береді. Қала жігіттері қалжыңға топас келеді ғой. Әзілі жараса алмай, қымыз ұсынуға зорлап отырғанда, арсалаңдаған бір жігіт кіріп келді. Өз үйінен жаңа келе бір кесені алып «құйшы» деп, Шәкетке сүйкене отыра кетті. Қонақтар: «Бәрекелді! Жақсы келдің!» деп аяқтарын ұсынды.

– Шәкет қарағым, гармоньды әперші!

– Ойбай уақытым жоқ, бержабай күтіп тұр...

– Барарсың, азырақ ән салып кет...

Жігіттер жабылып болмаған соң, әнші сандыққа отырды.

Шәкет сырнайын әперді. Әнші Шәкетке мырс етіп: «Болмас, болмас» деп гармонды қолына алды.

* * *

Ұшатын құстай қымтанып, қомданып алды. Отырғандар аузын ашып аңырды. Әнші жіберді. Бір-бір ауыздан ән салды. Аз болса да бірегей болды.

Сүмірейте, қылмита соқты; желдете құтырта соқты. Лебізі құлаққа жағып кетті, жүректі тербетті, тамырды желпіндірді; бойды шымырлатты.

– Ойт, шіркін!.. Па сабазым-ай!

– Ой-пәле-ай!

Мидай жазық құла түзде ішің пысып келе жатқанда, көзіңе сұлу орман, сәулетті тау көрінісі, көріктен, оттан айрылған, қабағынан қар жауған қариялардың ортасында, кенеттен атқан таңдай сұлу сәулем қыз көрінсе, қараңғы түнде ел таба алмай сандалып келе жатқанда, аяғыңның астынан қиуадан от жылт етіп көрінсе, қандай

¹ Шүлеңгір – мырзасып деген мағынада.

қуанып, кенеліп қаласың. Жапатармағай жым болып томсарып, тоңторыс отырған жандарға әншінің әні де сондай әсер берді. Көңіл бір жадырап, шайдай ашылды. Өттең ауыздың дәмін ала алмай қалдық.

– Бұл қай әнші?

– Әнші Әмірқан осы, – деді.

– Әмірқанды жұрт мақтайтын. Бір естуге мен де ынтық едім.

– Әмірқанның үйі осында ма?

– Осында.

– Үйінен қашан табылар екен?

– Оны қайтесіңдер!

– Әншейін... Әнін бір естуге...

– Оны үйден ұстай алмайсыңдар. Ол – бір сағым.

– Өзі не кәсіп істейді.

– Әмірқанда кәсіп бола ма? Ән салғаннан басқа...

– Ақша тапса, жарайды ғой...

– Көп үстіндегі жігіт емес пе? Оған кедейлік бар ма?

– Өленді ақша сұрап айта ма? Жоқ...

– Аштан өлуге бейіл, өлең айтып ақша сұрағанын көргеніміз жоқ.

– Онысы қызық екен!..

– Өзі де қызық жігіт. Онсыз топтың ажары кірмейді.

Әйтеуір жандырып жүреді.

Расында жандырып жіберді.

Әмірқанның жайынан аз әңгімелесіп, қымызға қанған соң пәтерімізге қайттық.

II

Наурызда қазақ шәкірттері сауық жасауға даярландық. Жастардың талабы, өнері, жігері, қызметке жарамдылығы сыналатын жер де сауық; шалағайлығы, салақтығы, қорқақтығы, мақтаншақтығы, өзімшілдігі байқалатын жер де сауық.

Спектакль қоюға лайықты кітабымыз да, әйелдеріміз де болмады. Бірлі-жарым оқыған әйелдер ұялды, бұл-

данды, көнбеді. Бір-екі рет шақырсақ та, «Басы ауырып» келмей қалды.

Сонымен, бір перделік күлкі, қалғанын декламация, хор, ән, домбыра, оркестрмен өткізбек болдық. Сауығымыз сары ала болсын деп, Әмірқанды да шақырып, ән салғызбақ болдық. Өз рөлдерімізді бір ыңғайлап, даярлап алған соң Әмірқанға кісі жібердік.

Әмірқан қол ұстасып, сыпайы амандасып отырды. Әнеугі Шәкеттікінде көрген Әмірқан емес, бұйығы, момақан жігіт.

«Бәленше қандай кісі?» деп сұрасаң, Бек деген қу түрін бұзып аудармай сала қоятын Нармамбет шешен бір құрбысын: «Май ауыз, май құлақ, тасбақа, талтақай» деп суреттеген екен. Егер мен Бек тәрізді қу болсам, мойнымды қыжырайтып, көзімді бадырайтып, «Әмірқан осындай жігіт» дер едім. Егер мен Нармамбеттей шешен болсам, Әмірқанды «Ербең құлақ, едірек, талтиған тәпек асық» дер едім. Олардай менің өнерім жоқ, Сондықтан мен Әмірқанды «Шәулі қаршығадай шап етер, киіктің асығындай тап етер жігіт» деп қана суреттей аламын.

Әмірқанның бес-алты әнін тандап алып, сауық күні келуге уәдесін алып, апарып салдық.

Сауыққа өз әлімізше жақсы даярланғанбыз. Клубтың театрын алғанбыз. Билет екі күн бұрын қыдыртып сатылған. Жетішатырдың қазақтары қандай тыраш; қатын-қалаш, бала-шағасымен келді, залға сыймай кетті. Мұнда саналы жеңгейлердің де пайдасы үлкен тиеді ғой. Рәзия жеңгей неше түрлі тәтті нандар пісіріп, жеміс алып, баласының тойы болатындай қызмет істеген. Оспанбек ағайдың үйіндегі жеңгей де қоңыр қаздай байпаңдап, екі бөшке қымызды сатып, ақшаны көпіртіп алып жатыр. Қарындастарымыз да бағдарлама сатып, сымпылдап жүгіріп жүр. Мұқтаж шәкірттер кенелмеген не қалды? Жастардың тұңғыш журналы аяқтанбасқа не қалды?

Халық мұнша жиылады деген есте жоқ. Мынау топты, анау қызметті көрген соң көңіліміз көкке серпіп, аяғымыз сайға тимей жүр. Жұрт у да шу, мәз-мейрам.

Сауықты Наурыз мейрамына арнаған соң, қазақтың ескі ырымын да істегенбіз. Сарқасқа құрт көжені тай қазанға жүздіріп, бұқтырып қойғанбыз. Ішіне жылқының басын салып, екі-үш табақ ет асып, үлкендердің алдына тартпақ болғанбыз.

Ойын басталмай-ақ жұрт қымызға бас қойып жатыр. Жәлен сықылды мұғалімдер Наурызды түсіндіріп, жастардың талабын құттықтап, мінбеге шығып сөз сөйлеп жатыр. Біреулері «ата-бабамыздың жоралғысын істейік» деп, төс қағысып, көрісіп жатыр. Ойын басқарушы Әбіжанда ес жоқ. Әбіжан болмаса, сауық осындай болар ма еді?! Билетті дендеп өткізген, әйелдерге тамақты әзірлеткен, кілем, ыдыс, сайман – бар жабдықтың бәрін тапқан – сол. Әбіжан – мақтаншақ жігіт. Жарнамаға, бағдарламаға «Басқарушы» деген аты жазылғаны – Әбіжанға зор атақ. Әбіжанның таныс емес адамы жоқ, құрдасы емесі тағы жоқ. Ол жұрттың бәріне еркін. Берсе қолынан, бермесе жолынан тартқандай ғып алады.

Оның ойыны қайсы, шыны қайсы екенін адам да білмейді. Ойынды Әбіжандай кісі басқарсын...

Қоңырау екі соғылды. Біз сахна жақта домбырамызды күйлеп, тамағымызды кенеп, кісілерімізді жинап, жағамызды түзеп, шашымызды тарап, нәрселерімізді құрып, шала бүлініп, жанталасып жатырмыз. «Осынша топтың алдында шалдығып, масқара болып қаламыз ба, болмаса шапалақ соғылып, қошемет аламыз ба?», – деп, жүрегіміз дүрс-дүрс етеді.

Қоңырау үш соғылды.

Шымылдық ашылды. Зал у-шу, айғайласып, кимелесіп, орынға таласып, «дауыстама!», «отырындар!» десіп күңкілдесіп жатыр. Әлден уақытта саябырлайын деді.

Өзіміз жақсы шығардық деп ойладық. Шымылдық жабылды, шапалақ соғылды.

Хорымыз жамырап жақсы шықпады.

Рахымбек декламациясын жақсы айтты. Скрипкаға ән қосқан он екі жасар Мәржім тамаша соқты. Қайта-қайта шақырып, залды дүрсілдетті. Өзі тіленіп шыққан студент бикешіміз «Жалғыз шалды» бастағаннан мінгірлеп, «қаттырақ, қаттырақ» дегізіп еді, орта кезіне барғанда төбеге ұрғандай тұрып қалды. Қағазына қарап, кәне таба алсыншы! «Қайт, қайт!» дейміз. Тындамайды. Өзі де қылаң кісі емес еді, әлден уақытта бітіріп, өрт сөндіргендей қап-қара болып, сахнаның артына жоқ болды.

Бірақ «Әбиірді ақша отау жауып», кейінгілер сүрінбей шықты. Әсіресе жұртты сүйсіндірген Әмірқан болды.

Қазақ ішіндегі жиын, тойда айтқаны болмаса, Әмірқан театрда ән салып көрген жоқ екен.

«Жұртқа тәжім етесің, домбыраны көп күйлеп жалықтырмайсың, сыпайы жүріп-тұрасың» деп тапсырғамыз. Әмірқан оның бірін де істеген жоқ. Жайдағысындай іркілместен тайтандай басып барды да, намазда тізе басқан кісіше белуарына дейін еңкейді. Сөйтті де шалқайып отыра кетті.

Әмірқан шығысымен шапалақ шартылдады. Өзге шығушылардан Әмірқанның киімі де, түрі де, жүріс-тұрысы да жат еді, қазақтың еркіндігін еске түсіруші еді.

Домбырасын күйлеп, екпіндетіп бір-екі сарындатып алды да, айқайға басты.

Зал тым-тырыс болды...

Топ көргенде Әмірқан әруақтанып, көтеріліп кетеді екен. Бұрынғы даусы астар болмай қалды. Зал жаңғырып, күңгірлеп кетті.

*Сұңқылдаған көмейі
Сыбызгының үніндей;
Ескектеген толқыны
«Бозайғырдың» күйіндей;
Аспандап соққан айғайы
Алтайдың асқар тауындай;
Желпілдеткен түндікті
Күздігүні дауылдай;*

*Төмендете сорғалап,
Тасбұлақтың суындай;
Әсем, әсем нақысы
Айдынның сұлу қуындай;
Қалықтатып созғаны
Сарыарқаның беліндей,
Жаяулатса баяулап,
Арқаның қоңыр желіндей;
Тамылжытып, сынықсып,
Жаңа түскен келіндей;
Қалың қазақ даласын
Әнімен залға сыйғызды,
Дауысын көпке сүйгізді.
Шапалақ та шапалақ...
Пәле шіркін! Бис-бис...
Тағы да шық, тағы да!..
Тағы шықты Әмірқан.*

Бұл жолы Әмірқан басқа әнге салды.

Бір-бірін қиып кете алмай, мұратына жете алмай қош айтысқан жарға ұқсап, жалғзынан айрылып, қанатынан қайырылып, зарлаған бейне жанға ұқсап, болмаса жылап егілген, көзден жасы төгілген, бейне бір қайғы-зарға ұқсап, өкінішті, өксікті, қасіретті, мұнды әнді сарнады. Жұрт төмен қарап, әркім жүрегімен сырласқандай, әншінің бітіргенін де сезбей қалды. Кенет тым-тырыс бола қалды да, шапалақ қайта соғылды. Қалғып кетіп ояңған, қызықты тәтті түс көрген, қайтарам деп талпынған кісідей, жанға жаққан тәтті үннің кеткеніне өкініп, өршелене соғылды.

Әмірқан тымағын қыңырайта киіп тағы да барды. Тағы соқты. Тағы да ескектете, желпіндіре, желіктіре, ышқындыра, құлшындыра соғып, тыңдаушының айызын әбден қандырды. Әмірқан бәйгеден келді! Зал сарт-сұрт, айғай-ұйғай, гуілдеп, толқындап барып басылды. Әмірқан ды құшақтап алып, арқаға қағып, бетінен сүйіп жатырмыз.

Әмірқандай әнді ешкім сала алмайды. Жай жүргенде әмірқанды ешкім де елемейді. Әмірқан ән салса, сонда кім екенін білесің. Ән салса, ол өзін-өзі ұмытады, әннің әуеніне төңкеріледі, оның даусы көмейінен шықпайды, жүрегінен шығады. Ол әннің әр нақысын ұғады, әнді ғана сүйеді. Ол тәтті үнге, топқа бола жаралған адам. Ән салса, рақаттанып, гүл-гүл жайнайды. Көзі де, аузы да, денесі де, қолы да бірге салады. Әмірқан кісі емес, әнге айналады. Оның ән салғандағы түріне қарап отырсаң – тоясың.

Бірақ Әмірқан үнемі олай айта бермейді. Әмірқан қымызы, тойы, ойын-сауығы, қыз-келіншегі бар жерде өзін-өзі ұмытып айтады.

Әнін ұғушы, тындаушы болса, шабыттанып айтады. Тындамай, жыбырлап сөйлесе бастаса, Әмірқан тұрып кетеді, айтпайды.

III

Әмірқан кісіге тез үйір болатын, жолдасқа жанын қиятын жігіт. Наурыздан кейін бізбен дос болып кетті. Бер жаққа шықса, бізге соқпай кетпейді.

– Менің құжырамды да көріңдер, – деп қайта-қайта шақырып, үйіне қонаққа апарды.

Құжырасы бір іншік екен. Қарт шешесі, қоңыр ғана келіншегі бар екен. Үйінде мәз төсеніші де жоқ. Бір асыл бұйымы – үкілі сары домбыра. Оқығандардан көргенін істеп:

– Біздің жампоз мынау! – деп қатынын жетелеп әкеп, қолын ұстатты. Қымыз, ет алып, тыраштанып, шабылып қалыпты. Әмірқандікі қаланың дәл шетінде. Үйінің ар жағы жасыл дала, қымызды ішіп алған соң көгалға шығып, сейіл құрдық. Ән туралы әңгіме қылдық.

– Менің жүрмеген жерім, көрмеген елім бар ма? – деп бастады Әмірқан. Жас күнімнен әкеме еріп, ел араладым. Әкем ересен әнші еді. Әкем қайтыс болған соң, жақсыларға еріп көп жүрдім. Жәрмеңкелерге бардым.

Маған ән үйреткен әуелі әкем болды. Содан соңғы үлгі берген кісі Жұмабек әнші еді. Уай, шіркін, Жұмабек жігіт еді. Ондай әншіні өмірі көргем жоқ. Қанша айтса, бір жалықпайсың. Бір әнін ат беріп үйренсең обалы жоқ... Өлеңші, әнші деген жігіттердің бәрін естідік. Қайда? Жоламайды. Әннің бір жерін келтірсе, бір жерін былықтырып алады. Бас-аяғы бірден мүлтіксіз шықпаған соң әнді салып не керек?

– Естайды естігендерің бар ма?

– Жоқ.

– «Қорланды» сол шығарды дейді ғой... Оның ән салғаны бір порым екен. Күжілдеп, ызбарланып, ышқынып, тістеніп, шытынап кетеді екен. Ән салғаны төбелеске бергісіз. Әншілердің көбі түр шығарам деп, әуре болады. Жақсы әнді бұзып жібереді. Қиқылдай ма, шиқылдай ма, аупылдай ма мазарат... Есіл әнді бей-берекет қылады. Бет-аузын тыржитып, зорланып, күшеніп отырып салған ән бола ма? Әнді еркіне жіберіп, қысылмай салған ғой қызығы. Әншілердің көбі не мақтан үшін, не мал табу үшін айтады. Шабыты келмесе де зорланып айтады. Зорланып айтқан ән дұрыс шыға ма? Ән салу көңілден ғой... Мен өзім көңілденбесем, жақсы айта алмаймын, айтқым келмейді.

Әннің бір келтең жерлері болады... Жұрттың көбі соны келтіре алмайды. «Ау» дегеннің бәрі ән болады деп ойлайды. Ол ән бола ма? Кейбіреу орысқа еліктей ме, ноғайша жырлай ма? Қазақ әнін бұзып жібереді. Қазақтың нағыз өз әнін салшы, қандай тындар екен!? Бұ шіркіннің соңына түскен соң, құрттамаса болмайды ғой. Жұмабек марқұм әнді салып жіберіп: «Қай жері ұнамайды?» деп, білетін кісілерден сұрап отырушы еді. Әркімнің әнін тындап, жақсы жерін алып, жаманын тастап талғамаса, дұрыс шықпайтын көрінеді. Осы «Екі жиренді» елдің аузынан бала күнімде естіп едім. Енді байқасам, әжептеуір ән екен. Қандай жаңа әніңнен кем емес. Ондап, түзеген соң жұрт қағына әкетті.

Мұндай сөз Әмірқанның ғана аузынан шығады. Жалпылама әнші әннің қайткенде жақсы болатынын ескермейді де. Әмірқанның әнге берілгендігі сонша, басқа шаруаға олақ-ақ. Қолынан түк келмейді. «Аштан өлемін-ау, көштен қалам-ау, ертең не күн көрем-ау» деген уайым ойына да келмейді. Кейде: «Кемпірдің наны... отыны бітіп қалыпты» деп, сасқалақтап жүтіріп жүргені. Біреуден ат, біреуден арба, біреуден қарызданып азық, ақша алып жүргені. Ол «барды баламайды, жоқты санамайды», өзінің бірдемесін сұрасаң, бере салады, кісінің нәрссесін, киімін өзі де киіп жүре береді. Ұят екен-ау демейді. Ол кісі алдауды, арын сатуды білмейді. Кім көрінгенге сенеді. Өзін әркім талай алдап кетсе де, сенуін қоймайды. Ондай сапасты таппассың.

Сәуір айы. Мал төлдеп, жер көгеріп, құс ұялаған кез. Әмірқан, Дәулетжан үшеуіміз Керуенкөлге құс атуға бардық. Керуенкөл қалаға қырық шақырым. Екі мылтығымыз бар, қос алып барғамыз. Екі күн жатып, қайықпен жүріп, қамыстың арасынан қаздың жұмыртқасын теріп, құс атып келгеміз. Дәулетжан көл жағалап кеткен. Кешке таман Әмірқан екеуіміз қостың алдында қаз жүндеп, жұмыртқа асып отырып әңгіме құрдық. Әмірқанға: «Басыңнан кешкен бір қызық әңгімені айтшы» дегенде, мынаны айтты:

– Ел қыдырып, ән салып, жиын қуып жүрген кезім. Қайда ойын болса, іздеп кетеміз. Ормамбетте Ақтамақ деген бір тамаша қыз болды. Үріп ауызға салғандай жұтынып тұрған сұлу еді. Міне, биыл отыз екіге шығып тұрмын, ондай сұлуды көргем жоқ. Өзі паң. Жөпшенді бозбалаға көзінің қырын да салмайды. Пысықсыған талай жігіт маңына дари алмай қойған.

Бір ойында Ақтамақ деген маған орамал тастады. Өңім екенін, түсім екенін білмедім. Буыным қалтырап кетті. Буы әкетіп барады. Бетіне таман таянғанда, қолымды ұстады да: «Шын сүйсең сүй!» деді. Ақтамақты сүйген кісінің арманы бар ма? «Шыным» дедім. Қасы-

нан орын берді. Дәмелі жігіттер ішін жарып жібергендей болды. Төбем көкке жетті. Бір қаға берісте: «Біздің ауылға келіп жүрсейші» деді. Содан кейін Ақтамақтың аулынан шықпайтын болдым. Жеңгесінің отауына барсам, ән салғызады. әзілдеседі. «Әнінді тыңдағым келеді де тұрады», – дейді. Бір күні: «Түсімде көрдім», – деді. Не керек, сүйте-сүйте қалай жақындасқанымызды білмеймін: бірімізді-біріміз көрмесек шыдай алмайтын болдық. Ол «өл» десе, өлгендеймін. Түрім мынау жалғыз атты кедеймін. Неме қызыққанын білмеймін, ынта-көңілі маған ауды да кетті.

Бір күні:

– Мені шын сүйсең, алып қаш! – деді.

– Қайда барамыз?

– Қалаға кетейік.

Өлерімді білмейтін мен де жындымын ғой. Таң асып тұрған байдың екі атына екеуміз мініп, «Қала қайдасың» деп тартқанымыз ғой. Сен қыз алып қашып көрген жоқсың ғой?

– Жоқ.

– Қызық қой... Түні бойы соқтырып отырып, таң ата Орданың тауына келіп бекіндік. Маңайда ел жоқ. Күндіз тауда жатып, кешке түн қатпақпыз. Атты бір қуысқа тығып, өзіміз тамақтанып, ұйықтап алдық. Жанторсықта қымызымыз, бір қоржынбасы етіміз бар-ды. Бәрін өзі даярлап алған.

Қас қарая аттандық. Атымыз шалып, тыңайып қалған екен. Қылаң ұрады. Жортып келеміз. Алдымызда екі кезең қалды. Ар жағы – беті ашық дала. Итжатпастың асуына шыға бергенде, қарсы алдымыздан үш атты кісі сопаң етті. Ұры екен. «Ойбай!» дедік. Ақтамақ қолымнан шап беріп ұстай алды. Келе: «Түс, түс!» деді. Түсе қоймадым. Біреуі сойылмен салып жіберді, қалпақтай түстім. Есім ауып қалды. Есімді жиған кезде, екі қолымды артыма байлап, көзімді таңып, біреуі артына мінгестірді. Ақтамақтан айрылдым. Таудан тауға соғып,

Әлден уақытта бір ылдиға түстік. Мені аттан түсірді. Аяғыма шылбыр тағып, бір ағашқа байлап тастады. Домалап жаттым. «Өлемін ғой» деп жатырмын. Ақтамақ байғұс сорлы болды ғой. Әлде неғып жатыр? Ой мұндай қысылмаспын. Әлден уақытта аттың дүбірі естілді. Екі атты кісі келді де, ағаштан шешіп алып, атқа мінгестіріп алып жүрді.

Көзімді шешіп жіберді – алдымда бір ақ қос тұр. Үймелесіп жігіттер тұр. «Кір» деді. Қоста Ақтамақ бар екен, мені көргенде жылап жіберді. Қостағы маңғаз менің жөнімді сұрады. Шынымды айттым. Қымыз бергізді. Ірге жағынан бір шешен домбыраны алып, қолыма берді де:

– Кәне, ән сал! – деді. Айтпасқа лаж бар ма?

– Ұрылардың әнін білесің бе?

– Білем, – дедім, Исақ – Ермектің, Иманжүсіптің, Балуан Шолақтың, Мәдидің әндерін салдым.

Әнге сүйсінді.

– Жігіт екенсің, – деді.

– Әнің болмаса, жаныңа қош айтысатын едің. Жалғыз өзің қыз алып қашып жүрген сен де бір ер екенсің. Жарайды жолың болсын! – деп көзімізді байлатып, жанымызға екі жігіт қосып, таудан шығарып салдырды.

Сөйткен Ақтамақпен бір-ақ жұмадай дәурен сүрдім. Ой, дүние-ай! – деп, Әмірқан ауыр күрсінді де, дыбыссыз қалды. Бетіне қарасам, көзінің жасы парлап тұр екен.

Жұбатайын деп:

– Ой, саған не болды! – дедім.

– Әншейін... көңілім бұзылып...

– Бала болдың ба? Өткен іске өкіне ме екен...

– Ақтамақтың қылығы бетер еді... – деп солқылдап тұрып жылады. Кәне уата алсамшы.

Ар жағын қазбалап сұрағам жоқ. Екі қаз, үш қасқалдақ арқалап Дәулетжан да келіп қалды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Қаланың кедей жатақтары, олардың кәсібі, тұрмысы қалай суреттелген?
2. Әнші Әмірқан алғашқыда (Шәкет үйінде) өздеріңе қандай әсер қалдырды?
3. Әмірқанның автор баяндайтын тағы қандай мінез-құлықтары бар?
4. Әмірқан бейнесіне сипаттама жасаңдар.
5. Жазушының баяндау стиліне көңіл аударыңдар!
6. Қазақтың халық әндерін (әсіресе, әнші Әміре салған әндерді) тыңдаңдар.

КҮН МЕНІКІ

(«Күнікейдің жазығы» повесінен үзінді)

Күнікей ойысып барып бедеуін тежеп, шашыраған етегін жинап, көшке қараса, қара бәйбішенің пәуескесі көш алдына түсіп қалған екен.

Қара бәйбіше көштің қыр соңынан жөнелсе де, божы ұстаған жалақ Нөкені «Айда, айданың!» астына алып, жолдағы сиыршыларды бүйірден түртіп домалата, қос құласын шаптыра, желдірте, көптің алдына түспей көңілі көншімейтін.

Күнікей озғанына мардымсып, қоқиланып бұрылады да, қара пәуескені көргенде жүрегі зырқ ете түседі. «Мына тажалдың көзі тағы шалып қалмаса игі еді» деп қауіптенеді. Күнікейдің бағына қарай бұл жолы қара бәйбішенің қанталаған ала көзі сүмектей боп танауратқан тор бедеуді шала алмай қалды. Өйткені пәуескенің ернеуіне еңсеріле асылған бәйбішенің көзі көште келе жатыр еді.

Неге десеніз Ордабайдың үш баласы үш ауыл ғой. Олар бәйбішеден. Қара бәйбіше – Ордабайдың тоқалы. Бәйбіше өліп, өзінен екі ұл, үш қыз туған соң, бұ да бәйбіше атанған. Сөйтіп Ордабайдың төрт ауылы бірге көшетін. Бәйбіше балаларының көші бұрын жөнеліп,

озып кетсе, қонғанша қара бәйбішенің аузында дамыл болмайтын. Бұл жолы да Ордабайдың үлкен баласы Омардың көш алдына түсіп, көрші Көшербайдың жырық кемпірі күндігі қақайып, ала биені тебініп, жырық сары атанды қарсы алдына салып, шуда қақтырып, жеткізбей келеді екен. Олардың қыз-келіншек, құлшылары да қара бәйбішенің сырын біліп алған ғой: көштің ауған-қалғанын ат үстінен түзеп, қасақана айдағып келеді екен.

Манағы атына міне алмайтын кертанау мықыр Тұрсынға:

– Әбілет-ау, атың жүрмей келе ме? Неғып бақайын қыбырлатып келесің? Өлімтік қолына шыбық та түспегенін қарасайшы!... – деп қара бәйбіше зығырданып шабынса да, көштің орта кезіндегі қырсау қара атан мұрны созылып ауырған соң, «Не де болса бәлесін бір-ақ көрейін» деген немеше кенжең етіп, бас жібін (бұйдасын) шарт еткізді.

– Ай, ай! Ана ақ шелек тағы қалды! – деп түйе басын тартқан түйеші Дүйсенбай кейіп, баж ете түскенде, көш жетелеп келе жатқан Тұрсын бұрылып аялдайын деп еді, қара бәйбіше одан жаман шарылдап:

– Тоқтатпашы көшті, тоқтатпа!... – деп ойбай салды.

Со кезде Күнікей пәуескенің ар жағын орағытып, көштің тасасымен қыздарға барып қосылды. Апасының бәсекесін жаттаған Шәмши де арттағы бір бунақ көште қара інгенді борбайға шырылдатып ұрып келеді екен. Жанынан Күнікейдің өткенін байқаған жоқ.

Артқы көштің деңгейіне келгенде бос жүруге арланып, бір жағынан, «Бұ да болысып келеді екен» десін деп, Күнікей тартынып қалған бір түйеге жанаса кетіп, бас жібін іліп алды да, естісін дегендей: «Әйтшу, әйтшу» деп дауысын шығарды. Шәмши артына қарап: «Ей, Күнікеймісің? Тірке!» деді. Күнікейдің «немқұрайды» ғып, өтірік жарамсақтанып келе жатқанын қайдан білсін. Шәмшидің жүзінде зіл көрінбегенге Күнікейдің де көңілі жайланайын деді. «Бай балаларының бәсеке таласқаны

мұндай жақсы болар ма? Бізге жалынышты болды ғой. Бізсіз бұлардың күні бар ма...» дегендей ой келді. Күнікей түйені тіркеп, тақиясын түзеп киіп, оң жағына қарағанда Ордабай айналасының барлық шаңырағынан да үлкен, күлімдеген қызыл жақұт күн көктің бір өңірін сары алтынға малып, екі түйенің арасынан абажадай боп адырдан суырылып келе жатыр екен. Мана Арқалықтың басын жалап тұрған алтын сәуле заматта ылди біткенге шашырап, ол сәуленің жуан ортасында Күнікей де келе жатыр еді. Өңі қашып тұрған көк шөп, қызылды-жасылды, сарылы гүлдер де аты бәйгеден келгендей ажарланып, жылтырап, құлпырып ала жөнелді. Шарықтаған сайын үндеткен бозторғайдың шырылы, боталардың қоңыраудай сыңғырлаған жіңішке сұлу, қаяусыз зары, еселерінің ауық-ауық қоңырлата бастап, қоюлата көтеріп, бір жоғары, бір төмен толқынтып, жіңішкерте, сүмірейте созып: «У-у-у-һ» деп барып басылған ырғалаң боздасы сайын даланы жаңғырықтырып, өз алдына бір гөй-гөй тартып, біріне-бірі ұласып, қызғыштай қытқылдап, қырғидай шықырлап бара жатқан арбалардың шиқылы: «Апа, деймін, бауырсақ, ірімшік...», деп кебежеден басын шығарған қара қожалақ жас балалардың ызындаған қыңқылы – бәрі де бүгін Күнікейдің жанына майдай жағып, дүние өзіне бола жаралғандай, алтын күн өзіне бола туғандай көрініп келеді.

Күннің мұндай айбынды, сұлу екенін Күнікей бұрын көрсеші! Мына күн тап өзінің, өз үйінің күні тәрізді. Жып-жылы, жап-жарық!

«Әйтшу, әйтшу, мойнағым! Шырла-шырла торғайым! қарның ашты-ау ботақан! Мә, ірімшік берейін, қоя қой енді, қалқатайым!... Әлі-ақ ауыл қонады, ашқан қарның тояды...» деп ойлағанда, бала күнде ауыл көшкенде айтатын:

*Ертең ауыл көшеді,
Түндік бауын шешеді.*

*Қара қойым қашады,
Құмалағын шашады, –*

деген ойыншық өлең есіне түсті. Күнікейдің балалығы ұстап кетті: бозторғайша аспанда қызыл гүлді, алтын күнді мадақтап ән салғысы келді. Сол кезде іркіс-тіркіс түйелер де біріне-бірі жалғанып, қатар түзеп көш сәніне кірді. Қыз-келіншектердің қолы босап, бастары қосыла бастады. Тыржыңбайдың қызы:

*Жосалының басынан жоса алмадым,
Жорға мініп алдыңнан тоса алмадым... –*

деп, «Ай-ай, сәулем» деген әнді жөндеп сала алмай ыңырсып, әуре ғып келе жатыр екен. Күнікей мұрнын тыржитып жаратпады. Айтты-айтпады, қазір сондай жай қоңыр, шобыр ән салатын шақ па? Қорқалақтай шыңырлатып, бозторғайдай шырылдатып, шырқап, қалықтатып, сорғалатып салатын шақ емес пе?

Қыздардың ортасына Шәмши де кірді. Көшін жөндеп оздырғанға көңілі демегені ме, кім білсін.

– Е, ән салып келесіндер ме? Кәне айтындаршы? – деді. Байдың қызы жоқты ыңырсып келе жатқан қыздар:

– Ойбай-ау... Жоқ... әншейін... – деп, құты қашып, дымын қоя қойды.

«Өңшең шірік күн! Онысы несі? Салмайтын несі бар? Саған бола ма, өзіме бола саламын» деген кісіше, көңілі тасып келе жатқан Күнікей ешкім «айт» деместен:

*Бауырында Шұбартаудың қос балапан,
Сол таудан дария толқып су тараған.
Сұлу қыз, әсем жігіт – бәрі сонда,
Сол арадан а, ай әкуда-дай... –*

деп, сайын даланы жаңғырықтырып, көшті басына көтеріп, сұңқылдатып қоя берді. Қыздар: «Мынау қай жақтан шыға келді?!» дегендей ауыздарын ашып қарай

қалды. «Өзімді қошемет қып, ән салды ғой» деп, Күнікей бір ауыз өленді бітіре бергенде Шәмши бір қопарылып, мойнын бұраң еткізіп:

– Әй, Күнікей-ай! Сен бір жанып тұрған отсың ғой! Е, көңілашар деп осыны айт! – деп көпшіктеген болды. Өйткені бұрынғы көште бүйтіп суырылып соғып жіберетін қыз қасында болмаушы еді. Күнікей Шәмшидің ол қошеметіне құлақ қойған жоқ, жүдемелете-жүдемелете 2–3 әнді тастап жіберді. Сол-ақ екен:

Біржанның төңкерілген даусымен, «Ешкі өлмес ел жиылды бауырында!...» дегендей-ақ Күнікейдің аққудай сұңқылдап, күмістей сыңғырлап, бұлақтай сылдырап, бұлбұлдай құбылтып, бұлғындай жұтынып, жүйкені босата, сүйекті шымырлата сорғалатқан, кестедей нақысты, ботадан сүйкімді, балдан тәтті, күндей сұлу әніне көш басындағы қыз-бозбала, қатын-қалаш жиналып қалды.

– Е, базар мұнда екен ғой!

– Көп жаса, шырағым!

– Қалғып-шұлғып келе жатқанда, ұйқымызды шайдай ашты ғой... Ой, тілеуін берсін!...

– Тағы да, қарағым, тағы да... – десіп қатындар көтерілмей:

– Шешесі Шекер ғой! Бұ қыз тегін өледі деймісің?... – деп аңыз қылысты.

Астындағы торы бедеудей, бауыры жазылып алған Күнікей құдай берген өнерді аясын ба? Жұрт анталап, топ көбейген сайын аруақтана, дәуірлете соқты, делебесі қозған бір-екі қыз да Күнікейге қосылып кетті. Күнікей бірталай айтып, айызын қандырған соң, ерігіп келе жатқан жұрт:

– Ал, бозбалалар, сендер де айтындар! Қыз екеш қыз да айтып келеді, – деп кеу-кеулеген соң Мұсатай, Әйтiкeн сияқты бозбалалар да керіліп, ырғаландап көзін ашып-жұмып, айғайды салып, бүгінгі көшті ойын-сауық қылып жіберді. Сауықтың арты «ұйқы ашарға», «аударысқа»,

«көкпарға» айналып, жұрт дырду-думанмен қонар жерге келіп қалғанын да білмеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Әңгімеде көш жайы қалай суреттелген?
2. Қазақ халқы қандай жағдайларға байланысты көшкен?
3. Күнікейден қандай ерекшеліктерді байқадыңдар?
4. Көштің сән-салтанаты мен қызығы кімдердің үлесіне тиеді? Бейнетін кімдер көреді?
5. Көлемді шығармалардан үзінді болғандықтан «Күн менікі» дегенмен, басқа да лайықты ат қоюға болатынын дәлелдеңдер.
6. Әңгімеден өлең үлгісімен ұйқасып келетін жолдарды табыңдар да, оның жазушының өзіндік ерекшелігі екенін ескеріңдер.

ЖАНР

Жанр деген сөз – французша *genre*, латынша *generis* – түр, тек – деген мағыналады білдіреді.

Жанр – өнердің барлық түрлерінде тарихи қалыптасқан іштей жіктелім жүйесі. Жанрлық жіктелім әрбір өнер түрінің ерекшелігіне байланысты өзіндік жанрлық жүйе құрайды.

Музыкадағы «ән», «күй», «романс», «симфония», т.б. жанрлар бейнелеу өнеріне тән емес, бейнелеу өнерінде «натюрморт», «пейзаж», «портрет» сияқты т.б. жанрлар болса, әдебиетте «айтыс», «жыр», очерк, «әңгіме», повесть, «роман», «эпопея», т.б. жанрлар бар.

«Жанр» сөзі француз тілінде «тек» деген ұғымын береді. Сондықтан да эпос, лирика және драманы ерте-ректе жанр деп атаған.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН

(1894–1938)



XX ғасыр қазақ әдебиетінде жаңа дәуірді жанаша жырлау, заман шындықтарын тың образдармен, жаңа теңеулермен бейнелеу міндетін абыроймен орындаған, қазақ поэзиясында дәуірдің өзгеше шындығын көрсетіп, жаңа әдеби дәстүрдің негізін салған – Сәкен Сейфуллин болды.

Ол 1894 жылы бұрынғы Ақмола уәлаяты, Ақмола уезіндегі Нілді болысында дүниеге келген. Бұл қазіргі Қарағанды облысындағы Жанаарқа ауданы. Жастайынан баласын әкесі – Сейфолла, анасы – Жамал, оның есімін «Садуақас» деп қойса да, оны еркелетіп, «Сәкен» деп атап кетеді.

Сәкеннің сөзге дес бермейтін шешендігі мен домбыра тарта білетін шеберлігі, саятшы-аңшылығы, сымбаттылығы ел арасында аңызға айналып кеткен.

1908–1913 жылдар аралығында Ақмоладағы приходская школада оқып, кейін үш кластық қалалық училищеде оқиды. 1913–1916 жылдар арасында Омбы қаласындағы мұғалімдер семинариясының студенті болады. 1914 жылы Қазанда «Өткен күндер атты» тұңғыш өлеңдер жинағы баспадан шығады.

Алғаш Ақмола уезіндегі Бұғылы деген жерде мұғалім болып қызмет атқарады. Жастарды оқуға, білімге үндейтін «Жетімге», «Мұра», «Інішегіме», «Түс», «Кім басшы аға халыққа» деген өлеңдер жазды.

Ақынның табиғат туралы өлеңдері мен махаббат жырларынан Абай әсері анық сезіледі. Сәкен табиғатты ел өмірімен, олардың тіршілігімен, халыққа азаттық

тілеген өзінің арман-қиялымен байланыстырады («Май айында», «Жаңа жыл»).

«Далада», «Қырда» атты өлеңдерінде ол табиғатпен сырласа отырып, халық күйзелісін байқатады. Халық аңыздарын жинап, зерттеп отырып «Көкшетау» поэма-сын жазды. Поэма – бүкіл қазақ поэзиясындағы шоқтығы биік, көркем шығармалардың бірі.

Сәкен Сейфуллиннің «Бақыт жолында», «Қызыл сұңқарлар» пьесалары, «Айша», «Жер қазғандар», «Жемістер» повестері және «Тар жол тайғақ кешу» мемуарлық романы бар.

СЫР САНДЫҚ

(Досқа жазған хаттан)

Шыр айналар шіркін тауық,
Жемің болса қолында.
Қайдағысы сені тауып,
Топырлайды жолында.

Досыңмын деп ант береді,
Жем іздеген жанама.
Жем тауылса жалт береді,
Сенерлік дос санама.

Нағыз достар бір-ақ қалып,
Шындап берік сүйіскен.
Бір-біріне сыр ақтарып,
Сыр түйінін түйіскен.

Әр адамның ішкі сыры –
Берік қойма сақталған.
Сол қойманың бір түкпірін
Достың досы ақтарған.

Кейде ашуға сол түкпірді,
Іздейді жан жақынын.
Шертеді жан сырлы жырды
Сырлас жанын шақырып.

Тыныс керек кейде жанға,
Кейде жанға ән керек.
Күй шертуге анда-санда,
Сырласарлық жан керек.

Ішкі сырды мысал етіп,
Біраз ғана жырлайын.
Суреттеуге тауға кетіп,
Суретті ептеп сырлайын..

Сарыарқаның бір тауы бар
Бір тауы бар сымбатты.
Сол таудан сен сыр тауып ал,
Сыр тауып ал, қымбаттым.

Қалың зеңгер, құзды шаттар,
Құзды шаттар қалың ну.
Сарқырайды мұз бұлақтар.
Мұз бұлақтар у да шу.

Нуда бір шың тіп-тік, сұңғақ,
Тіп-тік, сұңғақ бір биік.
Шын суреті бейне жұмбақ,
Тұрғандай көп сыр жиып.

Шынды айналған құзды шаттар,
Құзды шаттар аққан су,
Сылдырайды мұз бұлақтар,
Мұз бұлақтар у да шу.

Сөзім мысал, достым, тыңда,
Тыңда, достым, ойлап ал.
Түрлі сыр бар сол бір шында,
Сол бір шында қойма бар.

Қойма шыңның нақ басында,
Нақ басында қақпасы.
Алтын жазу қақ басында,
Қақпаның тас тақтасы.

Сол қоймада қымбат жасау,
Қымбат жасау сақталған.
Текшелеген сымдап жасап,
Сымдап жасап қақталған.

Бір сандық бар емес төрде,
Емес төрде көрнекті.
Бір түкпірде беті перде,
Беті перде өрнекті.

Бір сандық бар, ол сандықта,
Ол сандықта бір сандық.
Сырдың кілті қолсандықта,
Қолсандықта бір сандық.

Сандық іші қызыл-жасыл,
Жасыл жібек перделі.
Толған қымбат сақтаулы асыл,
Асыл сым бар пернелі.

Сұлу жанды сұлу сүйген,
Сұлу сүйген сыршылым.
Жібек талдап, түйін түйген,
Түйін түйген, түршілім.

Сыр сандықты ашып қара,
Ашып қара, сырласым.
Сым пернені басып қара,
Басып қара жырласын!

Сұлу сымда перне әуені,
Перне әуені жыр айтар.
Көңіл ашар тербеу әні,
Тербеу әні сыр айтар.

Шыққанбыз дос, шыңға талай,
Талай сырды ойланып.
Ақтарарлық алтын сарай,
Алтын сарай қойманы.

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Ақын жалған және адал достықтың айырмасын неге балап, қалай суреттейді?
2. Ақын өлеңнің атын неге «Сыр сандық» деп атаған?

*Сыр сандықты ашып қара,
Ашып қара, сырласым.
Сым пернені басып қара,
Басып қара жырласын! –*

деген шумақты өлең атына қалай байланыстырар едіңдер?

3. Өлеңде ақын жанының абзал мақсаты, ішкі нәзік сезімі, сарқылмас ой ағыны нелерге теңеп сипатталған?
4. Ақын сырын ұғу үшін сезім қоймасынан нені, қалай іздеу керек дейді?
5. Өлеңдегі «Сарыарқаның бір тауы бар» деген сөздерді кімге баламалауға болар еді?

БАЯНДАУ

Жазушы өз шығармасына өзек еткен нәрсені, ол жөніндегі ой-пікірін жай ғана хабарлай салмайды.

Бұларды оқушы жұртшылыққа көркем түрде әңгімелеп жеткізу үшін **баяндау**, **суреттеу**, **диалог** сияқты әдістерді пайдаланады.

Әдеби шығарманың оқиғасын желілі түрде көркемдеп әңгімелеуді **баяндау** дейді.

Шығарманың оқиғасы кейде автордың атынан, кейде шығарманың негізгі кейіпкерлерінің атынан баяндалады.

СУРЕТТЕУ

Жазушы кейде шығарма оқиғасын баяндау барысында, оқиғаның болған жерімен, оқиғаға қатысушы кейіпкерлермен, олардың жеке басына тән өзгешеліктермен, оларды қоршаған ортамен таныстырып өтеді. Бұл көбіне **суреттеу** жолымен жүзеге асырылады.

Мысалы, «Бандыны қуған Хамит» әңгімесінде жазушы оқиға мезгілімен байланыстыра күзгі табиғат суретін береді.

Сөйтіп, осы арқылы күзгі күннің табиғат суретін жанды түрде көзге елестетеді.

Бұл сияқты табиғат көркін суреттеуді **пейзаж** дейді.

ДИАЛОГ

Шығарманың ішкі мазмұнын ашуда қатысушылар сөздерінің үлкен маңызы бар. Шығарма кейіпкерлерінің өзара кезектесе сөйлеуі **диалог** деп аталады.

Диалогтың тамаша үлгісін Б.Майлиннің «Ыбыраймыз, Ыбыраймын» өлеңінен көруге болады. Әдеби шығармаларда баяндау, суреттеу, диалог аралас келіп отырады.

ІЛІЯС ЖАНСҮГІРОВ

(1894–1938)



XX ғасыр қазақ әдебиеті тарихында ерекше орны бар, өзінің өрен талантының қырларын аша білген, үздік көзге түскен ақынның бірі – Ілияс Жансүгіров. Ол 1894 жылы қазіргі Талдықорған облысындағы Ақсу ауданында дүниеге келген.

Ілияс Жансүгіров тамаша табиғат аясында, өнер мен таланттар мекенінде жастайынан ән мен жырды, күмбірлеген күйді тындап, олардың адам өміріндегі маңызын ұғынып өседі. Болашақ ақынның туған жері бір жағы тау, бір жағы кең жазық дала болған. Ол туып өскен жерін «Отарба» деген өлеңінде ыстық сезіммен әдемі суреттеп:

*Ағыны боран ұлы өзен,
Ақ дауыл аспан аш кезең,
Қарта-қатпар бұйра бел.
Жыңғылы жыныс, жиделі ой –
Ой-қой, біздің мекен гой, – дейді.*

Төрт жасында анасы қайтыс болады. Әкесі Жансүгір ескіше сауатты болған. Әкеден өнеге тартқан бала Ілияс Базар жыраудың, Шернияздың, Ақансерінің өлеңдерін, Біржан мен Сараның, Әсет пен Рысжанның, Шөже мен Кемпірбайдың, Жанақ пен Түбектің айтыстарын ауыл адамдарына оқып беріп, кейін оларды баспасөзде жариялаған.

Ілияс алғаш әкесінен хат таниды. Онан соң ауыл молдасында оқып, сауатын ашып, Қарағаш деген жердегі

бастауыш қазақ-татар тіліндегі мектепте оқуын жалғастырады. Есейген кезінде Ташкенттегі екі жылдық мұғалімдер даярлайтын курсты бітіреді. Ташкентте әрі оқып, әрі «Ақ жол» газетінде қызмет істеп жүргенде, өлең жазуын жалғастырып жүреді.

Ілияс Жансүгіровтің алған білімі тым аз болса да, ауыз әдебиеті үлгілерінен терең сусындады. Абай поэзиясына айрықша көңіл бөледі. Еңбектенудің нәтижесінде жүйрік ақын атанады.

Аса талантты Ілияс Жансүгіров «Дала», «Күй», «Құлагер», «Күйші» сияқты поэмалары, көптеген лирикалық өлеңдер, «Кек», «Түркісіб», «Исатай-Махамбет» пьесаларын, «Жолдастар» романын жазды.

Мәселен: Күйшіні Қарашаш сұлу хан Кенеден сұрап алғанда, Кене хан оған:

*Осы ма сұрағаның, Қарашашым!
Қаласа қалағанын алсын, алсын!
Үйсіннің ерулігі болар бізге,
Бергенім басы бүтін байлап басын, –*

дейді. Онан соң ханша қолында торға түскен торғайдай болып, ауыр азаптар көрген тұтқын күйші:

*Адамның азат басы дәулет екен,
Өзінде ердің еркі сәулет екен.
Қақпасын хан Кененің келіп бастым,
Құрылған маған арнап нәубет екен.
Баласы Абылайдың Кене ме екен?
Сорыма Құдай айдап келген екен.
Нашарың қанын сорып, жанын жеген,
Хан емес, қара қабан деген екен, –*

дейді.

Алғаш әдебиет майданына ақын ретінде кіріп келген Ілияс Жансүгіровтың, аса тамаша поэзиясы мен кемел прозасы, драмалық шығармалары мен сын мақалалары ХХ ғасыр қазақ әдебиеті тарихында ерекше орын алады.

ЖАС БҰЛБҰЛДАРҒА

Ал сайра, жас бұлбұлдар, мұнды үнмен,
Көңілің көтеріңкі көгілжімнен,
Еркін таң, маңайға жан көз тігіп тұр.
Сайра әнмен, сайра күймен, сайра мұңмен.

Қара құс, Қаршығаның қанаты жоқ...
Солқылдат, қауіпің жоқ енді ешкімнен.
Солқылдат, бақытыңа кез болып тұр,
Зарыққан неше жылғы қызыл гүлден.

Жас бұлбұл, құлағыңа салдым мұны,
Халыққа айт, білдір, сайра алдыңғыны.
Ем болсаң ғарып көңіл нашарларға,
Жабығып жатқан жалпы жарлық міне.

Солардың мұңы менен мұқтажын айт,
Атқанын қышқыр еркін таңның міне.
Көргенді, көк қанатты, күйлі құсым,
«Бос сөз» деп көре көрме қалжың мұны.

Қайыспас қанаттарың қия тастан,
Құтылдың сусыз шөл мен қу ағаштан,
Қарасаң жанның бәрі кетіп жатыр,
Қу шөлден, қараңғылық тұман басқан.

Дауыстап «ел мұндалар», ер таба алмай,
Адасқан таянып тұр өлуге аштан.
«Солардың маңайына тартады» деп
Сайрасын дейтұғын сөз қарлығаштан.

АҒЫНДЫ МЕНІҢ АҚСУЫМ

Ағынды менің Ақсуым,
Арқырап әлі ағасың,
Ақиланған ашумен,
Ақтарды асқар сабасын.
Тас тарпуын, шаншуын
Қарасаң қайран қаласың,
Жалғыз жазғы бір кеште,
Жағаладым жағасын.
Тұнжыраған торғын түн,
Төндім сұлу суына.
Таңырқап тау-тас тамсанып,
Жымиды жұлдыз мұңыма.
Сүмиген сүңгі сұрша тал,
Шомылды таудың суына,
Таймандаған тайпақ ай,
Желегі ме, туы ма?
Шүйке шарбы бұлтты
Қалақай қалды қылмия.
Аспанда, ай алтын құшағы,
Қусыра қайың құшады.
Қарамай қайың қалайша?
Қауқимамай құшсын бұтаны.
Қайың мен сәуле сүйісіп,
Сүймегенді нысабы.
Итмұрыны мөлдіреп,
Қудырлап қоңыз ұшады.
Бауырлаған ағынның
Сумандап суы сылдырайд;
Құдифан қоңыр құрақтың
Саусағы су судырайд;
Суға төнген бір шыбық
Дірілдейд, суда сырылдайд;
Оған қонған бір шымшық
Шиқ-шиқ етед, шырылдайд...

ЖАЗҒЫТҰРЫМ

Ой, балалар, балалар!
Жылы-жылы жел соқты,
Жылғалардан су ақты.

Қаңқыл-қаңқыл қаз кепті,
Жер қарайды – жаз кепті.
Желкілдейді көк майса,
Желіндейді мал жайса.

Ауыл көшті қыстаудан
Әне, апамдар қой сауған.
Құс ұясын түзеді,
Тайымды ағам күзеді.

Ел ешкісін қырқыпты,
Егіндерін жыртыпты.
Ой, балалар, балалар!
Ойналық та күлелік,
Қос басына мінелік.

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. *Ілияс Жансүгіров өлеңдерін кімдерге (неге) арнаған?*
2. *Ақын өлеңдерінен туған жер табиғатын аңғарыңдар.*
3. *«Жас бұбұлдарға» өлеңі кімдерге арналған?*
4. *Бұрын оқып, талдаған өлеңдеріңмен үндестігі бар ма? Мысалы, Абайға жақындығы, айырмашылығын айтып бер.*
5. *Ақын «Жазғытұрым» өлеңінде не жайында жырлайды?*
6. *Ақын өлеңдерінің тақырыбын, айтайын деген ой-түйінін ашыңдар.*

ТАРМАҚ

Жас бұл/бұл, //құ/ла/ғына сал/дым мұ/ны,
Халыққа айт//, білдір, //сайра алдыңғыны.
Ем болсаң// ғарып көңіл //нашарларға,
Жабығып //жатқан жалпы //жарлық міне, –

деген үзіндідегі сөздердің қолданылуында белгілі бір тәртіп, жүйе бар екендігі бірден байқалады.

Ең алдымен, бұл үзінді буын саны мен айтылу ырғағы біріне-бірі ұқсас 4 өлең жолынан, яғни тармақтан құралған.

Әдетте тармақ деп аталатын өлең жолының әрқайсысы мұнда 11 буыннан құралғандығын және айтылу ырғағы жағынан әр тармақтың үш бунақтан тұратындығын байқауға болады.

Оның үстіне, өлеңнің бірінші, екінші және төртінші тармақтарының соңғы сөздері бір-бірімен дыбыстық жағынан үндесе ұйқасып (a, a, b, b) айтылатын ойды ажарландырып тұр.

Ой, балалар, балалар!	
Жылы-жылы жел соқты,	а
Жылғалардан су ақты.	а
Қаңқыл-қаңқыл қаз кепті,	б
Жер қарайды – жаз кепті.	б

Бұл өлеңнің алдыңғы қаратпалы сөйлемнен басқасы түгел егіз ұйқасты екі тармақтан құралған.

Өлең буын санына, ұйқас тәртібіне, шумағына, **бунақтарға** қарай алуан түрлі болады.

Әдетте өлең жолдары буын саны, тармағы, ырғағы мен мағынасы жағынан және ұйқасу үйлесімі жағынан жеке жүйе құрайды. Бұл өлеңнің **шумағы** деп аталады.

Шумақ – тармақтардан, яғни өлең жолдарынан тұрады. Тармақ өз ішінен **бунақтарға** бөлініп, олар өлең ырғағын тудырады. Тармақтың соңғы сөздерінің дыбыстық жағынан үндесуін **өлең ұйқасы** деп атайды.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ

(1897–1961)



Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің есімі қалың жұртшылыққа кеменгер жазушы, ғұлама ғалым, дарынды педагог-ұстаз, белгілі қоғам қайраткері ретінде әйгілі. М.Әуезовтің жемісті әдеби-ғылыми еңбегі үлкен екі арнаға бөлінеді. Біріншісі – абайтанушылығы, екіншісі – фольклортанушылығы.

Мұхтар Әуезов 1897 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында дүниеге келген. Әкесі Омархан да, атасы Әуез де ескіше хат танығандықтан, Мұхтардың оқуына айрықша көңіл бөлген. Мұхтар сауатын атасы Әуездің үйретуімен арабша хат танудан бастайды.

Ол 1917 жылы Семейдегі мұғалімдік семинарияда оқып жүрген шағында, яғни студенттік кезінде-ақ, қазақ ауыз әдебиеті үлгісі негізінде «Еңлік – Кебек» атты драмалық шығармасын жазады. «Қорғансыздың күні», «Ескілік көлеңкесінде», «Барымта», «Қыр әңгімелері», «Жетім», «Қыр суреттері», «Қараш-қараш», «Қаралы сұлу» сияқты прозалық туындылар және 1926 жылы «Қаракөз», «Бәйбіше – тоқал» секілді пьесалары алғашқы кезеңдегі шығармалар қатарынан орын алады.

Мұхтар Әуезов 1922–1923 жылдары Ташкентте қазақ тілінде шығатын «Сәуле», «Сана», «Шолпан», «Еңбек» сияқты журналдар мен «Ақ жол», «Жас қайрат», «Жас алаш» секілді газеттерде жұмыс істеп, осы басылымдарда «Түнгі ауыл», «Қысты күнгі далада», «Кешкі дөн

басында», «Сыбанның моласында», «Қысқы түн», «Сөніп-жану», т.б. әңгімелері жарық көреді.

XX ғасырдың 20-жылдары қаламгердің қаламынан дүниеге келген бір топ шығармалары ішінен «Барымта», «Жетім», «Ескілік көлеңкесінде», «Қорғансыздың күні», «Жуандық», «Кім кінәлі» сияқты т.б. көркем туындыларын атап өткен жөн.

Мұхтар Әуезов XX ғасырдың 30-жылдарының орта шенінен бастап, драмалық шығармалар жазуға ерекше көңіл бөліп «Айман–Шолпан», «Түнгі сарын», «Бекет», «Ақ қайың», «Тартыс», «Тастүлек», «Алма бағында», «Шекарада», «Қарақыпшақ Қобыланды» атты пьесаларын жарыққа шығарды.

Мұхтар Әуезов дүниежүзіне әйгілі төрт томдық «Абай жолы» роман-эпопеясының авторы ретінде танылды.

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында, XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамында кең өріс алған күрес-тартыстар, жер дауы, жесір дауы, барымта, үстем тап иелерінің зорлық-зомбылықтары, кедейлердің аянышты тұрмыс-тіршіліктері, ұлы Абайдың өмірі, ақындығымен қабаттаса суреттелген.

Мұхтар Әуезов өмірінің соңғы сәттерінде «Өскен-өркен» романын жазып, аяқтай алмай, 1961 жылдың маусымында өмірден озады.

Ұлы суреткер қырық бес жылдай көркем шығармашылықпен шұғылданады. Прозалық, драмалық, сын-зерттеу еңбектерімен, аудармаларымен қазақ әдебиетін әлемге танытты.

Мұхтар Әуезовті, XX ғасыр қазақ әдебиетін әлемдік деңгейде танытқан шығармасы «Абай жолы» роман-эпопеясы болды. Ұлы суреткер осы шығармасын жазуға дейін, оның бастау бұлағы ретінде, 1934 жылы өзінің «Татьянаның қырдағы әні» атты әңгімесін жазған болатын. Содан соң, 1939 жылы белгілі орыс жазушысы Леонид Соболевпен бірге «Абай» трагедиясын жазды.

Қорыта айтқанда, ұлы суреткер өзінің прозалық, драмалық, сын-зерттеу еңбектерімен, кең тынысты кемел аудармаларымен қазақ әдебиетінің дамуына аса мол үлес қосты. Нәтижеде, дархан дарын, ғұлама ғалым бүкіл саналы өмірін, күш-қайратын ұлы Отанына қалтқысыз қызмет ете жүріп, Қазақстанда Абайтану ғылымының негізін салды.

Сөйтіп Мұхтар Әуезов, XX ғасыр қазақ әдебиетін ерекше бір серпінді әуенмен тым биікке көтерген тамаша прозаик, кемел драматург, талантты аудармашы, ғұлама ғалым ретінде жан-жақты таныла түсті. Өйткені, оның прозалық, драмалық, сын-зерттеу еңбектерінсіз, XX ғасыр қазақ әдебиетінің даму тарихын, өсу, кемелдену жолдарын атап өту керек емес.

КӨКСЕРЕК

(Әңгімеден үзінді)

I

Қараадырдың қарағанды сайы елсіз. Айналада қабат-қабат шұбар адырлар. Жақын төбелердің барлығына аласа боз қараған, тобылғы басқан.

Сай бойында май айының салқын лебі еседі. Бастары көгеріп, бүрленіп қалған қалың қараған жел лебімен сыбдыр-сыбдыр қағып теңселіп, ырғалып қояды. Маңайдан жуалардың, жас шөптердің иісі келеді.

Ұзын кең өлкені қаптай басқан қарағанның ортасында да терең құзжар бар. Соның бас жағында итмұрынды қалың жыныстың арасында қасқыр іні бар. Жақын елге мәлім ескі ін. Жазғы салымнан бері соны екі қасқыр келіп мекен етті. Бұрын итмұрын жанындағы кішкентай алаңда кендігі кісі сыйғандай үш үлкен ін болатын. Биыл жас топырағы жағасында дөңкііп, тағы бір жаңа ін шыққан. Бәрінің ауданы бір, жер астынан қатынасы бар.

Маңайы қасқырдың ойнағы. Жас шөптер басылып, тапталып қалған. Жақындағы қарағандарға қасқырдың ақ жүндері көрінеді. Қыстан қалған түбіті қазір де әр жерде сөйтіп жұлынып қалып жүр. Індердің орта жерінде екі қалың сасыр шайқалып өсіпті. Қазір де соның түбінде қысқы жүні әбден түлеп болмаған ақ қасқыр жатыр. Бауырында кішкене көк күшіктері қыбырлайды. Жарқыраған қызулы күн бойын ерітеді. Көзі бір сығырайып ашылып, бір жұмылып қалғуға кетеді. Иіген емшектері жыбыр-жыбыр тартылады. Төбесінде сасыр шайқалып ырғалады. Маңайдағы қараған мен итмұрын бастары қозғалақтайды.

Бір мезгілде бас жағынан сатыр-сатыр, сырт-сырт ши, тобылғы, қу шөмшектер дыбысы келді де, есін жиғанша бірдеме қасына тасырлатып келіп қалды. Атып тұрды... Бауырындағы көк күшік шашылып-төгіліп, ұмар-жұмар домалап қалды. Тұрғанда «арс» етіп, азу тістері ақсиып ырылдай түрегелді.

Дәл сол кезде түп қарағаннан аса бере, алдына жас қызыл қозы топ ете түсті. Соның артынан секіріп шыққан – көкшолақ. Ендіккен көбік атқан тұмсығымен ақ қасқырды айнала иіскеп, әр жерінен жалап алады. Содан соң жерде үйелеп қалып, тыпырлап жатқан қозыны көре сала «ырр» етіп барып, бас салады.

Қозы екі қомағай ауыздың керісінде қан жоса болып дар-дар айрылады. Сырт-сырт етіп жас сүйек сынды. Қапаш-құпаш қорқ-қорқ етіп қомағай қанды ауыздар асайды. Тұмсығы мен бастары, мойын жүндері қып-қызыл болған қасқырдың жасыл көздері от шашады.

Аз уақытта екеуі қозының орнын ғана иіскелеп қалды. Енді біразда көк шөпте әрлі-берлі аунап-аунап, керіліп тұрып, жегендерін құса бастады.

Алдымен туған, көзі ашылған күшіктер жемденіп жатыр. Ең соңынан туған екі күшік бауырын көтере алмай, тырбындап жатыр еді, енесі оларды бауырына алып емізе бастады.

II

Ертеңіне түсте жат иіс шықты, алыстан әлдеқандай дабырлаған дауыстар естіліп, жақындап келе жатты. Күшіктерді жоталарына тістелеп, індерге тығып-тығып тастап, ақ қасқыр қараған ішіне кірді.

Ін үстіне мүйіз тұяқтар тасырлап дүбірлетіп келді, айқай-дабыр молайды. Бірі үстінен бірі келіп, жиын көбейді. Жерге ат үстінен тастаған ағаштар сарт-сұрт түсіп жатты. Ін аузына екі аяқтылар жыбырлады. Көргіш көздер ін түбіне қадалды. Күшіктер бірі үстіне бірі үйіліп, бауырын көтеріп қыбырлай алмай, жақын жерде жатыр еді.

Жып-жылы мықты тұсаулар мойнынан, жотадан ұстап бар күшікті сыртқа алып шықты. Жеті күшіктің бесеуін көздеріне қарап отырып өлтірді де, екі кішкенесін тірі қалдырды. Кетерде бұның біреуінің тірsegін қиып қалдырды да, екінші біреуін – ең кенжесін алып жүріп кетті. Қалған жалғыз күшікті тістелеп алып, екі қасқыр жоқ болды. Ін қаңырап қалды...

Осыдан соң бір жұма бойы маңайындағы ел күндіз-түні у-шу болып жатты. Қой жараланды. Қозы алып қашылды. Бұзаулар өлтірілді. Далада құлындаған биелердің бірнеше құлындары желінді.

Тұтқын болып кеткен көк күшік ауыл тұрғыны болды.

III

Көзін ауылға келгесін екі күннен соң ашты. Жұрт асырауға көнеді десті. Кішкене Құрмаш Көксерек деп ат қойып алды. Ертеңді-кеш асқұйғыш-итаяқ әзір болды. Бауырын көтеріп, тырбанып жүруге айналған соң, мойнына жіп тағылды.

Үй ішінен шықпайды. Түн баласында Құрмаш қасына алып жатады. Сол үшін кәрі әжесінің қойнынан да шығып

кетті. Бөлек жатады. Қасында не аяқ жағында көрпенің астында Көксерек жатады.

Жаз ортасына жақындаған кез болды. Көксерек үлкейді. Семіріп жонданғандай болды. Бірақ үлкейісі даладағыдай емес, бәсеңдеу. Ауылдағы өзі құрбы күшіктерден сонша үлкен емес.

Бұл уақытқа шейін Көксерек ауыл итінен көресіні көрді. Бірде-бір ит мұны дос көрмейді, маңына жақындатпайды. Қасқырға шабатын батыл төбеттер бұны талап та тастайды. Өзге көп ит те ырылдап үріп, кейде тап беріп әр жерінен тістеп тартып кетеді.

Құрмаш қасында болғанда таяқ жемейді. Бірақ ер жете бастаған сайын бұдан иесі көз жазып қала берді. Сондай кезде Көксерекке ылғи жау иттер кездеседі.

Бір уақыт үлкен үйдің қара ала төбесті онашада бұны алып соғып, көп езгіледі. Бұны талап жатқанын көріп, өзге иттер де келіп шабынан алып, борбайынан созғылап өлтіруге айналып еді. Шаң-шұнмен балалар, үлкендер жиылып кеп, иттерді ұрып, зорға айырып алды.

Бірақ Көксерек әлі күнге ешбір уақытта «қыңқ» етіп ауырсынған дыбысын шығарған емес. Талаймын деп ит ұмтылса, жота жүні үрпиіп тұрып алады. Тісі батып, қирап бара жатса, дыбыссыз ғана езуін ыржитады.

– Кәпір, қырыс, тағы емес пе!? Кеудесін бермейді, жасымайды! – деп ауыл аңыз қылады.

Сонымен қатар Көксерек жайында ауыл-үйдің қатындары әр алуан өсек те таратып жүрді.

– Ұры. Асырасаң мал да болмайды. Тұқымы жау емес пе?! – десті.

Кейбіреулер: «Түнде қозының құйрығын иіскелеп жүреді.

Қойды үркіте береді. Түнде даланы жақсы көреді. Иттен қорыққанынан ғана үйде жатады» деседі. Құрмаш бұл өсектің бәрін елемейді.

Шынында Көксерек тамаққа өлгенше ашқарақ еді. Алдына құйып қойған асты әлі күнге қасында кісі қадалып тұрса, жаламайды, жемейді. Жалғыз-ақ кісі көзі тайса болды, қазір жоқ қылады. Бірақ егер тіпті қарны ашып кетсе, өзіне бермеген асты да жеп қояды. Көрнеу ши ішіне кіріп кетіп, керегеге асулы тұрған ет болса, жас тері болса, қазанда іркіт қатық болса – барлығын да өзінің ыдысына құйып қойғандай көріп, иіскелеп, жалап, жеп кетеді.

Кейде сондай жерде ұсталып, таяқ та жейді. Талай рет оқыста төбесіне таңқ етіп тиген оқтаумен бойын тызылдатып, шыпыртып тиген қамшыны да татты. Бұның жауабы – езуін ғана ыржитады.

Құрмаш қанша тәрбиелесе де Көксерек ұрлық пен адал астың айырмасы не екенін ұға алмады. Біресе өздері беріп тұрып: «Же», – жейді. Біресе сондай тамақты өзі тауып алып жеп жатса, ұрып салады. Сол себепті кей кездер алдына дайындап қойған тамақты да жемей, көзінің астымен жалт-жалт қарап жатушы еді.

Қалай да болса, үзіп-жарып жүріп, Көксерек аш болмайтын. Күнінде екі мезгіл тамақ ішу – мұның шарты болып алды. Екі рет қолдан ас құйылмаса, ол күні Көксерек өз бетімен барып бірдемені жеп жататын.

Осымен жүріп жаз ортасы ауған кезде Көксерек зінгектей көк шолақ қасқыр болып шықты. Енді қара ала төбет те талай алмайды. Жота жүні үрпий, көздері жасылданып, бар тістерін көрсетіп, аузын ақситып ашып жіберіп, тап бергенде талай бұралқы төбет, быжыл қаншық қаңсылай, шәуілдей қашатын болды.

Мынадай кезде Құрмаштың өзі де қорқақтай барып, қой-қойлайтын еді.

IV

Жетілмей келе жатқан тісі ғана. Көксерек арлан еді. Сондықтан бұның бойы биіктене береді. Әлі тұрқы шығып ұзарған жоқ. Барлық жүні қара көк, жотасы күдірейіп, ауыз-омыртқа мен құйрығына шейін тұптұтас болып, күлдіреуіштей бүгіледі. Атылып келе жатқан садақ оғындай үнілген, сүйірленген бір бітімі бар.

Өзі ешкімге ізденіп соқтықпайды. Ит баласына заты қастай, жібімейді. Әлі күнге бір рет жадырап ойнап көрген емес. Татулық жоқ, суық. Жалғыз-ақ атын білетін. Құрмаш пен әжесі шақырса – келеді. Онда да жүгіріп келмей, құйрығын сөлектетіп, бүкендеп қана келеді. Бұны да ашыққан уақытында істейді. Әйтпесе көбінесе анадай жерде қырыстанып, көзінің астымен жалт-жұлт қарап жатып алады. Барып түрткілеп, орнынан тұрғызып жіберген соң ғана үйге жүреді. Өскен сайын сызданып, суықтанып келеді. Сол мінезін байқаған үлкендер:

– Енді бұны өлтіріп, терісін алу керек, осы кәпір түбінде ел болмайды, – дейтін де болып еді. Бірақ Құрмаш көнбеді.

Осымен тағы біраз жүргенде бір күні Көксерек қара ала төбетке майдан берді. Қара ала төбеттің иесі Жұмаш бала жаз бойы Құрмашқа:

– Қасқырың болса қайтейін, менің қара ала төбетім бір-ақ бұрап соғады. Арашаламасан, әлдеқашан өлтіріп тастар еді, – дей беретін.

Бір күні түсте Құрмаш Көксерекке тысқа алып шығып, ас құйып жалатып тұрғанда, анадан шылапшының салдырын естіген қара ала төбет үйдің көлеңкесінен шығып алып, адымды қойып еді.

Екпіндеген бетімен, жолында жасқап тұрған Құрмашқа қарамастан, келе – Көксеректі бүйір жағынан келіп арс етіп, қауып түсті.

Бұрынырақ кезде бұндайда асын тастап, кісіге қарап жалтақтап шығып кететін Көксерек енді зор дауыспен

«гүрр» етіп, қара ала төбетті алқымынан ала түсті. Ұстаған жері құлақ шекеге жақын еді. Төбеттің мойнын бұрғызбастан қапсыра тістеп, жұлқып-жұлқып жібергенде, үлкен төбеттің арт жағы бұлғаң-бұлғаң қағып барып, Көксеректің жанына дүрс етіп, сұлап түсті.

Маңайдан жұрт дабырлап жиылып қалып еді. Көксерек қара аланы тамағынан қысып, буындырып тұрып-тұрып қоя берді де, жотасы үдірейіп топтан шыға берді.

Женген жаудың сығымынан зорға құтылған қара ала қаңсылап жүні жығылып, бір жаққа кетті.

Осы оқиғаның ертеңіне кешке жақын ауыл жанында жатқан қойға қасқыр шапты. Дөң басында қойшының айғайымен қатар ауылдағы кәрі-жас, аттылы-жаяу иттерді айтақтап, түгел жүгіріп еді. Көп ішінде «Көксерек те кетті» деп, Құрмаш та жүгірді.

Бірақ қасқырға ешбір ит жете алмады. Дөң аспай, иттің бәрі де, адам атаулы да тоқтап қалды. Сам жақтағы алыстағы сары жотадан ереуілдеп, екі зор қарайған асты. Ол екі қасқыр еді. Солардың артында тұмсығын жерге салып тоқталмай ағызып, Көксерек кетіп бара жатты. Бір кезде жотадан о да асты. Артынан Құрмаш пен өзге балалар бірі артынан бірі: «Кө-ө-к-се-ре-к!» деп, шақырып айғайлап жүгірді.

Әбден қас қараюға айналған уақытта Көксерек жалғыз өзі баяулап ауылға келді. Бірақ үйге кірген жоқ, анадайда тұрып қайта-қайта шаңдатып, жер тырнайды. Сары жотаға қарап-қарап қойып, әрлі-берлі жүріп жер иіскелейді. Тыныштала алмағандай.

Көксеректің бұл жайын байқап ап, Құрмаштың әжесі:

– Түу, мына кәпірдің екі көзі жап-жасыл болып кетіпті-ау, тұқымын сезген екен мына жүзі қара; қой балам, енді мұны өлтіріп, терісін алайық, – деп еді.

Құрмаш бұл сөзге көнбеді. Бірақ осы кештен екі күн өткен соң, Көксерек бір түн ішінде жоқ болды. Құрмаш қашып кетті деуге қимай, айналадағы шиқарағанды, жар-

жырларды тегіс арылтты. Таба алмады. Осымен жұрттың бәрі кеттіге есептеп қойып еді, үш күн өткенде бір күні таңертең ойда жоқтан Көксерек өз-өзінен сап ете түсті. Құрмаш пен әжесі қасқырдың бұл мінезіне сүйсініп, қуана қарсы алды. Бұл келгенде Көксерек екі бүйірі суалып ашыққан. Өзінің үсті-басы батпақ болып сыбағысқан собалақ жүдеу пішінмен келді. Қайта тұрып қалды. Тағы да бұрынғысынша күйленіп, нық семіріп, енді орасан боп өсе бастады.

Бұл соңғы күйленуі шынымен үлкен қасқыр болып ұлғаюының белгісі еді. Сонысын сезген болу керек, күздің бір қара дауылды қара түнінде Көксерек тағы жоқ боп шықты. Бұл жолғысы шын болды. Енді қайтып оралмастай болып кетті. Сол көк қасқыр саршұнақ пен қоянның көжегі сияқтыны азық қыла жүріп, өлместей болып алды. Қысқа да жеткен еді.

Жарық айлы түнде тұмсығынан бұрқырап бу шығады. Аязды түнде табанының астындағы қар шықыр-шықыр етеді.

Жотадан-жотаға жорытты. Талай жерден қарауыл қарап, желге тұмсығын түсеп, алыстан тартқан бір иіспен жүріп отырып, бір қыстаудың желкесінен келіп шықты. Тау желкесіндегі боз қарағанды, қарлы адырдан әрлі-берлі жүріп көп андыды.

Шашау шыққан мал жоқ. Айналасы қарауытып, қыстау тұр. Бадырайып қараған көздердей болып, әр жерден төрт бұрышты қызыл оттар көрінеді. Пішен төбесі мен қораның ығында жатқан иттер үреді. Сақ, мазасыз...

Бірақ сол қорадан кеш бойы мұрнын жарып өзіне тартқан қой иісі де келеді.

Қораға жақындайын деп еді, көп иттер шулап үріп маңайлатпады. Қатты аяздан тұмсығының ұшы, езуі ашып, шыдатпай тоңа бастады. Табанынан өткен ызғар да аяқтарын қарып, қатырып барады. Қайта жортып адырға шықты.

Алғашқы рет амалсыздан көкке қарап аузын ашып бшқынғанда ішінен зор дауыс шықты. Күтпеген дауыс. Көксеректің ең әуелгі ұлығаны осы еді.

Қарлы елсіз адырды басына көтеріп, дауыс салды. Тынбай, ұзақ-ұзақ ұлыды. Мұның даусы шыққан сайын, сайдағы ауыл жақтан көп иттің арс-ұрс, шәу-шәу етіп үргені естіледі.

Көксерек құйрығын артқы аяғының арасына тығып алып, аш белі бүгіліп, іші қайта-қайта солқ-солқ етіп ұлып тұр еді. Бір мезгілде дәл жанынан өзінің дауысындай дауыс естілді. Ол да дәл осы сияқты...

Көксеректің дауысын есітіп, маңайда жүрген қаншық қасқыр мұны іздеп келеді екен. Екеуі екі беттен бірін-бірі көрісімен қарсы ұмтылысты. Етпеттеп біріне-бірі жақын келгенде «ырр», «ырр» етіп, тістерін тигізіспей қағысып өтісті.

Ашқарақ азулары сақ-сақ етті. Көксерек гүрілденкіреп, маңына көп дарытқысы келмей, әрлі-берлі ортқып түсіп, жылдам оралып, ашу шақырғысы келіп еді. Ал қасқыр айнала қыңсылап бұның ізін иіскеледі. Аздан соң құйрық жағынан бір иіскеп сирағын жалап өтті. Екеуін иістері табыстырды. Көксерек те айнала иіскеді. Бір-бір рет жақтарын жаласты.

Көсіліп алып, сайға қарай салды. Екеуі де енді ширақ, қатты жортады.

Қора жанындағы дүңкиген сары жотаны құлдилап тарта бергенде, қалың жүнді барқылдық қара ала төбет сондарына түсті. Бұл Көксеректің жаз бойы ырылдасып өскен ала төбеті болатын. Қасқырлар бой салып қашқан жоқ. Ақ қасқырды алдына салып, Көксерек арт жағына оңды-солды жалт-жалт қарап, ойға, тасаға таман түсті. Артындағы иттерді ілестірмек болып, үріп қуып келе жатқан ала төбет бұлар ойға түскенде тоқталуға айналып еді. Қалған иттер жота басында серейіп-серейіп тұрып қалып, сол арадан көз жіберіп тұрған. Енді қара ала тоқтауға айналғанда, Көксерек бұрыла сала тап берді.

Ақ қасқыр да айналып жіберіп, ағызып келіп алдына түсті. Екеуінің бетіне шыдай алмай, жалт бере қашқан ала төбет құйрығы шошандап, барбандап бетке қарсы ұзай алмайды.

Ақ қасқыр бұрын жетіп жұлып кетті. Арты көтеріліп барып түссе де, ала төбет жығылмай қарсы қарап, ырылдап тұра қалып еді.

Сол кезде ғана бұларға жеткен Көксерек келе құлақ шекеден қауып түсіп, көз ілескенше қара аланы жұлып соғып, астына жұмарлап басып алды.

Қасқырдың екеуінің де жоталары дүңкиіп, жон жүндері үрпиіп алған. Ауыздары басында қалың жүнге толып-толып шықса да, артынан ыстық қанға, жұмсақ етке, сырт-сырт сынған сүйекке де араласты. Аяқтарының астында ойылып қалған қалың қар бұрқ-бұрқ борайды. Жылы-жұмсаққа тұмсықтары кіріп алып, екеуі де өзге дыбыс шығармай, қорқ-қорқ асайды. Суық қар араласқан жылы тамақты қомағайланып, қылқ-қылқ жұтады.

Аяқтап келгенде, екі санды екеуі ортасынан дар айырып жұлып-жұлып әкетісті. Аздан соң қара аланың қара табандары мен құйрығы ғана қалды. Одан басқа әр жерде шашылған жүндер ғана жатыр.

Екеуі айға қарсы қасқайып, қайтадан Қараадырға тартты. Алдына – Көксерек, артына соның ізімен ақ қасқыр түсіп, адырға кіре бере бір ық жартастың бауырында екеуі аунап-аунап алды.

V

Осыдан соң екеуінің жұбы жазылған жоқ. Қасына серік ергеннен бері Көксерек зорайып қатты өсті. Аяқтары жуандап, жүндерінің бәрі де қалындап ұзарып, өзі жуан, өзі мықты көкжал болып алды. Қыс іші болса да жоны шығып, алқымы түсіп семіріп кетті.

Оның есесіне белгілі аты-шулы екі қасқырдан Қараадырдың іші-тысындағы ел түгел көресіні көрді. Даладан қойшы алдынан қой тартып жейтін, жайлаудағы сиырға

шауып, тайыншадан бастап үлкен сиырға шейін жейтін – осы екеуі. Ақпан, наурыз кезінде үш-төрт түйе де желінді. «Кісіден қорықпайды. Әсіресе, бір көк шолақ бар. Қойды алып соғып жарып жатқанда, қасына сойыл салым жерге келгенше қашпайды. Даладағы қойға тигенде, әуелі біреуі келіп шабады, соған қойшы алданып жүргенде, бір жақтан келіп екіншісі шабады», – десетін болды.

Боранды, аязды түндерде бірен-саран қораға түсіп көрді. Бір кедейлеу ауылдың қой қорасына түсіп, он шақты қойын жалғыз Көксерек өзі өлтіріп, құтылып шыққан уақыты да болды. Бірнеше ауылдың «Қасқырмен таласуға жарайды – ер, сақ» деп жүрген әлденеше иттері де желінді.

Және шірет жасағандай, Қараадырдың қыстауларына кезекпен соқтығады. Бірер күн бір-екі ауылдың айналасында қатты қимыл қылып жүріп-жүріп, соның артынан бір жұма, он күндей бұл маңайда жоқ болып кетеді.

Оның есесіне екінші, үшінші ауылдар әлгінің көргенін көріп жатады. әр ауылдың тұстарында өздерінің көрініс беріп келетін қарауыл жоталары, жылғалап келетін сай, өзендері бар. Торуға мезгіл таңдамайды: таңертені, түсі, түні – бәрі-бір. Күніне бір мардымды жем алмай, қанағат қылмайды.

Келгенде: ана кезең жақтан, анау шиден, ана қарағанды сайдан десе сол жерлерден айтқандай шығады. Бұлар айналдырып жүрген елдер малын шашау шығармай, көзден таса қылмай, қия бастырмай-ақ сақайған болады. Бірақ күндіз-түннің бірінде неқылса да бір қапысы болмай тағы қоймайды. Көксерек дәл соған кез келгендей дап-дайын болады.

Қыс қатты. Қар қалың. Қасқырды қар көтереді. Атты көтере алмайды. Сондықтан талай рет ат жаратып, шоқпар қамдап, қуамын деген жігіттер болса да еш нәрсе қыла алмады.

Бір рет ғана белгілі бәйгі жирен атымен Арыстанбек шығып, сондарынан түсіп еді. Оны адырдан-адырға салып, адастырып кетті.

Манайламайтын жерден, алыстан мылтық атып қорқытпақ болғандар да бар еді. Одан да жасқанбады. У салғандардың уларын да жемеді. Ол уларды иттер жеп, қырылып қалған уақыттар да болды.

Мұның бәрі екі қасқыр жайындағы Қараадыр елінің аңызы, әңгімесі еді. Соңғы бірер айдай бір ауылдың кісісі бір ауылға қатынасса, жиын болып көпшілік бас қосса, көп әңгімелері екі қасқыр жайында болатын.

Көксерек семіргенде, ірілеп өскенде – осындай даңқ, атақ ішінде семіріп, өсіп келе жатыр еді.

Осы күйлердің бөрімен қатар, Көксерек оңаша елсізде қатты ойыншы болатын. Түс кезінде, я таңертең бір малды тасада аунатып жеп алып, елсіздегі қашандау жатақтарына қайтады. Сондайда ақ қасқыр жүрістен талып келіп тынығып жатса, Көксерек айналасында қар боратады. Жүгіріп екпіндеп кеп тістеп өтеді. Басынан асып аунап түседі, кейде ақ қасқыр ырылдап тісін сақылдатып, құлағын жымитып, ашумен тап береді. Ондайда Көксерек те қатты қорылдап гүр-гүр етеді. Кейде секіріп кеп: ақ қасқырдың желкесінен қапсыра тістеп алып, қысып тұрып-тұрып барып қоя береді. Екеуі осыдан әрі ұзасып барып таласпайды. Артынан Көксерек қайта ойнайды.

Күн жылына бастады. Бірнеше рет шағырмақ жақсы күндер болып, әр жердің қары тесілді. Ойдым-ойдым қара жерлер көріне бастады.

Жылы күн ұйқыны көп келтіреді, тамақтың артынан бойды көп сергітеді, етті шымырлатады. Ақ қасқыр да ойыншы бола бастады.

Көк молайып жаз шыққан соң, екі қасқырдан Қараадырдың елі сап болды.

Қараадыр сыртында елсізде екі үлкен ащы көл бар. Соның аралығында қалың шидің ішінде ескі ін болатын.

Көксерек пен ақ қасқыр сонда. Жақын жерде – қамыс, одан әрі – көл. Қауіпсіз. Адам көзінен алыс жай, бастап келген – ақ қасқыр.

Бұл кезде Көксерек басқа жақтағы елді ториды. Ақ қасқыр ін маңында болады. Қамыс арасында көп құстардың жұмыртқасын жейді.

Бір күні Көксерек інге салып келіп, аузынан кесек-кесек құйрықтарды құсып-құсып тастады. Бірақ бұрынғы даңқы бойынша ақ қасқыр қарсы шығушы еді. Оны істемеді. Көксерек ін аузын тырналап, шаң боратқан соң ғана сүйретіліп зорға шықты.

Ін ішінен жат иіс сезіп, Көксерек басы мен кеудесін сұғып «ырр» етіп барып, кішкене күйкі, күшікті тістеп суырып алып шықты. Бұл бұны істегенде ақ қасқыр арсылдап тап беріп еді. Көксерек сонда да тоқтамай, көк күшікті жерде жұлқып-жұлқып соғып, қабырғаларын кірт-кірт сындырып өлтіріп тастады.

Бірақ бір емес, екінші, үшінші, тағы әлденешеуі пайда болды.

Аяғында жылыды. Күшіктерді жалап, иіскелеп, кейде қастарына да жатады. Ақ қасқырға жем таситын болды.

Аздан соң серігі қайта қосылды. Көп ұзап шықпайды. Сонда да талай жерге еретін болды.

Бір күні екеуі бір қозыны жеп келе жатыр еді. Індерінің үстінен көп үлкен жаулар кетіп барады екен. Бір-ақ қана күшік қалған, бұралып тұра алмайды, арт жағына баса алмайды. Ақ қасқыр тістеп әкеліп қамысқа тықты. Екеуі қайтадан Қараадырға бет қойды. Жарысып кезек-кезек озысып отырып келіп даладағы қойға тиді. Түн баласында құлын жеді, тай жеді.

Тыным алмай баяғы іздерімен баяғы елді қайта қан қақсатты. Бұрынғыдан жаман құтырды...

Ақ қасқыр ойнамайды, қыңсылай береді. Жесе де семірмейді. Кей уақытта жалғыз қаңғып кетеді. Көксерек артынан іздеп жүріп, зорға табады. Кейде Көксерек

қатты жүріп кеткенде, бұл жүрмей тұрып та қалады. Көксерек қайта айналып келеді.

Кей уақыттар бір-екі күндер аш та қалысады.

Бірақ Қараадыр елі екі қасқырды ұмытқан жоқ. Әлі де болса сол екеуінен көре береді. Енді жер кепті. Жазғытұрғы көкпен семірген желқұйрық айғырлар қайта мінілді.

Бір күні зор қуғын болды.

Үш үлкен жау Қараадырдың ойында тобылғыны шұбардан шығарып алып, екі қасқырды сатырлатып, бастырмалатып қуып берді. Екі айрыла қашты. Ақ қасқырдың желіні түгел қатқан жоқ екен. Бәрі бірдей соның соңына қарай үнілді.

Көксерек еріксіз ойысып келіп, үшеуінің алдына өзі түсті. Екеуі қатар қашты. Беттері Қараадыр еді. Ерікке қоймай, жандай шауып, тауға жібермей қайырып алды. Ал қасқыр ойға қарай қашты. Көксерек ерегісіп тауға қарай тартып еді.

Мұны біреуі ғана қуып, екеуі ананың соңынан кетті. Ықтиярсыз айырылып кетті. Артында жерді дүрс-дүрс басқан қатты тұяқтар бұны, енді ақ қасқырға қоспады. Сонан соң бұл адырға кіріп, бір-екі бел асқан соң қуғыншыны адастырып, құтылып алды. Бірақ серігі жоқ.

Сонымен қуғын күні Көксерек күн бойы ақ қасқырдың ізіне түсіп жортып еді. Бір төбенің бойына келгенде иіс те, із де бітті. Серігінің иісі жоқ, оның орнынан ат, адам иісі мол білінеді. Ағып ұйып қалған қан көрінеді. Азғана иіскелеп бір рет жалап дәмін де көрді.

Түн бойы көп-көп ұлыды, таң атқанша жер тарпып, шаң боратты, ыңырсыды, аунады. Ай астында әрлі-берлі сенделіп, көп аяндап жүрді. Қасында көлеңкесі ғана жүреді.

Тағы да жалғыз жортуылға түсті...

Жаз бойы жалғыз тіршілік етті. Ащы көлдің солтүстік жағын жайлаған бес-алты ауыл Көксеректен тағы да көресіні көрді. Күндіз келіп көл жағасында, қамыста жатады.

Түн баласында бір ауылдың шуын бір ауылдікіне қосып, бықпырт тигендей қылады. Жаздай жеген қозы, бұзауының саны елу-алпысқа жетті.

Екі рет қуғын болды. Бірақ екеуінде де көлге түсіп кетіп, судың тап ортасына барып дүңкиіп жатып алды. Саяз сулы, айналасы зор батпақ, батпақты ащы көл бұған үлкен қорған болып алды. Әсіресе, жаңбырлы, желді түндерде, ай қараңғыда, ақ жауындарда Көксерек қатты құтырады.

Түнгі ауылдың қорасына шапқанда күзетшінің айтағы, иттердің үріп тұрғаны – барлығы да бұған бөгет емес. Кей-кейде ара-түнде жарқ етіп, күрс беріп мылтық та атылады. Даусынан ғана біраз сескенеді. Азғантай ұзап кетеді де, ал тыныштала бергенде қайта соқтығады.

Жасынан бір күнде екі рет жеп ашқарак болып үйренген Көксерек ауылға жақындап келгенде көзі тұнып, есі шығып кетеді.

Сондықтан ауылға тақай бере-ақ ағызып ат қояды. Қораны өрт шыққандай, жер сілкінгендей дүр-дүр еткізіп келіп, қақ жарып шыққанда, аузына кем болса бір-екі батпан құйрық ілінбей қалмайды.

Бұл жазда Көксерек қатты семіз болды. әлдеқашан түлеген тықыр жүн күзелген жылқының жалындай қайратты, қатты.

Денесінің толуы, бойының биіктеуі, қайратының молаюы – биылғы жыл ерекше болды.

Күздің ұзақ таңында бір дауылды қара түнде топ жылқыға араласып еді. Сонда қысырдың семіз асау тайын бастырмалатып қуып жетіп құйрығынан алып табандап тұрып қалғанда, тай тапжыла алмады. Аз тырмысып-

тырмысып тұрып: қоя беріп қалғанда – тай екпінімен барып тоңқалаң ете түсті. Сонда ағызып келіп бас салып, алқымына «гүрр» етіп қаба түскенде, тай көтеріп тұра алмай, Көксеректің астында ажал тапты.

Қайтадан қарлы, боранды қыс келді. Аязды, елсіз ұзақ далаларда аштық түндері басталды. Ашумен жер тарпып, қар боратып, көп ұлыды. Бір мезгілде ай астында ағараң-ағараң еткен көп топты көрді. Бұрылып бір жаққа қарай жалтарғанша, тасырлатып, қар боратып, қасына ағызып келіп қалыпты...

Қалған топтың жалғыз даусыз басшысы Көксерек болды. Іздеп жүріп отардағы жылқыны тауып алды. Тағы да аты шулы тоғыз қасқыр деген даңқы шықты.

Күндіз-түні жылқышы атаулыны күзеттен босандырмай, сонда да дамыл бермей, тай-құнанды жеп тұрды.

Артынан ерген тобы аштық көрген жоқ. Бәрі де жонданып, құтырынып, мықты, жүргіш болып алды. Шетінен Көксерекше батыл. Сол не істесе – соны істейді. Ара-тұра жылқыны тастап, маңайдағы ауылдарға да соғып кетеді. Тоғызы араласқан жерде сел қаптағандай, жау тигендей қылады. Ат, сиыр сияқты ірі қаралар бір-ақ жеммен таусылып, жоқ болып қалатын болды. Бір уақыт керуен жолында да болды. Кешеден бері ас жемей, ашыққан, аяздаған уақыт еді. Жалғыз атты шаналы жүргіншіні қамады. Айналасына қар боратады. Біресе жолына барып жатып алады. Жартысы артына, жартысы алдына түсіп, қашпай, мезгіл сайын жақындап, аян салып отырады.

Есі шыққан керуен, аты жүре алмай қалған соң, айқай салып қашып еді. Атты топтарымен жығып салып, талқандап, өлтіріп, талап жей бастады. Топ осыған араласып жатқанда, Көксерек мұны тастай беріп, қасына бір-екі қаншықты ертіп алып, кісінің артынан қар боратып, бұрқыратып салып еді, жақындап қалғанда, кісі шошып жығылды. Бірақ алдарынан айқайлап, сатырлап шапқан аттылар шығып, айырып алды.

Осыдан соң Көксерек қатты долы, ызалы болып, сызданып алды. Ырқына көнбеген күшіктерді, жүріске ере алмаған қартаң қаншықтарды кейде бас салып талап та тастайды.

Тағы бір ретте қалың шилі қорықта отырған бес-алты ауылдың үстіне келді. Күндіз болатын. Күн шаңытқан аяз еді.

Шеткі ауыл бұларды көріп қалды. Ши шетінде қарда аунап жатқанда, бір түйе шықты. Үстінде кісі бар. Басына ақ оранған. Тура қасқырларға қарай жүрді.

Ат емес, қашпаса да болады. Бірақ түйе жақындап келгенде, бір қасқыр тұрып, далаға қарай ақырын бүлкектей берді. Топтың артына Көксерек керенаулап зорға тұрып, қырыстанып артына қарап, ол да аяндады. Түйе бақырып қояды да, шудасы желкілдеп, желеді. Бетті елсізге қарай түзеп қасқырлар бүлкектеді. Артында Көксерек.

Түйе бұрылып кетер деп бақылайды. Бұрылмайды. Көксерек ашығып қалып еді. Дәмелене бастады. Біресе жортыңқырап барып алдындағыларға жетеді де, бәрін тоқтатып, өзі жүресінен түсіп, түйеге қарап жатады. Түйе жақындап келгенде өзгелер жылжи береді. Бұл да артынан тұрып аяндайды.

Аяғында, ауылдан әбден ұзап шықты. Көксерек өзгелерді ілгері жіберіп, өзі бір күшік қасқырмен бөліне, оң жақ бүйірге қарай тартты. Түйелі қиыстап, топ пен бұл екеуінің аралығына қарай беттеді. Әлі де түйе бақырады. Иісі, дәмі қызықтырып асықтырып барады. Көксерек түйенің артына түсті.

Бірақ әлі онша жақындаған жоқ. Түйе енді ақырын жүре бастады. Кейде тоқтап, алды-артына қарайды. Ақбас әрлі-берлі бұрылып қозғалақтайды.

Түйе тоқтағанда – Көксерек те тоқтайды. Тұрған жерінен қар боратып, тарпына бастайды. Сөйтіп кеп бір мезгілде ағындап шауып, түйенің жанына жақындай келіп, қиыс өте берді.

Сол кезде түйе үстінен бір ұзын нәрсе шошайып созылды да күрс етті. Өлгенше қатты ащы дауыс даланы сілкіндіріп шошытып жіберді. Бар қасқыр қар боратып ытқып, қаша жөнелді.

Күрс етіп жөнелген көк түтінмен қатар Көксеректің артқы бір саны шыж ете түсті. Әрі ыстық, әрі суық бір нәрсе қадалып шаншып қалды. Санын «арс» етіп қауып қалып, түйенің үсті тағы да сыртылдатып қамданып жатқанда, бұл да ытқып қашып жөнелді.

Тоқталған жоқ, көп қашты. Біреше қырқадан, бір-екі жазықтан құлаш ұрып шауып өтті. Өзге қасқырлар бір бөлек, бұл жалғыз – бір бөлек.

Түйе қалып қойды. Жүгіріп-жүгіріп келіп, бір жартас-ты сайға кіре бере, арт жағы қираландап барып құлап түсті. Жол бойы тоқтамай аққан қан әлін кетірді. Жарасының ауруын да жаңа тоқтар алдында ғана сезе бастады.

Қыңсылап жатып санын жалайды. Қан шығады. Бір тұрады, бір жатады. Тұрғанда енді бір аяғын көтеріп тұрады. Үш аяғымен секектеп аяндайды.

Арада бірнеше күн өтті. Осы сайдан шыққан жоқ. Ашығып бұралуға айналды. Бірақ аяғы ептеп басуға келді. Бір-екі қырқадан асты. Бір сайда үш-төрт ат жайылып жүр екен. Бұғып қасына келді. Шетте арықтау бір көк шолақ ат тұр еді. Тап беріп қуып отырып, қалын омбыға әкеліп қамады. Оскырып қорқып тұрған атты алқымынан алып, бауыздап түсті. Санын жұлды, қоңын ойды. Омбы қардан шығармай тұрып, жығып алды. Тоя жеп алып, сайына қайтты. Күнде кешті күтеді. Түн болған соң, жемтігіне келіп, асын жейді.

Осымен бес-алты күн өтті. Қайтадан жоны шығып, тынайып алды. Аяғы да әбден басуға келді.

Күдірейген жоталы, ашулы Көксерек тағы да жортуылға шықты. Белгілі жемтік біткеніне екі күн болған. Содан бері аш еді. Жорта-жорта, баяғы Қараадырдан шықты.

Түске жақын мезгіл еді. Жота-жотадан қарауыл салды.

Желге тұмсығын төсеп, белгілі иіс күтті. Алыстан таныс иіс келіп мұрнына жетті. Маңайға жалт-жалт қарап алып, қырдан қырды, адырдан адырды кезіп отырып, күнбатысқа қарай шырқап салды.

Көп іздеді. Аяғында, күн кешке жақындағанда, бір жотаның басында шошайған аттылы қойшыны көрді. Айналасында – сол төбенің бетінде қой шашылып жайылып жүр. Теріп жеуге шашқан шашудай. Бірақ жақында ауыл бар. Алыстан ағындап бет түзеді. Жалғыз-ақ қарасын көріп қалған қойшы айғайды салып, бұған қарсы шапты.

Қойшы үлкен емес, бала даусы шошытпайды. Қой дүркіреп үркіп қойшыға қарай қашты. Қасқыр жақындап бір қызыл қойға ауызды салғалы ентелеп келіп қалып еді – бағанадан айғайғайлап келе жатқан қойшы қасына кеп қалыпты. Еріксіз жалтарып бұрыла беріп еді, қойшы бастырып қуып жөнелді.

Бой салып қорқып қашқан жоқ. Содан ба, болмаса тегі жүйрік пе, әйтеуір боз ат бастырмалатып жетіп келіп, Көксеректің жотасына жеңіл ағаш сарт етіп тиіп қалды.

Сол-ақ екен, қарсы бұрылып алып аттыға қарай «арс» етіп шапшып қалды. Арандай ашылған ауыз бірдемені жұлып түспек болды. Ыңғайына бала тонының өңірі ілінді. Соны бөксеріп жұлып түскенде, боз ат оскырып атқып кетті.

Баланың шошыған айғайы шықты. Қасқыр артына айналып тап бергенде, мөңкіп жүрген боздан бала аударылып құлап түсті. Көксеректе қазірде бұрын ешқашан білінбеген долылық, жайындық бар еді. Туғаннан бергі барлық көресі осыдан – екі аяқтыдан дегендей, жығылып домалап жатқан балаға тап берді. Оқыс секіргенде, санының жарасы ашылып, тыз етіп ашып қалып еді. Ол бұрынғыдан жаман ызаландырып, құтыртқандай. Боз

ұзап қашып кетті. Қой да жоқ. Екпіндеп секіріп, ырылдап кеп баланы бас салды.

Бұл бала Құрмаш еді. Қойшы ауырып қалып, әкесі бір күнге қойға жіберген еді. Астына мінгені өзінің жүйрік боз дөнелі болатын. Үстіне гүрілдеген қасқыр төніп келгенде, көзі бір ашылып, бір жұмылады. Басына таман арандай ашылып келе жатқан ауыздың жоғары жағында өзіне таныс құлақ көрінді. Сол жақтағы тілік құлақтың жартысы салпылдап тұр. Ақырғы сезгенбілгені – сол...

Содан әрі баланың үні өшті. Қасқырдың аузы тиместен бұрын өліп кетті. Көксерек ырылдап тұрып: тісінің ұшымен қағып жұлып алып, басын шайқап өткенде, баланың бір жақ көзін қопарып алып кетті. Жүріп бара жатып, қылғып салды.

Түнде баланың өлігін тауып алысты. Жанында тайдың ізіндей болып, үлкен қасқырдың ізі жатыр екен...

Аңшылардың айтуы бойынша, қасқыр, түлкіге ит қосатын уақыттың нағыз өзі еді.

Қасен қолына келгелі Аққасқа барлығы үш қасқыр алды. Бұның екеуін бір күнде күздігүні жер қарада алған. Үшіншісін қар түскеннен кейін ауыл үстінен алып еді. Қасен өзінің бір-екі жігітімен және басқа аңды сүйетін төрт-бес құрбысымен соңғы уақытқа шейін ат жаратып жүргенді.

Алыс жерден еті ояндап келген Аққасқаның қыстыгүні қарда жүгіруге қызылы толық болсын деп естейтіп, баптап-қайырып жүр еді. Бұдан бұрын Аққасқаны аз-аздап қоянға жүгіртіп, екі-үш суытып алған. Соңғы уақыттардағы тамағы көбінесе құрт араласқан сұйықтау ас болатын. Қоясын да екі рет тастатып алып еді. Содан бері қысқы жүні жетіліп, өңі ажарланып, қатты құлпырып алған.

Жалғыз-ақ бүгін таңертең азғана ас құйылған екен. Соның тоғы қаша қоймайды ма деген күдік бар.

Одан басқа жоны жұмырланып, етін сыртына теуіп, бойдағы майдан, іштегі қыл-қыбырдан арылған кезі еді.

Аққасқаның бойы қасқырдан кіші емес. Аяқтарының жуандық сомдығы да содан кем емес. Өзінің барлық тұлғасында қасқырға ұқсайтын бітім бар. Түсі тазылар түсіндей емес, қасқыр түс. Дене жүні ақ сарылау келген де, мандайы шаңқиған ақ маңғыл қасқа болатын. Екі көзі шатынап шарасынан шығып тұрғандай үлкен. Үнемі от шашып тұратын қып-қызыл көз. Ашу да, ерлік те бір өзінде.

Екі шекесі «торсықтай» деп аңыз қыларлық. Бұның да жотасы күлдіреуіштей. Құйрықтан ауыз омыртқаға шейін дөң сияктанып, күдірленіп, дүңкиіп тұрады. Оның үстіне, шеке мен мойын тұп-тұтас болып келіп, шеңбер төске қосылған. Алдыңғы жағы арыстан бейнесіне ұқсайды.

Аққасқа өте қабаған. Сіркесі су көтермейтін долы, ызалы. Сондықтан ауылға келгенде шынжырдан босамайды. Далаға алып шығып, аңның ізіне салғанша, жә қарасын көрсеткенше ұзын кендірден босамайды. Әйтпесе жолда кез келген иттерге да соқтыға береді.

Итке келгендегі жалпы әдеті: өзі барып таласпайды, бірақ ауылдың көп иті алдынан шығып, быжылдап үре беріп, айналасын қамай бергенде, яки біреуінің жұлып қашқан, тісі тигенде құтырып кетеді. Ондайда топ иттің ішіндегі ең үлкен төбетті секіріп барып – құлақ шекеден алып, топ еткізіп соғып, жаншып-жаншып жібереді. Кісі айырмаса астына түскен итті өлтірмей шықпайды. Өзі жүрген жерде өзге иттің еркелігін көтермейді. Күзден бері Қасен ауылының екі-үш сақ төбетін өлтіріп салды. Қатты ашуланып, ашқарақтанып кеткенде, иесін де қауып жібереді. Күздігүні үй ішінде сойып жатқан қойдың етін жегізбей ұмтылғанда, Қасенді де бір-екі рет қолынан ала түсіп, қауып алған.

Күн екіндіге жақындап қалды. Аққасқа ізбен жүріп келеді. Жерден бас алмайды, тоқтамайды. Аңшылар Қараадырдан бес-алты шақырымдай ұзап шықты. Қасқырдың бұл күнгі беті Тастықұдықтан да өтіп,

Ақсорандағы жылқыға қарай тартты. Ақсоранда екі қос жылқы жатыр еді. Айналасы – аласа белес, қалың тобылғылы үлкен шұбар еді. Соның ортасындағы жадағай жалғыз биік – Ақсоран. Қасқырдың осылай беттегенін білген соң, аңшылар ақылдасып тұрып, Аққасқаны шақырып, тоқтатып алды.

Мұның мойнына кендір тағылған соң, барлық жұрт аяндап Ақсорандағы қосқа тартты. Бүгін түнде сонда қонып, ертең ерте жылқышыларды жүйрік ат-айғырға мінгізіп алып, қалың топ болып қуыспақшы болды.

Екі қостың бірінде Қасен аулы мен барлық Қараадырдың да жылқысы бар еді.

Жігіттер сол өз қостарына келіп қонды. Қоста түні бойы тынымсыз қызулы, лаулаған әңгімелер болды. Мол асылған семіз ет қонаққа да, жылқышыларға да көңілді желіктің шарты еді. Құрмаштың өлімі де көп уақыт әңгіме болды.

Қасендер келісімен-ақ барлық жылқышы мәлім етті: өткен түнде көкшолақ жылқыға шауып, бір жабағыны жеп кетіпті.

Жалғыз өзі бір семіз жабағының жарты етіне жақынын жепті.

– Бұл не деген жалмауыз екенін білмейміз, әкеңнің... – деп, қос басшысы сөйлеп еді.

– Ол ұзаған жоқ. Ол болса, осы Ақсоранның айналасынан табылады.

– Соңғы уақытта қасқырдан тыныш едік. Осы жалғыз қасқыр кешеден келіп араласты. Ізі тайдың ізіндей. Өнеукүні де келіп, бір тай жеп кетіп еді.

– Іздегендеріңнің өзі – сол. Ел мен қосқа кезек тиеді. Бір кәпір сырқынды. Бәрін істеп жүрген – сол. Енді, әттең дүние, соны бір ғана қолға берсе-ау! – деп жабағысы желінген Бейсембай жылқышы кіжінді.

Жатарда Аққасқаға азын-аулақ құрт пен жылы-жұмсақ ет берілді. Жұрттың бәрі айнала үйіріліп, соны күтті.

Бірақ тар үйде, көп бөтен кісінің ортасында Аққасқа жиі ашу шақырады. Шынжырмен байлаулы жатып, кей уақытта «арс» етіп, от айналасындағыларға тап береді. Көп уақыт қорылдап гүр-гүр етіп тұрып алады.

Отқа қарсы қараған көздері ашумен қанталап шатынап кетеді. Қараңғы ала көлеңкеде жатқанда, екі көзі қып-қызыл шамша жанады. Аққасқа ырылдағанда, алдында отырған Бейсембайдың жотасы мұздап, еті тітіреп кетеді, ентелеп ілгері жылжып, отқа қарай мінбелей береді...

Таң қыландап келе жатқанда барлық аңшы мен көп жылқышы атқа мінді. Жарап жүрген бедеу биелер мен жүйрік айғырлар түн ортасында ұсталып, тоғын қашырып алып еді. Жұрттың бәрінің қолында сойыл, шоқпар. Сатыр-сұтыр етісіп қостан желпіне шығысты.

Ақсораңның етегіне таман келгенде Қасен он бір-он екі кісілік жиынды төрт бөлді. Өзі Аққасқаны алып Ақсораңның дәл биігінің басына шығатын болды. Өзгелерді тау мен ұсақ адыр қалың шұбарды айнала қоршап алып, жан-жағынан саумалап Ақсораңның биігіне қарай қағып шық деп, таратып-таратып жіберді.

Қыстың күні алыстағы ақ жотадан қызарып күн шығып келе жатқанда, барлық аттылар жан-жаққа қарай шашырай жөнелді. Ақша қар желе шауып жөнелгенде, жүйріктердің аяқтарымен есіліп-үгіліп, борай түсіп жатты.

Қасен аяндап, биіктің басына қарай тартты. Жолшыбай екі-үш жерде Аққасқаны сарытып, аунатып, баптандырып алды. Сонымен жарты сағаттан артық уақыт өткенде, биіктің басына келіп шықты. Дәл биіктің бір иек артпа иығына атын тастап, өзі Аққасқамен бірге жаяулап келіп, бір екі-үш обаның ығына келіп отырды. Айналасының бәрі де көрінеді.

Тау басында желдетіңкіреп ызғырық соғады. Күн әзірше суықтау. Аққасқаның астына ертеден қамдап

алған киізін төсеп, өзінің иығына жатқызды. Айналаға Аққасқа да анда-санда бойлап-бойлап жағалай қарайды.

Қасен бұны баулыған иесіне ішінен бас иіп, алғыс айтады. Құрметпен еске алады. Өйткені Аққасқа тау басында қазіргі отырыстың не мәні барын әбден түсінісіп, ұғынып отырған сияқты. Тыныштыққа бой ұрып жатуды ойлап тұрған жоқ, күтіп отыр. Биіктен томағасын тартқан қырандай ізденіп, бағып отыр. Жан-жақтағы қағушылардың бәрінің де алдына қарап өтеді. Кейде түрегеліп те жан-жаққа көз жібереді.

Кешегі жабағыны жеген Көксерек екені рас еді. Кеше жартысына жақыны жесе, бүгін өткен түнде сол жеріне барып, тағы қалғанын тоя жеп алып, енді Ақсоранның етегіне келіп: бір жартасты, боз қарағанды қиындау сайда ұйықтап жатыр.

Құлағына алыстан бір сарын естілді. Елсіз тыныш тауда таңертеңгі ауа дыбыс атаулының барлығын екілендіріп көтеріп тұрған.

Оянып, жүресінен жатып, қар қапты. Сөйткенше сатыр-сұтыр еткен ағаш даусы мен тастақ жерді тасырлатып басқан ат дүрсілі естілді. Түрегеліп, барынша керіліп алды. Екі аяқтының иісі сезілді. Бүлкетеп жотаға шықты. Сол-ақ екен, арғы беттен құлап келе жатқан екі үлкен қара айғайды салып, тап берді.

Көксерек жалт беріп, жотаның тасасына түсе сала, сайды жалбылап, жоғары қарай салды. Қолында шошайған сойылы бар, астында қатып қалған ақ бедеуі бар Бейсембай ағызып жотаға шығып, тағы айғай салып өрге қарай тасырлатып шапты. Бұл уақытта Көксерек сонша саспаса да, кейде көсіле шауып, кейде құлағы жалбырап сөлектей түсіп, Ақсоранның жонына қарап асып еді.

Айғай жақын жерден шығып қалғанда, Аққасқа атып тұрды. Қасен бұны кендірінен сүйрете барып, атына шапшаң міне сала, айғай шыққан бетке қарай ағызып, сол жақтағы жотаға шықты.

Қарсы алдында оқ бойындай жерде сары жотаның дәл

үстінде артына бұрылып қарап, тоқ тайыншадай бір көк шолақ тұр екен.

Жотасы күдірейген, құйрығы шоп-шолақ, бойы тау басында тайдай көрінді. Ертегінің көкжалы. Жотаға шыға бере, Аққасқа да көріп, атылып секіріп кеп кетті.

Ақырын ғана «айт!» деп қалып, бәйге керге Қасен де қамшыны басты.

Көксерек артына қарап тұрып, байқамай қалып еді. Бір уақытта алдынан шыға қалған сатыр-сұтырға жалт қарағанда, ағындап келе жатқан Аққасқа мен аттыны көріп, сол жақтағы ойға қарай ытқып, қашып жөнелді. Бір сай түсіп жосылып барып, екінші оң жақтағы жотадан асып түсті. Соның ойына таман жақындағанда аттың дүбірі басылып қалып еді. Мұның құлап түскен сайы тіп-тік жар болатын. Бірақ дәл сол кезде артындағы қар жиі-жиі, шықыр-шықыр басылып, бірдеме жақындап келіп қалды.

Қашып келе жатып артына қарай алмады. Сол-ақ екен жаралы санынан бір мықты ауыз қауып түсіп, ойға қарай қатты жұлқып көтеріп тастады. Сол сәтте бұның жауы қасынан ағып өтіп кеп, алдыңғы омбыға екпіндеп барып, соқтығып өзі де құлап түсті.

Аққасқаның жұлып кеткен екпінімен етпетінен түсіп қалған Көксерек енді атып тұрып, тап берді.

Бұрын Аққасқа мұндай жұлып өткенде, әсіресе, ойдан төмен құлағанда, қандай қасқыр болса да омақатып, тұмсығынан шаншыла түсуші еді. Сондайда қапысыз мықты ауыз тұрғызбастан келіп, алқымынан жабысып қалатын.

Бұл жолы олай болмады. Аққасқа өзінен бұрын тұрып, күрілдеп ырғып келе жатқан көкжалды көрді. Бұл да қарсы тап берді. Сол уақытта құлақ шекесінен тиіп қалған қышқаштай қатты темір ауыз жұлқып кеп жібергенде, ой жаққа қарай ытқып барып түсті. Бірақ Аққасқа жығылған жоқ: тік етіп барып, төрт тағандап тұра қалды.

Ептілік, ыңғайлығымен ғана көк шолақтың аузынан шығып кетті. Көксерек тістегенде, қамти тістей алмай, көбінесе, терісінен ала жұлқып еді.

Сол бетімен Көксерек жотаға жүре бермекші болды. Өйткені артындағы дүсір тағы да естіліп қалды.

Бірақ Аққасқа да қалмады. Ағындап келіп, әр жаққа шығып алып көлденеңдеп шапшып-секіріп келіп, Көксеректі құлақ шекеден ала түсті.

Көк шолақ бұл жолы да жығылмады. Аққасқаны көтере жоғары шапшыды. Алғашқыда алған жерден Аққасқаның аузы босап кетті. Екеуі бетпе-бет келіп шапшып тұрып, қаршылдасып ұстасты. Енді бірінен-бірінің босап кетуіне жол жоқ. Бұл күй неғылса да біреуінің астына түсуімен бітуі керек.

Және етіне тіс тиіп, ашынып алған Аққасқа қазірде долылықтан өртенгендей еді. Қасқырмен көп кездесіп, қырқылжың тарта бастағаннан бері қарай Аққасқа бойына тіс тигенше, онша өлерменденбеуші еді. Дәл қазіргі күй жалғыз тал қылына шейін қоздырып, күйдіріп-жандырғандай.

Көксерек те бағанадан қалыспаған итке енді шын ойынды бастаған. Екеуі шапшысып тұрған бетте біріне-бірі құлақ шекеден де, алқымнан да алғызбайтын болды. Алдыңғы аяқтарымен ұстасып тіресіп тұрып, сол сәтті аңдағанда екеуі де тез іс бітпейтінін ұққандай болды.

Қозданған қан толқынып кеп, тағы бір дем басқа шыққанда, Аққасқа қарсы алдында арандай ашылып тұрған ауызға сақ еткізіп тістерін салып жіберді.

Бұл қасқырдың төменгі тістері мен тілін қоса шайнағанда, қасқырдың жоғары азулары Аққасқаның тұмсығының екі жағынан жоғары ұрттарына келіп кірш-кірш кірді.

Ашулы тістер сатыр-сұтыр, қарш-қарш шайнасады, әлі шапшысып тұр.

Дәл сол уақытта жоғары жотадан шыға сала төмен қарай кер атпен ақ бие аңырап еді.

Қасен мен Бейсембай, «а, құдайлап» сойылдарын оңтайлап келе жатты.

Өр жақта Аққасқа: шайнасып тұрған ауыздардан сілекей мен қан аралас ағып, сырылдап тұр.

Аққасқа Қасен даусын ести сала, ойға қарай жұлқи бұрап қалғанда – көк шолақтың белі бұраң етіп барып, дүрс етіп құлап түсті. Ауыздары бір-бірінен айрылған жоқ. Екеуінде де үн жоқ. Шайнасу үстінде желімдей қайнасып қатып қалған сияқты. Ең аяғы, болымсыз болса да, тыныс алған дыбыс та білінбейді.

– А, құдай!... А, құдай!... Я, сәт! Я, аруақ! Я, ақсарбас дей бере екі атты үстеріне жығыла-жығыла үйіле түсті. Аттар босанып шықты.

– Ойпыр-ай! Ойпыр-ай!.. аузын! – деп келіп, Қасен жуан қамшының сабын Көксеректің көмекейіне тығып жіберіп, мықтап басып тұрып, жауының тұмсығын жоғары қарай қайырып жіберді. Аққасқаның қан басқан тұмсығынан көк шолақтың тістері бір-бірлеп шығып кетті. Аққасқа сонда ғана бүйірін тартып тыныс алды.

Бірақ әлі де жанын шығарғанша қасқырдың төменгі жағын күрт-күрт шайнап жатыр. Бұл кезде Бейсембай да қара пышақты Көксеректің өкпесіне салып-салып жіберіп еді.

– Осы... осы... осы ит! – десті. Көксеректің жаны әбден шыққан соң, Аққасқаны Қасен, Бейсембай – екеулеп отырып, зорға дегенде айырып алды. Құйрықтан қысып алып алысқа сүйреп апарған соң, Аққасқа есін жиды. Бірақ әбден әлсірегендіктен, сол апарған жерде сілейіп жата кетті. Барынша шаршап талған екен.

Ес жиған соң жұрт Көксеректің құлағына қарап отырып, бұрынғы кеткен Көксерек атты күшікті таныды. Құрмашты ойлап, кейбіреулердің көздерінен жас та шықты. Ауылға әкелгенде Құрмаштың әжесі боздап келіп:

– Қураған-ай, ненді алып ем?! Не жазып ем?.. Бауырына салып өсіргеннен басқа не қып еді менің құлыншағым? – деп елді тегіс еңіретіп, Көксеректі басқа тепті.

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Әңгімені мазмұнына қарай тарауларға бөліп, ат қойыңдар. Әр тарауға жоспар құрыңдар.
2. Қасқыр інін бұзудағы үлкендердің әрекетінен нені аңғаруға болады?
3. Ауылдан көрген жәбір-жапасына Көксерек қандай мінездер көрсетеді? Оның себебі не деп ойлайсыңдар?
4. Көксеректі өз ортасына, тағылыққа жақындатқан қандай себептер? Әңгіме мазмұнынан мысалдар келтіріп әңгімелеңдер.
5. Көксеректің ашынып, ызақорлана түсуінің себебі не? Мұнымен Құрмаш баланың өлімінің қандай байланысы бар?
6. Көксерек пен Аққасқаның айқасын суреттеп әңгімелеңдер. Аққасқаның жеңуі арқылы автор не айтқысы келеді?
7. Табиғаттағы тіршілік және қасқырлар жайында не білесіңдер? Осыған орай естіген, білгендеріңді ортаға салып, әңгіме өткізіңдер.

СЮЖЕТ

Сюжет – французша – *sujet* – зат деген мағынаны білдіреді. Эпикалық, лиро-эпикалық немесе драмалық шығармаларды алсақ, яғни оқиғаның неден басталуынан бастап, немен аяқталуына шейін, оқиғалардың бір-біріне байланысты және үзілмей дамып отыратындығын көреміз. Қимыл, іс-әрекет, талас-тартыс үстінде әркімнің мінезі, наным-сенімдері, күйініш-сүйініштері айқындала және сол адамдардың қарым-қатынастарына жазушының қалай қарайтындығы сезіледі. Осылардың бәрін бір сөзбен айтқанда **шығарманың сюжеті** деп атайды.

СӘБИТ МҰҚАНОВ

(1900–1973)



Әдебиетіміздің бас қайраткерлерінің бірі – Сәбит Мұқанов. Ол Солтүстік Қазақстан облысы, Преснов ауданында 1900 жылы туылған. Жеті жасында әкесі Мұқаннан, сегіз жасында анадан жетім қалған Сәбит, Мұстафа есімді ағасының тәрбиесінде болады.

Сәбит өз бетінше ұмтылып, ауыл молдасынан хат таниды да, ел арасына тараған ауыз әдебиеті үлгілерінен «Зарқұм», «Сал-сал», «Жүсіп-Зылиқа», «Ләйлі-Мәжнүн», «Сейфіл-Мәлік», «Бадұғұл-Жамал», «Алпамыс», «Ер Тарғын» т.б. шығармаларды құмарта тындап, 15 жасынан өзі де өлең шығара бастайды. Оған Абай, Абдулла Тоқай өлеңдері ерекше әсер етеді.

Сәбит Мұқанов, алғаш «Көңілім», «Зарығу», «Жалшының зары», «Шығар күн», «Жұмаштың өлімі», «Жоқшылыққа» сияқты т.б. өлеңдерімен таныла бастайды. Ақын өзіне күш-қуат тілеп, өлеңдерінде өзін жігерлендіре түседі. Мәселен, ол:

*Қой, сен бүйтіп қамықпа,
Ілгері ұмтыл, талап ет.
Шығуға айдай жарыққа
Қайраттанып бол өжет,* – дей отырып, одан әрі:

*Менің өмірім күрестің нағыз іші,
Сыналатын заман бұл ердің күші.
Қазір маған қызықтың керегі жоқ,
Көңілдің күрес қана қуанышы,* – дейді ақын.

Сәбит Мұқанов прозамызға үлкен үлес қосқандардың бірі. Ол көптеген романдардың авторы. 1928 жылы «Адасқандар» атты романын жазды. Оқырмандар мен сыншы, зерттеуші ғалымдардың сын ескертулері бойынша романды қайта өңдеп, 1958 жылы «Мөлдір махаббат» деген атпен қайта бастырды.

Жазушының «Теміртас», «Жұмбақ жалау», үш томдық «Өмір мектебі», «Сырдария» мен «Ақбөпенің сыры», «Жарқын жолмен», «Ажардың ажалы», «Бақташының баласы», «Балуан Шолақ» атты повестері идеялық-көркемдігі жоғары шығармалар қатарынан орын алады. «Жұмбақ жалау» атты романы «Ботагөз» деген атпен қайта басылған.

«Түнгі сарын», «Шоқан Уәлиханов» пьесалары мен «Алыптың адымдары», «Туған жердің тыңында», «Адам атаның шоққысында» т.б. көркем очерктер жазушының қаламынан туған.

Міне, осындай қазақ әдебиетінің дамуына өзінің мол үлесін қосқан тарлан талант иесі – Сәбит Мұқанов, 1973 жылы 73 жасында дүниеден өтті.

Сәбит Мұқанов қазақ әдебиетінің проза, поэзия, драматургия жанрлары мен қазақ әдеби сынының дамуында өнімді еңбек еткен.

САЯТШЫ ОРАЗ

(«Өмір мектебі» романынан үзінді)

Ол жылы мен алты жастамын. Өмір бойы жалшылықта жүрген әкем Мұқан, ауыр сырқаттан еңбекке жарамай, ұзатқан қызы Зәуренің аулына көшіп келді.

Сол жылы кездескен адамдардың ішінде, менің сәбилік есімде тоқалдыққа берілген апам да, ортадан жоғары дәулеті бар, апамнан жасы екі есе үлкен жездем де, басқалар да сақталмаған, тек қана сақталған жалғыз адам – саятшы Ораз.

Орта бойлы, кең жауырынды, түстек кеуделі, мұрнының екі жақ сайынан басқа бетін түгел жапқан ұзындығы кіндігіне түсетін қалың ақ сақалды, кішірек келген дөңістеу мұрынды, ойнақылау келген дөңгелек қара көзді, желкілдеген ұзын ақ қасты, кең маңдайлы, әжімсіз қызыл күрең кескінді, ықшам сыртқы киімдерін шалбарланып алатын, кең шалбарының балағын ішіне сала, қонышын тізеден ысыра етік киетін, беліне қазақша кісе буынатын, кісесінің төңірегінде: мылтықтың оғын, дәрісін, тазалайтын саймандарын салатын салпыншақтары көп, кішігірім жебінгідей оқшантайлы, сол жақ бүйірінде қынды ұзын кездігі салбырап жүретін, арқасынан асынған шиті мылтығы түспейтін адам...

Менің есімде бұл кісі соншама айқын сақталмас па еді, қайтер еді, егер сол қыста, біздің үйдің күн көруіне оның жәрдемі тимесе...

Осы жәрдем туралы аздап гәп шертейік.

Біз көшіп барған ауыл қыстауының ұзын тұрқы батыстан шығысқа қарай созылған биік дөңнің қырқа жотасында. Жотаның ұзындығы төрт-бес шақырымдай, қапталының кендігі екі-үш шақырымдай. Осы жотаның батыс пен шығыс жағын және екі жақ қапталдығын жаба өскен қалың ну ағаш. Ағаштары түп-түгел қайың мен терек. Ауыл қалың ағашты қырқа жондағы арасында тұрады. Төбеден жауған қар болмаса, қысты күні қалың ағаштан бұл ауылға боран беттей алмайды. Қырқа жонның нақ биігінде сай бар, көктем кезінде бұл сайда аттың бауырлығынан келерлік су жатады да төңіректей қалың ағаш өскен ауыл осы сайды дөңгелене орналасқан.

Кейін танысқанымда білдім, жездем Сүлеймен орта дәулетті, бірақ сараң адам екен. Сондықтан ба, болмаса Оразбен бұрыннан көңілдестігі бар ма, – менің әкем бұл ауылға көшіп келгенде, қысқы үйін күйеу баласының қасынан емес, Ораз үйінің қасынан салыпты.

Шала-шарпы есімде: Ораз бен біздің үй, су жататын сайдың күнгеі жағындағы қалың ағаштың қойнауында, өзге үйлерден оғаштау отырды. Біздің үйде ол жылы, мал атаулыдан жалғыз-ақ сиыр болыпты. Оразда бір ат, бір сиырдан басқа мал жоқ еді деседі. Сондықтан оның да шымнан салынған үйі мен қамыспен қоршаған қорасы да, біздің шымнан салынған үй мен қамыстан салынған қорамыз да шап-шағын, кіп-кішкене. Біздің үйде: әкем, шешем, Бағила, Ұлтуған, мен – бес жанбыз; Ораздың үйінде: өзі, әйелі (атын ұмыттым), менен екі жас үлкен ұлы Мағаз, екі жас кіші қызы Жанкүміс – төрт жан бар.

Ораз, ең алдымен, мерген болды деседі және жалғыз оқты шитімен ғана атады екен. Бертініректе аспанда зырлап ұшып бара жатқан үйректі шитімен атып түсіргенін өзім де көзіммен көрдім. Ес біліп, қасына ерген кездерімде Ораздың атқан оғы тимегенін көрген емеспін. Өзгелер де: «Ораздың атқаны өмірде мүлт кеткен емес» деседі. Оның екі түрлі мергендігі елдің есінде ерекше сақталған.

Ораздың бір мергендігін былайша сипаттасады жұрт: тағы бір жазда, ел жайлауда отырғанда той болады. Тойға жиналған жұрт, көлдің жағасындағы көк майсаға отырып, алдарына табақ тартылған кезде, аспанның биігіне шығып ап, бір бозторғайды қуып жүрген тұрымтайды көреді. Тұрымтай бозторғайды әлденеше рет шалып, іле алмайды. Тұрымтай шалған сайын бозторғай биіктеп ұша береді.

Бозторғайды аяған жұрт «бұл бейшара неге төмен қарай ұмтылмайды, неге жоғарылай береді» десе, біреу «төмендесе-ақ қағып түспей ме тұрымтай, соны біліп жоғарылап барады» дейді. Аздан кейін бозторғайдың екпіні бәсеңдеп, тұрымтайдың екпіні күшейе бастағанын көреді жұрт. «Апыр-ай, енді шалады-ау, бейшараны!...» деп аяған жұрт шуласа бастаған кезде, жиынның арасынан мылтықтың даусы гүрс ете қалды. Сол кезде

торғайды ілгелі жүрген биіктегі тұрымтай қан көбелек ойнап төмен қарай құлдырап құлайды.

Жұрт «не болды бұған?» деп танданса, тұрымтайды атып түсірген Ораз екен!...

Ораздың мергендігі осындай болса, құсбегілігі одан да бетер болған. Есін білгелі қыс бүркіт салудан, жаз қаршыға мен түйғын салудан қол үзбеген. Алғыр құстардың ішінде ілуде біреуі ғана болмаса, бабын тауып қайыра алмайтыны – ителгі деседі. Ораз осы ителгіні де қайырып салған кісі.

– Менің малым көп, – деп қалжындайды екен Ораз.

– Қайдағы мал? – деп сұрағандарға:

– Көктің құсы, жердің аңы түгелімен менікі, олар барда мен аштан өлмеймін, көштен қалмаймын, – дейді екен.

Оның қайырып салатын құстарды ұстауына да қайран қалады жұрт. Аспанда ұшып бара жатқан қаршыға, бүркіт, немесе солар сияқты алғыр тағы құстардың ұшып бара жатқанын көрсе, Ораз күлімсіреп қарап тұрып: «Бара бер! Қонар жерінді білем. «Барам да алып қайтам» дейді екен. Расында да сөйтеді екен ол. Ұшып кеткен құстың соңынан кете барады екен де, қайдан, қалай ұстайтынын кім білсін, біраз уақытта алып қайтады екен. Қай құстың алғыр боларын, қайсысының алғыр емесін көкте ұшып бара жатқанда айырып, жақсысын ғана қуып, жаманына әуре болмайды екен. Сол сөзі рас па, немесе ұстаған құстың бабын таба біле ме, Ораз ұстаған құстың бәрі де алғыр болады екен.

Жазы-қысы құс салатын Ораз, әр күні қоржынын толтыра аң әкелмей қоймайды екен. Соның бәрін өз пайдасына жұмсаса, оның байып кетуі мүмкін ғой. Бірақ, Ораз өйтпейді. Оның қанжығасы қанды екенін білетін жұрт, аң мен құсқа мылтықпен шықсын, қайырған құсымен шықсын, қасына топталып ереді екен. Ораз атқанын, я ілдірген андарын соларға үлестіріп, өзі үйіне бірер күнге азық әкеледі екен.

Ораз қыстыгүні күзен, тышқан, түлкі, қасқыр сияқты аңдарды да көп аулаған. Бірақ солардың да терісін сатып пайда қылмай, кім көрінгенге сауғаға бере берген.

Өмірін табиғаттың арасында аңшылықпен кешірген Ораз, аса жарқын мінезді, ұрыс-талас дейтінді білмейтін, өзі ешкімге соқтықпайтын, өзіне ешкім соқтықпайтын, кісіге телмірмейтін, сұраған адамның қолын қақпайтын, үлкенмен де, кішімен де құрдас, ойыншы, әзілқой, қалжыңшыл, аса жайдары мінезді адам болды.

Оның аса дос көретін тобы – балалар болушы еді. Жазда да, қыста да аңға шықса, қасында балалар қаптап жүретін. Сауғасын ол балалардан да аямай, күндік олжасын үлестіріп беретін, бүгін құрқалған баланы ертең риза қылатын.

Әлі күнге есімде: Ораздың ерте аңға шығуын білетін балалар, таңертең оның үйінің маңайына жиналады. Оразда жалғыз-ақ ат болды дедім ғой. Қардың жұқа және жұмсақ кезінде ғана ол аңға атпен шығады да, қар қалыңдаған кезде жаяу шығады. Жасы сол кезде алпыстарды орталаған Ораздың денесі тіп-тік, жүрісі шапшаң. Ол ит терісінен істеген үлкен қолғабын оң қолына киеді де, томағалы бүркітін жұдырығына қондырып:

– Ал, кәне, жүріңдер, балалар! – деп жөнеле береді.

Қаптаған бала Ораздың соңынан ере тартады...

«Сағындық жалы» аталатын жотадағы ағаштан біз шығып кетеміз. Бұл жотаның оң жақ қабырғасын ала жарыса біткен «Сәдір шоқы» дейтін бір жал бар, сол жақында жарыса біткен «Елтін» дейтін жал бар. Осы жолдардың арасындағы сайлардың әр жеріне өзектене талдар, шіліктер өседі.

– Ал, балалар, – дейді Ораз, сайға түсе бере, – мен талдың ығына отырайын, сендер жел жағына шығыңдар да ішіндегі аңды бері қарай айдандар. Балалар: «Айдағанға көне ме ол, ата», – десе:

– Неге көнбейді? – дейді Ораз. – Айғайдан қашпайтын аң бола ма, ар жағынан дыбыс шықса, бері қарай өздері де жөңкиді.

Ораз жұмсаған жаққа балалар жүгіріп кетеді де, шуласа кеп жыныстың ішіне кіреді. Талдардың не шіліктердің арасындағы бар аң қоян ғана ма, болмаса ең қорқағы солар ғана ма, әдетте шудан үркіп ағаштан шыға қашатын қоян болады. Ораз ол кезде, бүркіттің томағасын алып әзірленіп отырады. Аң аулап дағдыланып қалған бүркіт, бұл кезде қанатын қомданқырап, жан-жағына қылқылдап қарайды да, қашып шыққан қоянды көргенде, бірер рет шаңқылдап шақырып жіберіп, талпына бастайды. Сол кезде Ораз бүркітін ұшырады.

Шарықтап биікке шығып, төмен сорғалай аң алу – бүркіттің ата дағдысы. Сол дағдысымен ол қашып бара жатқан қоянға тұра ұмтылмай, әуелі бойын жазып, биіктеп алады да, содан кейін, қоян қашып бара жатқан жаққа қарай құлдырай кеп құйылады.

Бүркіт атаулының бәрі сондай ма, немесе Ораздың баулыған бүркіті сондай ма, иесі жүгіріп жеткенше ұстаған қоянын тірі қалпында басады да отырады.

Жасының қартандығына карамай, Ораз сол кезде балалардан жүйрік.

Балалар қарға батпайды, ол батады... Егер қар тіпті қалың боп жүгіруге мұрша бермесе, Ораз аяғына шаңғы киіп алады. Шаңғы кигенде ол «Шапқан атқа қатарласам» деп серпеді. Атпен жарыса ала ма, жоқ па арасы бізге мәлімсіз. Бірақ шаңғы кигенде ол қардың бетінде аққан жұлдыздай зымырайды...

Сол кезде оның былай да күрең кескіні тіпті күрең тартады.

Шешем сол қыста орыс поселкелерінен тон алып тікті. Жәрдемшісі – ер жетіп қалған қызы Бағила ғана. Оның оң қолы отқа күйгеннен тырысып, іске жарағысыз боп кеткен. Ол ине сабақтап беруден басқаға жарамайды. Тонды шешем тебен инемен, жуан кендірмен өзі ғана тігеді.

Неге екенін кім білсін, ол тіккен тонның ақысына біздің үйдің алатыны картоп қана. Осы картоптан басқа адал ас жоқ.

Сондай таршылықта тұрған күндерде, бір күні таңертең Ораз келді де әкемнің көңілін сұрап отырып:

– Ау, Мұқан! – дейді, үй ішінің хал-жайын көргеннен кейін. – Шарифатта айтады екен, «ең ауыр ақы – көрші ақысы» деп. Маған биыл көрші қондың қой сен. Бәрібір «иттің құлы итақайға» үлестіріп жатқан дүние. Сен оны намыс көрме, мен оны борыш көрмейін, биыл қыс мылтықтың қарауылына, бүркіттің тұяғына ілінген олжаға екеуміз ортақ болайық.

Осы кеңестен кейін біздің екі үйдің дастарқаны қосылып кетті. Ораз үйінің қоян етінен пісіретін бәлішіне біздің үй де ортақ болды. Бірақ бұл бәлішті екі үй кезектесіп бір күні Ораздікі, бір күні біздікі пісіреді. үлкендігіне кісінің құлашы әрең жетерліктей зор бәліштің ішіне қоянның етіне араласа картоп та салынады. Молдығы ма, берекелігі ме, – бір бәліш екі үйдің жанын лық тойғызады. Әуелі олар бәлішті айнала отырып қасықпен ішіндегі тұздықты етін соғып алады да, содан кейін сыртқы қабыршағымен шай ішеді...

Аурулы Мұқанның көңілін аулағысы келе ме, немесе кеңесқор адам ба, – асқа тойғаннан кейін Ораз әңгімені соғады кеп.

Оның бар әңгімесі аңшылық туралы ғана. Бұл әңгіме әлденеше күндерге созылады және бір әңгімеге бір әңгіме жанаспай, тыңнан басталып жатады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:



- 1. Жоғарыдағы шағын үзіндіні оқып, ауызша мазмұндаңдар.*
- 2. Қазақтың құсбегілері туралы не білесіңдер?*
- 3. Бұл шығармадан суреттеулердің қандай түрлерін байқадыңдар? Оларды мәтіннен тауып оқып беріңдер.*
- 4. «Аңшылық» тақырыбына шығарма жазыңдар.*

ЕСІЛ БОЙЫНДА

(«Өмір мектебі» романының екінші кітабынан үзінді)

Есіл!...

Шілденің шымырқанған сарша-тамыз кезінде Есіл өлкесі адамның көзіне күндік жерден шалынады. Күн сәскеден жоғары көтеріле, сумандай аққан мөлдір толқынды сағым Есілдің алабына сыймай, қазанда қайнаған сүттей аппақ күміс көбігін кең кемерден көпіршіте төгеді. Төгілген сағымның толқыны тулап, шиыршықталып аспанға шапшиды. Шапшыған толқынды сағым сай-салаларды өрлеп, қанатын кең жаяды. Сол кезде сағымға көзің түссе, Есілдің көктемдегі асау тасқыны қайтадан көтеріліп, теңіздей топаны кең өлкесін бөлеуге бет алған екен деп ойлайсың.

Сағым солай көтеріліп толқыған кезде, мұнартып алыстан көгілдірлене көрінген Есілдің тоғайы сағым бетіне сендей қалқып шыға келеді. Желпінген тоғайдың түсі көз тоқтатпай, біресе көк, біресе жасыл, біресе ақ сықылданып бояуы қас пен қабақтың арасында әлденеше құлпырып, сағымның суына шомылып, денесіне шаң жолатпай түрленген сайын, тоғай жарқырай түседі.

Көктемде кең жайылған тасқыннан еркін сусындаған Есіл өлкесінің жібектей жұмсақ, жұпардай иісті қалың шалғыны аттың омырауын тіреп, бауырынан келеді. Бой жеткен шалғын сұлудай сыланады, сылана жайқалған шалғынның бетінде шешек атқан гүлдер тотының қанатындай толықсып құбылады. Қанша қадалсаң да құбылған бояуды көзің түстей алмайды.

Шілдеде Есіл өлкесінің желі баяу еседі. Жылдың өзге мезгілдеріне жортуылын жиілететін жел, піскен өсімдіктің жемісін төгермін деп аяғандай, жұлқылап-желпіп мазаламайды. Бірақ шалғын онымен тыныш тұрмайды. Үстінен толқыған сағымның болар-болмас салмағын ауырлағандай, не оның толқуына еліктегендей, шалғын да желсіз тыныш күнде өзінен-өзі теңселіп шайқалады.

Шайқалған шалғынның бетіндегі гүл бағы да тербеліп, көзіңе күн шашырап шығып келе жатқан мезгілдегі көл бетінің күн сәулесі шалған әлсіз толқынын елестетеді. Шайқалған шалғын басын иіп, белін бүкірейте теңселгенде, жығылған жамбасынан тұрмас деп ойлайсың, кәмшат құндызының қылшығы тәрізденіп, сынып барып, қайтадан тіріліп жазылып жүре береді.

Толқындай теңселген шалғынның ішіне кірсең, оның гүлге бөлеген тереңіне сүңгігің келеді, жұпар иісті жасыл жібегін жастанып та, жамылып та жаныңды жайландыра жатқың келеді. Жайқалған жасыл шалғынды жапырып жүре беруге аяғандай, не жаныңды жайландырғың келгендей, бір тұста сен жасыл жібекке бөлене сұлай кетесің. Сенің дененді жасыл шалғынның толқыны толқып кеп, екі жағынан жаба бүркейді. Сен бір мөп-мөлдір жасыл суға сүңгігендей әсер аласың!..

...Бір кезде, жасыл толқынға сүңгіп құмарың қанып, енді тыныстайын дегендей, қимылсыз жата қойсаң шалғынның түбінде ақ меруерттей жалтылдаған, көлемі бөдененің жұмыртқасындай бір домалақ заттарды күресің. Бұл не? Жұмыртқа дейін десең, тым жиі, шалғынның түбінде сыңсып сыймайды!.. Бұл ма? Бұл – жидек!

Желге, күнге көрінбей, жасыл шалғынның жібек құндағына бөленіп өскен Есіл өлкесіндегі жидектің түсі піспеген тәрізді аппақ көрінеді... Егер соның біреуін сабағынан үзіп алып, мұрнына тақасаң, жаныңа жайлы бір тамаша иісті сезесің. Иісіне құмарта тұра пісуіне күдіктеніп, аузыңа салудан бұрын бармақтарыңмен деменкіреп көрсең, балбыраған жұмсақ жидек балдай ери бастайды... «ә, піскен екен!» – деген оймен аузыңа салып, тандайыңа баса сорсаң, тәттілігі тіліңді үйіре жәнеледі!.. Шіркін, содан да тәтті жеміс бола ма екен!..

Есіл шалғынының арасынан өсетін жеміс-жидек қана емес. Онда үркер жұлдызындай шоқталып, қызыл жақұттай жарқыраған бүлдірген де өседі. Уыз қымыз

татыған ол жемісті бүрінен ағытып алып, алақаныңды толтыра асап жіберсең, қандай шөлің болса да қана қояды.

Жеміс – адамға жеңсік. Оған өзің тойсаң да, көзің тоймайды. Сен оның бірінен соң біріне құмартасың. Бүлдіргені мен жидегіне жеңсік құмарынды қандырған сен шалғынның мөп-мөлдір жасыл толқынынан тұрып сілкінесің де, мұнартып тұрған тоғайға тартасың.

Тоғай да бұл кезде кемеліне келіп толықсып тұрады. Дәудей дөңкиген кәрі үйеңкісі, күміс қабықты қайыңы, қалайы қабықты терегі, мыс қабықты мойылы, теңселген талы, ши борбай шілігі, шымшымпаз шеңгелі, кірпі түкті тікені мен доланасы, торы тобылғысы аралас өскен тоғай теп-тегіс жасыл желек киіп, жапырақтары желбіреп, өзінен-өзі сыңғырлап күй тартқандай боп тұрады. Шиенің шөптен азғана биік бұтақтарына көзінді салсаң, үстіне қып-қызыл шұға жапқан сықылданады. Мойылға қарасаң, ботаның көзіндей мөлдіреп, бұтақтың басына сыймай сыңсып тұрған қарақат.

Шіркін, қарақат, тәтті де, сұлу да жеміс-ау!..

Жібек шалғында, жыныс тоғайлы табиғаттың бұл байлығына көзің тойған кезде оның иесін іздейсің. Ол – әрине, Есіл!

Сен Есілді іздейсің де, көпке шейін ұшырата алмайсың. Бұл кезде Есіл сабасына сарқылып, ағар арнасымен моп-момақан боп жылжиды да жатады... Сол түріне қарағанда, егер тасыған кездерін көрмесең, оның сонша кең өлкені сусындатқан, денесіне әл, бетіне нәр берген өзен екеніне сенбейсің.

Есіл ағысының жасырын күшін сен суына сүңгігенде ғана көресің. Моп-момақан боп, тұнып тұрған сияқтанып, оның суы тізеңнен аспай-ақ сені қабықтай қалқытып ала жөнеледі. Сен малтымпаз болмасаң, суға кеттім деп үрейленесің. Бірақ «жанды» аталатын Есілдің суында, тек аяғың мен қолыңды қимылдата білсең болғаны. Көтеріп ала жөнеледі!..

Тәттілігі қандай сол судың!.. Салқындығы қандай!..
Мөлдірлігі қандай!..

Есіл өлкесінің көркемдігі көзінді сонша қызықтырса, сонша хош иісі мұрныңды қытықтаса, құлағыңды қытықтайтын тамаша хорын қайтерсің!.. Ол хорға сұңқылдап аққу, қаңқылдап қаз, шаңқылдап шағала, безектеп қызғыш, барылдап үйрек, сайрап бұлбұл, шықылықтап сауысқан, қарқылдап қарға, шырылдап шегіртке дегендей... жан-жануардың бәрі қосылады... «Бұл ән-күйге мен қалай қосылмаймын!» дегендей, сезімі өлік біреу болмаса, мына хорды естіген адам қалай желікпес... Қалай ән шырқамас!..

Осы хорға менің де қосылғым кеп, көңілім желіккенмен, бір тарантасқа мініп қасымда келе жатқан қазының Мырзатайынан қымсынам. Бес болыс Керей-Уақтың ең ірі әншісі танылған ол кісінің жасы сол кезде елу-алпыс шамасында. Орталау толық денелі, қаба қара сақалды, жуан мойынды ол – жасы жер ортасынан ауғанмен, баладай жеңіл мінезді, кім көрінгенмен құрдас бола кететін ойыншы, қуқылшыл адам. Оған өмір бойы бар біткен байлық – жарықшақсыз дауыс біткен өңеші ғана, әйтпесе шаруа жағынан «жалғыз атты жалаңқайыңның» өзі. Сонда да ол – елге әдемі қоңыр әнімен, ойнақы мінезімен өте сүйкімді боп күн кешкен кісі.

Маған ол осы таяуда баяндап отырған Кегерін қаласында бірінші рет кездесті. Оған дейін естігенім көп еді де, көргенім жоқ еді...

Мырзатайдың біраз әнін мен Кегерінде – қонақ болған үйде естігем. Одан аттана байқасам, естігендерім «жүзден бір» ғана екен, әнге ол кісіге «тең жоқ» екен және сені «айтыңыз» деп жалындырмай «бала, мына бір әнге қалай қарайсың?» деп тың бір әнді өзі бастап кетеді екен...

Одан кейін – тағы тың ән... одан кейін тағы бірі!.. Сөйтіп, әнге ән жалғаса береді де, алыстан ағып кеп, алысқа ағып кетіп жатқан Есілдің суындай таусылмайды,

ұшы-қиырын көрсетпейді!.. Майда қоңыр оның әнін биіктетіп көтеруге де, бұралтып ырғақтауға да, құбылтып нақыштауға да еркін жетеді.

Әндеріне ат қойып, айдар таға айтқанда, «мынау пәлен әншінің пәлен әні» деп, мен бұрын естімеген әлдекімдерді атап кетеді. Біресе ол:

*Сұрасаң менің атым Құлтума-ды,
Алтайдан Құлтумадай ұл тумады! –*

деп бастап, Атбасардың күнгеі жағындағы «Өр Алтайға» кетіп қалады. Енді бір әнінде:

*Атандым Фазиз ақын бала жастан,
Әнші жоқ Қараөткелде менен асқан, –*

деп, Ақмолаға барады. Енді бір әнінде:

*Сұрасаң руымды Қаракесек,
Досым аз, дұшпаным көп қылған өсек, –*

деп, Қарқаралыға барады. Бір әнінде одан ойысып, Баян тауын төңіректеп, Жаяу Мұсамен жолдас болып кетеді. Одан ойысып:

*Ертістің арғы жағы Арғанаты,
Домбыра бозбаланың қолқанаты, –*

деп, Кереку (Павлодар) маңайындағы Естайға барады, содан Омбының, Қызылжардың әншілерін түгендеп, Қостанайдағы Басығараның Қанапиясына жетіп бір тыныстайды. Сонда шамалап байқасаң, Мырзатайды өз аулына отырғызғанда, әр тармақпен келетін әндердің радиусы – бес-алты жүз шақырым!..

– Ал, Мырзеке, – деймін мен, оның әндерін тыңдап отырып, – мынау Есіл өлкесі ғажап жер екен қой, осыған арналған ән бар ма тегі?

– Е, бар, – дейді ол іркілмей, – «Есіл тасып барады» деген әнді естігенің бар ма?

– Жоқ.

– Ойбай, міне жерде жүр екенсің қой, оны естімей, – дейді Мырзатай күліп. – Ол – өте жақсы ән.

– Айтыңызшы, онда.

– Әуелі, әннің шыққан тарихын айтайын, содан кейін әнді, жарай ма?

– Жарайды, – деймін мен. Олай дейтінім, бұл әннің ғана емес, Мырзатай көп әндердің шыққан тарихын біледі және тарихтары тыңдаушыға әннен кем қызық болмайды, өйткені көп әннің тарихы – кейде драма, кейде комедия, кейде трагедия боп жататын пьесалардың сюжеті.

Мырзатайдың айтуынша, «Есіл тасып барады» әнінің тарихы былай: елге ең алғаш штат шыққанда (1868 жылдың қазақ елін билеу заңы), Керей атаулы елге Байтүменов Бекберді деген болыс болады. Ол Қызылжардың малын бағатын жатақтың баласы екен. Жаңа заңды іске асырғалы шыққан бала – Шодыр деген ояз, Бекбердіні қасына тілмаш етіп алады. Заң бойынша, орыс тілін білетін кісі ғана болыс болуға тиісті. Ондай адам қазақ даласынан табылмайды да жұрттың «қалауымен» орысшаға жетік Бекберді болыс сайланады. Оның ар жағы белгілі. Ақылды Бекберді аз уақытта елді де иіріп жусатады, байып та алады, әлденеше әйел де алады...

Оның бір әйелінен Ұлпа дейтін қыз туып, аса көрікті боп өседі. Осы қызға Шүректің Мұратбегі дейтін жігіт ғашық болады. Бекберді оны кедейсініп менсінбейді, басқа жердегі бір байдың баласына бермек болады... Көктемде ұзатпақ болады. Сүйіскен екі жастың ендігі амалы – түн жамылып қашу. Екеуі осыған уәделеседі. Олардың ауылдары Есілдің екі бетінде екен.

Уәделі түнде Мұратбек Есілден өтіп бара жатса, құлақтанып тұрған Бекбердінің жігіттері тұра қуады, аты жүйрік Мұратбек жеткізбей кетеді...

Сол күні қарлы жаңбыр жауған екен. Ұлпа уәделі жерге келсе, аттың ізі бар да, жігіт пен ат жоқ!..

Кешігіңкіреп келген Ұлпа Мұратбек өкпелеп кеткен деп ойлайды. Сол кезде Есіл тасып кетеді, ендеше, егер Мұратбек өкпелеп аулына кетсе, тасыған Есіл сабасына түскенше орала алмайды, ол ұзақ уақыт, оған дейін қыз ұзатылып кетеді...

Басына сондай қайғы түскен қыз «Есіл тасып барады» әнін және Мұратбекке арналған өлеңін шығарады.

– Қане, соны айтыңыз! – деймін мен Мырзатайға.

– Айтайын, – дейді ол, – Әні де, өлеңі де дәл, өйткені ұзатылып кеткен сол қыздың келіншек күнінде өзінен үйренген ем.

– Айтыңыз!..

Ән «шу» дегеннен шырқап биік басталады да, аяғы қоңырлайды. Өлеңдері:

*Есіл тасып барады жардан асып,
Қар жауады жаңбырмен араласып...
Ауылының тұсында ақша шатыр,
Ашуланып кетті де, біздің батыр.
Шошып тұрып орнымнан, іздеп келсем,
Әсем басқан сал-қоңыр ізі жатыр.*

*Топырақтан жаралған қайран дене,
Жаны бірге, тән басқа болды неге!
Қатты өкпелеп шынымен кетті ме деп,
Бір тимеді кірпігім кірпігіме.*

*Өзің атың – Мұратбек, әкең – Шүрек,
Сені қос деп құдайдан қылдым тілек.
Осылайша екеуміз болғаннан соң,
Бір жаралса қайтеді қолқа-жүрек!..*

– Қалай, бала, ұнай ма? – деді Мырзатай.

– Ұнайды. Әсіресе – өлеңі.

– Әні ше?

– Әні де жақсы. Бірақ өлеңі тіпті жақсы екен.

– Несімен жақсы?

– Үш жақтан: бірінші, қазақ әндерінің көбінің де сөзінде өрбіген белгілі бір оқиға болмайды, мына әннің сөзінде өрбіген оқиға бар.

– Ол рас. Екінші?

– Біздің әндердің сөзі:

Базардан алып келген жезді құман,

Пәлеге ұшырайды сөзді қуған.

Бал шайнап, шекер жұтқан, беу, қарағым,

Көзіңнен айналайын жаудыраған, –

деген сияқты, әр пікірден құралған қойыртпақ болады, мына әннің сөздері бір пікірді айтуға арналған жинақ, ықшам екен.

– О да дұрысқа келеді, – деді Мырзатай аз ойланып, – үшінші?

Біздің ғашықтық туралы өлеңдеріміздің көбін жігіт қызға шығарады да, қыздың жігітке шығарған өлеңі өте сирек кездеседі ғой, мынау ән мен өлең сондай сиректің бірі екен.

– Рас екен-ау! – дейді Мырзатай тағы да аз ойланып, – себебі не екен осының?

– Халқымыздың тұрмысына байланысты ғой деймін. Мен орыс арасында көп жүрген жігітпін. Орыс қыздарының жігітке шығарған ән мен өлеңдері толып жатыр...

– Ендеше, – дейді Мырзатай қуанып, – қазақ қыздарының сүйгеніне арнап ән мен өлең шығаруы көбейеді екен ғой?

– Әрине, сөйтеді.

– Есілдей тасиды екен қой олар?

– Әрине, тасиды.

– Сол дұрыс! – дейді Мырзатай салмақты кескінмен, – Әйелге жас күннен жаным ашып өскен кісімін, маған осынысы керек!..

– Ендеше, тағы да басыңызшы, «Есіл тасып барадыға».

– Басайын, – деп, Мырзатай көтеріңкі еңсемен шырқай жәнелді.

«Есіл тасып барады жардан асып...»

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. *Есіл өңірінің табиғатын таныту үшін жазушы табиғаттың қандай құбылыстары мен көріністерін суреттейді?*
2. *Мәтінде есімдері елге белгілі қандай халық композиторлары аталады*
3. *«Есіл бойында» үзіндісінің Жүсіпбек Аймауытовтың «Әнші» әңгімесімен және Илияс Жансүгіровтің осы аттас өлеңімен қандай ұштастығы бар?*
4. *Халық әншілері мен композиторлары туралы жазылған қандай шығармаларды білесіңдер?*
5. *Мұғалімнің көмегімен әңгіменің стильдік ерекшелігін талдаңдар.*

Қосымша оқып, пікір алысуға: «Менің мектептерім» ғұмырнамалық шығармасынан «Ақан сері» әңгімесі.

СТИЛЬ – жазушының өмір шындығын танып-білу, сезіну қабілетін, бейнелеу шеберлігін, өзіндік суреткерлік тұлға-бітімін танытатын даралық өзгешелігі, жазу мәнері, қолтаңбасы.



ФАБИТ МҮСІРЕПОВ

(1902–1985)

Қазақ әдебиетінде сөз зергері аталған академик жазушы Фабит Махмұтұлы Мүсірепов. 1902 жылы 22 наурызда Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Жамбыл ауданында туған. Алғаш ауылда сауат ашқан ол, 14 жасында Серғали деген нағашысының көмегімен Обаған деген жердегі екі сыныпты орыс мектебінде оқиды.

Фабит Мүсіреповтің әдебиетке деген ерекше зейінін байқаған нағашысы, жас Фабиттің Пресногорковтағы бастауыш училищесіне барып оқуына көмектеседі. Онда болашақ жазушы А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Н.В. Гоголь, М. Горький, Джек Лондон сияқты ұлы тұлғалардың шығармаларымен танысып, әдебиетке қызығуы артады.

Жазушы проза, драматургия, аударма салаларында өндіре еңбек етіп, қазақ әдебиетінің дамуына аса мол үлес қосып, қазақ прозасын тереңдете дамытты.

Фабит Мүсірепов – әңгіме жанрының шын шебері ретінде ерекше бағаланған ұлы суреткер. Оның «Көк үйдегі көршілер», «Күсен», «Бір адым кейін, екі адым ілгері», «Қос шалқар», «Шұғыла», «Талпақ танау» сияқты шығармаларын тамаша көркем туындылар деуге болады. «Қазақ солдаты», «Оянған өлке» романдары да жазушының қаламынан туды.

Фабит Мүсірепов қазақ драматургиясының дамуына сүбелі үлесін қоса білген талантты драматург. Оның қаламынан «Қыз Жібек» атты пьеса, «Ақан сері–Ақтоқты» драмалық шығармасы туындаған. Ана туралы новелла жазудың шебері.

Ғ.Мүсірепов 1950–960 жылдары «Автобиографиялық әңгіме», «Өмір жорығы», «Сөз жоқ, соның іздері», «Айгүл қойшының бір күні», «Қаз қалпы», «Италия сапарынан» сияқты т.б. әңгімелері мен «Кездеспей кеткен бір бейне» поэмасын жазды.

Қорыта айтқанда, ХХ ғасыр қазақ прозасы мен драматургиясын биікке көтеріп, аударма саласында да еселі еңбек еткен Ғабит Мүсірепов, көркем әдебиеттің нағыз хас шеберіне, ана тілінің ерен жүйрігі, жұпар иісі аңқыған нағыз сөз зергері дәрежесіне көтерілді.

Амал не?... Осындай ұлы тұлға, кемеңгер суреткер, 1985 жылы 83 жасында өмірден өтті. Бірақ ол, өзінің кең тынысты кемел көркем шығармаларымен, ХХ ғасыр қазақ әдебиеті тарихының төрінен бекем орын иеледі. Сөйтіп ол, қазақ әдебиетінің даму тарихында сұңғыла суреткер дәрежесіне көтеріліп, қара сөздің хас шеберіне айналды. Сондықтан да ол, тұғыры биік тұлға, шын мәніндегі сөз зергері ретінде халқымыз арасында мәңгі жасай бермек.

АНАНЫҢ АНАСЫ

(Әңгіме)

Әйтілес аппақ, ақ қарбас, соқыр қарт етектей сақалын балуан бармақтарымен салалай тарап отыр еді. Күмістен құйғандай түп-тұтас ақ сақалы кеудесін жауып:

– Оқындар шулап! Ақ-қ, тфу!.. – деп есіктен асыра түкіріп жібергенде, босағада отырған балалар селк етіп:

– Ағузе... Бесмелла, рәсіре... рәсіри... рәтүрк... рәрирә!.. – деп қоя берер едік...

... Жалпақ жаз. Сай-салада сағым ойнаған саршаның тамызы. Саясыз жайлаудың жан-жануары көлге тығылып қана сая табады. Күннің көзінің өзі де күн ұзын көлге

шомылып жанын сақтайтындай... Шалқыған шаңқай түс кезінде адамның көлеңкесі де саялауға жер таппай бауырыңа кіріп кетеді. Жалғыз-ақ жүні түспеген көпей тайыншаға ұқсап, қойшы-малшылар ғана жалба-жұлба тері тон мен жабағы күпісін тастай алмайды. Қойшылардың өздері күнге күйіп құрысып, кішірейіп, күпілері ғана өсіп бара жатқан сияқтанады. Самайынан сағал-сағал тері шұбырған тезекші әйелдер ғана алты қырдың астынан тезегін арқалап, әрең қалтандап келе жатады.

Біз көгендеген қозыға ұқсап, мұрынды тарта түсіп, Әйтілес үйінде надан молдадан надандық оқып отырамыз. Келешекте құлдықтан бас тартпай, «оң жағына ұрса, сол жағыңды тосатын» кеңсе адамдар әзірленіп жатырмыз...

Ертемен төрт бұрышы жемірілген ескі тоқым сияқты «Иман шартымды» қолтығыма қыстырып, сабаққа келсем, балалар жиналмаған екен. Іркіт сабасында іркілдеген молда мен саудагер Рамазанға соқыр Әйтілес ескі күндердің әңгімесін шертіп отыр. Тот басқан әңгімені жанып-жанып жаңартып, жалт-жұлт еткізеді. Көзден айырылған соң, барлық жарықты көңілі мен құлағына жинаған қарт, ескі күндерді тымақтай бұлғап, төңкеріп-төңкеріп алады:

– Аттың құлағында ойнайтын жас кезіміз... Сексеннің екісінде ме екен, үшінде ме екен, сол кезде Жанай балуан, қайраты қайтса да, болат жүрегі мойымаған кезі еді... Даусы саңқылдап шаңырақта ойнар еді. О кісі сөйлегенде іргеде ғана отырып ойымызға тоқи берер едік...

Сол кісі айтады-ау:

– Баяғыда бала кезімізде Жалпақ балуанға еріп, Ергенектінің елін шабуға аттандық, – дейді. – Жалпақ балуан Бала бидің батыры екен, бір күні Бала би шақырып алып:

– Уа, Жалпақ! Ергенекті елімізді екі рет шапты. Бірінде мен тоналдым, бірінде сен тоналып едің: мен

малымды бердім, сен жаныңды бердің. Жаныңды берген емей немене, қырық жетіні қырқа матап беріп отырған қалыңдығыңды бергенсің!.. Білетін бе едің? – дейді.

– Ол кезде сен жас едің, дұшпаннан кек алу былай тұрсын, жауға өзің кездесіп қалып, астыңдағы тайыңды беріп, әрең құтылған болатынсың... Қазір сен Жалпақ балуан атандың, ол кекті қалай ұмытып жүрсің?.. – деді.

Ол кезде өзгеге шыдаса да, намысқа шыдаған ба, Жалпақ балуан ұшып тұра келіп:

– Би, маңдайда бір қара таңбам бар екенін білмей жүр екенмін: қалыңдық сенікі емес, басқанікі деуші еді. Астымнан атымды алғанда алты-ақ жаста едім... Жеңсем жауды алам, жеңілсем жауда қалам, аттандым сәрсенбінің сәтінде! – дейді де, жүре береді Жалпақ балуан...

– Тоқта, батыр! – деп Бала би тоқтатыпты да былай депті:

– Баруын барасың, елін де шабарсың. Бірақ қатын боп қалған қалыңдықтың қызығына түсіп кетпей, жер қайысқан қалың жылқыға да көзінді саларсың, – дейді.

...Сонымен сақадай сайланған қырық жігіт маңдайды батысқа қойып, түскейді үзенгіге ала тартып жөнелдік, – дейді. Жалпақ жауырыны қақпақтай, жұдырығы тоқпақтай, сыртынан қарағанда құйған пештей болып, оқ бойы алдымызда отырады; астында сар қасқа аты бар, шекіп тастап, оқтаудай ойнап, киіктей орғып келеді. Бәкен жортқан ат өмірде үзенгілесе алмайды... Алты қонып жетінші асқан күні, қоңыр інір кезі еді:

– Осы бір тегін адам болмаған шығар... Түнейік осы молаға, – деп Жалпақ балуан атынан секіріп түсе қалады, – дейді...

– Түстік... Айналасы алпыс қадам, үлкен қара мола екен. Маңдайында жазуы бар. Қырқымыздың бір де біріміз танымайды екеміз ғой, жазуды айыра алмадық, – дейді.

– Соны ойлағанда балалардың оқығанын ішім ұнатып отырады. Уезге шамасы келмесе де, болысқа арам бауыздатпас па екен деп ойлаймын да баяғы... – деп Әйтілес қарт бір күрсініп:

– Құрт берші балаларға! – дейді кемпіріне.

– Шақпақ шағып, тез тұтатып, от жақтық. Қақтаулы қақпыштан бір-екі қаптық та, ер жастанып, тоқым түсеніп жаттық та қалдық...

Үркер жамбасқа келіп, сұлу Шолпан маңдайға таянғанда Жалпақ батыр атып тұра келіп:

– Жігіттер, түс айылды бос, артқы айылды аямай тартындар... Күн найза бойы көтерілген кезде не қалың жауға, не қалың жылқыға кездесерміз... Менің тілегім болса – жауға кездесерміз. Бидің тілегі болса – жылқыға кездесерміз: жылқыға да көзің сал деп еді. Ай, соның тілегі болар-ақ... – деді – дейді. Батыр мұны неден болжады десек, сар қасқа ат құлағымен алысты нұсқап, жер тарпып тұр екен... Тартып кеп кеттік! – дейді. Қатып қалған саңлақтар ұршықтай ойнап, бөкендей бүктетіліп, жер сүзгілеп, ауыздықты қарш-қарш шайнайды. Күн де шанышқақтап найза бойы көтерілді, ойды-қырды алып жатқан қалың жылқыға біз де келіп кірдік, – дейді.

«Жошыбайлап» біз де жылқыға тиістік. Екі салт жылқыдан сытылып, түскейге бет қойып, тартып та берді, қумадық, – дейді.

– Жылқының бір шетін төңкеріп, қиқулап келе жатқанымызда, бота көз қыз тезек арқалап, қосқа қарай жүгіріп келеді екен, өне бойым ұйып қоя берді, – дейді. Астымда «құлан тұяқ құдай көк» деген атым бар (ол кездегі адам құдайды біле ме!), сыдыртып келіп қызды іліп алып, артыма мінгестіріп-ақ алдым. Екі қолын белбеуіме қыстыра тастап, кете бердім. Шашын жайып «құлыншағымдаған» шешесінің даусы ғана естіліп қалды... Ол дауыс маған шаққан масадай да білінген жоқ, – дейді.

Әлден уақытта құрық үстіне құрық жаудырып, ну жылқыны иіріп бетін түзеп, екі қырдың астына түсірдік-ау!.. Сол кезде Жалпақ балуан менің артымдағы қызды көріп, батырдың салғырт көңілі ауып кетті білем:

– Сауға, – деді саңқ етіп, – дейді.

– Сауғаңа жараса, не арманы бар, ал батыр! – дедім.

Қатарласып келіп қыздың маңдайынан сипап, толқынды қара шашынан бір сүйді де, жүре берді. Манадан оты өзегіме өтіп келе жатқан қыз, содан кейін арқама жабысқан көлбақаға ұқсап сұп-суық болып сала берді... – дейді.

Жылқының денін бөліп әкеттік-ау деймін. Төңкеріліп айдатпай келеді. Анда-санда енесінің бауырында шұрқыраған құлын-тай қақтығып құлап, қалып та келеді.

Жылқының жатқан жерінен жарты көш шыққан кезде артымыздан жұлындай болып бір қара көрінді. Аққан жұлдыз ба дерсің, көзді ашып-жұмғанша келіп араласып та қалды. Көпті көрген көне жылқышы екен, басқамызға қайырылмай тұп-тура Жалпақ балуанның шылбырына орала түсіп:

– Байды шапқаның шапқан, малды алғаның алған, жылқышының жалғыз қызын қайтесің, батыр... Еркек десең өзімді әкет, қызымды қайтарып бер. Сорлы анасы аңырап қалды ғой. Тар құрсағын кеңейткен, тас емшегін жібіткен жалғыз еді, – дейді ме қалай?

Батыр оны алаң қылсын ба, мырс етіп күледі де, қасында келе жатқан Кейкі деген жігітке иек қағады. Кейкі қандай албырт, жылқышыны жалбағайдай жұлып алды да, айналдырып-айналдырып лақтырып жібереді де, тобылғы торы бесті киіктей орғып ойнап шыға береді. Екі-үш жігіт қуып беріп еді, қарайлатпады: жылқышыны әкеп беріп қайтайын деген немеше, құйрығын шаншып алып бір-ақ тартты... – дейді.

Артымдағы қыз еңіреп жіберді де, белімдегі білегін суырып-ақ алды. Алдыма алып анықтап қарасам, мөлдіреген бота көзінен меруерт жасы парлап-ақ кеткен

екен. Адам баласының қызғалдақтай үлбіреген сұлуы бола береді екен, қарысып қалған білегіммен кұшақтауға аядым, – дейді (Жанайдың да қолы қатты кісі еді).

Тағы да қозы көш жер кеттік. Жылқышы өлі ме, тірі ме – көңілімізде көлеңке де қалған жоқ. Айғайға жылқы баласы қандай желігеді, тасыр-тұсыр қырылып келеді...

Бір мезгілде артқа қарасақ, тұйғындай тұйіліп, жұлдыздай ағып, артымыздан бір қара тағы келіп қалған екен!..

– Ау, тоссандаршы! – дегенше болған жоқ, орап алдымызға шықты. Тек ағараңдаған бірдемені ғана көріп қалдық.

– Апатайым-ай! Сор айдап әкелді ме! – деді артымдағы қыз. Астында манағы торы бесті, әлгі жылқышының әйелі, артымдағы қыздың анасы екен! – дейді. Қиқулап жылқының оң жағына бір, сол жағына бір шықты да, айналып барып алдына түсіп, оң жаққа қарай тарта кеп жөнелді, – дейді. Жылқы да оның соңынан еріп, шығысқа қарай салуы қалай?

Біз былай қайырамыз, жылқы олай қашады. Торы бесті маңайлатпайды. Найза суырып, сойыл сілтейтін жерге келтірмейді. Әлденеше рет жылқыны бұрып алдық. Жылқы бет-бетімен жарыла қашты. Құрық үстіне сойыл жаудырып бұрмаласақ та болмады, бір бүйірде жатқан өзеннің жалғыз есік кең аралына қалың жылқы келді де енді, – дейді. Аралға енгесін, қалың жылқы айдатпапты...

Аралдың ортасында бір төбе бар екен, әлгі әйел соған шығып алып, жаулығын бұлғап, бәрімізді шақыруы бар емес пе!.. Шаншып-ақ тастаймыз ғой деп төніп келгенде:

– Менің атым – әйел, мына қыздың анасымын! Бәрің де анадан тудыңдар! Анамен алыспайды да, атыспайды да. Нең бар еді менің жалғызымда? Кел ботам, өзіме! – дегенде, қолымдағы қыздың қалай ыршып кеткенін білмеймін, секіріп барып шешесінің мойнына асылды, –

дейді. Терімізге сыймай, қабағымыздан қан жауып тұрған бізде жұмысы да жоқ. Шешесі қызын, қызы шешесін жұбатып өзді-өзі болды да қалды. Сол кезде манағы Кейкі шыдамай кетіп:

– Батыр, лұқсат етсең, екеуін де тайға теңдеп алып жүрейік. Қызы қатынға, шешесі отынға жарар, – дейді. Жалпақ Кейкіге қарап, алақандай көзін бір төңкерді де:

– Жаным, сен неткен жансың? Сен қазақтың қатыны шығар да, өзімді батыры шығар деп ойлаймын... Жөніңді айтшы! – дейді әйелге.

– Батыр, атыңнан түс! Артыңнан қуып келетін ешкім де жоқ. Сен бұл елді шабуға келсең, бұл ел де басқа бір елді шабуға кеткен. Асықпай-ақ айдап бар, жауабын да асықпай берерсің! – дейді әйел Жалпақ балуанға.

Содан кейін бәріміз де аттан түсіп, төбені айнала отырдық. Бұл қарт қатынның қай шатасқанын тыңдайын деп отыр деп бәріміз Жалпаққа ренжідік, – дейді.

Аздан соң әйел құшағындағы қызды босатады да, сөзіне кіріседі:

– Мен мына қыздың шешесімін. Қызым қазір он бесте. Дәл қызымның жасында өзім де сергелдеңге ұшырап едім. Соның суық ызғары табанымнан, қара таңбасы мандайымнан әлі кеткен жоқ... Елім дейтін елім бар дейсің бе: сай сағалап, өзен жағалап жүретін төрт үйлі бір ауыл болыпты, сол ауылда Сонар дегеннің қызы едім... Қай ел екенін білмеймін, елсізде туғыр Бала би деген баласын сүндеттетіп той істеп, ат шаптырғанда бас бәйгеге құл бастатқан тоғыз, бас балуанға күң бастатқан тоғыз тігіпті. Бәйгеге өз қызын берсін бе, айнала қыз іздепті...

Әкем арбасын жөндеп, шешем көжесін қайнатып жатыр еді, он шақты салт атты сау ете түсті:

– Жігіттер, жол болсын! – деп әкем жолай айтқанда:

– Жол болмаса болмасын, қыз болсын! – деп, қосқа сүйеніп тұрған мені қағып алды да, шауып кете берді...

Ертеңіне шапқан ат, күрескен балуанның қызығы біткесін жабулы нарға мінгізді де, мені бәйгеге беріп

жіберді. Күреске түсіп, мені бәйгесіне алған Байсары деген балуан екен, еліне келгесін Күлтеке деген байына байлады. Күлтеке бай мені бір құлына отастырды да, екеумізді сауынға салды. Онда көп жыл тұрдым. Екі жылдан соң Күлтеке қызын ұзатып, той жасағанда екінші аттың бәйгесіне тігіліп (алғашқы жолы бас бәйгеге тігілген екем), осы өздерің шапқан Сары деген байдың қолына көштім. Маған атастырған құл бәйгеге тігіліп, басқа бір елге кетті. Сары байдың қайрақ деген жылқышысы бар екен:

– Өмірінде босағанда болайық, – деп байдан сұрап, мені қатындыққа алды.

– Бірің жылқышы, бірің сауыншы болып жүре тұрындар, кейін босатармын, – деп еді Сары бай. Содан бері он бес жыл өтті. Байым бүгін өліп босанды, өзім осы орталарында отырған Күндіктің ұзын құрығы сарт етіп қызыма түсе қалғасын, сондарыннан қуып келіп тұрмын!

Нағып қорықпай қуып келдің демендер: он бесімде өзім де тап осы қызымдай едім: сендердің қолдарында кетсе, енді он бес жылдан соң қызым да тап қазіргі мендей болмай ма? Мен үшін бұдан артық қорқыныш та жоқ, қорлық та жоқ. Сол мені айдап әкелген! Берсендер тірі алып қайтам, бермесендер өлі алып қайтам! – дейді. Мана әйелді асап қоярдай боп тұрған жігіттер құлағымыз салбырап, күмілжи беріппіз; не сұрау, не жауап бере алмай, жерді шұқи бердік, – дейді. Әйел оны сезе қойды

– «Тең – теңімен» деп он бес жыл отасқан байым еді, сүйегін жолда көрдім. Білектің күшін, найзаның ұшын не күшті теңдеске, не иығы теңдеске жұмсаған жоқсындар. Жағаласқан жау емес, жалбарынған сор емес пе еді, оның құнын қалай өтейсіндер?.. Құлынға қосақтап қызымды әкетіп барасындар, бұларың да не ерлікке, не әділдікке жанаспайды. Ең мықтағанда еліңе бір күн апарып қосасындар. Қызым сендерге барғанда күң болады,

өзіммен қалса, тым болмағанда өз етегімде еркін еркелейді. Сондықтан қызымды алып қайтам! – депті.

Өмірінде әйелден мұндай сөз естімеген әумесер Кейкі былай депті:

– Әйел еркекке қатындыққа жаралған. Біздің далада одан басқа не бітіреді олар? Қызды сатып алсаң да қатын, тартып алсаң да қатын... Жігіттер, мына қатынның сөзін қойдырып, өзін де ала жүрейік. Теретін тезек біздің елде де бар! – дейді.

Манадан ойға көміліп, тұнжырап отырған Жалпақ таудан құлағандай құлап отыр екен. Ұшып тұра келіп сары қасқа атын әйелге тоса береді де:

– Өз бойымнан бере алатын айыбым осы-ақ, жеңгей. Олқысынбай ала көр. Күндіктен босағың келсе, мына жылқыдан қалағаныңша ал да, жердің шетіне дейін көше бер. Бірақ жер жүзінде күндік пен құлдық жоқ ел бар дегенді естігенім жоқ еді, сондықтан өзіме еріндер: қанаттыға қақтырмаймын, тұмсықтыға шоқтырмаймын! – дейді. Сонда әйел тұрып:

– Осы жылқының қаншасы өздеріңе тиеді? – деп сұрайды батырдан.

– Кім біледі, біреуі де тимес... Оны би біледі... – дейді Жалпақ балуан.

– Ендеше, жылқы да ал деме, атыңды да берме, саған ере алмаймын да: сен де еліңе жеткенше ғана ерікті батырсың, еліңе барғасын сен де еркіннен айырыласың; не байдың, не бидің сойылы боп қаласың. Батыр-балуанды көріп жүрміз ғой. Сені батыр деп жұмсайды да, мені қатын деп жұмсайды: айырмасы осы-ақ. Бірақ сенің еркін менікінен еркін болмайды. Солай емес па, батыр? – дейді әйел.

Жалпақ тағы да мойнын салбыратып отырды да:

– Біз даланың ессіз есерлеріміз қой. Көзге түрткенде ғана селк етеміз. Көзге түртпесе көрмейміз. Сен көзімнің оқырасын алып, шымылдығын аштың. Әлгінде ғана қызынды сауғаға алып, кең өмірімнің аз ғана ойыншығы

етермін деп ем. Енді одан қайттым. Өз еркім өзімде тұрғанда, мен бір адамға ерік берейін, қыз сенікі. Желден де еркін өмір сүріңдер! – дейді.

Бейшараның боз көйлегі жырым-жырым. Қолдары қарғаның тұяғындай қап-қара! Ерні қырық тілінген, жарық-жарық. Бірақ түйілген қабағынан, от жанған көзінен жаның шошырлық. Жалынған жоқ, сасқан жоқ, қырық жігітті билеп әкетті, – дейді. Жалпақтың соңғы сөзін естуі-ақ мұң екен, бірі сары атқа, бірі торы бестіге мініп, екі әйел ойнап шыға берді.

Бір кезде әйел, сар қасқа атты қалт тоқтатып, артына бұрылып:

– Керей деген ел көрсендер, сәлем айт, Жалпақ деген батыр көрсендер, сәлем айт! – деді де жөнеле берді. Әйелді аттандырған бойы тұра кеп тұрған Жалпақ балуан гүрс етіп құлап түсті. Біз де сонда ғана есімізді жинапмыз. Айтып-айтып не керек, жылқы да қалып, Жалпақты сүйеп елге әрең жеткіздік, – дейді.

– Шіркін, әйелдің де әйелі екен, – деп Жанай балуан ылғи айтатын еді, – деп Әйтілес қарт сақалын тағы бір салалап қоятын еді...

Балалар манадан бері тынып қалғандарын енді ғана білгендей:

– Рәсірә, рәсіри, рәтүре, рәрирә... – деп, қайта шула-сып кетер еді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. *Әңгіме неге «Ананың анасы» деп аталған? Сендер қандай тақырып қояр едіңдер?*
2. *Шығарма оқиғасының Әйтілес қарт әңгімесімен берілу себебін қалай түсіндіріңдер?*
3. *Жазушы шеберлігі (жазу тәсілі) неде деп ойлайсықдар? (астын сызыңдар)*
 - баяндау; – монолог;
 - әңгімелеу; – диалог;
 - суреттеу.

4. Қырық жгіт пен Жалпақты тізе бүктірген қандай күш, нендей құдірет?
5. Жалпақ балуан кім?
- Әділетсіз қара күш иесі.
 - Өмірде адасып жүрген адам.
 - Адамгершілігін, мейірімін сақтаған адам.
6. «Менің атым – әйел», дейді Ана. Әңгімеде ананың нақты есімі берілмейді. Себебін түсіндіріңдер.

ШЫҒАРМА ҚҰРЫЛЫСЫ

Жазушы көркем шығармада бізге адамдар туралы және оларға байланысты оқиғалар туралы әңгімелейді. Соның бәрі белгілі бір жүйеде, бір-бірімен байланысты суреттеледі, яғни оқиғалар бір-бірінен туындап, жалғасып отырады. **Композиция** – әдеби шығармалар құрылысы, оның бөлім-бөлшектерінің бір-бірімен қиюласа байланысы.

Мысалы, Ғабит Мүсіреповтің «Ананың анасы» әңгімесінде оқиға Әйтілестің: «Оқындар шулап!» деп қойып, іркіт сабасындай іркілдеген молда мен саудагер, Рамазанға ертеде өткен оқиғаны айтатын әңгімесінен басталады. Мұны **шығарманың экспозициясы** (дайындығы) дейді.

Экспозиция – баяндалғалы отырған оқиғаның сипатына қарай беріледі. Мысалы, «Ананың анасы» әңгімесінде Әйтілес әңгімесі өткен заман аңызына құрылған.

Әңгімедегі оқиға желісі Жалпақ балуанның Ергенектік елін шабуға аттануынан басталып, әрі қарай жылқыны барымталап айдап келе жатуы, тезек арқалап келе жатқан жас қызды олжалап алуымен ұласады. Осылайша оқиға желісі дамып, байланысып жалғаса береді. Көркем шығармада оқиғалардың басталуын және бірімен-бірімен сабақтасуын **байланыс** деп атайды.

Әңгімеде бұдан кейін іздеп келіп қызын арашалай алмаған жылқышының мерт болуы, кейін артынан қуып келген қыз анасының барымташылардың алдын орап алуы, әңгімедегі оқиғаны шиеленістіре түседі. Бұл шығарма оқиғаларының **шиеленісуі** болады.

Әңгіме аяқталуға айналғанда оқиға өрістей келе мүлде шиеленісе түседі. Мысалы, осы әңгімедегі Ананың Жалпақ балуанға, жігіттерге арнап айтқан сөзіне әйелді жеп қоярдай болып тұрғандар күмілжіп, жауап бере алмай, жер шұқи береді.

Жалғыз-ақ әумесер Кейкінің үкімі – қызды шешесімен өңгеріп, күндікке алып кетуі. Бұл оқиғаны шарықтатып, шегіне жеткізді. Мұны шығарманың **шарықтау шегі** дейді.

Бірақ сөзден жеңіліп, ойға шомып, қалған Жалпақ балуан Ана мен қызына бостандық береді. Бұл – **оқиғаның шешімі**.

Сөйтіп көркем шығармадағы **оқиғаның басталуы**, олардың байланысы, шарықтау шегі, шешімі шығарманың **құрылысы** болып шығады. Ал оқиға желісін, оның дамуын **шығарманың арқауы** дейді.

Осыған байланысты оқиғалы шығармаларды **сюжетті шығармалар** деп атайды. Батырлар жыры, ертегілер, әңгімелер, хикаяттар мен романдар сюжетті шығармаларға жатады. Көңіл күйіне байланысты жазылған өлеңдерде көбіне оқиға болмайды. Сондықтан оларды **сюжетсіз шығармалар** дейді. Бірақ мұндай өлеңдердің де өзіндік құрылысы, яғни композициясы болады.

Жазушы шығарманы қызықты, тартымды ету үшін оның құрылысын – композициясын әр түрлі етіп құрады.

БОРАНДЫ ТҮНДЕ

(Әңгімеден үзінді)

Қайсар біздің үйге желіге сөйлеп, екпіндей кірді:

– Әлгі қайын атам болмай кеткір, Бекберген кәуғөрік Күреңтөбелді сұратып кісі жіберіпті! – деп алқынып тоқтады. Даусында кернеген ыза, күйінгендік бар екен.

– Е, ол қай құтырғаны, – деп менің әкем де түршігіп қалды.

– Бес жасар баласын піштіртіп, сонда қожасы құрғыр баладан сүндет атыңды айт деп сұрағанда, иттің ғана баласы менің Күреңтөбелімді атапты дейді. Енді, міне, баланың аузына құдай салған шығар, атын берсін, қалған қалың малымды кештім депті. Мына арамдықты көрдің бе?! Қалғанының өзі екі-ақ бұзаулы сиыр! – Қайсар сөз аяғын қайын атасының арғы-бергі үрім-бұтағына тұқыл найзадай қадап, лоқсытып тоқтады.

Оның айттырып қойған қалындығы барын біз – ауыл балалары түгел білетінбіз. Бірақ Күреңтөбелге татитын қыз болар-ау деп кім ойлаған!

– Қайын атаңа сен не деп жауап қайырдың? – деді әкем.

– Оттамасын деп қайырдым, – деді Қайсар. Аздан кейін ашуы басылғандай болып:

– Жалғыз атымнан айырылсам, қызын ұзатып әкелерде жаяу барып, жетелеп қайтам ба?.. Бере алмаймын дедім. Теріс пе осыным? – деп аяқтады сөзін.

– Ие, енді не істемексің?

– Ертең түннен қалдырмай қызын алып қаша салам!

Әкем ондайдың аяғы көрші отырған елдердің арасына кектесу туғызарын ескерте бастап еді, Қайсар бұрылмайтын ыңғайын көрсетті.

– Ағайын, дау-жанжалдан қашқалақтасаң отыра бер үйінде. Мен қызды алып қашқан бойы орыс арасына тайып отырам. Сонан соң маған соқтығып көрсін! – деп кесіп тастады. Біраз үндеспей қалысты. Әкем қол іске

бара алмайтын адам. Аулымыздың аяулы бір жігіті дау-жанжал әкелгелі отыр. Дау дегеннің егіздеп кететін де кезі болады. Әкем осыны ойлап қысылады. Қайсар үзілді-кесілді жауап күтеді. Мен болсам Қайсардың ер жүректігіне қызығып отырмын. Ұзындау қиылған қара көздері қызғылт ұшқын шашып тұрғандай екен.

– Кәне, ертең бір балаңды қосып бересің бе маған, жоқ па? – деді Қайсар.

– Бала дегенде үлкенірегі кісі есігінде, Иміштің үйінде... Мынау боқмұрын босандау ғой, – деп әкем көселеу иегімен мені нұсқады.

– Маған осы боқмұрының болады. Балаңды қостың, басың пәлеге қалады! Даушылар алдымен осы үйге келіп түсетін болады, – деп Қайсар қарқылдай күліп алды. Бір қажетке жарап кеткелі тұрғаныма мардамсып, мен шалбардың ышқырын бір көтеріп, мұрнымды бір тартып қойдым. Қайсар сол күлген бойы шығып кетті.

– Төбелес, бірдеңе бола қалса маңайына жолама! – деп әкем маған ақыл айта бастады.

Қайсар өзінен басқа туысқаны жоқ жалқы жігіт болатын. Жалғыз Күреңтөбел аты бар. Көкдауыл атанған тайыншадай ірі, сұрғылт көк иті бар. Желкесінен бастап иығына дейін созылған сирек қара қылшық Көкдауылдың атақты бір тұқымнан екенін көрсетеді. Қайсарға осы екеуінен басқа, анау бір қоңыр сиыры, аздаған қой-ешкілері жараспай тұратын сияқты еді. Күреңтөбел мен Көкдауыл – аулымыздың аруағы. Кейде біздің ауыл Күреңтөбелдің аулы деп те атала бастаған. Ауыл әйелдері Күреңтөбелдің алдынан өткен емес. Жаз күндерінде Көкдауыл ыстықтап келіп төрдің алдына сұлай кетсе, оны ешкім орнынан қозғамайтын. Қыс бойы Көкдауыл жылы үйге тұмсығын сұқпайтын. Ауыз қораның бір түкпірінде талдан тоқып, астын тақтайлап, қалың шөп төсеп тастаған үйшігі бар, сонда жатады. Таң ала көлеңкеде ауылды айнала шауып жүріп, қасқырдың ізін көрсе, иісін сезсе, Көкдауыл қораға кіре бере, бір

«ау!» деп қалады. Қайсар Күреңтөбелді ерттей бастайды. Ол күні Күреңтөбелдің беліне көлденең түсіп, азу тістері ырсыып, мұрнына жұдырықтай болып қан көбік қатқан бір қасқыр келе жатады. Осылай болған соң Күреңтөбелге татитын қыз болсын ба, Көкдауылдай ит болсын ба?! Қайсардың шешесі Бәден апай шалқып сөйлейтін, есіп отыратын адам:

– Күреңтөбел мен Көкдауылдан қасқыр құтылған емес! Көкдауылға түлкі деген не тәйірі, тышқан ғой, әшейін! – деп бір қояр еді. – Ақ құйрығы болмаса, өзгесі адыра қалсын, шай емес! – деп тағы бір беткейге серпіп кетер еді. – Қайсаржан-ау, балаларға беріп отыратын кәмпит-сәмпитім азайып қалды, қалаға соқсаң, тағы бір дорбасын ала келші, – деп мырзалық қиясынан бір атой беріп жіберер еді.

Қалайда Бәден апай балалардан барын аямайтын адам. Біз, ауыл балалары, қыс болса ол кісінің отынын жарып беруге, жаз болса бұзауын айдап келуге тала-сып жүреміз. Күреңтөбелді көлге жүздіріп алу керек болса, балалар үшін ол бір қиян-кескі төбелес... Ертеңіне іңір кезінде Қайсардың үйіне келсем, он шақты жігіт шай ішіп, қызара бөртіп терлесіп отыр екен.

– Мынау да қыз алып қашуға бара ма? Қой, бір жерде адасып қалар! – деп жігіттер мені мазақтай бастады.

– Қызды алдына өңгертіп берсек, ауылға алып келе аласың ғой!

– Мінген атың қандай? Қорқылдық шабдар бие ме?

– Ие...

– Қап, келе жатқанымызды Бекберген күндік жерден естіп отыратын болды-ау!

Бәден апай жігіттерді бұдан әріге жібермей тоқтатып тастады:

– Барады! Тым болмаса Қайсар ағасының атын ұстап тұруға жарамай ма? Қайсар ағасын жанындай жақсы көреді. Іштерінде күнә-сұмдықтан таза бір бала болса,

жолдарың болады. Барады! Шайға кел, қасыма отыр, – деді.

Ауыл жатар кезде, біреуі мен, он үш жігіт атқа қондық. Бәден апай менің қойныма екі домалақ ащы құрт, бір уыс кәмпит тығып берді:

– Ұйқың келсе, ащы құрт же, қарның ашса кәмпит же!..

Қар қою жапалақтап тұр. Суық емес, жел азғана азынап қояды. Қай жаққа шығып алып соғарын байқатпай, айнала ұйтқып тұратын кезі. Әзірге қай ауылдың қамсыз отырғанын анықтап алуға айнала торып жүрген сияқты.

Жігіттер ауылдан шыға шұбала жөнеліп кетті. Ішінің қорқылдағы бар шабдар байталмен соңынан мен келе жатырмын. Барар жеріміз алты-ақ шақырым екен, тез жетіп қалдық.

Кәдуілгі, ағаш арасынан ықтай қыстаған ауыл. Бір үйден жарық көрінбейді. Бораннан иттері де қораға тығылып, бұйығып жатса керек, біреуі үрген жоқ...

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Әңгіме кімнің атынан баяндалды?
2. Қайсар қалыңдығын алып қашуға неге мәжбүр болды?
3. Қайсар қандай жігіт? Оның қандай мінез-құлықтары ұнады?
4. Кәмен қандай қыз?
5. Әңгіменің күлкілі тұстарын айтыңдар.

ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ

(1911–1955)



Қазақ поэзиясының асқар биіктерінің бірі – Қасым Аманжолов. Ол 1911 жылы Қарқаралыда туған. Әкесі Рахымжаннан жастай жетім қалады.

Ол алғаш ауылда аздап хат таниды. Ағасы Ахметжан 1923 жылы Қасымды Семейдегі бастауыш мектепке оқуға береді. 1924–1926 жылдары сол қаладағы интернатта тәрбиеленеді.

Табиғатында сыршыл да, шыншыл ақын Қасым Аманжолов, тамаша өнер иесі болған. Ол домбыра, скрипка, қобыз, сияқты т.б. аспаптарды нақышына келтіре тартқанда, тындаушыларын еріксіз еміренте түседі екен.

Әрі ол шебер әнші, тамаша күйші де болған. Оның «Дарига», «Туған ел», т.б. әндері күні бүгінге дейін қазақ халқының мәдени байлығы ретінде орындалады.

Ақын жастық шағынан-ақ өлеңге құмарта түсті. Әр алуан тақырыпта өлең жазып, ақындық талантын таныта білді. Мәселен: ақынның «Балалық шақта», «Құпия қыз», «Қытай қызы», «Достар, қайда жүрсіндер?», «Сен едің мені айырған», «Орамал», «Сақыпжамал», «Дарига, сол қыз», «Өркендей бер, Отаным», «Испания ұрпағына», «Толғау» сияқты т.б. өлеңдерінде өмірлік мәні бар мәселелерді көтереді.

Аса талантты ақын кезінде Абай, Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанин, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин сияқты поэзия алыптарының шығармаларынан рухани нәр ала отырып, А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, В. Маяковский сияқты орыс поэзиясы жұлдыздарының өлеңдерін сүйіп оқиды.

Қасым Аманжолов үнемі іздену жолында жүріп, XX ғасырдың 30–50 жылдардағы қазақ поэзиясын ерен еңбегімен биікке көтеріп, шын мәніндегі талантты жаңашыл ақын дәрежесіне көтерілді.

ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Өзге емес, өзім айтам өз жайымда,
Жүрегім, жалын атқан сөз дайында.
Тереңде тұнып жатқан дауыл күйді
Тербетіп, тулатып бір қозғайын да...

Аманжол – Рахымжанның Қасымымын,
Мен қалған бір атаның ғасырымын.
Біреуге жұртта қалған жасығымын,
Біреуге аспандағы асылымын.

Шарлаған жолым жатыр жер бетінде,
Көрінер көлеңкесі келбетімде.
Қай жерде үзіледі қайран сапар,
Түйін боп өмірімнің бір шетінде.

Сол жерге қалармын ба мәңгі тоқтап,
Жоғалып жер бетінен сүрлеу-соқпақ,
Немесе бастармын ба екінші өмір,
Жалынды жыр жолында қызыл шоқ қап.

Дүние жалт-жұлт еткен кең мекенім,
Көре алмай көп жеріңді мен кетемін.
Арпалыс ала құйын заманалар,
Арбасып тұрып алды, мен не етемін.

Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ,
Қараймын елесіңе мен таңырқап.
Жаңғыртып жер сарайын сен келгенде,
Көрпемді мен жатармын қырда қымтап.

Барым да, бақытым да осы өлеңім,
Жақыным, жүрегімнің досы өлеңім.

Өмірге келгенім жоқ бостан-босқа,
Мен қайтіп босқа жасап, босқа өлемін.

Аяған жүрегім жоқ жолдасымнан,
Сый көрді небір сараң мол Қасымнан.
Жолдастың жүзін қайта алдым жинап,
Айырылсам ала көңіл он досымнан.

Қасыммын, сол баяғы бір Қасыммын,
Бақытын ойламайтын құр басымның.
Тымырсық, түнек болсаң – дұшпаныңмын,
Ақ көңіл, адал болсаң – сырласыңмын.

Дариға, о, дариға, шіркін дәурен,
Басымнан таярмысың бір күн дәурен
Жалт беріп, жоғалар ма нажағайдай
Мерт болған балапанның қанатындай.

Сондықтан ап кел бері домбырамды,
Кеудеме күй қанатты қондыр әнді.
Берейін өмірімнен өлең жасап,
Шашайын онды-солды мол мұрамды.

Дүниеге келер әлі талай Қасым,
Олар да бұл қасымды бір байқасын.
Өртке тиген дауылдай өлеңімді
Қасымның өзі емес деп кім айтасын!

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. *Өлең «Өзім туралы» деп аталса да, ақын тек өзі туралы толғанған ба? Өзі арқылы басқа да қандай мәселелерді көтерген?*
2. *Қалай ойлайсыңдар, өлеңде қандай көңіл-күй басым?*
3. *Ақынның поэтикалық тіліне талдау жасаңдар.*
Теңеу:
Эпитет:
Метафора:

4. «Сен неткен бақытты едің келер ұрпақ» тақырыбына пікірлесу жүргізіңдер.

АҚЫН ӨЛІМІ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

(Поэмадан үзінді)

Майдан етіп дүние төрін,
Темір, болат қақтап отқа,
Жекпе-жек кеп өмір, өлім,
Соққыласып жатқан жоқ па?
Арқалап сол майдан жүгін,
Қырғын соғыс ортасында,
Жүрді ұлан,
Кекті зілін
Қоса түйіп қорғасынға, –
Ырғып бұлттан түсер жайдай,
Өзі оқ боп атылғандай,
Ерегіске жанын тігіп,
Күтті жауын, тас бекініп.
Өмір гүлін жаншып, таптап,
Шаштан сүйреп махаббатты,
Жерімізде жындай қаптап,
Найзаға іліп ар-ұятты, –
Келе жатты сұм жендеттер,
Жиіркеніп, жиырылды жер.
Жауға тамшы татырмастай
Буырқанып тасты өзендер.
Ашулы жел ащы даусы
Тұндырғандай жау құлағын.
Сол аймақтың әрбір тасы
Күйретердей жау қамалын...
Қанды көбік қара топан
Ортасында бейне шың тас,
Өр кеудесін етіп қалқан,
Сол баяғы жатыр бір жас.
Қойып айды қарауылға,

Күн де шомды ұлы ұйқыға.
Қонды орманға қорғасын бұлт,
Жат дыбысқа құлағын сап,
Тың тындаған адамға ұқсап,
Айнала аймақ тұрды жым-жырт.
Ойшыл орман мүлгіп, қалғып,
Төңіректің сырын аңдып,
Жайлап қана тартып сырнай,
Сыр шертеді ну қарағай.
Сонау орман етегінде
Жаланған от сатыр-сұтыр.
Қанды ізін қара түнге
Көме тастап жаулар отыр.
Сол бір оттан ыршып бір шоқ
Түсті ме ер кеудесіне?
Қойылғандай болды сол от.
Динамиттің пілтесіне.

– Қасақы жау қарсы алдында

Қасақана көрсетіп қыр,
Сенің алтын ошағында
Зұлымдық от жағып отыр;
Түскен дұшпан терезеннен
Қапылыста салып жара,
Қуса сені өз төріңнен,
Көнсең соған,

– Не маскара!..

– Қасиет күші ұлы Отанның
– Қанатын бер қыран құстың,
Ашуын бер арыстанның,
Жүрегін бер жолбарыстың!
Күллі әлемнің ашу-кегі
Орна менің кеудеме кеп!
Жау жолына атам сені,
Бомба бол да жарыл, жүрек!
Бар арманым – асқар тауым,
Көтеріл, ел, намыс туы! –

Деп ер ұлан бақты жауын,
Болып серік жан ашуы.
Қанды пышақ – жау күлкісі
Қақ жарғандай түн жүрегін,
Шошып ұшты орман құсы,
Көл күрсініп алды демін,
Ер күрсініп алды демін.
Қинады жан қызғанышы,
Қимай жауға көл-арнасын,
Жалын шарпып дем алысы,
Құшып жерін, сүйіп тасын,
Жүрегіндей сол аймақтың
Алас ұрды намысты ұлан.
Ащы зары махаббаттың
Естілгендей, күйінді жан,
Кеуде кегі, жан ашуы
Кетті шығып «от өзектен»...
Көтерілді жаудың шуы
Түскендей-ақ қаһар көктен.
Айнала жау ырсыл қағып,
Айдаһардай көтерді бас.
Кетті ілезде қызып, жанып
Дүниедегі бір ұры айқас.
Тұтасқандай жер-аспан,
Соқты ұйытқып оқ бораны:
Қан кілкіте қара тастан,
Түрткіледі кең даланы;
Қара толқын орман шашын
Жұлды тартып снарядтар;
Мәңгі мекен көл жағасын
Тастап, суға сүңгіді жар.
Ұмтылды жау ондап, жүздеп.
Тойтарам деп ердің сағын;
Тұтқын етіп аламыз, – деп,
Айқара ашып оқ құшағын.
– Ала алмайсың! – деді ер ұлан.

– Алмай қойман! – деді жауы.
Қысты келіп жан-жағынан
Темір торлы жау құрсауы.
Сілкіндіре жер өзегін
Жарып шыққан отты селдей,
Бет қаратпай өртеп лебі,
Оқ орағын орай сермей;
Соғып жерге жау жүрегін,
Төңкерілтіп төңірегін,
Бұрсанды кеп батыр ұлан,
Автоматтан түтетіп оқ,
Жалғастыра көкте жырлап,
Өрт үстінде көк түтінді
Құстар байғұс жүр шырылдап.
Айтты да ол, соңғы сөзін,
Аударды бір отты көзін,
Жанарымен шырқ үйіріп,
Жер мен көкті алды жиып,
Сол бір күздің аясына
Кеткендей ед дүние сыйып.
Күй көңілді, жаз бейнелі
Алтын өмір мың құлпырып,
Көз алдында жардай күліп,
Қасақана алды тұрып.
Ғашық жардай қайран өмір
Қиналдырмай қалатын ба ең?
Желпуші еді ол, жуытпай кір,
Құс жанының қанатымен.
Кейде сағым, кейде жалын
Арбады елес көз жанарын,
Көрді бәрін, құшты бәрін:
Туыстарын, жан достарын...
Кенет осы сұлу сурет
Тұрған жайнап, көзді тартып,
Сұп-сұрланып, о керемет,
Орны-орнында қалды қатып.

Тұр еді ол, үсте жалын
Алтын таудай шалқып, лаулап,
Аялдамай жалт берді өмір,
От төсекке түсті аунап.
Ұшты құстар шартарапқа,
Хабарлауға ер өлімін.
Ұмтылды жау, таптамаққа
Ең болмаса қалған күлін.
Бұлтын жиып көкірегіне
Күрсінді бір аспан ауыр;
Қос қанатын соғып жерге,
Азаланып кетті дауыл;
«Таптатпан, – деп, – күлін жауға»
Құшып алып кетті дауыл,
Республика аспанында
Осынау күйді шертті дауыл.

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Қасым Аманжолов қай өңірде дүниеге келген?
2. Абдолла өлімі – өмірді жеңген өлім бе, өлімді жеңген өмір ме? Ойларыңды поэмадан нақты мысал ала отырып, дәлелді жеткізіңдер.
3. Абдолланың Отанына деген махаббаты, жауға деген айбарлы үнінде ақын Қасым, жауынгер Қасым әнін естуге бола ма?
4. Абдолла ақынға мінездеме беріңдер.

ДАРИФА, СОЛ ҚЫЗ

Майданнан Қасым келеді
Өткеріп бастан небір күн.
Үстінде сұп-сұр шинелі,
Өңіндей сұрғылт өмірдің.

Өкпесі құрғыр шаншиды,
Кеудесі күрк-күрк жөтеліп.
Қиялы көкті шарпиды,
Қанатын дауыл көтеріп.

Туған ел асыл анасы,
Қол бұлғап: «Балам, кел!» дейді.
Сарыарқа – сайын даласы,
Ұшында көздің көлбейді.

Сағына сәлем береді
Аққу-қаз көлде қаңқылдап.
Өлеңнің бұлты келеді,
Жауатын күндей жарқылдап.

Махаббат, жастық, еркелік
Қарайды көзбен суынған.
Келеді Қасым өртеніп,
Семсердей оттан суырған.

Лапылдап, маздап жанбаса,
Жабығып қалар жыны бар.
Ақылды жары болмаса,
Ақынның жанын кім ұғар.

Жаралы құстай талпынып,
Аңсайды көңіл құмарын.
Келеді ақын шарқ ұрып,
Алқынып іздеп сыңарын.

Сұрапыл соғыс сапырған,
Шайқалмай дүние қалсын ба?
Сәуле боп нәзік шақырған,
Дариға, сол қыз барсың ба?!

Көз салып қызыл вагонға,
Жүр ме екен алып есіне?
Жолыққан ару Оралда,
Ақынның әулиесіне!

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Майданнан келе жатқан Қасымның бейнесі қандай?
2. Ақынның сүйген жарына сипаттама беріңдер.
3. Қасымның туган жері, сүйген жарына деген сағынышын қалай ұғындыңдар.
4. Өлеңді жаттап алыңдар.

ПОЭМА

Поэма – эпостық жанрдың бір түрі. Белгілі бір оқиғаны өлеңмен баяндайтын көркем шығарма. Поэма көбіне сюжетке құрылады. Адамдардың қарым-қатынастарын, талас-тартыстарын, күйініш-сүйініш, мінез-құлық, іс-әрекеттерін суреттейді.

Жазба әдебиетте поэманың түрлері әр алуан. Кейде эпостық, лирикалық, драмалық поэмалар деп бөлінеді. Бұл – поэмаларды жанры жағынан айқындау. Поэмада қай жанрдың элементі басым болса, соған қарап айдар тағамыз.

Әдебиетімізде поэманың алғашқы нұсқалары деп, батырлар жыры мен ел арасында кең тараған оқиғалы халық жырларын айтуға болады.

ҚАДЫР МЫРЗАЛИЕВ

(1935–2011)



Қазақ поэзиясының көгінде ХХ ғасырдың 50–60 жылдарында көрінген Қадыр Мырзалиев қазақ өлең өрнегінің төрінен орын алған шынайы талант иесі.

Ол 1935 жылы бірінші қаңтарда Орал облысының Жымпиты елді мекенінде дүниеге келеді. 1958 жылы әл-Фараби атындағы қазақтың мемлекеттік университетінің филология факультетін бітіріп, «Балдырған» (1958–1961) журналында, 1961–1965 жылдарда «Жұлдыз» журналында қызметтер атқарады. 1968–1973 жылдары «Жазушы» баспасында поэзия бөлімінің меңгерушісі, 1973 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақстан Жазушылар Одағы поэзия секциясының меңгерушісі болады.

Оның алғашқы өлеңі 1954 жылы жарық көріп, тұңғыш кітабы 1959 жылы «Көктем» деген атпен шығады.

Ақын өлеңдерінде Отанын, елін, жерін ардақтап, халықтар достығын жырлаған. Оны ақынның 1977 жылы «Жазушы» баспасында жарық көрген «Алақан» атты жыр жинағынан аңғара түсеміз.

Бұл жыр негізінен төрт бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім «Өзбек өңірінде» деп аталады да, онда ақын туысқан өзбек халқының өмірін сипаттай келе, өзбек-қазақ халықтары достығын қуаттай түседі. Мәселен, ақын «Қос төркін» өлеңінде, екі халықтың тарихи тамырластығы мен туысқандығы жайлы ой түйіндеп:

*Тарайды арғы атамыз алты арыстан,
Бірінен біреуіне салты ауысқан.
Өзбек боп, қазақ болып бөлінгенмен,
Біз барып қосыламыз Алпамыстан, –*

деп, өте орынды байламдар жасады. Жырдың «Қырғыз құшағында», «Тәжік топырағында», «Түрікмен төрінде» деген бөлімдерінде өзбек, қырғыз, түрікмен, тәжік халықтарының қазақ халқымен болған достық қарым-қатынастарын, халықтар достығын жырға қосады.

Міне, бұлар ақынның ұлылығы мен кемеңгерлігін көрсете түседі. Мәселен, ақын туысқан өзбек халқының өмірін өзінің «Өзбек өңірінде» деген цикл өлеңдерінде, оларға деген ыстық сезімін, туысқандық мейірін өлең өрнегімен өре түседі. Оны біз ақынның «Жомарт жүрек», «Самарқан», «Әмір Темірдің өлер алдындағы ойы», «Ұлықбек және оның баласы», «Хұсайын Байқараның уәзірлеріне айтқаны», «Әскияз», «Тақия», «Актрисаның ажалы», «Базарлы Бұхара» сияқты т.б. өлең жолдарынан анық аңғарамыз.

Қадыр Мырзалиев – аса тамаша аудармашы. Оның аудармасынан қазақ оқырмандары Овиди, Руми, Виктор Гюго, Генрих Гейне, Райнис, М.Ю.Лермонтов, Д.Родари, Расул Гамзатов, Қайсын Кулиев шығармаларын өз ана тілдерінде оқу мүмкіндігіне ие болды.

Қадыр Мырзалиев қазақ балалар әдебиетінің дамуына да өз үлесін қосқан. Оның «Ноян-қоян», «Алуан-палуан» жинақтарындағы шығармалары балаларға арналған.

Ол «Ой арманы» атты жыр жинағы үшін 1966 жылы Қазақстан Республикасы жастар сыйлығының иегері болған болса, 1969 жылы жыр жинақтары үшін Абай атындағы мемлекеттік сыйлығына ие болған.

Қорыта айтқанда, Қадыр Мырзалиев қазақ поэзиясын биікке көтерген аса талантты ақын, тамаша аудармашы, балалар поэзиясының көрнекті өкілі.

Сондықтан да, оның өлең-жырларынсыз қазақ поэзиясының даму тарихын, өсу эволюциясын атап өту мүмкін емес.

Ол нағыз сыршыл да, сыншыл, ойшыл ақын.

ТАБИҒАТ ТАЗАЛЫҒЫ

Пәк ауаға кешегі кім нанады?!
Түтін, тұман аспанды тұмшалады.
Кір шалады қанатын аққулардың
Соны ойласаң көңілді кір шалады.

Сексеуілдің орнында көмір қалып,
Аман ба өзі тұрғаннан өңір налып?!
Ақ мамықтай ақша қар
Шәһарларға
Енді жауса жауады қоңырланып.
Көлдер қайда жататын сұқсыр қонып?!
Қайда барсаң бір түтін бықсыр келіп...
Ақ көжек боп өкпеңе кірген самал
Шығарында шығады сұп-сұр болып!

Мұзды мұхит сол, мүмкін, қалпында әлі.
Мән берген жоқ әлі оған жарқын халық.
Мазут жұтып,
Ауырған бидауамен
Көрінбейді бүгінде алтын балық.

Шуда түтін
Шалқыған от түсінде
Ұзақ тұрып алады көкке сіңбей.
Етек-жеңі қызарған кейбір бұлттар
Ауру малдың қабарған өкпесіндей.

Бар дейсің бе өмірде азап ондай!
Дүние азса ол енді азады оңбай!
Адам таза болмайды ешқашанда
Айналайын табиғат таза болмай!

ӨЗБЕКТЕР

Ұлы көш бекетінде,
Кім-кімде сезбек мұны.
Ұлттардың букетінде,
Өзінше өзбек гүлі.

Жақсыға келінге деп,
Шығарар қызын бөліп.
Өзбектер шөлінде де,
Өседі жүзім болып.

Туыстық негізінде,
Дастан жыр таралған-ды.
Өмірдің теңізінде,
Өзбектер – арал мәңгі.

Тер төгіп – жөргегінен,
Тереді құтын халқы.
Тарихтың диірменінен
Шығады бүтін қалпы.
Арудай сызыламын,
Айтарда наз әнімді.
Өзбекке қызығамын,
Сүйгесін қазағымды!

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Ақынның «Табиғат тазалығы» өлеңі қандай тақырыпқа арналған?
2. Ақын адам баласының қандай әрекеттеріне қынжылыс береді?
3. Табиғатты ластамаудың адам баласына қандай пайдасы бар?
4. «Аялайық табиғатты» тақырыбына әңгіме жазыңдар.
5. Қадыр Мырзалиев өлеңдерінің өзіндік ерекшеліктері қандай?

6. «Өзбектер» өлеңі не жайында жырланады?
7. «Өзбектер» өлеңін жаттап келіңдер.

ӨЛЕҢ ҰЙҚАСТАРЫ

Қазақ поэзиясында ұйқастардың түрі көп. Көп қолданылатын түрлері мыналар:

1. Қара өлең ұйқасы.
2. Шұбыртпалы ұйқас.
3. Ерікті ұйқас.
4. Кезекті ұйқас.
5. Шалыс ұйқас.
6. Егіз ұйқас.
7. Аралас ұйқас.

Қара өлең ұйқасы – бұрыннан келе жатқан ұйқас. Бұл ұйқаста 1-2-4 жолдары ұйқасады да, 3-жолы ұйқассыз қалады. Бұлай ұйқасу 11 буынды өлеңдерде 7,8 буынды өлеңдерде бола береді. Мысалы:

Оқыған білер әр сөзді,
Надандай болмас ақ көзді.
Қадан жөндіге жөн келмес,
Білер қайдағы шәргезді.

(Абай)

Шұбыртпалы ұйқас – Махамбет, Абай, Жамбыл сияқты т.б. халық ақындарының өлеңдерінде көп кездеседі. Бұл ұйқаста өлеңнің барлық жолдары ұйқасады. Тек ой бітер жердегі аяққы жолы ғана ұйқастан тыс қалады. Мысалы:

Беркініп садақ асынбай,
Біртіндеп жауды қашырмай,
Білтеліге доп салмай,
Қорамсаққа қол садмай,

Қозы жауырын оқ алмай,
Атқан оғы жоғалмай,
Ерлердің ісі бітер ме?!

(Махамбет)

Ерікті ұйқас – белгілі тәртіппен құрала бермейтін ұйқас. Ұйқастары бірде олай, бірде бұлай болып келетін өлеңдер де бар. Бұлар көбіне жырларда кездеседі. Мысалы:

Сіздер кейін тұрыңыз,
Барайын жалғыз мен деді.
Әуелі алла анайым,
Хақ жаратқан құдайым.
Мал шыдамас жауырға,
Ер шыдамас бауырға,
Бірге туған ит еді,
Жалғыз өзім барайын,
Мінген аты ала еді.

(«Қобыланды» жырынан)

Осы сықылды бірде олай, бірде бұлай, ой толқынына қарап, керекті жерінде ұйқастыра салуды **ерікті ұйқас** дейді.

Кезекті ұйқас. Шумақтың бір жолы ұйқаспай, екінші жолы ұйқасып келсе **кезекті ұйқас** дейміз

Сәулең болса кеуденде,
Мына сөзге көңіл бөл!
Егер сәулең болмаса,
Мейлің тіріл, мейлің өл!

(Абай)

Мұнда 2–4 жолдар ұйқасқан. Кезекті ұйқас өлеңнің шумағына қарай осы ретпен келе береді.

Шалыс ұйқас. Ұйқастың бұл түрінде 1-жол мен 3-жол, 2-жол мен 4-жол ұйқасады. Мысалы:

Шаң шығармас жол-дағы,
Сілкіне алмас жапырақ,
Тыншығарсың сен-дағы,
Сабыр қылсаң азырақ.

(Абай)

Бұл ұйқас 7–8 буынды, 11 буынды өлеңдерде де кездеседі.

Егіз ұйқас Абай өлеңдерінде көп кездеседі. Мысалы:

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған.

Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағына жетіп қайырған.

(«Сегіз аяқ»)

Бір шумағы 8 жолдан құралады. 1–2 жол ұйқасады да, 3-жолда ой бітпей, ашық қалады да, 4–5 жол ұйқасады да, 6-жол ашық қалады. Ашық қалған 3-6 жол ұйқасады. Бұл – егіз ұйқас.

Аралас ұйқас. Ұйқастардың бірнешеуінен жиналып жасалатын ұйқастар бар. Сөйтіп, бір шумақтың өзінің ішінде басқа ұйқастың тармақтары қосылып кеп, жаңа ұйқас туады. Осы сияқты ұйқастар аралас ұйқастар болады. Мысалы:

Ата-анаға көз қуаныш
Алдына алған еркесі.
Көкірегіне көп жұбаныш.



ҚАЛБАЙ ӘБДІРАМАНОВ

(1947 жылы туған)

Әдебиет майданына ХХ-ғасырдың 60-жылдарының бас кезінде кіріп келген Қалбай Әбдіраманов, бүгінгі таңда аса талантты ақындар қатарынан орын алады.

Қалбай Әбдіраманов 1947 жылы Қарақалпақстанның Беруни ауданында дүниеге келген.

Өлең жазуды орта мектепте оқып жүргенде бастаған. Бірнеше өлеңі қазақ, қарақалпақ тілдерінде ХХ ғасырдың алпысыншы жылдары газет-журналдарда басылады.

Қалбай Әбдіраманов өз өлеңдерін екі тілде, қазақ және қарақалпақ тілдерінде жазады. Ақынның «Жүректегі жазулар», «Келешекке сапар» атты сияқты т.б. жырлар жинағы Қарақалпақстанда жарық көрді. Ол тоқсаныншы жылдардың орта тұсынан бастап, Қазақстанның Ақтау қаласына қоныс аударып, қазір сонда жасайды. Оның «Қазақнама» атты көп томдық жыр кітабының алғашқы томдары басылып шығып, оқырмандар тарапынан жылы қабылданады.

Шығармаларында азаматтық әуен, достық пен туысқандық, адамгершілік, халықтың салт-дәстүрі, ана тілі секілді т.б. тақырыптарды өзіндік өрнекпен жырлап келеді.

Қорыта айтқанда, Қалбай Әбдіраманов қазақ поэзиясын тақырып жағынан да, көркемдік ерекшеліктерімен, жырлау тәсілдерімен де, өзіндік қолтаңбасы бар, аса талантты ақындардың бірі дей аламыз. Өйткені, ақын өлеңдерінде асқақ сезіммен шынайы ой түйдектері өзара астаса түсіп, көңіл сергітеді. Бұл оның ақындық құдіретін жан-жақты аңғартады.

АНА ТІЛІМ

Ана тілім! Ай тілім! Төре тілім!
Күн бар екен тағында көретұғын!
Жалауымсың! Ошақта алауымсың!
Ақ найзамсың жауыма төнетұғын!..

Хаттарыңды қырық жыл жазып келем,
Біраз жылға мен-дағы азық берем.
Тонькөктей шықсын деп дастан болып.
Тас көрінсе – қайрақтай қажып келем!
Айналайын, маржанның асылынан,
Барлық тудың мен сені басы қылам.
Ассалаумағалейкум келесі мың жылдарға –
Мұқағалидің хан болған ғасырынан!

Мына сөздер менікі тасқа басқан,
Қазақ барда – сөйлеймін астам-астам!
Қазақ барда – отырам хан қасында,
Қалағыммен көкеме тас қаласқан!..

Ескерткіштер шаршады мініп-құлап...
Біреуі жоқ өзіңнен құлықтырақ.
Таласқандар орталық майданшаға
Орнықпады тарихқа кіріп бірақ...

Әлі мұндай жаңылыс көп болады,
Қазақ десем – көңілім тоқ болады.
Шырақ жағып тіктелген ескерткіштер
Қараңғыда, білдірмей жоқ болады!..

Ойлан, Елім! Ойлап қой, басың барда,
Өз ұлыңды ұмытпа, асың барда!
«Баспанасыз қалдым!» – деп қайта келсе
Қай қаланды бересің Қасымдарға?!

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. «Ана тілім» өлеңінің тақырыбы не?
2. Өлеңде ана тілінің ұлт, халық тағдырындағы орны, қызметі туралы қалай айтылған?
3. Өлеңде ана тілінен өзге қандай мәселе көтерілген деп ойлайсың?
4. «Ойлан, Елім! Ойлап қой, басың барда, өз ұлыңды ұмытпа, асың барда!» – деген тармақтарды түсіндіріп беріңдер.
5. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.

ҰЛДАРЫМА НАСИХАТ

Апыл да тапыл әр адым,
Жүруге, міне, жарадың!
Тағамды баспа аяққа,
Түкірме суға карағым!

«Түкірме желдің өтіне –
Өзіңнің түсер бетіңе!»
Шалқыған анау көк теңіз –
Ағаш ек соның шетіне!

Шығасың талай төрлерге,
Жетесің талай өрлерге.
Атыңнан түсіп бата оқы
Кесенелерді көргенде!

Сөз айтпай тұрып кішіге,
Өзіңнің кара ісіңе!
Көресің кейде өңінде
Енбегендерді түсіңе!

Құста да болар қасық қан,
Ақылды абзал жас ұққан.
«Сабырдың түбі – сары алтын»,
Тезірек жетер асыққан!

Пайғамбарымыз жазған бар – ҚҰРАН,
Көп сөздер қалған арғыдан.
«Үмбеттеріме» өзімнің
Бірдене мен де қалдырам!

Табарсың қайдан оңай дау,
Өлтіру мені қолайлау!
Мен ойлап өттім елімді –
Елге де керек мені ойлау!

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. *Өлеңді келістіріп оқып, ақынның айтпақ болған ой-пікірін аңғарыңдар!*
2. *Ақын ұлдарына нені насихат етіп отырғанын мәтін арқылы іздеп табыңдар және өз сөздеріңмен айтып беріңдер.*
3. *«Түкірме желдің өтіне –
Өзіңнің түсер бетіңе!», –
деген жолдарда қандай астарлы ой жатыр деп ойлайсыңдар?*
4. *Өлең арқылы ақынның жалпы қазақ жастарына айтпақ болған насихаты қандай, олар қалай берілген?*
5. *Өлеңді жаттап алыңдар!*



ӘДІЛ ЯҚУБОВ

(1926–2009)

Өзбек прозасын биікке көтерген аса талантты суреткерлердің бірі – Әділ Яқубов. Ол 1926 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Кентау қаласы маңындағы Қарнақ елінде дүниеге келген. 2009 жылы Ташкентте қайтыс болды.

Суреткердің «Жастық қыссалары» атты прозалық жинағына енген әңгімелерінде, жастардың шынайы сүйіспеншілігі сипатталады. Оның «Бір фельетон әңгімесі», «Қанат жұп болады», «Матлуба», «Іздеймін», «Жоғалған жұлдызым» секілді әңгіме-повестерінде жастар өмірі суреттелген. Ал «Ұлықбек қазынасы», «Көне дүние» атты романдары бүкіл өзбек прозасының үлкен табысы болды.

Әділ Яқубов 1966 жылы «Ер басына күн туса...» атты романын жазды. Романда қазақ, өзбек жастарының достық қатынастары мен туысқандық сезімдері жеке бастың қарым-қатынастары емес, ұлттаралық бауырластықтың дәрежесіне көтерілген.

Бәрі де тылда еңбек етіп, еңбек майдандарында бірге тер төгіп, бір-бірінің тағдырына ыстық ықылас, туысқандық мейірмен көңіл аударады.

Суреткер қазақ дәстүрін, қонақжайлылығын аса шеберлікпен суреттейді. Әсіресе, романдағы қазақ ауылы-

ның көріністері, салт-дәстүрлері, қыз-келіншектерінің ашық-жарқын мінездері оқырмандарды өз жетегіне үйіре түседі. Мәселен: Машрап пен Әкмал бастап барған өзбек жастарына қазақ ауылының жастары, әйел-қыздар сусын, құрт, айран беріп, дастарқанға бадана бас бауырсақтарды жайып тастап, ерекше құрмет көрсетеді.

Әділ Яқубов «Ер басына күн туса...» романында өзбек, қазақ халықтарының бір-біріне деген достық қарым-қатынастары мен олардың еңбек майдандарында да бірге тер төгіп, бірге жасап, біте қайнаса түскен, түбі бірге туысқан халық екендігін өте орынды сипаттаған. Шығарманың тілі тартымды, оқиғасы аса қызық.

Әділ Яқубов – өзбек әдебиеті тарихында өзбек прозасын биікке көтерген, талантты суреткер ретінде, Орта Азия қаламгерлері арасында ұлағатты ұстаз ретінде танылған кең тынысты, кемел жазушы.

ЕР БАСЫНА КҮН ТУСА...

(Романнан үзінді)

Жазда астық тасып шыныққан әйгілі керуенге ендігіде есектер өте іріктеп алынған, қодықтар жоқ. Керуен сан жағынан да жаздағыдан көбірек – есектер жүзге жуық.

Машрап пен Әкмал Кәмілдің өтініші бойынша керуеннің соңында («балалардың біреу-жарымы ұйқысырап қалып қоймасын деп») бара жатыр. Ең алдында құла жорғаға мінген Кәміл мен әйгілі көк есегінде қайқайып кетіп бара жатқан Құрбан аталар, Қошқар да олардың қасына өтіп алған.

...Алыс жолдың өзіне тән ләззаты болады. Үйдегі барлық күйбендер артта қалады, ал алда адамды бейтаныс елдер, адамдар, алыс және қатерлі жолдар күтеді. Дегенмен ең жақсысы – қоржында колхоз берген бесалты жүтері нан, қос уыс кепкен жеміс, кепкен алма, пісте, тым болмағанда қуырмаш бар. Кәміл жолға шығудан алдын азық-түлікті үнемдеуді баса ескерткен

болса да, кейбіреулер қазірден-ақ бір уысында кепкен жеміс, бір уысында құрт масайрасып барады.

Қыстақтан шыққан соң, жол күйдірілген бастай таптақыр қырлардан асқан оң қолдағы тау тізбектерімен қатарласып кетті.

Бес-алты шақырым жүрген соң, жол тауға бұрылды. Сәлден соң, жартысы тұтас тастан құралған биік төбелікке көтерілді. Төменде көк-сары жайлау көрінді. Кең жайлауда ақ отаулар гүлді дастарханға төңкерілген ақ кеселер секілді көрінеді. Отаулардың төңірегінде әйелдер, иттермен қуаласып жүрген жас балалар көзге түседі.

Есек керуен сарқырап ағып жатқан сай жағасына тоқтады. Жайлау тұрғындары, әсіресе, қариялар Құрбан атаны жақсы таниды екен, лезде табақтарда айран, ағаш кеселерде сүзбе, құрт әзір болды.

Құрбан ата фуражкасын дұрыстап жымып отыр:

– Ия, халыққа еңбегі сіңген адамды ұмытпайды, қазақ! Жақсылықты біледі бұл ел! Қане, алыңдар!..

Жайлаудан кейін жол өрлей түсіп, биік қырларды бөктерлей, алмабақтар мен жаңғақ ағаштарды аралап кетті.

Жылы күздің күні биікке көтерілген сайын тау мен тас айрықша түске енеді: қалың алмабақтар өрт тигендей лаулайды, сап-сары өрік жемістері жібектей жұмсақ құбылады, биік ашық аспанда қырғилар көрінеді... Бірақ ең қызығы, алыста тұтас бір шың, үлкен бір шоқы болып көрінген төбеліктер жақындағанда, бейне бір өз бауырларын ашады да, жаңа жайлаулар, сайлар, шуылдап аққан өзендер пайда болады... Манағы көтеріңкілік пен күлкі тынған, барлығы тып-тыныш, ой үстінде...

Әкмал есегінің кесілген құлағына қарап бірдеңе сыбырайды: оның бұл сапардан үміті үлкен, өйткені Қошқар өзіне тиетін астықтың бәрін, ал Машрап жартысын оған беретін болды. Бұған өзіне тиістісі қосылса әрі інілері сәл тынышталады, әрі Гүлшехраның атасына бір-

екі пұт астық беріп сүйген жарын Шабандоздың уысынан құтқарып қалады... Егер оған дейін әкесі де қайтса, асығы алшы дей бер оның!

Машрап, керісінше, қыстақты мүлдем ұмытқан. Ол ауылда өскен болса да, мұндай таудағы алма бақтарын, жібектей жұмсақ өрік бақтарын, тастарды жарып шығып, тау баурайларын қаптап жатқан атам заманғы жаңғақ ағаштарын бірінші рет көріп тұр. Бұл жерде барлығы өзгеше, әлдеқандай жоғары, сондай-ақ әлдеқандай нәзік!...

Қошқар да бұл тауларға таң-тамаша қалыпты. Бірақ ол ойға берілмейді, керісінше, осы кең жайлаулар, биік шоқылар үстінде ат ойнатып жүргісі келеді. Қане енді Кәміл астындағы құласын бере қойса, Қошқар оның басын бос қойып, арқарларды қуып кетсе!

Бірақ Кәміл жол күйбеңімен әуре. Бәлкім, ол ауыр сапардың күллі жауапкершілігін сезінгенінен болар, тау көріністерінің әдемілігін емес, осы жолдардан аман-есен оралуды ойлайды.

Оның ойларын кейде Құрбан ата бөледі.

Ата бірде көк есегін тоқтатады, үзенгіге аяғын тіреп, бойын түзейді, басындағы фуражжасын және жамбасындағы былғары сумкасын дұрыстай-дұрыстай балаларға байсалды қадалады:

– Жолдастар... біз анау адырдың артында небір жат адамдармен алыстық. Между прочим, сол жерлерде көптеген адамдардың қабірі бар. Соларды еске алайық!...

Содан соң алысқа қадалып, бір сәт тыныштық сақтаған соң, Машрап пен Қошқарды меңзеп, қосып қояды:

– Между прочим, сол шайқастарда мыналардың аталары да бар еді!..

Күн қарсы беттегі Рүстем асуы шоқысының артына бата бастағанда алыста әлдеқандай қоралар, үйлер көзге шалынды. Үйлердің мұржасынан түгін бұрқырап тұр, айналасында қой-қозылар жайылып жүр.

Құрбан ата тағы да үзенгіге аяғын тіреп балаларға қарата:

– Бүгін осы ауылда дем аламыз, себебі ертең Жамантастан өтеміз. Жамантас дегенді естігенсіңдер ғой?

Көптеген жолаушылардың түбіне жеткен, көп керуендердің жүгін жолда қалдырған бұл атақты адырды әлі көрмеген болса да, оның суық сипатын есіткен балалар бастарын изесті.

– Білеміз, ата!

– Бәрекелде! – деді ата. – Есіткен болсаңдар есектерді тойғызып, өздерің де жақсылап дем алыңдар!

Есек керуен жақындағанда ауылдан даланы басына көтеріп, бұзаудай-бұзаудай бөрібасарлар шықты, ізбе-із балалар шауып келді, соңынан бастарына ғажап ақ жамылған кемпірлер, шаштарына шолпы таққан қыз-келіншектер көрінді.

Құрбан атаны танитын қариялар бұл ауылдан да табылған сияқты, қорғандарының біріне кіріп кеткен ата көп өтпей, таяқ сүйенген шоқша сақалды бір шалды ертіп шықты.

Шал сайдағы керуенге ұзақ қарап алған соң, әйелдерге әлдене деді. Содан кейін балалар үй-үйге тарап кетті.

...Сырт соншалықты қараңғы еді, тіптен, Машрап ештеңені айыра алмай бір сәт есікте тұрып қалды.

Машрап қараңғылыққа көзі үйренген соң, аяңдап қорадан шықты, қыр баурайында «қырт-қырт» жусан шайнаған есектердің қасынан өтіп, сай жағасына түсті.

Әлемді қаптаған қараңғылық енді шегінген сияқты, айналада мәңгілік сақшылардай тыныштыққа шомған тәкаппар шоқылар қарайып көрінеді. Жым-жырт. Төменде, сайдың қара түнек тереңінде, қайырусыз тау өзені жайлап гүрілдейді. Оған желмен шайқалған үлкен шынарлардың шуылы қосылып, аңғар теңіз сияқты зор жаңғырық береді.

Машрап сай жағасындағы шынарға сүйеніп, үнсіздікке үнсіздік қосқан бұл ғажап жаңғырықтарға құлақ

салғанда, төңіректегі шоқылар бұрынғыдан гөрі сырлырақ көрініп, қиялы алыстарға жетеледі...

Ия, бұл көне жолдармен кімдер жүрмеген? Жұлдыздармен тілдесіп тұрған бұл мәңгілік шоқылар кімдерді көрмеген?

Ежелгі аңыздарға қарағанда бұл көне жолдардан Ескендір Зұлқарнай да өткен, Шыңғысхан сарбаздары да, ал ақсақ Темір тау арасында қол жинап тақ пен патшалық үшін күрескен!

Кім біледі, бәлкім, қазір Машрап отырған өзен жағасында бүкіл Азияны дүрілдеткен жауынгерлер сайыпқыраны Әмір Темір де отырған шығар? Мүмкін, қазір есектер жайылып жүрген тау баурайында аттар кісінеп, қылыштар жарқылдаған шығар. Қаншама ер-жүрек батырлар өзеннің арғы жағында жүріп, әділдік үшін күрескен шығар?

Қорғанның маңынан бес-алты баланы ертіп Кәміл өтті.

– Есектерді қайтарындар, бұл айналада қасқыр болуы мүмкін, – деді ол.

Сәлден соң, балалар есектерін топырлатып қуып қораларға айдап кіргізді. Машрап үйге кірді де көрпеге бүркеніп, жатып қалды.

Ертеңіне керуен таң атпай жолға түсті, күн шығаршықпас Жамантас адырына кіріп барды да, он бір жерден су кешіп, одан бесінге жуық зорға өтті, кейін Рүстем асуынан өтіп кешке қарай қазақ даласына шығып алды.

Қыстақтан шыққанда, үш-төрт күнде қайтып келуді шамалаған есек керуен он күнге қалып кетті.

Бір жақсысы, қазақ ауылдары келді-кеттіге үйреніп қалған, қонақжай, жомарт болады, әйтпесе, балалардың жағдайы нашарлайтын еді. Себебі колхоз берген нан, құрт, кепкен жеміс үш-төрт күнде-ақ таусылып, қоржындардың түбі көрініп қалды.

Істейтін жұмыстары жоқ, балалар ауыл айналасындағы тоғай мен жусан далаларында есек бағумен күн өткізеді.

Осындай күндердің бірінде жусанға аунап, бекершіліктен күресіп жатқан «үш ағайындының» қасына жүз шақты қойын алдына салып, Қалбек деген әнші, домбырашы жігіт келіп қалды.

Қолында ұзын таяқ, желкесінде домбыра, киіз қалпағын басының артына түсіріп, ойнақы көздерін қысып, бір сәт Әкмал мен Қошқардың күресіне қарап тұрды да таяғына сүйеніп күлді:

– Ә, өзбектің бозбаласы, зерігіп, іштерің пысты ма деймін?

Қошқар Әкмалды қойып жіберіп, бұрылып қарады.:

– Зерікпегенде не етеміз, қазақтың баласы? Ауылыңда қойдан басқа нәрсе жоқ!

– Қойдан басқа нәрсе жоқ? – Қалбектің көздері қысылып, жұқа еріндеріне кекесінді күлкі үйірілді.– Бұл ауылдың шешен қыздарын көрмепсің, өзбек!

Машрап үндемеді. Ол қазақ романдарын, Абай кітаптарын көп оқыған, қазақ қыздары мен бозбалаларының еркін қатынастары, әсіресе, қыздарының әзіл-қалжыңы, сөзге шешендігі туралы көп есіткен.

...Қалбек қас қарайғанда домбырасын шертіп және баяу ыңылдап кіріп келді. Аяғында биік өкшелі қызыл етік, үстінде жаңа бешпент, көзін қуақылана қысып:

– Өлең тауып қойдыңдар ма, өзбектің балалары? Кеттік онда. Қалғанын маңдайларыңнан көресіндер!

Олар ауыл аралап кетті. Бір-бірінен біраз алыс орналасқан қораларда таныс азан-қазан шу басылған, ошақтарда от сөнген, тек шағын терезелерде майшырақтар жылт-жылт етеді.

Айнала су сепкендей тып-тыныш. Қоралардағы бөрі-басарлар оқтын-оқтын үрейлі ырылдайды да, Қалбекті танып, лезде құйрықтарын қимылдатып қалады.

Олар ауыл шетіндегі қора есігіне тоқтады.

Қалбек ішке аттап кіріп:

– Бозбалалар келді күтіп аласың ба, жеңгетай! – деді.

– Қош келдіңіздер, жігіттер!

Қалбек жігіттерді төрге отырғызды да, өзі әлдеқайда ғайып болды.

Дастарханда тағы да сол құрт, сүзбе, сөк пайда болды, сәлден кейін есікте бір топ қыздар көрінді.

Олар алдын тап өзбек қыздарындай именіп, беттерін сәл жасырып, «сен жүр, сен жүр» деп бірін-бірі түртіп, күлісіп тұрды. Кейін дастарханның бір шетіне отырысты.

Жақ сүйектері шығыңқы дөңгелек жүздерінде, қысық болса да көңілді жайнап тұрған көздерінде имену емес, қызығу белгісі байқалады, еріндері еріксіз күлімсірейді.

Бұлайша қызығып қарау, тартыну және іштей бақылаулар бір сәтке созылған соң шешен жеңге:

– Әй, қыздар, – деді күліп. – қашаннан бері жігіттерге зар болып, енді бас қостық. Тартынбай жігіттерге жабысыңқырап отырындар!

Құрғақ жалындай «гу» еткен күлкі ортадағы жатсынуды біраз серпілтті, жүздеріне күлкі ойнап, қыздар жазылыңқырап қалды.

Мұны көрген жеңге тағы да үдей түсті.

– Әй, өзбектің бозбалалары! Кеуделерінде жан бар ма? Қыздарды күлдіріп, сөзге тартып отырсандаршы! Яки өзбектің бозбалалары қызға жақындаудан қорқа ма?

Ду күлкі!.. Әсіресе Машраптың қасында отырған Сұлушаш деген қыпша бел, нәзік қыз ішек-сілесі қатып күлді.

Бір-бір кесе шай ішіп болар-болмас жарадар жігіт:

– Шайынды қой, жеңгетай, – Дастарқаныңды жина! Бізге бәрібір қой соймайсың!

– Қойым болса, соям да мұндай қонақтарға! – деп жеңге және күлді: – Қойдың басын ағаң келгенде жейсің, қайным!

– Сірә, қайғырма, жеңге. Келіп қалады ағам!.. Домбыраны бер, Қалбек. Жақынырақ отыр. «Қара торғайға» бас, інім!

Сұлушаш қастарын керіп:

– Тағы да «Қара торғай» ма? – деп күлді. – Осы өлеңге еш тоймайды екенсіз де.

– Ой, қалқам-қалқам! – деді күрсініп. – Елден ұзап шықсаң білер едің бұл өлеңнің қадірін! Соғыста, окопта жатып армандайтынбыз – ел-жұртқа аман қайтып, «Қара торғайды» бір естісек деп! Не-не жігіттер сендей сұлуларды бір көрсем деп, «Қара торғайды» бір есітсем деп өліп кетті, қалқатайым!

Бір сәт көтеріңкі күй мен күлкі мұңды үнсіздікпен алмасты.

Жарадар жігіт домбыраның құлағын бұрап, қаттырақ тарта бастады. Бірақ сол кезде домбыраны саусағымен бір ұрып, күйді бұзды да:

– Жүріндер тысқа шығайық! – деді кенеттен. Осындай жақсы кеште үйге қамалып не етеміз. Кеттік, қыздар!

Жарадар жігіт шөпке созылып жатып:

– Ой, айналайын, туған жерім, сүйікті далам! – деді, жан-жағындағы шөптерді алақанымен сипап. – Саған жетер күн бар екен ғой, ата жайлауым-ау!

Қыздар әлдеқалай назбен күлісіп, қатарласып отырған соң, жігіт домбыраны қолына алды.

– Қане, қалқам Қалбек, отыр жаныма! «Қара торғайды» баста, інішегім.

Қалбектің дауысы әуел баста сәл булығып шықса да, көп өтпей ашыла бастады, бара-бара тынық, нәзік, ойнақы күйге өтті.

«Қара торғайдан» соң қыздар «Айтыс бастайық» деп тұрып алды.

– Өлең білмеген жігіт, жігіт пе шіркін! – деп қырғиларға тиісті.

Қошқар Машрапты түртіп:

– Бір амалын тап енді, диуана! Ақын деген атыңды ақта енді! – дегенде, онсыз да қыз-келіншектерге жауап беруден тосылып, қысылып отырған Машрап оны жеркіп тастады:

– Болды енді! Айттым ғой саған бақшы емеспін деп!
Жеңге жігіттерді аяған болса керек, кенеттен өзі өлең
бастады:

*Өзбектің бозбаласы тайдай екен,
Сымбатты күшке толған нардай екен.
Өлеңі, домбырасы жоқ демендер,
Қыздар-ау, көз тастасақ жарайд екен.*

Жеңге өлеңін аяқтамай-ақ, Сұлушаш қағып кетті:

*Өзбектің бозбаласын сен мақтадың,
Өтірікті айтудан ұялмадың.
Өлеңі жоқ жігіт те, жігіт пе екен?
Өзіміздің Қалбек пұшық дұрыс екен.*

Манағы күлкі күлкі ме, енді күлкінің атасы бас-
талды.

Өзбек тілінен аударған
Рәбия ӨСЕРОВА

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Жазушы қай жерде туып өскен?
2. Әділ Яқубов қай елдің қаламгері, әдеби шығармаларын атаңдар.
3. Жазушы қандай прозалық шығармалар жазған?
4. «Ер басына күн туса...» романында қандай мәселе көтерілген?
5. Әділ Яқубовтың қандай шығармалары қазақ тіліне аударылған?



НƏСІР ФАЗЫЛОВ

(1929 жылы туған)

Көрнекті өзбек жазушысы Нəсір Юлдашұлы Фазылов Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданындағы Керіз қыстағында туған. Сондағы өзбек орта мектебін бітіріп, 1949–1954 жылдары Ташкент мемлекеттік университетінің филология факультетінде оқиды. Жоғары білім алғаннан кейін Ташкенттегі баспа, газет, журнал редакцияларында қызмет істейді. 1959 жылы алғашқы әңгімелер жинағы жарық көрді. Жазушының негізгі тақырыбы – мектеп оқушылары мен жастар өмірі, халықтар достығы.

Оның шығармалары көптеген ұлттардың тіліне аударылған. Қаламгердің «Жүрек әмірі», «Жасақшы бала», «Жазғытұрым», «Түркістан хикаялары» аталған кітаптары қазақ тілінде басылып шықты.

Қазақшаға жетік жазушы Абайдың қарасөздерін, Сəбит Мұқановтың «Менің мектептерім», «Балуан Шолақ», «Бақташы бала», Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ солдаты», «Кездеспей кеткен бір бейне», Ғабиден Мұстафиннің «Қарағанды», Қалмақан Әбдіқадіровтың «Қажымұқан», Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» роман, повестерін, Әбділдә Тəжібаевтың «Той боларда», Шаяхмет Құсайыновтың «Нұрлы тас» пьесаларын өзбек тіліне аударды.

Н.Фазылов қазақ әдебиетін өзбек оқырмандарына таныстырудағы аудармашылық еңбегі үшін, Қазақстан Жазушылар одағының Сəбит Мұқанов атындағы әдеби сыйлығымен марапатталды.

Көбей Сейдаханов

АЛЫП АДАМ

(Ықшамдалып алынды)

Қызыл іңір. Кешкі аяз мұрынды шымшылайды. Жерде арбаның доңғалағы күпшегіне дейін бататын қар бар. Аспанды бұлт қаптаған. Қырбақ қар ұшқындап тұр. Басымда көкемнің үлкен құлақшыны, үстімде өзіме шақтап тігілген тері тон, қолымда жүннен тоқылған қолғап, аяғымда киіз етік. Қаладан әкеле жатқан нәрселерімді қоржынға салып, екі бүктеп астыма басып алғам.

Сәл жүргеннен кейін, жырақтан жылтындап көрінген жарыққа да жақындап қалғандай болдым. Арбаны оңға бұрсам, өзіміздің қыстаққа баратын жолға түсем. Солға бұрылсам, жол Шапай атындағы колхозға барады. Әлгіде жарықтың жанында бір нәрсе қарандағандай болып еді, қарасам, алпамсадай, алып адам!

Үстінде киімі қара трикодан тігілген жұқа шапан, жалаң шалбар, басында қара мақпал тақия, аяғында саптама етік. Ертегідегі қара дәу сияқты. Таусоғардың нақ өзі! Шынымды айтсам, қорқайын дедім. Ол қорбандап, аяғын алшаң басып, арбаның алдынан шықты.

– Тоқта!

Зәрем қалмады. Осындай да дауыс болады екен. Тегі адамның даусына ұқсамайды...

– Қайда барасың?

– Қыстаққа... – үнім зорға шықты.

— Қайсы қыстаққа? – Таусоғардың даусы бұрынғыдан да гүрілдеп естілді. Есім шығып кетті. «Бұл кәдімгі қара албастының өзі шығар!» деп ойладым.

– Көктерекке! – үнім шықты ма, шықпады ма, өзім де естіген жоқпын.

– Мені «Шапайға» апарып тастайсың!

– Кешігіп қалам ғой.

– Кешікпейсің, балақай!

Не істерімді білмей қалдым. Бір ойым: «Қашу керек. Аттарға қамшы бассам, жете алмайды. Осындай алып

денесімен қалай жетсін!» – дейді. Екіншісі: «Шапайға» апарсам, өзіміздің қыстаққа қашан жетпекпін? Жалғыз өзім қорқамын қой. Оның үстіне бұл қарадәу мені құтқарар ма?

Сөйтіп, екі ойлы болып тұрғанымда, әлгі Таусоғар арбаға мінбекші боп, сатыдан ұстады. Мен тәуекелге бел байлап, аттарға қамшыны бастым. Қамшыға шыдай алмаған аттар бірден алға қарай ыршып түсті, бірақ неге екенін білмедім, арба орнынан қозғалмады. Қайран боп, артыма қарасам, сатының алдыңғы жағы көтеріліп кетіпті, арт жағын қарадәу мықтап ұстап тұр екен.

– Қайда барасың? – деді ол маған жақындап. – Әлде қашпақысың? Аттарыңның күші жетсе, қаша ғой.

– Қоя беріңіз! – дедім жыламсырап. Оның бақайына кіріп шығар емес, сатыны мықтап ұстаған күйі әлі тұр. Арба бір қарыс та жылжыған жоқ, аттар жұлқынып алға ұмтылады да шамасы келмей, қарға тізерлеп барып қайта тұрады. «Айтпап па едім, бұл жай адам емес деп. Бұл қарадәу!» Реңім құп-қу болып кетсе керек. Оған көзімнің астымен ұрланып қарап қоям. Ол баз-баяғыдай күлімсіреп, бір қолымен сатыны ұстап тұр. Бір кезде қарқылдап қатты күліп еді, төңірек жаңғырығып кеткендей болды, күлкісі де жай адамның күлкісіне ұқсамайды. «Иә, бұл тегін адам емес, Таусоғардың өзі!»

– Қане, жүреміз бе, балақай?

Үндемедім. Қалай үндейсің? Үнім шықпай қалды. Ол менің жауабымды күтпестен, арбаның үстіне шығып алды. Екі сатының арасына қойылған тақтайлар сықырлап кетті. Ақырын жылжып келіп, қасыма отырды.

– Қане, «Шапайға» бұр!

Енді аттарды қамшыламасам болар емес. «Шапайға» барып, бұл кісіні тастап, қайтадан өзіміздің қыстаққа жетуім керек. Кешігіп қалатын болдым. Жан ұшырып аттарға қамшы бастым. Арба жылдамырақ жылжи бастады.

– Тоқта!



Жүрегім тас төбеке шықты: «Міне, енді ажалың жетті, Қажымұрат! Қазір тірідей жұтады! Бұл мидай қарлы далада жан даусынды еститін адам да табылмайды!»

– Тоқтат, балақай!

Аттардың тізгінін тартып, жәутендеп артыма қарадым. Әлгі қарадәу, неге екенін білмедім, тізерлеп кейін қарап тұр екен. Алыста, көз ұшында бірдеңе қараңдап көрінгендей болды. Ол бізге жақындап, келе жатқан тәрізді. Міне, келіп те қалды. Жалғыз ат жегілген тарантас екен, жүрісі тым жедел. Оны көргеннен кейін көңілім орнығайын деді. Әйтеуір, енді жалғыз емеспін қой. Тарантас қой.

Тарантас біздің арбаға жанаса келіп тоқтады. Қарадәу орнынан тұрып, арбадан түсті...

Ауылға інірде жеттім. Арбаны қораға кіргізіп, аттарды Мырзарахмет бақташыға тапсырдым да, қоржынымды арқалап, үйге келдім. Көрген-білгенім хақында ешкімге ләм-мим демедім. Апама да айтпадым. Айтқанмен кім сенеді? Басқа иланса да Қошқарбай сенбейді. Оны жақсы білемін. Қайта ол мені өтірікші деп бүкіл қыстаққа жайып жібереді. Айтпағаным жөн.

Ертеңіне ертелеп Қошқарбайдың өзі жетіп келді. Сөмкесін иығына салып алыпты, сірә, мектепке бара жатқан болса керек. Мен де шайымды ішіп, әзір тұр едім, сөмкемді асынып, көшеге шыққан соң:

– Келгенің жақсы болды, – дедім мен жол-жөнекей. – Кеше үйге кеш қайтып, хабар айта алмап едім. Көкең қалада қалды. Шаруасы бар көрінеді.

– Келді ғой! – деді ол жымыып.

Мен оған жалт қарадым.

– Сенбейсің бе? Көкем қайтты. Ол Қажымұқанның ойынын көру үшін қалыпты.

– Көріп пе?

– Жоқ, көре алмапты. «Шапай» колхозына кетіп қалыпты.

Сол кезде кешегі қара дәу көз алдыма келе қалды.

– Ол балуанды мен арбама мінгізіп, кеше «Шапайға» дейін...

– Қой ей, өтірікті судай ағызасың-ау!

– Сенбейсің бе?

– Сен әлі Қажымұқанмен күрестім деп те бөсерсің?

Әне, айттым ғой, Қошқарбайды сендіру қиын. Мектепке барғаннан кейін, балалардың алдында масқаралап, Қажымұрат атымды «Қажымұқан» деп сайқымазаққа айналдырып жіберді. Сондай ашуым келді!..

Мектептен қайтып келе жатқанда, жұрт аузынан: «Қыстағымызға Қажымұқан балуан келеді-міс, ойын көрсетеді-міс» деген хабарды естіп қалдық. «Кешқұрым Қажымұқан жиырма жігітті желкесіне мінгізіп, шыркөбелек айналдырады-мыс, білектей сымтемірді арқандай еседі-міс, екі пұттық сегіз тасты бірден қақпақыл етіп ойнайды-мыс... Ол тек ойын көрсетіп қана қоймай, майдандағы жауынгерлерге жылы киім де жинап жүр-міс» деген сөздер де тарап кетті.

Екі күн өтпей-ақ, қасында әнекүнгі мұртты жігіті бар Қажымұқанның өзі тарантаспен қыстағымызға жетіп келді. Мұндайда балаларда жан қала ма, бәрі де балуанды тамашалап, қоршап алды. Мен шеткерірек тұрдым. «Қайсы күнгі қашып кеткенімді бетіме салық қылар ма екен?» деген қауіпім де жоқ емес. Шеттеп тұрғанымды көріп Қошқарбай:

– Ә, сәлемдеспейсің бе, таныссың ғой? – деп мысқылдап айғай салды.

Ашуым келді, бірақ үндемедім.

Кешқұрым бәрі де мектептің тасқараңғы клубына жиналды: қатын-қалаш, шал-кемпір, Қошқарбайдың көкесі сияқты майданнан мүтедек боп қайтқан бірлі-екілі жігіттер... Клубтың іші лық толды. Біздер, балалар, ең алдына барып, еденге бойра түсеп, отырып алдық. Кейбіреулер қол фонарь алып келіпті. Сахнаның екі жағында ондық шамның сәулесі жылтырайды. Бәрінің де

көзі сахнада. Бір кезде қоңыр көйлегінің үстінен жеңсіз камзол киген, галифе шалбары, аяғында саптама етігі бар мұртты жігіт сахнаға шықты.

– Маскарапаз! – деді біреулер.

– Жоқ, шаруашылық жағын басқаратын болса керек, – деп оған екінші біреу қарсылық білдіреді.

Мұртты жігіт тағы да жұтып алған ба, қылжақтап, көпшілікті күлдірмек болып еді, балпаң басып, Қажымұқанның өзі сахнаға шыға келді. Мұртты жігіт кілт өзгеріп, тамағын кенеп алды да, даусын көтеріп сөйлей жәнелді:

– Қазір сіздер, бүкіл жер-жиһанды аралаған, дүние жүзінің мәшһүр чемпионы деген атақ алған, Францияның үлкен шаһары Парижде...

Қажымұқан оны бір қолымен желкесінен құрбақадай көтеріп алып, шетке апарып қойды. Отырғандар ду күліп жіберді. Сонымен мұрттының үні өшті. Қажымұқан байсалды да сабырлы қалыппен өзін таныстырды:

– Қажымұқан Мұңайтпасов! – деп көпшілікке тәжім етті. Халық орындарынан бір қозғалып, ду қол шапалақтап жіберді.

Міне, ойын басталды. Кешегі «пыш-пыштың» бәрі де рас екен. Қажымұқан оны осы тар сахнаның өзінде-ақ дәлелдеп берді. Әсіресе, оның соңғы өнері қатерлі әрі қызықты болды: басына күйген қыштың төртеуін қатарлап қойып, үстінен ауыр балғамен ұрғызбақ еді, ешкімнің батылы бармады. Ақыры, соғыстан аяғынан жараланып қайтқан Жұман деген жігіт ортаға шықты.

– Қатты ұрайын ба? Қажеке?

– Фашисті қандай ұрсаң – сондай ұр! – деді Қажымұқан гүжілдеген өктем үнмен.

– Сіз фашист емессіз ғой!

– Рас, мен фашист емеспін. Бірақ, сен солай деп...

– Мақұл, ендеше... – деп, Жұман ауыр балғаны жоғары көтерді. Қатын-қалаш шу етіп, беттерін басты. Зілдей балға қышқа шақ ете қалды. Төрт қыш та

күлталқан боп жерге түсті. Әйелдер ақырын ғана мойындарын созып, балуанға көз қырын тастады. Балуан бір сәт қыбыр етпей отырды да, жайлап орнынан тұрды.

Балалар да демін ішіне тартып «уһ!» дегенше болған жоқ, бәрі де ду қол шапалақтап жіберді.

Балуан Жұман ағайдың қолын қысты.

– Қолыңда күшің бар екен. Жігіттеріміздің бәрі де фашистерді саған ұқсап ұрса, тамтығын қалдырмас! – деді ол арқасынан қағып. Содан соң көпшілікке қарап, қоңыр үнмен былай деді: – Ағайындар! Майдандағы жігіттеріміздің қолы қарулы болсын десек, оларға қолымыздан келген көмегімізді аямайық! Олардың керек-жарағын қамтамасыз етейік!..

Балуан сөйлеп тұрғанда клубтың іші жым-жырт тыныштыққа бөленді. Бір жас келіншек орнынан тұрып, саусағынан жүзігін сыпырып алды да, аяғын ептеп басып, сахнаға қарай жүрді. Мұртты жігіт көз ілеспейтін шапшандықпен сахнаның бір шетіне үлкен орамалды жайып та үлгерді. Әлгі келіншек жүзігін орамалдың үстіне қойды да, кейін қайтты. Бәрі де жым-жырт. Біраз тыныштықтан кейін залдағылар біріндеп сахнаға қарай суырылып шыға бастады. Бірі күпәйкесін, екіншісі тонын, үшіншісі қолғабын, енді бірі сырғасын апарып беріп жатыр. Ілезде киім-кешек үйіліп қалды. Соңынан мен шықтым. Басыма киіп жүрген көкемнің құлақшынын әлгі жиналған заттардың үстіне апарып қойдым.

– Әй, сен әнеукүнгі кашақ баласың ба? – деді балуан маған. – Атың кім еді?

– Қажымұрат.

– Бәрекелді, балам! Сен ренжіме! Әнеукүні мынаған ашуым келіп... – деп сахнаның бір шетінде тұрған мұрттыға қарады. Содан соң мені құшақтап, екі қолымен жоғары көтерді де:

– Көңіліңе алмайсың ба? – деді.

– Жоқ, – дедім баяу үнмен.

– Көп жаса балам! – деді ол мені ақырын жерге

түсіріп. Содан соң сахнаның бір бұрышында жаңа ғана өзі қақпақылдап ойнаған гир-тастардың қасына барып біреуін көтеріп әкелді. – Мектебіңе, саған менен ескерткіш болсын. Балуан аталарындай болыңдар!

Жымиып, кластасым Қошқарбайға қарадым. Енді менің әнеукүнгі сөзімнің растығына көзі жеткен шығар деп ойладым.

Ойын біткеннен кейін, Қошқарбай екеуіміз гир-тастың тұтқасынан таяқ өткізіп алып, әрең көтеріп әкеттік...

Сұрақтар мен тапсырмалар:



- 1. Оқиға қай кезде басталады? Қорыққан балаға ойда-жоқта кездескен адам қалай көрінеді?*
- 2. Бір сәтке баланың ішкі жан дүниесіне бойлап көріңдер. Өздерің қайтер едіңдер?*
- 3. Қажымұрат Қажымұқанды көргенін Қошқарбайға неге дұрыстап айта алмады?*
- 4. Алып адамның кішіпейілділігін, жанының нәзіктігін көрсететін тұстарды қайталап оқыңдар.*
- 5. Қажымұқан аталарың елі алдындағы борышын қалай өтегенін мәтін бойынша айтып беріңдер.*



ТОҚТАҒҰЛ САТЫЛҒАНОВ

(1864–1933)

Қырғыз халқының аса талантты жыр дүлдүлдерінің бірі, қырғыз әдебиетінің классигі – Тоқтағұл Сатылғанов. Сондықтан да қырғыз халқы арасында: «Толыбайдай сыншы бол, Тоқтағұлдай жыршы бол» деген қанатты сөз, ел арасында күні бүгінге дейін айтылады. Бұл – ақынның шын мәніндегі жыр дүлдүлдерінің бірегейі екендігін анық аңғарта түскендей.

Тоқтағұл Сатылғанов 1864 жылы бүгінгі таңдағы Қырғызстандағы «Кетмен төбе» деген елді мекенде, кедей отбасында дүниеге келеді де, 1933 жылы қайтыс болады.

Жастайынан тағдыр-тауқыметін, өмір азабын көп тартқан болашақ ақын, тым зерек болғандықтан айналасында болып жатқан зорлық-зомбылық сырларын терең түсіне бастайды. Елге аш қасқырдай тиіскен озбыр байманап Рысқұлбектің баласын қабанға теңеп, әшкерелейді. Оны ақын «Бес қабан» атты өлеңінде:

*Жетім-жесір әлсізге,
Қарамадың бес қабан, –*

деп сөзбен түйреп, қаймықпай үстем тап иелерінің озбырлықтарын беттеріне басады.

Өмірде болып жатқан бейберекесіздікті өз көзімен көрген ақын, оны өз өлеңдерінде ашық айтып, патша билеушілерінің зорлығын паш етеді.

Аса талантты ақын бүкіл өмірін қырғыз халқының бақыты, болашағы үшін арнайды. Жаңа заманды, жарқын болашақты аңсап, зорлық-зомбылыққа, үстемдікке тікелей қарсы күреседі.

Қорыта айтқанда, қырғыз поэзиясында нағыз халықшыл ақын Тоқтағұл Сатылғанов – қырғыз әдебиетінің классигі ретінде, оның дамуына аса мол үлес қосқан белгілі сөз майталмандарының бірі.

Оның өлеңдер жинағы 1968 жылы «Ұлы ақындар кітапханасы» сериясымен «Жазушы» баспасында, белгілі ақын Мұзафар Әлімбаев аудармасында қазақ тілінде жарық көрді.

ДҮНИЕ

Дүние зая – бекерсің,
Бір күн өтіп кетерсің,
Опасы жоқ дүниенің
Түбіне қайсың жетерсің?
Келерінде, дүние
Толысып туған айдайсың.
Кетерінде, дүние,
Су жүрмеген сайдайсың.
Келерінде, дүние,
Айыр өркеш лөктейсің.
Кетерінде, дүние,
Тұлпар мінсең жетпейсің.
Келерінде, дүние,
Ақ үйге салған әйнексің.
Кетерінде, дүние,
Тұтқасы сынған шәйнексің.
Келерінде, дүние,
Ала қар жатқан биіксің.
Кетерінде, дүние,
Мергеннен қашқан киіксің.
Келерінде, дүние,
Тасып аққан бұлақсың.

Кетерінде, дүние,
Желсіз өскен шырақсың.
Дүние шіркін осындай,
Қолыңнан қашқан құсыңдай.

СӘНІ КЕЛЕР МЕ

Төгілген жалы болмаса,
Аттың сәні келер ме.
Асыл сөзі болмаса,
Қарттың сәні келер ме.
Көк майса қаулап өспесе,
Жердің сәні келер ме.
Мыңғырған мал жайылмай,
Белдің сәні келер ме.
Қаз, үйрегі болмаса,
Көлдің сәні келер ме.
Сайрамаса саратан,
Шөлдің сәні келер ме.
Бүрлемесе ырғалып,
Талдың сәні келер ме.
Сақал қоймай иекке,
Шалдың сәні келер ме.
Жайқалып егін өспесе,
Жердің сәні келер ме.
Көгерген мұзы болмаса
Өрдің сәні келер ме.
Жұпары қоса еспесе,
Жердің сәні келер ме.

ӨМІР

Ат арымас болсашы,
Жас қарымас болсашы,
Өмір үлес болған соң
Орны-орнына қойсашы.

Қызыл оңбас болсашы,
Қыз құбылмас болсашы,
Көгергені шын болса,
Гүлдер солмас болсашы.

Бұлт сөгілмес болсашы,
Жігіт өлмес болсашы,
Жігіт пен қыз көз жұмса,
Жерге көмбес болсашы.

Шөп қурамас болсашы,
Көз тұнармас болсашы,
Қызыл жүзден нұр тайып,
Қыз қуармас болсашы.

Қартайғанға жиырма бес,
Қайта соғар болсашы,
Қайран жанды қолменен
Жасап алар болсашы.

Өлкеге елім толсашы,
Өмір өтпес болсашы.
Жасқа ажал ор қазбай,
Жақсы өлмес болсашы.

Қырғыз тілінен аударған –
Мұзафар ӘЛІМБАЕВ

Сұрақтар мен тапсырмалар:



- 1. Тоқтагүл Сатылганов қай жерде дүниеге келген?*
- 2. Ақын өлеңдерінде қандай мәселелер көтерілген?*
- 3. Ақын шығармаларын қазақ тіліне кімдер аударған?*
- 4. «Дүние» өлеңін жаттап алыңдар.*



ТІЛЕУБЕРГЕН ЖҰМАМҰРАТОВ

(1915–1990)

Қарақалпақ поэзиясын тереңнен танытқан талантты ақындардың бірі – Тілеуберген Жұмамұратов. Ол 1915 жылы Мойнақ ауданы, Ақдария деген жерде дүниеге келеді де, 1990 жылы Нөкіс қаласында, 75 жасында қайтыс болады. Жеті жасында әкесі қайтыс болып, анасының қолында тәрбиеленеді. Жастайынан ауыл арасында ертегілер мен аңыз әңгімелер, өлең жырлар есітіп, батырлық жырларды тындап, поэзия сырларымен ерте сусындай бастайды.

Поэзияда өз қолтаңбасымен белгілі болған ақын, өлеңге айрықша жауапкершілікпен көңіл аударады.

Ақынның «Жүрек махаббаты», «Достық», «Менің замандастарым», «Дәуір жұлдыздары», «Толқын үстінде» сияқты т.б. өлеңдер мен поэмалар жинағы, «Макария сұлу» поэмасы – қарақалпақ поэзиясын дамыта түскен туындылар.

Ақын поэзиясының негізгі қаһармандары – аса белсенді-күрескер жандар. Оның өлеңдерінде философиялық тереңдік пен ойшылдық, Отанға, елге, өз халқына деген шынайы сүйіспеншілік кеңінен жырланады. Мәселен, «Мен адаммын» өлеңінде:

*Адам болсаң, сен қоғамға керексің,
Қосылмасаң тамыры жоқ терексің.
Ойламасаң тек өзіңнен басқаны,
Айтшы кәне, кімдерге сен керексің... –*

дейді ақын.

Ақын поэзиясында халықтар достығы ерекше жырланған. Бұл ретте оның «Абай ескерткішіне», «Қырғыз досыма», «Қазақ жігітіне», «Сәбит туралы», «Мұхтарға», «Асқарға», «Ғабит Мүсіреповке», «Ғафур Ғұламға», «Алматыны келдім алып», «Қазақ досыма» сияқты т.б. өлеңдерін атай аламыз.

Тілеуберген Жұмамұратов проза саласында да әңгімелер мен очерктер жазған. Оның «Құпия махаббат», «Махаббат сыры», «Милиционер жігіт» сияқты т.б. прозалық шығармалары қарақалпақ оқырмандарына белгілі.

Сондай-ақ «Киіктің екі лағы», «Жалынды күндер», «Ағайынды екі батыр», «Ананың көңілі балада», «Суға кеткен адам», «Бала туралы сөз», «Мұхит ортасында» секілді т.б. эпикалық туындылары – қарақалпақ поэзиясында аса үлкен орын алған құнды шығармалар.

Ол драматургия жанрында «Тіктелген Ту» музыкалық драмасы мен «Қыздар әзілі» секілді т.б. комедиясын жазған.

Омар Хаямның «Рубаиларын», А.С. Пушкиннің, Мұса Жәлел, Тоқтағұл Сатылғановтың өлеңдерін қарақалпақ тіліне аударған.

Тілеуберген Жұмамұратов шығармашылығында поэзия жанры аса мол орын алады. Қарақалпақ жұртшылығы оны нағыз ақын ретінде ерекше қадір тұтады.

ҚАЗАҚ ДОСЫМА

Қазақ досым, келсең біздің араға,
Құлағың тос, ақырына қара да,
Түсінбеспіз қарақалпақ тілін деп,
Тілмаш сұрап, бізді бөтен санама.

Көрмегенді білу қиын сынамай,
Қиыспаса сөзім қаққан сынадай,
Соңынан-ақ тілмаш тауып берейін
Тында бірақ, сөйлер тілім мынадай:

– Ұлы достық – бар халықтың жақыны,
Отанымның сүйеніші, ақылы.
«Түбі бірге – түртпейді», – деп айтады,
Қазақ пенен қарақалпақ нақылы.

Түсіндің бе менің осы сөзіме,
Айна алдында қарашы бір жүзіңе:
Дәл егіздің сыңарындай аумаған
Қарақалпақ ұқсамай ма өзіңе?!

Есінде ме, о бауырмал қазағым,
Көкіректі кернеген кез аза, мұң.
Ата-баба, жел айдаған қаңбақтай,
Бірге шекті шерлі шақтың азабын.

Қобыз сарнап, Қорқыт қоныс таппаған,
Айналасын қара тұман қаптаған.
Басқа салды Асанның мұң-қайғысын,
Шұбырынды «қара табан», «ақ табан».

Қаратаудың қырқасынан көш келіп,
Уайым шегіп, ұйқысынан сескеніп,
Ата – ұлдан, ана – қыздан айрылған,
Қара көзге мөлтілдеген жас келіп.

Жүргенде де қараңғыда шырмалып,
Ата-баба қыз берісті, қыз алып.
Жырақ жолда жақын жүрек жалғасқан,
Түйе керуен қызылқұмды қақ жарып.

Кейде тіпті көрші қонған ел екен,
Ірге бірге, тең керілген керегем.
Қарақалпақ елінде де жырланды
«Қамбар батыр», «Мұңлық-Зарлық», «Төлеген».

Бір теректің бұтағындай ұрпақпыз,
Қайғыға да, шатыққа да ортақпыз.
«Кең даланың жыршысы» деп біздерді
Уәлиханов айтқан қарақалпақпыз.

Мен дән сепсем – қаулап өсті егісім,
Жесем тілді үйіреді жемісім.
Зәулім үйлер жасыл желек жамылып,
Көкке бойлап кеуде керді Нөкісім.

Ағызғаның «қара алтын» мен «ақ алтын»,
«Қызыл алтын» – ең байлығың, зор даңқың.
Абай, Жамбыл, Мұхтар, Сәбит Отаны,
Жиреншедей шешен, қазақ, ел-халқың.

Қалама кел, ауылыма барып қайт,
Бойдақ болсаң ару таңдап алып қайт.
Жігіт те көп, қазақ қызы сүйгендей,
Жұрт жаңғыртып және құда болып қайт.


Құрметтеймін саған арнап мал сойып,
Салтымыз деп алдыңызға бас қойып,
Мейлі стол, мейлі көпшік жастанып,
Қыздар құйған күрең шайдан іш тойып.

Бүгін байтақ Отанымда халқым шат,
Ағаның да, құрбының да дәмін тат.
Бәрінен де ең қадірлі сыйлығым –
Жүректегі лаулап тұрған махаббат!

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Қазақ досына жыр арнаған ақын қандай мәселелерді қозғайды?
2. Ақынның қарақалпақтарды қазақстандық достарына таныстырудағы мақсаты не?
3. Ақынның өлеңдегі көңіл-күйі қандай?
4. Өлеңде халықтар достығының тарихы жөнінде не айтылған?
5. «Ата – ұлдан, ана – қыздан айырылған, Қара көзге мөлтілдеген жас келіп», – деуінің мағынасы неде?



ФЕРДАУСИ

(934–1026)

Әлем әдебиеті тарихында ерекше орын алатын ұлы ақындардың бірі – Фердауси. Ол – Саманилер патшалығы құлаған соң, Орта Азияда түркі тайпаларының үстемдік еткен дәуірінде өмір сүрген.

Ақынның туып өскен өңірі Әму жағалауындағы Туси қаласы. Шамамен 934 жылы туылып, 1026 жылы 92 жасында дүниеден өткен. Туси қаласында дүниеге келгендіктен ол – «Әбілқасым Туси» деп аталады. Дегенмен ол – бүкіл Шығыс әлемінде Фердауси деген есіммен танылған тұлға. Бұл оның лақап есімі. «Фердауси» деген сөз – «Жұмбақ бақшасы» деген мағына береді.

Оның есімін әлемге танытқан шығармасы – «Шаһнама» дастаны. «Шаһнамада» негізінен Иран-Тұран елдері арасында ұзақ жылдарға созылған соғыстар мен қақтығыстар жырланады.

«Шаһнама» жырында өз дәуірінің тарихи оқиғалары, талай-талай патшалардың күрес-тартыстары, сол дәуірдің адамдары тереңнен суреттелген. Сол сияқты зороастризм дініндегі наным-сенімдерге, Иран, Тұран елдерінің ескі мифологиясына аса мол орын берілген.

Ақынның «Шаһнамасы» – қазақ халқы арасында кең тараған. Одан бізге жеткені – «Рүстем дастан» деген көркем шығарма. «Шаһнама» дастанын қазақ ақыны

Тұрмағамбет Ізтілеуов ХХ ғасырдың 30-жылдарында «Рүстем дастан» деген атпен жаңғырта жырлап, халқымыздың рухани игілігіне, мәдени байлығына айландырған.

Ұлы ақын Фердаусидің «Шаһнама» дастаны – әлем әдебиеті тарихында үлкен орын алатын аса құнды көркем шығарма.

ПИРАННЫҢ РҮСТЕММЕН КЕЗДЕСУІ

(«Шаһнама» дастанынан үзінді)

Сасса да, табар ақыл қиналғанда,
Ер Пиран жетіп келді ирандарға.
Жасынан айласы мол, ақылды еді:
«Аңдыған қанды шайқас батыр! – деді, –
Тұранның естігесін ерлерінен,
Атыма қамшы салдым мен де бірден.
Ойларың емес маған, батыр, мәлім,
Не үшін мұнша тығыз шақырғаның?»
Есітіп оның сөзін, сабасынан
Аспастан, шығып саптың арасынан,
Жарқылдап дулығасы күміс кемер,
Атақты жақын келді Рүстем ер.
«Сен кімсің, – деп сұрады, – атың қалай,
Жөніңді айт жарамсақша жақындамай?»
Ол айтты: «Біледі ғой елің Иран,
Тұранның әскер бас едім Пиран.
Ер Хұман жаңа келіп қайтқан еді.
Маған кеп сөздеріңді айтқан еді.
Шыным бұл. Болғаның жөн кешірімді,
Өзің де айтшы тездеп есімінді?»
«Рүстеммін, – деді батыр сонда мықты, –
Тастаман болат пенен торғауытты».
Ер Пиран көргеннен соң ерді сыйлы,
Мадақтап баһадүрді жерді сүйді.

Сөйледі құдіретті: «Шақырғаным,
Сен едің Тұрандардан жақын жаным.
Қорғаны Ирандардың, мақтан ері,
Сәлем деп Кей Хосроу жатқан еді».
«Құдіретті ер, – деді Пиран – алтын санақ,
Жар болсын Иезден мен халқың саған.
Тәңірім мерейінді үстем етсін,
Тағдырым жолықтырды ұлы еріңе,
Ырзамын Иезданға тірегіме.
Аман ба хас батырлар аты мәлім?
Ер Дастан, Фәрамалар, Зэварәлар,
Аман ба, өтті талай заманалар.
Мен бір құл, көрмеген еш байып, толып,
Сөзім бар, қалмасаң, ер, айып көріп:
Өсіргем бақтың емес, сор дарағын,
Суарғам сол ағашты көз жасыммен,
Ойлағам оңалам деп олжасымен.
Олжасы у боп шықты аяғында,
Тағдырдың жедім содан таяғын да.
Батырға болғам қорған Сиявуштай:
Алмақ боп асыл тұқым елге ұнаған,
Қызымды, байлығымды берді оған,
Жоқ болды екеуі де ақырында,
Жоқ енді өз балам да, батырым да.
Содан соң Афрасиябтан тарттым азап,
Жыладым, дұшпандарым етті мазақ.
Құдай бар, өтті жаудың сөзі мына,
Мұныма бір Изәдтің өзі куә:
Өтсе де талай заман, өмір сүрдім,
Жазмышқа ақырында мойынсұндым...
Көңілім қап-қараңғы дегенменен,
От басым сол кездері не көрмеген?!
Зұлымдық болып шықты ізгілігім,
Жұлдызым кең аспанда жүзді қырын.
Ақырын Сиявуштың естігесін,
Биліктен аулақ тарттым бойымды мен,

Жаныма азық еттім ойымды мен.
Өлтірмек болғанда әке ерен сұсты,
Ажалдан қалдым қорғап Ференгисті.
Үйіме ол байғұсты жасырдым мен,
Қорғадым кетсе де ұшып басым мүлдем.
Енді сен, жүрмін қалай, қажып тірі,
Қорқытып әкел дейсің жазықтыны.
Маған жау екі жақ та айдан анық,
Сонда мен күн көремін қайда барып?
Айтамын ұстап бетке тәңіріні.
Көтерме маған семсер әмір ұлы!
Кінәсіз тиме туыс, үрметіме.
Құдайдың қорыққайсың құдіретінен.
Әруағы атсын мені Сиявуштың,
Ешкімге жоқ керегі мына ұрыстың.
Соғыссақ, ренішті арқау көріп,
Майданда қалар өлік тау-тау болып.
Бір жағы Синддария, гүлді Үндістан,
Бір жағы Сақлаб, Шұғын, қырлы құшан
Дайын тұр, кетер өршіп бұдан егес,
Сиявуш алдына олар кінәлі емес.
Сол үшін қан төгудің жоқ керегі.
Батырсың жерден шыққан өнген-өсіп,
Осыны қабырғаңмен көр кеңесіп», –
Деді де Пиран батыр қалды тұрып,
Сипәхбәд оны ұнатпай, сәл кідіріп:
«Бұл шайқас, – деді сосын, – басталғаннан,
Майданда қырылғандар жастар жанған,
Ойлаған осылайша өзің ғана:
Әрине, жаңағы айтқан сөзің дана.
Шайқаста талай пенде жығылады,
Бұл сөзді барыстар да ұғынады.
Шайқассақ кек алмақ боп, қасіретті
Ұмытқай соғыс бізге қасиетті.

РҮСТЕМНІҢ САРБАЗДАРМЕН КЕҢЕСУІ

Ерлерін ел көтерген төбесіне,
Шақырды ер Рүстем кеңесуге.
Барлығы атағы аян өзге өңірде,
Алыптың құлақ түрді сөздеріне.
«Батырлар, – деді Рүстем, – нар едіңдер,
Түлейде түнде жортар жан едіңдер,
Дию мен піл келсе де саптарымен
Қорықпас, тәжін киген таққа мінген,
Жар болып Изэд жеңер әмір ұлы!
Бәріміз ұмытпайық тәңіріні,
Ол бізге көрсетеді дұрыс жолды,
Кеспесін тектен текке қылыш қолды.
Өмірде адам мәңгі жүрмейді ғой,
Даңқтың қор қыларын білмейді ғой,
Батырлар, кеше Пиран келген еді,
Жыр қылып өкінішін берген еді,
Бұл пенде ертеңінен не біледі?
Білерім, Пиран ертең жеңіледі.
Бостан-бос қырылады балалары,
Алауға оранады қалалары.
Дегенмен жүрген жақсы аман-есен,
Пиранның мерт болғанын қаламас ем.
Келіссе, таптамаймыз Тұран арын,
Кешкен жөн өткендегі кінәларын.
Әкелсе құныменен айыптыны,
Бітеді соғыс. Көрдім лайық мұны.
Бастаймыз содан кейін демалуды.
Мәңгілік ұмытамыз кек алуды.
Біз қанды аңсамаймыз, қара түнді
Тек қана қонар бақыт әділдерге!».
Гудәрс орнынан тұрды дағы,
Сөйледі: «Жан тең келмес баһадүрім,
Тәж-тақтың шығарғансың атағын мың.
Нұрлы ақыл, қайрат – сенде бәрі де бар,
Бастайды игілікке жаның адал.

Анық қой: соғыс қатал, өмір тәтті,
Майданда әр кез менің қолым қатты.
Аласа ішінде елдің, ұғынса адам,
Ашқан жоқ дұшпан әлі сырын саған.
Ойлама сенбестік деп бүгін мұның,
Нақылы бар емес пе бұрынғының:
Салмақты жаның қатты жек көреді,
Арамза ақиқатты жек көреді.
Ондайлар болмай жатып жүдә бесін,
Бұзады түсте берген уәдесін
Сенбесең сүйенгенге тіл-жағына,
Сұмдықтың айналмайсың құрбанына.
Есіңе ал: болмай тұрып қанды қырғын,
Тамаша сауық сайран болды бір күн.
Ер Пиран өкінген-ді істеріне,
Өкінген теріс жолға түскеніне,
Қылығын Афрасиябтың сынаған-ды,
Жасы ағып көздерінен жылаған-ды.
Сақтанып, араласпай осы дауға,
Қызмет қылсам деген Хосрауға.
Содан соң деген еді Пиран батыр:
«Кетерім анық болса Иранға ақыр.
Көріп ем қан майданның талайын мен,
Жөн болар кеңескенім ағайынмен.
Болашақ көрем десем жайлы күнді,
Жөн шығар ап кеткенім байлығымды».
Дегем мен: «Көп толқыма Пиран дана,
Табасың дүниені Иранда да.
Шайқасқа қатыспасаң, ақбас ерім,
Сенеді ақтығыңа патша сенің.
Толқыма, өткін біздің жағымызға,
Жүреміз біздер саған болып ырза».
Осылай бәтуаға келіскен ек,
Ұмытып бар ниетін ер істемек.
Шаптырды Афрасиябқа шабарманды:
Келді деп Иран қолы хабарлады.
Әскермен деген жаудың шығар есін,

Ұмытқан ұзамай-ақ уәдесін.
Қарасақ қан майданға ертесіне,
Тұранның толы әскер өлкесіне,
О, батыр пана болған хан тағына,
Алдамақ сені осылай ол тағы да!
Көргесін қайратыңды, арқаныңды,
Меніңше залым Пиран қорқа білді.
Тірегі Тұрандардың Камус еді,
Мәншур де, Фэртусі де арысы еді.
Бәрі де өшті түсіп хан тағынан,
Құшанның батыры өлді арқаныңнан.
Енді ойлап құйттай пана сұм жанына,
Шықпақшы Пиран батыр бір жағына
Сезініп жеңілерін Тұрандардың,
Алдамақ, ескі қулық бұлар мәлім.
Берем деп айыптыны, сені батыр,
Алдады, ол табады жөнін ақыр.
Көрерсің, сары белден атқанда таң,
Манаурап мамыражай жатқанда маң,
Жасайды Пиран сонда масқараны,
Бас болып Иран қолын бас салады.
Алдайды, жек көремін оны мүлде,
Пиранның Аһриман бар көңілінде.
Өзің біл тыңдамасаң жақын жанды
Есіңе алшы алданған Баһрамды.

Аударған – Б. Алдамжаров.

Сұрақтар мен тапсырмалар:



- 1. Фердауси қай ғасырда өмір сүрген?*
- 2. «Фердауси» сөзінің мағынасы не?*
- 3. «Шаһнамада» қандай мәселелер көтерілген?*
- 4. Пиран мен Рүстемнің соғысу туралы пікірлері қандай?*
- 5. Жырды оқып, мазмұнын айтып беріңдер.*

ГЕНРИХ ГЕЙНЕ

(1797–1856)



Неміс халқының аса талантты ұлы ақыны Генрих Гейне – Әлем поэзиясының дамуына сүбелі үлес қосқан ұлы тұлғалардың бірі. Ол 1797 жылы Дюссельдорф қаласының тұрғыны, шағын шаруалы еврей жанұясында туылып, 1856 жылы қайтыс болады.

Оның ең алғашқы өлеңдері 1817 жылдан баспасөзде жариялана бастайды. 1821, 1823 жылдары өлеңдер жинағы жарық көреді. Ақын «Жырлар кітабы» атты өлеңдер жинағы арқылы неміс оқырман жұртшылығына таныла түседі. Онда аса терең философиялық ойларға барып, сол кездерде үстемдік жасап отырған немістің мешандық қоғамының сорақылық істерін, жағымсыз мінез-қылықтарын қатты сынға алады.

Сондай-ақ ол, «Атта Тролль» поэмасында сол кезде кең өріс алған немістің ұсақ-буржуазиялық, радикалдық сөзуар поэзиясын мінеп-шенеп, әшкере етеді. Ал ақынның «Германия» атты поэмасы немістің қанаушы тобына қарсы күрескен саяси мәні зор көркем шығарма. Сондықтан да бұл – ақын поэзиясының биік шыңы ретінде неміс поэзиясында үлкен орын алады.

Ақынның халық аңыз әңгімелері, ертегілері негізіндегі өлеңдерін, халқымыздың талантты ақыны Тайыр Жароков қазақ тіліне аударып, «Жазушы» баспасынан шығарған. Онда Гейненің «Шат көңілді – ер Германия», «Еріксіздер кемесі», «Жетімдерді еске алу», «Ғашықтардың шолжаңы», «Филантроп», «Қызыл кебіс», «Екі сері», «Ақылды төбет» секілді өлеңдері орын алған.

Қорыта айтқанда, әлем поэзиясының дамуына үлкен үлес қосқан Генрих Гейне – бүгінгі таңдағы оқырмандардың сезім пернесіне де нәр себе түсетін кемел талант иесі.

ЕРІКСІЗДЕР КЕМЕСІ

(Үзінді)

Биік аспан төрінде самғаған
Түннің сұлу шам-шырағы жайнаған,
Шадыман-шат нұрлы жүзбен қарайды,
Арулардың от көзіндей ойнаған.

Жерге, суға қарап көктен шам-шырақ
Жылт-жылт еткен фосфордайын жарқырап
Сәуле төксе, көк толқындар құлпырып
Ағып жатыр өзен сайда арқырап.

Желкендерін желбіретіп қырындан,
Еріксіздер кемесі тұр тынымдан,
Фонарь жанып дінгектердің басында,
Негрлер жүр би билеген шуылдап.

Күй бастаушы скрипка шалуда
Матрос та барабанды қағуда,
Хирург те безілдетіп түтігін,
Аспазшы тұр флейте ойнап бабында.

ЖЕТІМДЕРДІ ЕСКЕ АЛУ

Ылғи жетім бала көзін жаутандап,
Өтті скіден сапқа тұрып томпандап,
Үстеріне киген көкшіл көйлегі,
Албырап бір нарттай жанған өңдері...
Ой, шіркін-ай! Қандай сұлу жетімдер!

Жан-жақтан жұрт салған ақша сылдырап
Тиын түскен жатыр сауыт сыңғырап,
Жетімдердің жауаңдауы көзінің
Халықтың да тебіrentкен сезімін.
Ой, шіркін-ай, қандай сұлу жетімдер!

Жетімдерге жақындап кеп әйелдер,
Маңдайынан сипап-аяй білгендер
Аз бөгеліп сөйлесіп те келеді,
Кейбіреуі тәтті тоқаш береді.
Ой, шіркін-ай, қандай сұлу жетімдер!

Кейбір мырза қалпағын ап таңқалып,
Қалтасынан тиын-тебен қамданып
Лақтыра сап ілгері өтіп жүреді –
Оның-дағы мұз емес қой жүрегі.
Ой, шіркін-ай, қандай сұлу жетімдер!

Саудагер де жетімді аяп көргенсіп,
Жөп-шөнділеу бірдемені бергенсіп,
Көкке қарайды рахымы игендей,
Құдай өзі есіркесін дегендей.
Ой, шіркін-ай, қандай сұлу жетімдер!

Тігінші мен тоқымашы, құрылысшы,
Қаладағы ылғи қара жұмысшы
Жетімдердің денсаулығын тілеп-ақ,
Соғыстырып жұтып жатыр құр арақ.
Ой, шіркін-ай, қандай сұлу жетімдер!

Осылардың ту сыртында той тойлап,
Құдайсынып пандар күліп жүр ойнап,
Тойда әйгілі даңқы шыққан өзгеше,
Толқысиды Гаммония бәйбіше.
Ой, шіркін-ай, қандай сұлу жетімдер!

Көк тоғайдың жұпар исін жұтып бір,
Кернейшіні жұрт қақпада күтіп тұр,
Сендер-дағы, – осы тойда жетімдер
Шатырларда бір сайрандап өтіндер.
Сіздер қандай сұлусыздар, жетімдер!

Дастарқанда кашы қанша, торт қанша,
Жей беріңіз тек нәпсіңіз тартқанша!
Жетімектер жұрт алдында жасқанбай
Кеміруде соның бәрін тышқандай.
Ой, бишара, қандай сұлу жетімдер!

Жаным ашып көңіліммен күйінген,
Жетімдердің есіме алдым үйін мен,
Сол бір үйде қорлық көрген не түрлі
Ойыма алдым миллиондаған жетімді.
Ой, бақытсыз, қандай сұлу жетімдер!

Оларда жоқ тұрар жалпы баспана,
Мейрамда да сирек берер ас және,
Жыл бойы олар тентірейді бос тағы
Бет-бетімен тозып жеке бастары.
Ой, бишара, аянышты-ақ жетімдер!

Орыс тілінен аударған – Тайыр ЖАРОКОВ.

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. *Генрих Гейне кімдерден сабақ алған?*
2. *Оның ең алғашқы өлеңдері қайсылар?*
3. *Ақын өлеңдерін қазақ тіліне кім аударған?*
4. *Генрих Гейне өлеңдерінен үлгілер жаттап алыңдар.*

БАЙРОН

(1788–1824)



Ағылшын халқының аса талантты ақындарының бірі – Жорж Гордон Байрон. Оның поэтикалық шығармаларының халықшылдығы соншалық, ол – әлем поэзиясының жарық жұлдызына айналған ақын. Байрон 1788 жылы барынша кедей, ағылшын Лордтың отбасында дүниеге келіп, 1824 жылы 36 жасында дүние салады.

Ал «Лорд» деген сөздің негізгі мағынасы – ағылшын ақсүйектерінің ең жоғарғы дәрежедегі бектік белгісі деуге болады. Яғни, Лордтар палатасы – «Жоғарғы үкімет» деген мағына береді.

Аса талантты ақын 1812 жылы алғаш рет Лордтар палатасының мінбесінде тұрып сөз сөйлейді де, онда сана-сезімі оянбаған қарапайым халықтың қанауда, зорлық-зомбылықтың астында екендігін ашық айтады. Сөйтіп, тұңғыш рет еңбек адамдарының – жұмысшы табының мұңын жоқтайды. Бұл – бұрын-сонды болмаған ұлы жаңалық, бірден-бір асқан ерлік деуге болады.

Байронның алғашқы саяси қайраткерлігі осылай басталады. Байронды күні бүгінге дейін Европадағы революциялық жаңалықтың жаршысы, жыршысы деп таниды.

Ұлы ақынның өлеңдері көркемдігімен, ғажайып сыршылдығымен әйгілі.

Ол асқан сезімтал сұлулыққа жаны құштар сыршыл ақын. Көп саяхат жасаған ақын көп елді аралай жүріп, олардың табиғатын, халықтың ыстық мейірі мен сезімтал ойларын тебірене жырлайды. Махаббаттың, сүйе білу

сезімінің тамаша түйдектерін шынайы жырлай білген. Оның «Корсар», «Мазепа», «Чаиль Гарольдінен», «Гяур», «Манфред», «Авидосе қалыңдығы» сияқты поэмалары – Әлем поэзиясында ерекше орын алады.

Сондай-ақ ақын өлеңдерін 1965 жылы ақын Ғафу Қайырбеков қазақ тіліне аударып, «Жазушы» баспасынан шығарған. Оған «Еврей саздары», «Бақыттысын», «Кадикстің қыздары-ай», «Бас сүйегін жасаған, тостағандағы жазу», «Жылармысың», «Еске алмашы» деген шығармалары енгізілген.

Жорж Гордон Байрон – ағылшын әдебиетінің ірі тұлғасы, аса талантты ақыны ғана емес, ол бүкіл әлем поэзиясының дамуына өзінің тамаша үлесін қоса білген шынайы талант иесі.

ҚЫЗ ПАТШАСЫ – ЖАЛҒЫЗ СОЛ

Қалай құдірет жаратады пендесін, –
Дер едің сен, көрсең сұлу бейнесін.
Оның әсем жанарының түбінде,
Түн жұлдызы, сәулесі бар күннің де.
Сол екеуі бір қосылған шақта сен,
Одан асқан ешбір нұрды таппас ең.

Қара бұрым ақ денеге жарасқан,
Бар тұлғада сол екі нұр таласқан.
Егер оның қара түсін молайтып,
Жарық түстің сәл азайтсақ сәулесін,
Мына ғажап сұлулықты жоғалтып,
Жояр едің әсемдіктің әммесін.

Жанар беті, жанар жүзі, біл түсін,
Ерінінде ояу тұрған күлкісін,
Тыныш тірлік, тұнық өмір, мөлдір жан,
Пәк көңілін асыл ойға шомдырған.
Оңашада өскен қалпы гүл атып –
Қол тимеген сәбилігің тұр айтып.

ЖЕРДЕГІ ПАТША, КӨКТЕГІ ҚҰДАЙ ЕРКЕСІ

Жердегі патша, көктегі құдай еркесі,
Өмірші-ақын арфасы тынды ал бүгін.
Ең ұлы жүрек егіле жылап жерде осы,
Қасиетті көз жас төгіп те бітті барлығы
Арфада шек жоқ, еселе көздің жаңбырын
Құлағын, көңілін түк қозғамас , селт етпес.
Темірдей жандар тебіреніп еді бір соған
Оларға ерлік, күш беріп еді мерт етпес,
Сол әсем үнмен солардың жаны жұмсаған
Дәуіттің жыры, таласар күшпен кім саған!
Жырлады арфа патшаның жеміс күндерін
Жырлады көкте тәңірінің даңқын асырып.
Шарлады асыл аймақтың бәрін сол бір үн
Жылжыды таулар, жылжыды емен бас ұрып.
Сол өлең шіркін көкте де тұрды асылып,
Сол өлең енді естілмес жердің бетінен.
Тек қана биік сенім мен серік махаббат
Сол жырдың шыққан жеріне жетіп еркімен
Шарықтап барып болады соны асырмақ
Қайтпайды бірақ алғасын менен ол таңдап.

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Байрон қандай отбасында дүниеге келген?
2. «Лорд» сөзінің мағынасы нені білдіреді?
3. Ақын өлеңдері қазақ тіліне қашан, кім тарапынан аударылған?
4. Ақынның «Қыз патшасы – жалғыз сол» атты өлеңін үйде оқып, сыныпта сыр-сұхбат жүргізіңдер.
5. «Жердегі патша, көктегі құдай еркесі» өлеңінде қандай мәселе тілге тиек етілген?

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
---------------	---

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТ ҮЛГІЛЕРІНЕН

Халық ауыз әдебиеті.....	5
Лиро-эпостық жырлар.....	6
«Қыз Жібек» жыры.....	7
Төлеген – қазақ эпосы үшін жаңа кейіпкер.....	8
Жібек – өз теңін іздеген ару.....	9
Сансызбай – нағыз азамат бейнесі.....	11
Бекежан мен Қорен бейнесі.....	13
«Қыз Жібек» – ауыз әдебиетіміздің айшықты үлгісі.....	15
Қыз Жібек (<i>Жырдан үзінді</i>).....	16
Эпос. Типтік бейне.....	33
Шешендік сөздер.....	34
Жиренше шешен	35
Төле би	37
Қазыбек би	38
Қазыбек бидің толғауы.....	40
Әйтеке би	41

XV–XVIII ҒАСЫР ӘДЕБИЕТ ҮЛГІЛЕРІНЕН ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫ

Шөже Қаржаубайұлы	43
Дәукейге.....	44
Шөженің Бәйтікті мақтағаны.....	45
Бәйтікті жамандағаны.....	47
Шал ақын Құлекеұлы	49
Он бес деген жасым-ай.....	50
Кәрілік.....	51
Бұл дүниенің мысалы.....	52
Базар жырау Оңдасұлы	54
«Сөйле» десең, сөйлейін.....	55
Халық үшін туған қайратты ер. Не артық?.....	56
Атасы жақсы қандай-ды.....	57

XIX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТ ҮЛГІЛЕРІНЕН

Махамбет Өтемісұлы	59
Махамбеттің Жәңгірге айтқаны.....	61
Ерлердің ісі бітер ме?.....	61
Исатай деген ағам бар.....	61
Әй, Махамбет, жолдасым.....	62
Ассонанс. Аллитерация.....	66
Теңеу. Метафора.....	67
Шернияз Жарылғасұлы	68

Исатай мен Науша батыр туралы.....	69
Абай Құнанбаев	71
Қан сонарда бүркітші шығады аңға. (<i>Қысқартылып алынған</i>).....	73
Күз.....	74
Өлсем орным қара жер.....	75
Жиырма тоғызыншы сөз.....	77
Антитеза.....	78
Портрет.....	79

XX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТ ҮЛГІЛЕРІНЕН

Сұлтанмахмұт Торайғыров	80
Бір адамға.....	81
Оқып жүрген жастарға.....	82
Арыстан мен тышқан.....	82
Балалық жасым өтесің.....	83
Ирония.....	84
Сатира. Сарказм.....	85
Мағжан Жұмабаев	86
Жазғытұрым.....	87
Қысқы жолда.....	88
Өлең құрылысы.....	89
Жамбыл Жабаев	90
Аттандыру.....	91
Атаның әлдіі.....	92
Алғадай туралы әрбір ой.....	92
Ақын. Жырау. Жыршы.....	94
Жүсіпбек Аймауытов	95
Әнші (<i>Әңгіме</i>).....	96
Күн менікі. (<i>«Күнікейдің жазығы» повесінен үзінді</i>).....	109
Жанр.....	114
Сәкен Сейфуллин	115
Сыр сандық. (<i>Досқа жазған хаттан</i>).....	116
Баяндау.....	119
Суреттеу. Диалог.....	120
Ілияс Жансүгіров	121
Жас бұлбұлдарға.....	123
Ағынды менің Ақсуым.....	124
Жазғытұрым.....	125
Тармақ.....	126
Мұхтар Әуезов	127
Көксерек (<i>Әңгімеден үзінді</i>).....	129
Сюжет.....	156
Сәбит Мұқанов	157
Саятшы Ораз. (<i>«Өмір мектебі» романынан үзінді</i>).....	158

Есіл бойында. («Өмір мектебі» романының екінші кітабынан үзінді).....	165
Стиль	173
Ғабит Мүсірепов	174
Ананың анасы (<i>Әңгіме</i>).....	175
Шығарма құрылысы.....	185
Боранды түнде (<i>Әңгімеден үзінді</i>).....	187
Қасым Аманжолов	191
Өзім туралы.....	192
Ақын өлімі туралы аңыз. (<i>Поэмадан үзінді</i>).....	194
Дариға, сол қыз.....	198
Поэма.....	200
Қадыр Мырзалиев	201
Табиғат тазалығы.....	203
Өзбектер.....	204
Өлең ұйқастары.....	205
Қалбай Әбдіраманов	208
Ана тілім.....	209
Ұлдарыма насихат.....	210

ТУЫСҚАН ХАЛЫҚТАР ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНЕН

Әділ Якубов	212
Ер басына күн туса... (<i>Романнан үзінді</i>).....	213
Нәсір Фазылов	222
Алып адам. (<i>Ықшамдалып алынды</i>).....	223
Тоқтағұл Сатылғанов	230
Дүние.....	231
Сәні келер ме.....	232
Өмір.....	232
Тілеуберген Жұмамұратов	234
Қазақ досыма.....	235

ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНЕН

Фердауси	238
Пиранның Рүстеммен кездесуі (« <i>Шаһнама</i> » дастанынан үзінді).....	239
Рүстемнің сарбаздармен кеңесуі.....	242
Генрих Гейне	245
Еріксіздер кемесі (<i>үзінді</i>).....	246
Жетімдерді еске алу.....	246
Байрон	249
Қыз патшасы – жалғыз сол.....	250
Жердегі патша, көктегі құдай еркесі.....	251

**Q. SEYDANOV, T. QALDIBAYEV,
G. BABASHEVA, Q. ARALBAYEV**

O'quv nashri

ADABIYOT

*Umumiy o'rta ta'lim maktablarining
7-sinfi uchun darslik-majmua*

Qayta ishlangan 3-nashri

(Qozoq tilida)

«Sharq» nashriyot-matbaa
aksiyadorlik kompaniyasi
Bosh tahririyati
Toshkent – 2013

Редактор *Р. Усерова*
Көркемдеуші редактор *Т. Қаноатов*
Техникалық редактор *Л. Хижова*
Компьютерде беттеген *Л. Цой*

Баспа лицензиясы АІ № 201, 28.02.2011.

Басуға рұқсат етілді 26.06.2013. Пішімі 60x90 $\frac{1}{16}$.
Офсеттік баспа. «Time RomanKaz» гарнитурасы.
Шартты баспа табағы 13,0. Есепті-баспа табағы 12,2.
Таралымы 4919 нұсқа. Тапсырыс № 2985.

**«Sharq» баспа-полиграфия
акционерлік компаниясының баспаханасы,
100000, Ташкент қаласы, Буюк Турон көшесі, 41.**

Жалға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты-жөні	Оқу жылы	Оқулықтың алғандағы күйі	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырылғандағы күйі	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Оқулық жалға берілгенде және оқу жылының соңында қайтарып алғанда жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау критерийсі негізінде толтырады:

Жаңа	Оқулықтың бірінші рет пайдалануға берілгендегі күйі.
Жақсы	Мұқабасы бүтін. Оқулық негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттерінде жазулар мен сызықтар жоқ.
Орташа	Мұқабасы мыжылған, едәуір сызылып, шеттері жейілген. Оқулық негізгі бөлігінен ажыралуы мүмкін. Пайдаланушы тарапынан қанағаттанарлы қапталған, Түсіп қалған беттері қайта тігілмеген, кейбір беттері сызылған.
Нашар	Мұқабасы сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыралған, яки түгелдей жоқ. Қанағаттанарсыз қапталған. Беттері жыртылған, парақтарын, оқулықты тіктеп болмайды.